

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті» АҚ

ӘӨЖ 378.091:811.581 (043)

Қолжазба құқығында

СЕИТОВА ГАУХАР АМАНЖОЛОНА

**Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік
кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың
ғылыми-әдістемелік негіздері**

6D011900 -Шетел тілі: екі шетел тілі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Кунакова К.У.

Шетелдік кеңесшісі
педагогика ғылымдарының
кандидаты Якунина Т.В.
(СПб қ., Ресей Федерациясы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ	7
1 ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ	17
1.1 Қазіргі кезеңде шеттілдік білім беруді жүзеге асыруды ұйымдастырудың әдістемелік шарттары.....	17
1.2 ЖОО-да қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесі.....	34
1.3 Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің мәндік сипаты.....	50
Бірінші тарау бойынша қорытынды.....	68
2 ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚЫТАЙ ТІЛІ БОЙЫНША ШЕТТІЛДІК КӘСІБИ-БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	70
2.1 Қытай тілін тілдік емес университеттерде оқытудың концептуалды әдістемелік негіздері.....	70
2.2 Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі	82
2.3 Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жұмысы....	97
Екінші тарау бойынша қорытынды.....	114
3 ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЕТТІЛДІК КӘСІБИ-БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ.....	116
3.1 Қытай тілі бойынша кәсіби-бағытталған оқытуды жүзеге асыру.....	116
3.2 Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделінің апробациясы.....	129
3.3 Қытай тілі бойынша кәсіби-бағытталған оқыту әдістемесінің тиімділігін негіздеу.....	145
Үшінші тарау бойынша қорытынды.....	162
ҚОРЫТЫНДЫ.....	164
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	167
ҚОСЫМШАЛАР.....	180

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға және нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
2. 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы
3. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқынан Жолдауы. 2021 жылғы 01 қыркүйек.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылған:

Білім –жүйелендірілген білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру, ақыл-ойы мен сезімталдығын дамыту, дүниетанымы мен танымдық үдерістерді, адамның қызмет тәсілдерін игеруі арқылы тұлғаны қалыптастырудың нәтижесі

Білім беру – тұлғаның физикалық және рухани тұрғыда қалыптасуының бірегей үдерісі, кейбір мінсіз образдарға, қоғамдық санада әлеуметтік тарихи бекіп қалған эталондарға бағдарланған әлеуметтену үдерісі

Құзырет – белгілі бір пәндер мен үдерістердің шеңберіне қатысты қойылатын және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажетті жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің (білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері) жиынтығы.

Құзыретті – лат.competens, competence –тиісті, қабілетті –белгілі бір салада білікті, хабардар, өз білімдері немесе өкілеттері бойынша бір нәрсені жасауға немесе шешім қабылдауға құқығы бар.

Құзыреттілік – адамның өзіне және қызмет нысанына жеке қатынасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болуы.

Кәсіби құзыреттілік – кәсіби білім, білік, сондай-ақ кәсіби қызметті орындау тәсілдерінің жиынтығы.

Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік – мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік сипаттамасына кіретін кәсіби дискурс жағдайында орын алатын шетелдік жағдаяттарда тиімді қарым-қатынасқа түсу және мағыналық түсіндірме бере алу қабілеттілігі.

Мәдениетаралық қарым-қатынас – әр түрлі мәдениеттерге жататын жеке адамдар мен топтардың арасындағы қарым-қатынастардың түрлі формаларының жиынтығы.

Мәдениетаралық құзыреттілік – мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде жеке тұлғаларға қарым-қатынастық жағдайдың әсерін бағалауға, вербальді және вербальді емес құралдарды тиімді пайдалануға, коммуникативтік ниеттерді іс жүзінде жүзеге асыруға және кері байланыс арқылы байланыс нәтижелерін тексеруге мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығы.

Ханьбан (қытайша: 国家汉办 - гуоэжия ханбан) – Халықаралық қытай тілі кеңесі кеңсесінің қысқартылған атауы.

Конфуций институты – шетелде қытай тілін үйренуге және Қытай мен басқа мемлекеттер арасындағы білім беру және мәдени алмасу ынтымақтастығын дамытуға ықпал етеді

Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік дайындығының технологиясы – шетел тілі сабағының құрылымы, мазмұны және бағалау жүйесі жетілдіріле отырып арнайы ұйымдастырылуы арқылы халықаралық стандарт талаптарына сай болашақ инженерлердің жаңа легін қалыптастыруға бағытталған шеттілдік білім беру принциптері мен ережелер жүйесі.

Пәннің типтік оқу бағдарламасы – оқу пәнін оқудың мақсаттары мен міндеттерін, оның мазмұнын, жекелеген тақырыптарды оқуға бөлінген уақытты, оқыту мен тәрбиелеудің ұсынылатын формалары мен әдістері, оқу басылымдары мен оқу-әдістемелік құралдарының тізімі қамтылған білім алушылардың, курсанттардың, тыңдаушылардың оқу қызметінің нәтижелеріне қойылатын негізгі талаптарды айқындайтын техникалық нормативтік құқықтық акт. Оқу пәнінің типтік оқу жоспары жоғары білім берудің барлық нысандары үшін бірдей.

ОӘК (оқу әдістемелік кешен) – белгілі оқу орнында нақты оқу курсына арналған барлық оқу құралдарының жиынтығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ЖОО	– Жоғарғы оқу орны
БҒСҚЕК	– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті
МЖМБС	– Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ШЫҰ	– Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
HSK (汉语水平考试 Hànyǔ Shuǐpíng Kǎoshì)	– Қытай тілі бойынша білім деңгейін анықтайтын сынақ
CEFR	– Жалпыеуропалық шетел тіліндегі құзыреттіліктерді бағалау жүйесі
ЭТ	– Эксперименталды топ
БТ	– Бақылау тобы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әлем дамуының индустрияландыру сатысынан кейінгі кезең жаһандану сипатындағы үдерістермен тығыз байланысты. Қоғам дамуының барлық саласындағы геосаяси, коммуникациялық және ақпараттық жаңару мен өзгерістер олардың жанданып орын алуына бірден бір себеп болды. Әлемдік нарық аясының кеңеюі бұқаралық мәдениеттің қанат жаюына ерекше әсерін тигізді. Сол заман мен қоғам талабына сай болу мақсатында білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыта білуге тиіс. Қазақстандық білім берудің жергілікті фокусынан қазақстандық білім мен оның түлектерінің сыртқы нарықтардағы сұранысы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру көзделуде [1]. Қазіргі жаһандану үдерісі халықтар мен топтар арасындағы мәдени ғана емес, саяси, тіл байланыстарын да дамытуға өз әсерін тигізуде. Осы тұрғыдан алғанда, әлемде өз салмағы бар, экономикалық, саяси, әлеуметтік өсімі таңдай қақтырарлықтай, бізбен көршілес жатқан алып державалардың бірі бұл – Қытай Халық Республикасы. Қытай елімен тығыз қарым-қатынастарды экономикамыздың барлық салаларында орнату күн тәртібінен түскен мәселе емес. Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) шеңберінде дамып жатқан серіктестігіміз тағы бар. Сол себепті, еліміздің өркендеуіне сан тараптан үлес қосатын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісінде қытай тілінің маңыздылығы мен орнын ерекше атап өту шарт. Бұл жөнінде Еліміздегі тағы бір стратегиялық маңызы бар құжатында қазақстандықтардың лексикалық капиталының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі іскерлік және халықаралық қарым-қатынас құралы ретіндегі шетел тілдері болып табылатындығы және осы міндеттің аясында шетел тілдерін оқыту процесінің ауқымды білім беру кеңістігін сақтау көзделіп отырғандығы жөнінде айтылады [2]. Онымен қоса, Президентіміз Қ. Тоқаевтың телеарнаға берген сұхбатында «Біз Қытайды зерттеуіміз керек, қытай тілін үйренуіміз керек, әрине, бұл екі қолды көтеріп берілу керек деген емес, жоқ, біз оның үлкен екенін, Қазақстанның өте жақсы қарым-қатынасы болуы керек ұлы ел екенін түсінуіміз керек. Бүгінгі күнге дейін Қытай бізге айтарлықтай ештеңе істемеді, біз Қытай нарығына тәуелдіміз, стратегиялық өнімдерді шығаратын барлық ірі кәсіпкерлер, біздің ауылшаруашылық өндірушілеріміз Қытай нарығына өте үмітті. Біріншіден, Қытай біздің Құдайдан берілген ең жақын көршіміз екенін түсіну керек, біз көршілерімізді өзгерте алмаймыз ғой, екіншіден, Қытай өзінің экономикалық дамуында орасан жетістіктерге жетті, Қытай жоғары технологияларды, жасанды интеллектті дамыту тұрғысынан алдыңғы қатарлы ел. Біз, әрине, Қытаймен ынтымақтастықта болуымыз керек» делінген [3].

Қоғам біздің қалыпты өмір сүру дағдыларымызды түбегейлі өзгертетін төңкерістің бастауында тұр, әлем технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Бұл жағдай ауқымы, теңдесі жоқ көлемі мен күрделілігі жағынан орасан зор өзгерістер орын алатын төртінші өнеркәсіптік революциямен байланысты.

Профессор К. Швабтың пікірінше: «Төртінші өнеркәсіптік революция» еңбегінде «... ұдайы өзгермелі жұмыс ортасының жағдайларында жылдам бейімделуді талап ететін білім мен кәсіби дағдылар тұрғысынан жұмыспен қамтудың болашақ үрдістері мен қажеттіліктерін болжай білу қабілеті барлық мүдделі тұлғалар үшін айрықша мәнге ие болады», - деп тұжырымдайды [4].

Бұл біздің зерттеу тақырыбымыздың бүгінгі даму шындығында өзекті екендігінің тағы бір дәлелі.

Қытай тілі әлемдегі ең кең таралған тіл болып табылады. Оған қызығушылық танытып жатқан шетелдіктер саны жылдан жылға артуда және оның басты себебі бұл елдің халықаралық қоғамдағы маңыздылығының артуы болып табылатыны сөзсіз ақиқат. Елбасының міндет етіп қойып отырған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі зор болғандықтан жоғары оқу орындарында шетел тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр және қытай тілі әлемдегі күрделі де, қызықты, келешегі зор тілдер қатарында болуына байланысты оны оқыту әдістемесін жетілдіру қай елде болмасын күн тәртібііндегі басты мәселе.

Қандай да болмасын елдің әлеуметтік хал-ақуалы оның экономикалық өсіміне тәуелді екені ақиқат. Қазақстан экономикасының жеңіл және ауыр өнеркәсіп саласындағы басты шетелдік инвесторлардың бірі – ҚХР және аталған салалар бойынша ірілі-кішілі компаниялардың басым бөлігі тікелей болмаса жанама түрде Қытаймен байланысты екені дүйім жұртқа мәлім. Сондықтан да Қазақстанда техникалық мамандықтар бойынша білім алатын жоғары оқу орындары студенттерінің қытай тілін үйренуі экономикалық қажеттіліктен туындап отыр. Қазақстанда металлургия, мұнай және газ өңдеу, химия өнеркәсібі, машина жасау, электр энергетикасы, көлік, құрылыс материалдары және агроөнеркәсіп кешені салаларында жалпы құны 27,6 млрд болатын 55 қазақстандық-қытайлық бірлескен жоба жүзеге асырылуда. 2019 жылдың деректері бойынша Қытай Қазақстан экономикасына 1,2 млрд доллар көлемінде инвестиция салған [5]. Өңірлердегі тікелей кен орындарында орналасқан, жергілікті халық үшін тартымды жұмыс беруші болып табылатын қытайлық шағын және ірі мұнай компаниялары көп [6]. Оның тағы бір дәлелі Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да Қазақстандағы Лу Бан шеберханасының ашылуы. Лу Бан шеберханасы екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, кәсіби білім шеңберінде «электромобильдер», «3D-принтер», «өндірісті автоматтандыру» және т.б. бағыттар бойынша кадрларды даярлауда өз үлесін қоспақ [7]. Осы тұрғыдан алғанда, қытай тілін техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге Қытай елінің өкілдерімен кәсіби тұрғыда қарым-қатынас орната алатындай деңгейде, яғни шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыра отырып меңгерту олардың бәсекеге қабілетті мамандар атануының тағы бір дәлелі болары анық. Дегенмен, қытай тілін техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге үйрету бірқатар қиындықтардан құралатындығы тағы бар, соларды мүмкіндігімізше саралап өтсек:

– Ең алдымен, бұл психологиялық жағдайларға байланысты мәселе, мәселен, жалпы салыстырмалы түрде алғанда техникалық мамандықтарда

оқитын студенттердің тілдік білімдері, мейлі ол өз тілі, мейлі шетел тілі болсын олардың мамандыққа қатысты оқитын дисциплиналар спецификасына байланысты төмен болып келеді;

- Бүгінгі таңда техникалық мамандықтар үшін қытай тілі бойынша оқу құралдары біршама мәселе тудыруда, себебі қытай тілін шектелген уақыт шеңберінде оқитын студенттер оқу барысында қытай тілінің иероглифтік жазу, фонетикалық транскрипция және оқу, сөйлеу сияқты барлық аспектілерін бір мезетте меңгеруі тиіс;

- Техникалық мамандықтарға шетел тілінен бөлінетін сағат санының аздығы мүлдем оқылмаған спецификалық ерекшеліктері бар қытай тілі үшін жеткіліксіз;

- Нақты мамандыққа арналған іскерлік терминология қамтылған оқу құралдарының тапшылығы студенттердің шеттілдік білімдерін кәсіби, іскерлік деңгейге шығаруға кедергі келтіруі.

Дәл осы себептер салдарынан болашақ инженерлерге тілдік пәндерді оқыту үдерісі біршама қиындықтар туғызады. Сондықтан, қытай тілін техникалық мамандықтар студенттеріне шетел тілі ретінде оқытатын оқытушыдан көлемді жұмыс атқаруды талап етеді. Ал бұл өз кезегінде техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге шеттілдік білім беруді, шеттілдік кәсіби–бағытталған құзыреттіліктерді қалыптастыруды ғылыми тұрғыдан дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Болашақ мамандардың бойында белгілі бір құзыреттіліктерді қалыптастыру заман талабы, ал шеттілдік құзыреттіліктерді жұмыс беруші тарапының сұраныс талаптарына сай алғаш блоктарға жүйелеп көрсеткен отандық ғалым С.С. Кунанбаева еңбектерінде көрініс тапқан. Сондай-ақ, құзыреттілік мәселелері Н. Хомский, А.В. Хуторской, Н.К. Чапаев, Ж.В. Нурутдинова, Дж.Равен, Б.Д. Эльконин, А.Н. Дахин, Г.К. Селевко, Э.Ф. Зеер және т.б. сияқты бірқатар ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Барлық шеттілдік құзыреттілік блоктарына ортақ болып табылатын коммуникациялық құзыреттілік жөнінде ресейлік ғалымдардан Е.И. Пассов, А.А. Леонтьев, А.А. Вербицкий, Г.М. Андреева, Е.А. Маслыко, О.С. Зорина, шетелдік ғалымдардан M.J. Collier, J.C. Richards, L. Rubin, R.W. Schmidt, G. Sturtridge зерттеді, қытай тілін үйрету әдістемесі бойынша Ф.Н. Даулет, Т. Қалибекұлы, Р. Б. Джельдыбаева, Ж. Тұрсынәлі, Н. Сапарбаева, Р. Досымбекова, Н. Абдуракын еңбектерін атауға болады. Дегенімен, техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігін төмендегі **қарама-қайшылықтар** анықтайды:

- еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегияларында мақсат етілген экономиканың тұрақты өсімі үшін мемлекеттік тапсырыс пен еңбек нарығында болашақ мамандардың адами капитал ретінде бәсекеге қабілеттілігін арттырудың қажеттілігі арасында;

- кәсіби-бағытталған қытай тілін меңгерген мамандарға жұмыс беруші тараптарының сұранысы мен техникалық мамандықтар студенттерінің қытай

тілінде кәсіби тұрғыда қарым-қатынасқа түсу үшін қытай тілін оқытудың бүгінгі жағдайы арасында;

- техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оны жүйелі жүзеге асыруға байланысты арнайы даярланған оқу-әдістемелік қамтамасыздандырудың жеткіліксіздігі арасында анық байқалады.

Жоғарыда келтірілген мәселелер зерттеу тақырыбының өзектілігін құрайды. Сондықтан біздің тақырыбымыз келесідей болып айқындалды: *Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері.*

Зерттеудің нысаны: техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілін оқыту үдерісі.

Зерттеудің пәні: техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты: техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудағы ғылыми-әдістемелік негіздерді айқындау, әдістемелік моделін жасау және оны тәжірибелі-эксперимент барысында тексерістен өткізу.

Зерттеу міндеттері:

– Техникалық мамандықтар студенттеріне арналған қытай тілі бойынша шеттілдік білім берудің генезисін анықтау барысында ЖОО-да қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне сараптама жасап, шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау;

– Бүгінгі шеттілдік білім беру парадигмасы мәнмәтінінде техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық-әдіснамалық негізін анықтау;

– Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін ұсыну;

– Техникалық бейіндегі «Мұнай-газ ісі» мамандығы студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделінің тиімділігін тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша кәсіби дайындығының тиімділігі артады *егер:*

– техникалық мамандықтар студенттеріне арналған шеттілдік білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалса;

– қытай тілін шетел тілі ретінде оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесі сараланса;

– техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделі құрылса;

– тілдік емес университеттерде шеттілдік білім беру үдерісінің оқу-әдістемелік қамтылуы дайындалса,

онда тілдік емес университеттердегі техникалық мамандықтар студенттерінің кәсіби жағдаяттарда қарым-қатынасы нәтижелі болуы артады және қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасалады,

өйткені қазіргі шеттілдік білім беру парадигмасының құзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған және кәсіби-бағытталған тәсілдері бойынша болашақ мамандардың коммуникациялық әлеуетінің жүзеге асырылу мүмкіндігі жоғарылайды.

Зерттеудің жетекші идеясы техникалық мамандықтар студенттерін даярлауда жұмыс беруші сұранысына сай қытай тілі бойынша шектеулі кәсіби сөздік қоры арқылы жағдаяттық оқыту негізінде шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігі.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Берілген тақырып бойынша ғылыми–әдістемелік тұрғыдан зерттеген ғалымдарға П.В. Сысоев, Э.Ф. , А.В. Хуторской, И.А. Зимняя, Н.К. Чапаев, Ж.В. Нурутдинова, Ж.Г. Шайхызада, И.В. Алещанова, В.С. Безрукова, Е.А. Царькова, В.А. Болотов, В.М. Ситцев, М.Ю. Рачков, Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, С.Г. Тер-Минасова, Л.И. Печинская, Н.В. Евдоксина, Р.К. Миньяр-Белоручев, А.Н. Щукин, Г.М. Фролова, А.Қ. Сағындық, Ф. Оразақынқызы, Г.А. Ризаходжаева;

қытай тілін үйрету әдістемесі бойынша И.В. Кочергин, Ж. Турсынали, Б. Зиядаұлы, Р.Б. Джельдыбаева, Ф.Н. Даулет, Т. Қалибекұлы, Д.М. Мәсімхан, Д. Дауен, А. К. Анипина, Р. Досымбекова, Н. Абдуракын, Г. Алиханқызы, Г. Ахметбек, Т.В. Якунина, Лу Бисонг, Би Джиуан, Юань Син, Чжан Чжани, Т.П. Задоев, Хуан Шиун, Үе Ү., А.Ф. Кондрашевский, А.М. Карапетянц, Т.Л. Гурулева, О.А. Малых, Л.Ш. Рахимбекова, Д. Ақбарқан, О.Р. Очиров еңбектерін жатқызамыз.

Зерттеу тақырыбының теориялық–әдіснамалық негізін

– Тұлғаға бағытталған тәсіл бойынша Ю.Г. Фокин, С.А. Узакбаева, С. Танирбергенова, Д. Иманова, А.Қ. Сағындық, Т.Т. Аяпова, К. Беркимбаев, Н. Салыбекова, Ж. Оразалина, Е.А. Панфилова, Ю. Кравец, Л.М. Фридман;

– Когнитивтік-коммуникативтік тәсіл бойынша М.Ф. Шамсиддинова, И.Б. Игнатова, Аббас Ясин Хамза, Н.И. Сорокина, Э. Зеер, Э. Сыманюк, Т.А. Кульгильдинова, М.А. Касымбекова;

– Құзыреттілік тәсіл бойынша С.С. Кунанбаева, К.У. Кунакова, Б.А. Жетписбаева, А.Т. Чакликова, Л.А. Ибрагимова, Г.А. Петрова, М.П. Трофименко, А.Е. Кожаниязова, Л.И. Корнеева, Ж. Ма, Ю. И. Мишенева, А. Канаева, Н. Умекова, К. Құдайбергенова;

– Кәсіби-бағытталған тәсіл бойынша Д.Л. Матухин, С.А. Тихонова, С.Ю. Распертова, Л. Қойшығұлова, З.К. Темиргазина, А.Г. Астахова, И.В. Алещанова, Н.А. Фролова, С.А. Мейрамова, А.А. Головчун, П.К. Елубаева, М.К. Ахметова, Г.В. Юрчук ғылыми қағидалары мен жетістіктері құрайды.

Міндеттерді шешу және бастапқы болжамдарды тексеру мақсатында келесі **зерттеу әдістері** пайдаланылды:

1. Теориялық: шетел тілінде білім беру теориясы мен әдістемесі саласындағы ғылыми, әдістемелік, оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау; тілдік пәндер бойынша нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттарды, техникалық мамандықтар студенттеріне арналған шетел тілі оқулықтары мен оқу құралдарын талдау және синтездеу; модельдеу;

2. Эмпирикалық: сауалнама, тестілеу; педагогикалық эксперимент; оқу үдерісін бақылау;

3. Статистикалық: математикалық статистика әдісімен алынған материалдар мен нәтижелерді сандық және сапалық өңдеу.

Зерттеудің теориялық мәні. Зерттеу жұмысы нәтижесінде техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік білім беру генезисін саралау, қазіргі кезеңде шеттілдік білім беруді жүзеге асырудың ұйымдастыру-әдістемелік шарттары, тілдік емес университеттерде шеттілдік білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді анықтау және қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесін сараптау жиынтығы кәсіби білімнің теориясы мен әдістемесін толықтырады және кеңейтеді. Зерттеу жұмысының материалдары кейінгі кәсіби құзыреттілік мәселелерін зерттеуде теориялық негіз қызметін атқара алады.

Зерттеудің практикалық мәні. Оқу үдерісіне техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруға арналған «Кәсіби қытай тілі (Мұнай-газ ісі терминдері)» атты оқу-әдістемелік құралы ендірілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– ЖОО-да қытай тілін шетел тілі ретінде оқытудың теориялық алғышарттарын айқындау барысында алғаш рет С.С.Құнанбаеваның әдіснамалық ғылыми мектебі мәнмәтінінде құзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған және кәсіби-бағытталған тәсілдер тұрғысынан техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі анықталды; Лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер арқылы студенттердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің құрамы мен құрылымы нақтыланды;

– Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұндық, процессуалды, бағалау және нәтижелік блоктарын қамтитын шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі ұсынылды.

– Мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-тақырыптық, прагматикалық кезеңдерде лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктерді қалыптастыруда проблемалық-жағдаяттық тапсырмаға бағытталған оқыту, іскерлік рөлдік ойындар технологиясы бойынша жаттығулар сериясы құрастырылды;

– Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін ұсынылған әдістеменің тиімділігі эксперименталды түрде тексерілді, техникалық

мамандықтар студенттерінің тиісті құзыреттілігін қалыптастыруды айқындайтын өлшемдер мен дескрипторлар нақтыланды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

– Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін ЖОО-да шетел тілі ретінде қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне жүргізілген талдау шеттілдік білім берудің қазіргі заманғы парадигмасының талаптарына жауап беретін қажеттіліктерді анықтады. Лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер бойынша оқшауланған тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, студенттердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру болашақ маманның кәсіби коммуникациясының нәтижелілігіне әсер етеді;

– Шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасының мақсатты негізі ретінде ұсынылған құзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғаға-бағытталған және кәсіби-бағытталған тәсілдер және көрнекілік, білім алушылардың жекелеген тұлғалық қажеттіліктерін ескеру, әлеуетті жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру, коммуникативтік, функционалдық, аутентивтік принциптер техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі мен теориясын дайындау мен жетілдіруде тұжырымдамалық-әдіснамалық негізі болды;

– Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі мақсат пен міндеті, нысандары, білім беру мазмұны, оқыту әдістері мен құралдарын, бағалау құралдарын кезең-кезеңімен енгізе отырып әдістемелік жұмыстың функционалдық-мазмұндық құрылымын білдіреді;

– Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін ұсынылған әдістемелік моделдің тиімділігі кәсіби қарым-қатынасты іскерлік жанрлар мен формалары арқылы жүзеге асыруға септігін тигізетін шағын іскерлік рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар технологиясы негізіндегі жаттығулар топтамасын пайдаланумен тәжірибелі-эксперименттік жұмыс арқылы расталды.

Зерттеудің түпнұсқалары мен дереккөздері - зерттеу мәселесі бойынша ҚР Үкіметінің ресми материалдары, Жоғары білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендері (стандарттар, типтік оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, оқулықтар және т.б.), шығыстанушылардың ғылыми-зерттеу еңбектері, педагогтардың, дидакттардың ғылыми жетістіктері мен үздік тәжірибелері, оқу-әдістемелік құралдары, сондай-ақ, диссертанттың педагогикалық және зерттеуші тәжірибесі қолданыс тапты.

Зерттеу базасы:

Тәжірибелі-эксперименттік жұмысы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «6B07261 - Мұнай газ ісі», «6B07158 - Технологиялық

машиналар мен жабдықтар» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын 80 студенттің қатысуымен өткізілді.

Зерттеудің нәтижелерінің мақұлданыуы мен жарияланымдары: Алынған нәтижелер халықаралық ғылыми конференция материалдарында, ғылыми мақалаларда көрініс тапты.

Scopus әлемдік ғылыми-метриялық мәліметтер базасында:

– Seitova, G., Kunakova, K., & Yakunina, T. (2021). The Formation of a Foreign Language Professionally-Oriented Competence among Students of Technical Specialties in the Chinese Language. *International Journal of Society, Culture & Language*, 9(2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries)), 137-150.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда:

– Сеитова Г. Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілін оқыту ерекшеліктері. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті хабаршысы No3, 2019

– Сеитова Г. Кунакова К. У. Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік білім берудің алғышарттары. SSN 2073-333X Международный научный журнал Қазақстанның ғылымы мен өмірі.6/1 2020,394-400 бб.

– Сеитова Г. Кунакова К. У. Тілдік емес мамандықтарда шеттілдік білім берудің тарихи генезисі. Қазақстан педагогика ғылымдары академиясы хабаршысы. No2 (наурыз-сәуір), 2020 жыл, 53-62 бб.

– Сеитова Г.А., Кунакова К.У. Тілдік емес мамандықтар студенттеріне қытай мәтіндері арқылы шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы Том 66 № 3 (2022)

– Сеитова Г. Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі иероглифтерін оқыту мәселелері. ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия, [S.1.], v. 72, n. 3, p. 121-129, oct. 2022. ISSN 2520-2650. Мекен-жайы бойынша қол жетімді: <<https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/1515>>. doi: <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v72.i3.011>.

Ғылыми журналда:

– Сеитова Г.А., Кунакова К.У., Мусина А.Б. Қытай тілін оқытуда тыңдалым әрекетін дамыту жолдары. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті хабаршысы. 2023; (1):89-99. <https://doi.org/10.52512/2306-5079-2023-93-1-89-99>

Шетелдік басылымда:

– Seitova, G., Kunakova, K., Jeldybayeva, R., & Tursynali, Z. (2021). Forming a professionally oriented competence in Chinese in students of non-linguistic professions. *Revista EntreLinguas*, 7(esp.2), e021010. <https://doi.org/10.29051/el.v7iesp.2.15136>

Халықаралық ғылыми конференция материалдарында:

– Сеитова Г. Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі фонетикасын оқыту мәселелері // V Халықаралық ғылыми-практикалық

конференция материалдары «Шеттілдік білім беру: озық тәжірибелер, инновациялар және болашағы». - Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, 2018ж 12-13 қараша - 191-195. б;

– Сеитова Г. Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру маңыздылығы // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Қоғамның тұрақты дамуы мен өмір сүру деңгейін жақсарту тұрғысындағы ғылыми жетістіктер». - Тұран университеті, 2019 ж. 25-27 сәуір. Алматы – Москва;

– Сеитова Г. Шеттілдік білім беруде техникалық мамандарды дайындау жүйесіндегі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың кейбір мәселелері // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары «Ғылым және инновациялар: жаңалықтар, мәселелер мен жетістіктер». 2020 ж. 29-30 сәуір - 70 б.

Осылайша жұмыс мазмұны 11 мақалада жарияланды, оның ішінде SCOPUS деректер базасына енгізілген журналда – 1, ҚР БҒСБК ұсынған басылымдарда – 5, ғылыми журналда – 1, шетелдік басылымда – 1, халықаралық конференция материалдарында – 3.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен жоспары. Диссертация кіріспе, үш бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, нысаны мен пәні, негізгі болжамы мен міндеттері анықталып, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері, зерттеу кезеңдері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы мен жарияланымдары баяндалған.

Диссертациялық жұмыстың **«Техникалық мамандықтар студенттеріне арналған шеттілдік білім берудің алғышарттары»** деп аталатын бірінші тарауында педагогика, шығыстану бойынша әдебиеттерге талдау жасалынды, зерттеліп отырған тақырып аясында «кәсіби-бағытталған» және «құзыреттілік» санаттарын сәйкестендіруге, қытай тілін жоғары оқу орындарында оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесі сараланды. «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігі» ұғымын тұжырымдауға, қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің құрылымы мен мазмұнын анықтауға, құрамдас бөліктерін сипаттауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық жұмыстың **«Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесі»** деп аталатын екінші тарауында қытай тілін тілдік емес университеттерде оқытудың теориялық негіздері анықталды, техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді және техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру технологиясы ұсынылды.

Диссертацияның **«Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың қолданбалы**

аспектілері» деп аталатын үшінші тарауында тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау, жүйелеу және жинақтау жүргізілді. Зерттеу болжамын растау деңгейі жүргізілді, зерттеудің негізгі ережелері мен қорытындылары тұжырымдалды, нақтыланды және диссертацияның қолжазбасы рәсімделді.

Қорытындыда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша алынған негізгі тұжырымдар берілді.

Диссертация бойынша **қосымшаларда** зерттеу жүргізу жұмысы барысында пайдаланылған материалдар келтірілген.

Автордың жеке үлесі. Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің мәні және құрылымы анықталды; ЖОО-да техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік білім беру процесінде кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптасуының критерийлері, көрсеткіштері және деңгейлері анықталды; ЖОО-да кәсіби дайындық барысында болашақ инженерлердің кәсіби-бағытталған құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттары негізделді; Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді; Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық шарттары әзірленді және практикалық тұрғада сараптамадан өткізілді.

Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен сенімділігі бастапқы әдіснамалық және теориялық ережелердің негізділігімен; зерттеудің сенімді және валидтік әдістерін қолданумен; зерттеу болжамын эмпирикалық тексерумен; бастапқы деректерді өңдеудің сапалы талдауын дұрыс жүргізумен анықталады.

1 ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1.1 Қазіргі кезеңде шеттілдік білім беруді жүзеге асыруды ұйымдастырудың әдістемелік шарттары

Қазақстанның әлемдік мәдени және білім беру кеңістігіне интеграциялануына негізделген жоғары кәсіби білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістері қоғам тарапынан жоғары оқу орындары түлектерін даярлау деңгейіне жаңа талаптар қоюда, солардың ішінде шетел тілінде ұйымдастырушылық, тиімді кәсіби қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру. Заманауи әлем талаптарына сай шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың ерекшеліктерін зерттеу халықаралық деңгейде кәсіби қарым-қатынастарды дамытатын және еңбек нарығының шарттарын ескере отырып жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандарды даярлау қажеттілігіне байланысты. Аталмыш талаптар шетел тілін оқыту үдерісінің барлық деңгейлерін мазмұнды және ұйымдасқан болуын қамтамасыз ету керектігін көрсетеді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының жоғары білім беру ісінің мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Олар ең алдымен, еліміздің негізгі нормативтік құжаттарында көрініс табуда.

А. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының білім беру жүйесі туралы 3-тарауының білім беру жүйесінің міндеттеріне арналған 11-бабында отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту айтылған [8].

В. Қазақстан Республикасының президенті Қ. К. Тоқаевтың «Хабар» агенттігіне 2022 жылдың ақпан айында берген сұхбатында «Қытайға келсек, ол біздің Құдайы көршіміз. Қытай дамуы жағынан орасан жетістіктерге жетті. Біз Қытаймен ынтымақтасуымыз керек, біздің нарығымыз Қытайға тәуелді. Соңғы он бір айда Қытаймен сауда көлемі 17 миллиард долларға жетті, бұл үлкен көрсеткіш. Біз Қытайды, қытай тілін зерттеуіміз қажет» деп айтты [3].

С. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында іскерлік және халықаралық коммуникация құралы ретіне шетел тілдерін білу қазақстандықтардың лингвистикалық капиталының негізгі компоненттерінің бірі болып табылатындығы және шетел тілдерін оқыту процесінде ауқымды білім беру кеңістігін сақтау керектігі көрсетілген [9].

Д. 2022 жылы толықтырылған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы білім беретін пәндер циклінің міндетті компонент пәндерін оқып бітіргеннен кейін білім алушы тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға түседі, грамматикалық білім жүйесі негізінде

тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалануды жүзеге асыру, қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдау, коммуникацияға қатысушылардың іс-әрекеттерін бағалайды, игерілген білімді өзгеріп жатқан әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімдеу үшін қолданады [8] делінген, яғни болашақ маманның шетел тілін меңгеруде кәсіптік ерекшеліктерді ескере отырып, болашақ кәсіби қызмет мақсаттарын іске асыруға бағытталуын талап етеді.

Е. Сонымен қатар, 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы таныстырылды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады және оның бірі «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» болып табылады. Нақтылай кететін болсақ, **6.7 «Тілдік жаңғырту» бастамасы бөлімінде** шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін үйрету мүмкіндіктерімен халықты барынша мол қамту қамтамасыз етіледі және **2.12 «Жоғары өнімді технологиялық компанияларды оқшаулау» бастамасы бөлімінде** Шетелдік инвесторлар үшін ұлттық және өңірлік деңгейлерде барлық қолданыстағы инвестициялық қолдау шаралары туралы шет тілдеріндегі ақпаратқа қол жеткізу жақсарады делінген [10]. Ал, еліміздің басты инвесторларының бірі ҚХР екенін ескеретін болсақ, әсіресе техникалық өндірісте, онда қытай тілін техникалық мамандардың игеруі маңыздылығы тереңдей түседі.

Ғ. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен 10 Ұлттық жобаның тізбесі бекітілді. Барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында 2021-2025 жылдар аралығында қамтылуды көздейтін «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы әзірленді [11].

Еліміздің маңызды құжаттары мен алға қарай жылжу жоспарларынан Қазақстан азаматтарының білімді, білікті, жан-жақты, шетел тілдерін игерген тұлғаларды қалыптастыру екендігін аңғаруға болады. Осы мақсатты жүйелі түрде жүзеге асыру білім беру ұйымдарына тікелей жүктеледі. Сол үшін, жоғарыда қойылған талаптарды жүзеге асыру жолында еліміздің білім беру саласында әр тараптан жан-жақты жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасының экономикалық өсімін ұлғайтудың бірден-бір жолы әр сала бойынша, оның ішінде техникалық салалар бойынша кәсіби құзыретті нағыз өз ісінің мамандарын даярлау болып табылады. Себебі, әр мамандық иесі қызмет барысын жүргізу алдында нақты құзыреттіліктерге, солардың бірі коммуникативтік құзыреттіліктерге ие болуы шарт болып табылады. Біздің зерттеу жұмысымызда қарастырып отырған техникалық мамандықтар студенттеріне де қатысты. Техникалық мамандықтар студенттерінің жоғары білім алу барысында игеретін құзыреттіліктерімен танысу мақсатында бірқатар

техникалық мамандықтардың білім беру бағдарламасын қарастырдық. Мысалы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әзірлеген «6B0726 Мұнай газ ісі» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша «Мұнай және газ кен орындарын игерумен, өндірумен және тиімді пайдаланумен айналысатын бәсекеге қабілетті және жоғары білікті, сұранысқа ие мұнай мамандарын дайындау» мақсат етіп алынған, ал бұл мақсатқа жету үшін келесідей құзыреттіліктерді қалыптастыру көзделеді:

- Жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіпкерлік, құқықтық, экологиялық білімдерді, тіршілік қауіпсіздігі мәдениеті мен көшбасшылық қасиеттерді түрлі салаларында қолдануға қабілеттілігі мен дайындығын көрсету;

- Мұнай-газ өндірісінің жұмысының режимін талдау үшін жалпы кәсіптік пәндердің іргелі білімдерін қолдану;

- Мұнай, газ және газ конденсатты кен орындарының геофизикасының негіздерін, геологиялық, гидродинамикалық және қабаттық зерттеулердің технологиясын талдайды. Ұңғымалардың құрылымын жобалап, қашау түрлерін және бұрғылау қондырғысын пайдалана отырып, бұрғылау режимінің негізгі параметрлерін таңдай алады;

- Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған технологиялық машиналарды жобалау бойынша есептерді орындай отырып, инновациялық компьютерлік технологияларды және заманауи автоматтандырылған жобалау жүйелерін қолдана отырып, мұнай, газ және газ конденсатты кен орындарын (құрлықта және шельфте) игеру технологиясын таңдай алады;

- Газ және газконденсатты кенорындардағы көмірсутек шикізатының өнімдерін өндіру, өңдеу, игеру кезіндегі қабаттың түп аймағындағы қабат қысымын ұстап тұрудың тиімді техникасы мен технологиясын қолданады;

- Кәсіпшілікте мұнайды, газды, суды жинауға, тасымалдауға дайындауды жүзеге асырады және мұнай мен газды терең өңдеу технологиясын жетілдіре алады;

- Өндірістік экологияны, еңбекті қорғауды ескере отырып, мұнай-газ кешенінің мұнай және газ өндіру жабдықтарын жөндеудің заманауи әдістерін, сондай-ақ технологиялық машиналар мен жабдықтардың сенімділігін арттыру үшін жоғары тиімді технологияларды пайдаланады;

- Ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын және тереңдетілген кәсіби білімді талап ететін міндеттерді шеше алады, нақты зерттеу міндеттеріне сүйене отырып, қажетті зерттеу әдістері мен жаңа әдістерді таңдайды.

Қарап отырсақ, болашақ инженер мамандарының игеруге міндетті алғашқы құзыреттілігі жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіпкерлік, құқықтық, экологиялық білімдерді, тіршілік қауіпсіздігі мәдениеті мен көшбасшылық қасиеттерді түрлі салаларында қолдануға қабілеттілігі мен дайындығын көрсету болып табылады. Бұл дегеніміз тек қана өз тілінде емес, шетелдік әріптестерімен шетел тілінде де қарым-қатынас жүргізуге қауқарлы болуын білдіреді. Себебі білім беру бағдарламасында студенттер игеруі тиіс құзыреттіліктер тобында шетел тілі пәні

бойынша шетел тілінде негізгі, сонымен қатар кәсіби ортада мәселелерді шешу мақсатында коммуникациялық дағдыларды игеруі тиіс делінген. Дәлірек айтқанда, мәдениетаралық коммуникация шеңберінде ауызша және жазбаша түрде күнделікті тұрмыстық және кәсіби қажеттіліктерге қарай қарапайым қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі.

Ол үшін мамандыққа арналған модульдік оқу жоспарында міндетті компоненттер құрамындағы жалпыбілім пәндері бөліміндегі тілдік модульге жататын шетел тілі пәніне 10 кредит (ECTS) көлемінде, яғни семестріне 5 кредиттен оқу сағаты берілген [12].

Бұл үшін университеттердің негізінде әзірленген техникалық мамандарға арналған *типтік оқу бағдарламаларында* шетел тілі пәні бойынша студент:

- кәсіби, ғылыми, қоғамдық-саяси қатынасу саласында ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшелігін білуі тиіс;
- кәсіби негізделген жағдайлар шеңберінде шетел тілінде мәтінді құрастыру және ұйымдастырудың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін білуі тиіс;
- кәсіби тілдесу саласында шетел тілінің сөздік құрамының стилистикалық ерекшеліктерін білуі тиіс;
- лингвистикалық, социолингвистикалық, ақпараттық-аналитикалық және коммуникативтік аспектілерді кәсіби қызмет атқаруға ептілігі болуы тиіс;
- кәсіби және ғылыми қоғамдық-саяси тілдесу салаларында вербальды және вербальды емес жүріс-тұрысты қалыптастыруға ептілігі болуы тиіс;
- адекватты қоғамдық факторларға, тілдесу жағдайына, сұхбаттас ахуалына және оның коммуникативтік ынталарына түрлі тілдік және сөйлеу құралдарын қолдануға ептілігі болуы тиіс;
- байланыс талаптарына, сөйлеу жағдайына, әріптестің басқа мәдениет өкілі ретінде тұлғалық ерекшеліктеріне және тілдесу сипаттамасына сәйкес сөйлеу қызметін ұйымдастыруға ептілігі болуы тиіс;
- іскерлік, ақпараттық және кәсіби-техникалық сипаттағы хабарламаның сәйкес деңгейін есту арқылы аңғару және ұғынуға дағдылары болуы тиіс;
- кәсіби қызмет шеңберінде диалогтық және монологтық сөйлеуге дағдылары болуы тиіс;
- оқыған ақпаратты алуды және оны сөйлеуге пайдалануды ескеретін іскерлік және ғылыми-техникалық құжаттамамен танысуға және зерделеп оқуға дағдылары болуы тиіс;
- ресми кәсіби сипаттағы хатты жазу кезінде ойды, пайымдауларды, ақпараттық тізбекті баяндауға дағдылары болуы тиіс;
- білім алушының коммуникативтік ынталарды іске асыруға дайын болуына және қабілетіне коммуникативтік құзыреттілікке ие болуы тиіс;
- болашақ кәсіби қызмет технологиясымен байланысты сөйлеу және коммуникативтік қызметтің барлық аспектілерінде шетел тілін кәсіби білуде кәсіби бағытталған құзыретке ие болуы тиіс;

– аударма тілі үшін бастапқы мәтіннің мазмұнын бейнелейтін жаңа когнитивтік лингвистикалық-мәдени кешендерді меңгеруде контенттік-кәсіби құзыретке ие болуы тиіс;

– кәсіби маңызды мәселелердің кең аумағы бойынша кәсіби-мамандандырылған *құзыретке ие болуы тиіс* деген талаптар қойылған.

Осы тұста құзырет/құзыреттілік/құзыреттілік тәсіл деген түсініктерге аналитикалық шолу жасауды дұрыс көрдік.

Білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін білім беру мазмұнын жаңарту, жаңа тәсілдерді және инновациялық интерактивті технологияларды енгізу болып табылады. Мемлекеттік білім беру стандарттарының негізіне сәйкестендірілген білім беру нәтижелерінің сапасын бағалауда құзыреттілікке негізделген тәсілдерді енгізу маңызды мәселе болды.

Білім берудің құзыреттілікке негізделген моделі белгілі бір академиялық білімдерді алумен ғана шектелмей, сондай-ақ студенттің болашақ кәсіби қызметінде алған білімдерін қолдану және сапалы орындауға қабілеттілігін білдіреді. Осыған байланысты құзыреттілікке бағытталған білім берудің мақсаты – білім беру мен өмір сүру талаптары арасындағы алшақтықты жою болып табылады. Бұл білім беру басымдықтарын студенттердің кәсіптік қызмет барысында алатын құзыреттіктер жиынтығын (яғни құзыреттілік деңгейі) жүзеге асыру үшін болашақ мамандардың дайындығына университетте оқитын негізгі (құзыреттілік) құзыреттіліктерді (білім көлемі) белгілі бір деңгейге жету қажеттілігіне қарай ауыстыруды білдіреді. Құзыреттілікке негізделген тәсіл білім беру нәтижесіне бағытталған, бірақ нәтиже, дәстүрлі тәсілге қарағанда, алынған ақпараттар жиынтығы емес, әртүрлі, соның ішінде проблемалық және стандартты емес жағдайларда әрекет ете алу мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Құзыреттілік тәсілдің басым тұстарының бірі жеке қасиеттер мен қабілеттердің тұтас жүйесі – құзыреттілік пен құзыреттерден тұратын кәсіби білім «пирамидасын» құруға бағытталғанында, яғни, абстрактілі білімдер немесе керісінше нақты бір бағытқа бағытталған өте ерекше дағдылар мен қабілеттерге негізделуінде емес [13].

Студенттерді оқытудағы құзыреттілікке бағытталған тәсіл, әрине, қазіргі заманғы білім беру мақсаттарын өзгертеді. Осы уақытқа дейін ұлттық білім іргелі білімдерге және кең профильді мамандарды даярлауға негізделген, бұл іс жүзінде тәжірибелі-бағдарланған кадрлардың жетіспеушілігіне алып келді. Бүгінгі күннің басымдықтары іс жүзінде машықтанған, кәсіптік қызметке тез бейімделуге қабілетті және шығармашылық ойлау қабілетіне ие мамандардың пайдасына ауысқан. Дегенмен, іс жүзінде, түлектердің көпшілігі бұған дайын емес. Бұл ішінара қазақстандық білім беру жүйесіне құзыреттілікке бағытталған тәсілді енгізудің себебі. Сол себепті С. С. Кунанбаеваның айтуынша, теория мен практиканың өзара тығыз әрекеттесуін көздейтін құзыреттілікке бағытталған тәсіл мамандар дайындаудың ұлттық моделін жобалаудың негізіне айналуы тиіс.

Сонымен, білім беру жүйесін жаңғырту үдерісінде құзыреттілікке бағытталған тәсіл жоғары кәсіби білім беру ісінде маңызды тұжырымдамалық ережелерінің бірі ретінде қарастырылады.

Құзыреттілік тәсіл қазіргі заманауи білім берудің әдіснамалық негізі ретінде басым бағдарды білім беру мақсаттарына бағыттайды: білім беру сапасы, білім алу, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану, әлеуметтендіру және білім алушының тұлғалық қасиеттерін дамыту. Сонымен бірге, мақсат ретінде кәсіби қызметке қажетті барлық құзыреттіліктерге ие маманды қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі жағдайда құзыреттілікке негізделген оқытудың сапасы «маман бейіні» ретінде анықтауға болатын жоғары оқу орны дайындаған маманның құзыреттіліктер жиынтығына сәйкестігі тұрғысынан бағалауды білдіреді.

Бұл профиль маман даярлауға қойылатын талаптарды, кәсіптік қызметтің ерекшелігін, жұмыс берушілердің талаптарын, сондай-ақ, тыңдаушының өзіндік және әлеуметтік талаптарын көрсетуі керек.

Жоғарыда көрсетілгендей, қазіргі заманғы білім берудің әдіснамалық негізі ретінде қабылданған құзыреттілік тәсілдің мақсаты кәсіби қызмет атқаруға қажетті барлық біліктіліктерді игерген білікті маманды қалыптастыру. Техникалық бейіндегі мамандарды кәсіби даярлау аясында шеттілдік білім беру белгілі бір құзыреттілікті, атап айтқанда шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруды білдіреді [14].

Шеттілдік кәсіби кәсіби-бағытталған құзыреттілік ұғымын анықтау үшін "құзырет" және "құзыреттілік" сияқты құзыреттілік тәсілінің негізгі ұғымдарын қарастыру қажет. Оларды ғалымдар мен сарапшылар әлі күнге дейін әр түрлі түсіндіруде.

Әлемдік білім беру тәжірибесінде құзыреттілік ұғымы негізгі ұғым ретінде әрекет етеді, өйткені құзыреттілік:

- 1) білім берудің зияткерлік және дағдылы құрамдас бөлігін біріктіреді;
- 2) құзыреттілік ұғымында "нәтижеден" ("шығу стандарты") қалыптасатын білім мазмұнын түсіндіру қарастырылған;
- 3) негізгі құзыреттілік интегративтік табиғатқа ие, өйткені ол мәдениет пен қызметтің кең ауқымына жататын біртектес немесе туыстық дағдылар мен білімнен тұрады.

Төмендегі кесте 1-де осы тақырып аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті пікір білдірген жетекші ғалымдардың анықтамасы келтіріліп отыр.

Кесте 1 – Құзырет және құзыреттілік терминдері бойынша ғалымдардың анықтамасы

Құзырет және құзыреттілік анықтамасы	Автор, дереккөздер
1	2
«Құзыреттілік» ұғымы ЖОО-ның оқу пәндері бойынша үздік бағану кәсіби қызмет саласында қызметті тиімді атқару мен өмірде сәтті болудың кепілі емес сияқты кең таралған жағдайларды түсіндіретін парадоксальді түсінік.	Дэвид К.Макклелланд [15]
Құзыреттілік – қабылдау деңгейінде қандай-да бір жұмысты орындаудың ынталандырылған қабілеті.	Джон Равен [16]
Құзыреттілікті анықтаудың төрт әдісі: - жеке тұлғаның параметрлеріне негізделген құзыреттер; - қызметтің міндеттерін орындауға негізделген құзыреттер; - өндірістік қызметті орындауға негізделген құзыреттер; - қызмет нәтижелерін басқаруға негізделген құзыреттер	Еуропалық білім беру қоры [17]
Жас еуропалықтардың бес негізгі құзыреттілігін анықтау: - демократиялық институттарды дамыту үшін саяси және әлеуметтік құзыреттер; - көпмәдениетті ортада өмір сүру құзыреттілігі; - ауызша және жазбаша коммуникация шеберлігі; - ақпаратқа қол жеткізу құзыреттілігі; - өмір бойы оқу қабілеті	Еуропа Кеңесі [18]
Құзыреттілік-белгілі бір қызметке қажетті қабілеттерді, дайындықты, білімді, мінез-құлықты қамтитын ұғым (кәсіби, әдістемелік және әлеуметтік құзыреттер)	С.Адам, Г.Блуменштейн [19]
Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті	ҚР Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [2]
Қызметтік (кәсіби) құзыреттер – істің талаптарына сәйкес мақсатқа сай әрекет етуге дайындығы мен қабілеті; әдістемелік ұйымдастырылған және өз бетінше мәселелерді шешу, сондай-ақ өз қызметінің нәтижелерін бағалау.	В.И.Байденко [20]

1-кестенің жалғасы

1	2
Еңбек құзыреттілігі тұлғаның иемденген білімі, білігі, дағдысы арқылы қызметтік мәселелерді сәтті шешуді білдіреді. Құзыреттілік құрылымы: негізгі, қызмет түріне қарамастан барлық қоғам мүшелерінің игеретін құзыреттіліктері; кәсіби, таңдаған қызмет саласы бойынша негізгі құзыреттіліктер; еңбек, нақты жұмыс орнында атқаратын қызмет бойынша құзыреттіліктер.	С.А.Маруев [21]
Құзыреттілік – адамның біліміне, интеллектуалды және тұлғалық шартты әлеуметтік және кәсіби ерекшеліктеріне негізделген нақты, қалыптасқан тұлғалық сапа.	Н.Хомский [22] И.А.Зимняя[23]
Құзыреттілікке бағытталған тәсіл теория мен практиканың өзара тығыз әрекеттесуі	С.С. Кунанбаева [24]
Құзыреттілік тәжірибеде туындайтын кәсіби педагогикалық міндеттерді шешуде педагог бойында көрінетін білім мен білік жүйесі	Г. С. Сухобская [25]
Құзыреттілік "кәсіби сауатты пайымдауларды, бағалауды, пікірлерді айтуға мүмкіндік беретін білім мен іскерлікті меңгеру"	В. С. Безрукова [26]
Құзыреттілік жеке тұлғаның сапалы интеграцияланған сипаттамасы, ол – білім беру үдерісінде ие болатын кәсіби және әлеуметтік-маңызды қасиеттердің жиынтығын және жеке құндылықты қажеттіліктерді жүзеге асырудың тиімді тетігі ретінде қызмет ететін дәрежесін анықтайды	Е. А. Царькова [27]
Құзыреттілік-бұл тек білімді меңгеру ғана емес, оларды жаңарту мен нақты жағдайларда пайдалануға үнемі ұмтылу, яғни жедел және ұтқыр білімді меңгеру; бұл ең оңтайлы және тиімді шешімдерді таңдау және жалған шешімдерді қабылдамау қабілетін білдіретін ойлаудың икемділігі мен сындарлығы	М. А. Чошанов [28]
Құзыреттілік-бұл білім, білік, білім алу тәсілі, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына, білім алушының өмірдегі өз орнын табуына ықпал етеді, нәтижесінде білім жоғары уәждемелі және шынайы мағынада жеке тұлғаға бағытталған, жеке әлеуеттің қажеттілігін қамтамасыз ететін, тұлғаның айналасындағылармен мойындалуы және оның өзіндік маңыздылығын сезінуі	В. А. Болотов пен В. В. Сериков [29]

1-кестенің жалғасы

1	2
Құзырет белгілі бір пәндер мен үдерістердің шеңберіне қатысты қойылатын және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажетті жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің (білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері) жиынтығы; ал құзыреттілік - адамның өзіне және қызмет нысанына жеке қатынасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болуы	А.В. Хуторской [30]
Маманның құзыреттілігінің негізгі компоненттері арнайы, әлеуметтік және жеке құзыреттілік болып табылады, олардың әрқайсысы белгілі бір қызмет түріне қабілетті, белгілі бір білімдерді, дағдыларды және оқу тәсілдерін игеруді, сондай-ақ өз еңбегінің нәтижелері үшін жауапкершілікті қабылдауға, кәсіби қиындықтарды жеңуге және т. б. дайындықты білдіреді.	Э. Ф. Зеер [31]
Құзыреттілік тәсілді кәсіптік білім беруді жаңғыртудың және білім беру мазмұны мен қоғам мен жеке тұлғаның талаптары арасындағы сәйкессіздіктерді еңсерудің ең оңтайлы құралы, өйткені ол жеке тұлғаның қажеттіліктеріне сәйкес кәсіптік білім мазмұнын іріктеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді және оны нақты саладағы табысты кәсіби қызметтің инновациялық тәжірибесіне бағыттайды.	Г. К. Селевко [32]

Кәсіби құзыреттілік ұғымы тағы басқа ресейлік және отандық педагогтардың зерттеулеріндегі жетекші идеялар болды.

Сонымен қоса, педагогика ғылымында жалпыға танылған "құзыреттілік" анықтамасы әлі қалыптасқан жоқ және осы мәселе бойынша ғылыми пікірталастар әлі де жалғасуда. "Құзыреттілік" ұғымы "құзырет" немесе "білімділік" түсініктерімен жиі теңестіріледі. Құзыреттілікті анықтаудың бірыңғай тәсілінің болмауы бірінші кезекте қызметтің түрлі сала мамандарының қызметінің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Дегенмен, осы ұғымдарды шектей отырып, көптеген зерттеушілер құзыреттіліктің оқу (оқыту) нәтижесі ретінде әрекет ететінін, ал құзырет - әрекеттегі құзыреттілік екендігін атап көрсетеді [33].

И. А. Зимняя атап өткендей, қазір қарастырылып отырған "құзырет" және "құзыреттілік" ұғымдары арасындағы айырмашылықты түсіну өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап қалыптасқан. Осы ұғымдардың арақатынасы туралы мәселелер ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. И.А.Зимняя, Н. Хомский ұсынған құзыреттілік тұжырымдамасын ұстана отырып және әлеуетті-өзекті, когнитивті-жеке тұлғалық негіздер бойынша «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын шектей отырып, «құзыреттілікті» адамның біліміне негізделетін өзекті, тұлғалық сапасы қалыптасатын, адамның

әлеуметтік-кәсіптік мінез-құлқына, интеллектуалдық және тұлғалылығымен байланысты тұлғалық қасиеттері деп түсінеді [23, б. 13].

Құзырет пен құзыреттілік түсініктерін қарастыру кезінде тұтастық идеясын 1- кестеге сәйкес көптеген авторлар атап көрсетеді. Сонымен қатар, құзыреттілік тәсілінің мәселелерін зерттейтін авторлардың құзыретке қарағанда құзыреттілік кеңірек ұғым дейтін пікірлері ортақ. Мазмұндық тұрғыда құзыреттілік (біліктіліктің, білімнің, дағдылардың белгілі бір жиынтығынан басқа) әлеуметтік нормаларды, құндылықты бағдарларды игеру және беру үдерісін, өз қызметінде оларды іске асыру қабілетін, өз кәсібіне құндылық ретінде көзқарасты біріктіреді.

Осылайша, құзыреттілік ұғымының өзін талдауға арналған материалдарды зерделеу бізге, біріншіден, осы ұғымның бірыңғай айқын анықтамасының жоқтығы туралы; екіншіден, оның түрлі ғалымдардың жұмыстарындағы мәнін түсінудің ұқсастығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, әр түрлі ғалымдардың көзқарастарын талдау құзыреттіліктің мәндік сипаттамасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ең алдымен, біздің қабылдауымызда, яғни іс-әрекетте, мінез-құлықта, туындаған проблемаларды шешуде, демек, түпкі нәтижеде болып табылатын жеке негізделген сапа.

Мәселен, В. А. Болотов пен В. В. Сериков құзыреттілік табиғаты, ол оқыту өнімі бола отырып, одан тікелей туындамайды, жеке тұлғаның технологиялық жағынан ғана емес, жеке тұлғалық өсудің салдары, өзіндік ұйымдастыру мен іс-әрекет және жеке тәжірибелерді жинақтаудың салдары болып табылады деп тұжырымдайды [29, б. 11].

Сонымен, қазіргі заманғы зерттеулерді талдау педагогика ғылымында кәсіби білім берудің әдіснамалық негізі ретінде құзыреттілік көзқарасты теориялық ұғынудың аяқталмайтындығының байқауға болатындығын көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеушілердің көпшілігі құзыреттілік тәсілді кәсіптік білім беруді жаңғыртудың және білім беру мазмұны мен қоғам мен жеке тұлғаның талаптары арасындағы сәйкессіздіктерді еңсерудің ең оңтайлы құралы ретінде қарастырады, өйткені ол жеке тұлғаның қажеттіліктеріне сәйкес кәсіптік білім мазмұнын іріктеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді және сонымен бірге оны нақты саладағы табысты кәсіби қызметтің инновациялық тәжірибесіне бағыттайды.

Кәсіптік білім беруде құзыреттілік тәсілді іске асырудың әдіснамалық негізі келесі принциптер болып табылады:

- білім берудің вариативтілігі;
- жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуына білім беруді орталықтандыру;
- автономдық білім берудің ұжымдық және топтық нысандарымен ұштастыру;
- жеке тұлғаның, білім берудің және қызметтің дамуы.
- Осылайша, білім берудегі құзыреттілік тәсіл мәселесі бойынша теориялық дереккөздерді зерттеу бізге келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі құзыреттілік тәсіл қазіргі білім беруді дамытудың жетекші әдіснамалық бағдары ретінде белгіленеді. Сонымен қатар, құзыреттілік тәсілдің терминологиялық аппараты әлі де қалыптасуда және соның салдарынан ғылымда негізгі категориялардың түрлі түсіндірмелері орын алуда. Ғалымдардың көзқарастарын талдау құзыреттіліктің мәндік сипаттамасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ең алдымен, біздің қабылдауымызда болып табылатын жеке бастың негізделген сапасы, яғни іс-әрекетте, мінез-құлықта, туындаған жағдайлар мен проблемаларды шешуде, сәйкесінше, түпкі нәтиже. Әлемдік білім берудің ағымдағы тәжірибесінде құзырет-мамандарды дайындауға қойылатын белгілі бір талап, ал құзыреттілік-бұл нақты маманның жеке сипаттамаларына байланысты құзыреттілікті меңгеру дәрежесі.

Біз өз жұмысымызда В. Хуторской ұсынған ережелерді ұстанамыз, онда құзырет белгілі бір пәндер мен үдерістердің шеңберіне қатысты қойылатын және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажетті жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің (білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері) жиынтығы ретінде қарастырылады; ал құзыреттілік - адамның өзіне және қызмет нысанына жеке қатынасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болуы [30, б. 62; 34].

Білім берудің құзыреттілікке негізделген нұсқасы студенттердің болашақ кәсіби қызметінде алған білімдерін іс жүзінде қолдануға және сапалы түрде орындауға қабілеттілігін білдіреді, яғни тек академиялық білімдермен шектелмейді. Осыған байланысты теория мен практика талаптары арасындағы алшақтықты жою құзыреттілікке бағытталған білім берудің мақсаты болып табылады. Бұл дегеніміз болашақ мамандардың университет қабырғасында алатын білім көлемінің негізгі бағытын осы құзыреттіліктерді игеруге, яғни білім беру басымдықтарын қызмет барысында қолданылатын құзыреттер жиынтығына қарай бағыттау, межелеген деңгейге жету қажеттілігін білдіреді. Құзыреттіліктер жиынтығына бағытталған білім беру тәсілі нәтижеге қол жеткізуді көздейді, бірақ, дәстүрлі білім беру тәсілінде нәтиже деп алынған ақпараттар жиынтығын бағалаймыз, ал құзыреттілікке бағытталған білім беру нәтижесі болашақ маманның жұмыс барысында орын алатын қалыпты және қалыпсыз жағдаяттар барысында да білімі мен біліктілігін дұрыс қолдана білу әрекеті [35].

Жоғарыда қойылған талаптарды тұжырымдай келе, кәсіби маман өзге елдің өкілдерімен күнделікті және кәсіби түрде қарапайым қатынасқа түсу мүмкіндігіне, шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікке ие болуы шарт.

Дегенмен, көрсетілген талаптар шетел тіліне бағытталғанымен, нақты бір шетел тілінің ерекшеліктері ескерілмеген. Мысалы, қытай тілінің өзіндік ерекшеліктеріне қарай белгіленген уақыт өлшеміне талап етілген нәтижеге жету мүмкіндігі шектеле түседі. Сондықтан, біз техникалық мамандық студенттеріне арналған шетел тілі пәні бойынша оқу жұмыс бағдарламасын қарастыруды жөн көрдік. Ол бойынша студент шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеру үшін жеткілікті білім мен дағды қалыптастыруға, шетел тілінде коммуникативтік іс-әрекеттің ауызша және жазбаша түрлеріне машықтануға, өз бетінше шеттілдік

білімін жетілдіруге үйрену қажет. Білім алушылардан аргументтер, эмоционалды және бағалау құралдарын қолдана отырып, күнделікті және білім беру салаларында ресми және бейресми сипаттағы диалог жүргізу, оқыған тақырыпқа байланысты айту, мәтіндерді оқу / тыңдау, оқиғаларды, фактілерді сипаттау, хабарламалар жасау, әр түрлі аймақтық және мәдени ақпараттар негізінде мақсатты тілдегі елдердің ауызша әлеуметтік-мәдени портретін жасау, әр түрлі коммуникациялық жағдайларда шетел тіліндегі тұжырымдаманың салыстырмалы түрде толық мағынасын (жалпы мағынасын) түсіну, коммуникативтік тапсырмаға байланысты оқудың негізгі түрлерін (кіріспе, оқу, қарау / іздеу) қолдана отырып, әртүрлі стильдегі (публицистикалық, көркемдік, танымал ғылым, прагматикалық) мәтіндерді оқу, жеке және іскерлік сипаттағы хатта құбылыстарды, оқиғаларды, фактілерді жазбаша сипаттау, мақсатты тілде қабылданған елде өзіңіз туралы ақпарат туралы есеп беру, жобалық қызметтің нәтижелерін ұсыну үшін қажетті жазбаша материалдар құру сияқты нәтижелер күтіледі.

Көріп отырғанымыздай, оқу жұмыс бағдарламасы студенттерді жалпы тіл білімдерін игеруді, қарапайым күнделікті тұрмыстық лексикалық бірліктерді меңгеріп қана қоймай, оларды практикалық тұрғыда қолдана алу мүмкіндігін қарастырған, алайда, бұл бағдарламалардың мазмұнынан байқалып тұрғандай шетел тілі ретінде ағылшын тілі негізге алынған. Ал, *қытай тілі бойынша оқу жұмыс бағдарламалары* негізінен базалық шетел тілі қытай тілі, қытай тілінің практикалық курсы, екінші шетел тілі қытай тілі сияқты пәндердің негізінде әзірленуде. Осындай оқу жұмыс бағдарламаларының бірі төмендегідей сипатта көрініс табады:

Қытай тілін оқытудың негізгі мақсаты – студенттің ауызша және жазбаша қытай тілін еркін меңгеруі, мамандыққа байланысты күрделі мәтіндер мен елтану бағытындағы түпнұсқа әдебиеттерін оқып, аударма білуі болып табылады.

Қытай тілін оқытудың практикалық курсының міндеттері:

- қытай тілінің грамматикалық құрылымымен таныстыру;
- жазбаша қытай тілін оқу және түсіне білу негіздерін үйрету;
- ауызша қытай тілін меңгеру негіздерін, қытай тілінде сұхбат жүргізе білуді үйрету;
- қытай тілінен қазақ, орыс тілдеріне, қазақ, орыс тілдерінен қытай тіліне жазбаша және ауызша екіжақты аударма жасау негіздерін үйрету болып табылады.

Бұл оқу жұмыс бағдарламасы тілдік мамандықтар негізінде әзірленген және оған берілген сағат бөлінісі анағұрлым көп. Мазмұны бойынша лингводидактикалық білімдермен ғана шектелмеген, мамандыққа қатысты терминдермен мәтін арқылы жұмыс қарастырылған. Алайда, аталмыш бағдарлама қазіргі қоғам талаптарына сай нақты бір мамандық иелерінің сұраныстарын қанағаттандыру үшін толықтырулар мен сараптауды қажет етеді. Себебі қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында қытай тілін үйрету үдерісі қытайлық, отандық және ресейлік баспалардан шыққан қытайтанушы авторлардың ұсынған оқулықтары арқылы жүзеге асырылады. Олар жайлы

келесі тараушада толығырақ тоқталамыз. Айта кететін жайт, бұл оқу құралдары да кең ауқымды аудиторияға арналған және тілдік білімдерді қамтумен шектелетіндігі оларды нақты тілдік емес мамандық аясында пайдалану студенттерге болашақ мамандығы барысында орын алатын контекст шеңберінде білім, сөздік қорының жеткіліксіз болуынан мүмкіндіктерін толық аша ала алмайтындықтары тағы бар. Себебі, қазіргі жағдайда шеттілдік қарым-қатынас маманның болашақтағы кәсіби қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылуына байланысты жоғары білім беру ұйымдарының тілдік емес факультеттерінде «Шетел тілі» пәнінің рөлі арта түсуі әсер етті. Осы ретте техникалық мамандықтар студенттеріне шетелдік жұмыс беруші тараптың қоятын талаптарын ескеру қажеттілігі туындайды. Ал, шетелдік жұмыс берушілер тарапынан техникалық бейіндегі білікті маманды даярлауға қойылатын талаптар сараптамасы олардың кәсіби құзыреттілігі қазіргі уақытта тек кәсіби білімнің жоғары деңгейімен ғана емес, сондай-ақ, жалпы пәндер құзыреттердің дамуымен де анықталатынын көрсетеді:

- инженер мамандығының мәнін түсіну, қоғамға, мамандыққа қызмет ету міндеттері, инженерлік шешімдер үшін жауапкершілікті сезіну, соның ішінде әлеуметтік және экологиялық контекстте;
- жеке және команда мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу қабілеті;
- жобалық қызмет мәселелерінде хабардар болу;
- мамандық аясындағы шығармашылық ізденіс;
- өз бетімен кәсіби құзыреттілікті үздіксіз білім алумен тереңдету қабілеті мен қажеттілігін түсіну;
- экономикалық аспектілерді, сапа мәселелерін, жабдықтармен жұмыс жасауды білу;
- ақпаратты қолдана білу;
- басқарушылық, техникалық және жеке аспектілерді қамтитын көшбасшылық қабілеті;
- кәсіби ортада және қоғамда тиімді қарым-қатынастың әр түрлі әдістерін (есептерді жазу, материалдарды ұсыну, анық және түсінікті нұсқаулықтарды беру және қабылдау) қолдана білу;
- халықаралық командалармен жұмыс жасау барысында қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті деңгейде шетел тілдерін білу[36].

Көптеген ғалымдар мен білім беру саласы мамандарының айтуы бойынша бүгінгі күні шетел тілдерін игеру болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі, өйткені шетел тілінде еркін кәсіби қарым-қатынас орната алу мүмкіндігі оларға жаһандану жағдайында әлемдік аренада бәсекеге қабілетті және қарқынды дамып келе жатқан халықаралық қатынастардың ұтқыр қатысушылары болуға мүмкіндік береді.

Инженерия, техника және технология саласындағы мамандардың құзыреттілігіне қойылатын жалпы кәсіби талаптар кешенінде өзге тілді білім, білік пен дағдының алатын орнын анықтау үшін қазіргі заманауи еңбек нарығы жоғарыда аталған мамандардың кәсіби даярлығына қойып отырған міндеттерін айқындау қажет.

Сонымен, бүгінгі күні инженерлік-техникалық іс-әрекет келесі үдерістермен сипатталады:

- өндіріс пен технологиялардың ғылыми дамуын арттыру, техникалық қызметтің барлық салаларын ақпараттандыру, бұл техникалық объектілерді әлеуметтік және мәдени ортаға интеграцияланған күрделі жүйелер ретінде қабылдауды қамтамасыз етеді;


- техника мен технология үлгілерінің тез ауысуы, бұл болашақ мамандардың игерген білімдер, іскерлік, дағдылар, әлеуметтік тәжірибені негізгі кәсіби қызметінен өзге салаларда да кеңінен қолдануға бағыттайды;

- болашақ инженерді даярлауда академиялық ұтқырлыққа, креативтікке, коммуникативтікке, ақпараттандыруға негізделген бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу практикасына байланысты инновациялық компонентті нығайту;

- ХХІ ғасырда техникалық қызметтің мәдени, моральдық және гуманистік болмысының күшеуі, техниканың экологиялық-гуманитарлық мәніне мұқтаждық білім беру үдерісін маманның жаңа кәсіби техникалық мәдениетін қалыптастыруға бағыттайды;

- инженерлер қызметінің ұйымдастыру-басқару саласын арттыру, бұл мамандарды дайындауда іскерлік қарым-қатынастың, ынтымақтастықтың, өзара түсіністіктің, командада нәтижелі жұмыстың қажеттілігін қамтамасыз ететін коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағыттайды [37].

Жоғарыда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде техникалық бейіндегі маманның оқу бағдарламасы, типтік оқу бағдарламасы, оқу жұмыс бағдарламасы сияқты құжаттардың мазмұны, ондағы студенттер алдында қойылатын талаптары бойынша шеттілдік дайындығының қандай қарым-қатынас аймағында өрбитіні, яғни студенттердің жұмыс барысында қолдану ықтималдығы жоғары нүктелері анықталды. Ол бойынша техникалық мамандар, біздің жағдайда мұнайшы мамандардың шеттілдік қарым-қатынас аймағының траекториясын келесі 1–суретте бейнеленді. П. К. Елубаеваның [38] аймақтану мамандығына арнап жасаған кестесінің негізінде жасалынды.



Сурет 1 – Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік қарым-қатынас аймағы

Осылайша, инженерия мен техника саласындағы жоғарыда көрсетілген үрдістер негізінде біз техникалық қызмет осы бағыттағы мамандардан коммуникативтік және ұтқырлық сияқты сипаттамалардың болуын талап ететінін айта аламыз, бұл олардың тілдік шеберлігі мен дағдыларының деңгейіне тікелей байланысты. Демек, қызмет бейініне сәйкес келетін тілдік дайындық инженерлік-техникалық сала мамандарын кәсіби даярлауда маңызды міндеттерінің бірі болуы тиіс. Әрине қызмет барысында инженер мамандар ең алдымен, шетелдік әріптестерінің ұлттық менталитеті, этикет нормалары, дүниетанымы, ұстанатын идеологиясы туралы ақпараттануы қажет. Бұл білімдер қай сала маманын болса да жан-жақтылығы арқылы жұмысы мен кәсібінің алға прогрессивті жылжуының, халықаралық аренада елдің имиджін оң көз-қараспен қалыптастыруына әсер етеді. Бұл қарым-қатынас өзара іс-сапарлар барысында, хат алмасу процессі кезінде қолданылады. Техника саласы мамандарына экологиялық факторды ескеру өте маңызды, себебі іс-әрекет барысы қоршаған ортамен, табиғатпен тікелей байланысты, сондықтан экологиялық нормалар, стандарттар жайлы базалық ақпаратты білуі шарт. Шетелдік әріптестермен қатынас орнатудың басты себебі экономикалық қажеттіліктен туындайтыны анық. Сол себепті, инженер мамандардың экономикалық білімдері, шикізаттың ағымдағы құны жайлы ақпараттануы, ол жөнінде қарым-қатынас жүргізу мүмкіндігінің болуы маңызды фактор. Ол факторды заңнамалық түрде реттейтін, шетелдік әріптестермен мемлекет шеңберінде байланыс орнатуға мүмкіндік беретін бұл мемлекеттік құрылымдар. Яғни, мемлекеттік құрылымдар деңгейінде жүргізілетін қарым-қатынас контекстін игеру болып табылады және бұл қатынастың өзегі болып табылатын, инженерлердің тікелей жұмыс орны мен жұмыс барысы іске асырылатын кен игеру орындары, оларды басқаратын ұлттық, жеке, ірі, шағын түрдегі компаниялар мен кәсіпорындар, ол жердегі арнайы құрылымдарына қарай бөлімшелер мен департаменттер ішіндегі мамандардың, яғни техника саласы мамандарының шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігі болып табылады. Яғни, болашақ инженерлердің қазіргі жаһандану кезеңінде кәсіби құзыреттіліктерінің бірі ретінде шетел тілінде өз саласы бойынша аудармашы немесе делдалдар көмегінсіз кәсіби қызмет жүргізу, яғни қарым-қатынас орната алу мүмкіндігі болып отыр. Халықаралық кәсіби байланысты кеңейту, шетелдік әріптестермен іскерлік келіссөздер жүргізу, шетел тіліндегі техникалық құжаттамамен жұмыс істеу, шетелде өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі болашақ инженерлерді оқытуда шетел тілінің мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануды және техникалық мамандықтар бойынша оқитын студенттердің шеттілдік құзыреттілігін қалыптастыруды талап етеді. Ұсынылған техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік қарым-қатынас аймағы негізінде техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруға арналған кәсіби тақырыптар негізіндегі модульдік мазмұны Қосымша Д берілген.

Өзге тілді кәсіби коммуникативтік құзыреттілік ұғымына қайта орала отырып, аталған құзыреттілікті дамыту ЖОО-ның техникалық мамандықтарының студенттеріне шетел тілін оқыту әдістемесінде

айқындалатын, кәсіби деңгейде өзге тілде, біздің зерттеу жұмысымыз бойынша қытай тілінде қарым-қатынас жасауға қабілетті, техникалық бейіндегі болашақ маманды қалыптастыру. Осылайша, біздің зерттеуіміздің аясындағы ЖОО-ның техникалық мамандықтарындағы студенттердің халықаралық кеңістікте қытай тілінде сөйлейтін мамандарымен қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті ретінде қарастырылады.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген үрдістер жоғары оқу орнының түлегіне жаңа талаптар қояды. Бұл кәсіби міндеттерді шешу үшін білімді, іскерлікті, тәжірибені үнемі және белсенді түрде иемденуге және пайдалануға қабілетті, жақсы қалыптасқан шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікке ие және оны өзінің кәсіби қызметінің құрылымына біріктіре алатын кәсіби және психологиялық бейімделген маман болуы тиіс.

Осының нәтижесінде, шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікке ие техникалық бейіндегі мамандарға деген сұраныстың артуы болашақ мамандардың кәсіби білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыру кезінде шеттілдік білім беруді негізгі компоненттердің бірі етеді. Басқаша айтқанда, жоғарыда айтылғандардың негізінде өзге тілді кәсіби коммуникативтік құзыреттілік маманның тұлға құрылымының ажырамас компоненті ретінде қарастырылады деп айтуға болады. Сәйкесінше, кәсіби құзыреттілік құрамын қайта қарауымыз қажет.

Кәсіби педагогикалық әдебиетте "кәсіби құзыреттілік" ұғымы кәсіби білім, білік, сондай-ақ кәсіби қызметті орындау тәсілдерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Э. Ф. Зеердің пікірінше [39], маманның құзыреттілігінің негізгі компоненттері арнайы, әлеуметтік және жеке құзыреттілік болып табылады, олардың әрқайсысы белгілі бір қызмет түріне қабілетті, белгілі бір білімдерді, дағдыларды және оқу тәсілдерін игеруді, сондай-ақ өз еңбегінің нәтижелері үшін жауапкершілікті қабылдауға, кәсіби қиындықтарды жеңуге және т. б. дайындықты білдіреді. Төмендегі 2–суретте техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің тұжырымдамалық аппараты сипатталады.



Сурет 2 – Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің тұжырымдамалық аппараты

Кәсіби құзыреттіліктің шеттілдік білім беру саласына келгендегі алғашқы сатысы тілдік емес бағыттағы студенттердің болашақ мамандықтары мен кәсібіне қатысты негізгі спецификалық ерекшеліктері қамтылған кәсіби-бағытталған құзыреттілік [24, б. 114]. Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік сипаттамасына кіретін кәсіби дискурс жағдайында орын алатын шетелдік жағдаяттарда тиімді қарым-қатынасқа түсу және мағыналық түсіндірме бере алу қабілеттілігін білдіреді.

Осының барлығы Қазақстан Республикасының жоғары білім беру мекемелерінде техникалық бейіндегі мамандарды даярлау бағдарламалары шығарылатын мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және қазақстандық мамандардың мәртебесін халықаралық деңгейге дейін арттыру үшін халықаралық кәсіби стандарттарды ескеруі тиіс. Осыған байланысты техникалық мамандықтағы студенттердің шетел тілдерін меңгеруінің маңыздылығы мен қажеттілігі өте айқын болып отыр.

1.2 ЖОО-да қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесі

Қытай тілін жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі тілдің оқшауланған тілдер қатарына жатуы және күрделілігіне байланысты қытайлық және шетелдік оқытушылар тарапынан әрдайым ізденісте болып үзбей зерттеуді талап етуде.

Осы мақсатта ҚХР-да қытай тілін шетел тілі ретінде үйренушілерге арнап Ханьбан 汉办 Hanban ұйымы құрылды. Ханьбан (қытайша: 国家汉办 - гуожия ханбан) - Халықаралық қытай тілі кеңесі кеңсесінің қысқартылған атауы. Қытай Халық Республикасының Білім министрлігіне тікелей бағынатын ұйым, оның міндеті мәдени әртүрлілікті бірлесіп дамыту және үйлесімді әлем құру мақсатына жету үшін қытай тілі мен ұлттық мәдениетін шетелде тарату үшін білім беру ресурстары мен қызметтерін ұсыну болып табылады [40]. Ханьбан ұйымы тікелей қытайдың білім беру министрлігіне бағынады, 19 басқармадан құралған және қытай тілін әлемге тарату, насихаттау қызметімен айналысады. 2002 – 2004 жылдан бастап Ханьбан ұйымы ұлттық тілді шетел тілі ретінде шетелдерде таратуға бағытталған Немістердің Гёте атындағы институты, Сервантес атындағы Испан институты, Француз институты және т.б. тәжірибесіне сүйене отырып, шетелдерде қытай тілі мен мәдениетін тарату мақсатында Конфуций институты атты оқыту орталықтарының желісін құрды. Әлем бойынша кең таралған Конфуций институттарының штаб-пәтері Ханьбан ұйымы болып табылады және осы тіл орталықтарының қызмет барысын қадағалау және бағыттау жұмысын атқарады. Әлемде 500 ден аса Конфуций институты қытай тілін таратумен айналысады [41].

Конфуций институтының негізгі функциялары болып қытай тілін үйренуге қызығушылық танытқан әлемнің әртүрлі елдері мен аймақтарынан келген адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, білім беру және мәдени алмасуларды күшейту, қытай тілі мен мәдениетін түсінуді тереңдету есептеледі. Сондай-ақ, Қытай мен басқа елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, достық қатынастарды тереңдету, мультимәдениеттің дамуын ілгерілету және

үйлесімді әлем құру болып табылады. Яғни, өзара құрмет, достық диалог және өзара ұтысқа негізделген Конфуций институты шетелде қытай тілін үйренуге және Қытай мен басқа мемлекеттер арасындағы білім беру және мәдени алмасу ынтымақтастығын дамытуға ықпал етеді. Конфуций институты келесі қызметтерді ұсынады [40].

Әрине ең алдымен ол *қытай тілін оқыту*. Конфуций институты қытай тілін оқыту процесін ұйымдастыру мақсатында шетелдік үздік тәжірибені және студенттердің теориялық және практикалық тілдік дағдыларын қалыптастыруды ғана ескеріп қоймай, олардың қытай қоғамында, экономика мен саясатта болып жатқан процестерді түсінуіне бағытталған арнайы бағдарламаларды да әзірлейді. Оның жүзеге асыру үшін кең ауқымды тақырыптарды қарастыруды біріктіретін және оқыту процесін ұйымдастырудың әртүрлі түрлері мен әдістері қолданатын кешенді білім беру тәсілі енгізіледі, оның аясында тілді қашықтықтан оқыту әдістері мен мультимедиялық құралдарды да кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, Конфуций институтында қытай тілін үйрену, тілді оқып қана қоймай, Ханьбан ұсынған материалдарға қол жеткізуге, қытай тілі бойынша білім деңгейін анықтайтын сынақ (HSK) тапсыруға және үздік студенттерге арналған білім гранттары мен тағылымдамаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Одан кейін *қытай тілі бойынша оқытушыларды даярлау және қытай тілін оқытуға арналған ресурстармен қамтамасыз ету*. Қытай тілі оқытушыларын даярлау процессі негізінен Конфуций институты негізінде және Конфуций институтының ұйымдастыруымен Қытайда мамандандырылған тағылымдамалар арқылы да жүзеге асырылады. Жалпы алғанда, оқытушылар құрамын даярлау бойынша штаб-пәтері Конфуций институтымен бірлесіп, үміткерлерге қойылатын талаптар мен қатысу шарттарымен ерекшеленетін бес ірі бағдарлама іске асырылуда. Ол бойынша кейбір бағдарламаларға қытай тілінің белсенді оқытушылары ғана емес, қытай тіліне деген қызығушылығы, икемі мен кейбір дағдылары бар адамдар да қатыса алады. Тағылымдамаға қатысатын тұлғалар бірқатар міндетті жарналар мен баж салықтарынан босатылады. Сонымен қатар, Қытай стандарттары бойынша оларға айтарлықтай стипендия төлеу қарастырылған[42]. Қытай тілін оқыту, тарату мақсатында, яғни тиісті функцияларды орындау барысында Конфуций институты жеңілдетілген және қайтарымсыз негізде тіпті Конфуций институты құрамына енбеген қытай тілін үйрететін ұйымдарға да балалар әдебиетінен бастап арнайы толыққанды курстарды қамтитындай оқу құралдарының толыққанды желісі беріледі. Бұл бір жағынан Қытайдың әлемде өз ықпалын жұмсақ енгізудің бір сипаты іспеттес. Себебі, Ханьбан басқаруымен дайындалған оқу құралдары әлемнің 45 тіліне аударылып таратылады, ал, бұл өз кезегінде жер шарының көп бөлігін қамтиды, қытай тіліне қызығушылық танытқан адамдарға қол жетімділік тұрғысынан ыңғайлы екендігінің дәлелі. Сонымен қатар, баспа түріндегі оқу құралдарынан бөлек Конфуции институты ресми сайтқа жүктелген оқу ресурстарға қол жетімділік беру арқылы қытай тілін үйренушілерге мүмкіндіктер жасаған. Біздің елімізде кең таралып оқытылып жатқан оқу құралдарына төменде жіті тоқталатын боламыз.

Сонымен қатар, *қытай тілін білу емтиханын (HSK) және қытай тілі оқытушысының сертификатына тест өткізу*. Бұл функция бүкіл әлем бойынша қытай тілін білуді сертификаттау процесін ұйымдастыруды қамтиды. Қытай тілін білу деңгейінің көрсеткішін анықтайтын емтиханы (HSK) кемінде екі себепке байланысты кеңінен таралуда.

Біріншіден, бұл емтиханды тапсыру қытай тілін меңгеру сертификатын алуға мүмкіндік береді, ал ол өз кезегінде қытайлық немесе Қытаймен бірлесіп жұмыс істейтін шетелдік компанияларға жұмысқа орналасу кезінде қытай тілін білудің нақты көрсеткіші ретінде есепке алынады. Екіншіден, тиісті сертификаттың болуы Қытай университеттеріне оқуға түсу үшін қажетті шарт болып табылады және қытайлық білім сапасы үнемі өсіп келеді. Times Higher Education-QS беделді рейтингінің нұсқасы бойынша 2022-2023 жж. Қытай университеттерінің ішіндегі ең үздіктері – Пекин университеті және Цинхуа университеті – тиісінше 10 және 12-орындарда орналасқан. Конфуций Институты ұйымдастыруымен берілген қытай тілі мұғалімінің сертификаты ҚХР-да мойындалатын мұғалім мәртебесін береді және басқа елдер де қытай тілін оқытуға мүмкіндік береді.

Қытайдың біліміне, мәдениетіне және т.б. қатысты ақпараттық және кеңес беру қызметтерін ұсыну. Конфуций институтының бұл қызметі қытай тілін оқыту үдерісімен қатар Конфуций институты студенттеріне берілген қосымша мүмкіндіктермен тығыз байланысты. Олардың ішінде Конфуций институты Қытайдың оқу орындарына түсу, қажетті құжаттарды дайындау және өтініш беру барысы туралы мәліметтерді ұсынады. Сонымен қатар, Конфуций институты туристік мақсатта ҚХР-ға келушілерді қызықтыратын ақпаратты, негізгі көрікті жерлерді, саяхаттау шарттарын, кіру визаларын алуды және саяхат туралы кеңес беруді қоса береді. Тағы бір қызықтыратын жайт, Конфуций институты – Қытайдың іскер топтары мен Конфуций институты қызметіне қатысатын мемлекеттік құрылымдардың өкілдерімен байланыс (гуанси) қалыптастыру ортасы болып табылады. Конфуций институты ҚХР-мен бизнесті ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетпесе де, Конфуций институты өкілдері әдетте осы салада белгілі бір білімге ие және бейресми кеңес бере алады. Мысалы, ҚХР мемлекеттік билік органдарының жүйесі және олармен өзара әрекеттесу ерекшеліктері туралы мәліметтерді ұсыну туралы айтуға болады. Конфуций институты студенттердің ұтқырлығының негізгі арналарының бірі болып табылады, әсіресе жоғары білімі бар студенттерді Қытайға шақыру тұрғысынан. Бұл ретте Конфуций институты арқылы оқуға келген студенттердің негізгі бөлігі түрлі гранттық бағдарламалар бойынша білім алады. Мұндай студенттерге оқу ақысы төленіп қана қоймай, ай сайын шәкіртақы да тағайындалады. Айта кету керек, ҚХР-да білім алуға кепілдік берілген грант алу үшін өтініш Конфуций институты арқылы берілуі тиіс. Конфуций институты желісі бойынша маңызды зерттеулер жазу аясында қысқа мерзімді тағылымдамалар да, Қытайда ұзақ тұру да қарастырылған. Тағы бір ерекшелік Конфуций институтының ұйымдастыруымен жыл сайын қытай тілін үйренушілер үшін маңызды, салмақты сайыс бұл тілдік және мәдени алмасу

мақсатында өткізілетін-қытай тілінің жыл сайынғы байқауы – "Қытай тілі көпірі" (ханюйцяо). Байқау жеңімпаздары Қытай ЖОО-на оқуға жеңілдікпен түсуге немесе гранттарды қамтитын бағалы жүлделерге ие болады. Байқаудың өзі бірнеше кезеңнен тұрады: ел ішінде және халықаралық. Конфуций институтының қолдауымен ел ішінде сайыс үнемі өткізіліп тұрады. Байқаудың жеңімпаздары көбінесе сол Конфуций институтының студенттері болады. Байқаудың финалы ҚХР - да өтеді және жарқын, әсерлі сүйемелдеумен БАҚ-та көрсетіледі.

Конфуций институттарының институтционалдық деңгейіндегі жұмыс әдістеріне тоқталатын болсақ, Конфуций институты (Штаб-пәтер) қызметкерлері мен мүдделі тұлғалар арасындағы өзара әрекеттесу түріне байланысты аудиториялық (байланыс) және қашықтықтан жұмыс істеу әдістері қолданылады. Конфуций институты қызметінің айрықша ерекшелігі-заманауи технологияларды кеңінен қолдану. Сонымен қатар, бұл Конфуций институтының аудиторияларында оқыту процесін ұйымдастыруда әртүрлі мультимедиялық құралдарды, соның ішінде компьютерлер мен лингафон кабинеттерін кеңінен қолдануда ғана емес, сонымен қатар ресми сайттың ресурстарын қолдана отырып, оқытудың әртүрлі әдістерін қолдануда да көрінеді. Аталған сайт қытай тілінен басқа алты шетел тіліне аударылған: ағылшын, француз, корей, жапон, испан және орыс. Сонымен қатар, сайттың орыс тіліне аударылу сапасы жақсы орындалмайтынын атап өткен жөн. Грамматикалық және орфографиялық қателер көп кездеседі, ағымдағы жаңалықтар толық аударылмаған және т. б. Конфуций институты қызметіне арналған ауқымды ақпаратпен қатар, сайтта жеті негізгі практикалық бөлім бар: "оқыту", "тестілеу", "мәдениет", "электрондық кітапхана", "оқу материалдарын әзірлеу", "білім беру ресурстары", "қытай тілінің көпірі". Осы бөлімдердегі сілтемелер арнайы тақырыптық ішкі сайттарға немесе негізгі сайттың бөлімдеріне арналған. Олардың кейбіреулеріндегі ақпаратқа қол жеткізу үшін порталда тіркелу қажет. Сонымен қатар, ақпараттың едәуір мөлшері ашық қол жетімділікте болады, бұл сайтпен аз дайындалған қолданушымен жұмыс процесін жеңілдетеді. Келесі шешім бірегей болып көрінеді: "тірі сыныптар" және "онлайн тәрбиеші" бөлімдерінде пайдаланушылар қытай тілінің әртүрлі аспектілері мен тақырыптарын ұжымдық оқытуға қатысуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, келесі онлайн-сабақтарды өткізу және пайдаланушылардың саны туралы мәліметтер бар, бұл жеке пәндерді оқыту сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Аудио және бейнематериалдардың ауқымды кітапханасы қытай тілін оқыту мен үйрену процесіне кешенді көзқарасты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Интернет желісіндегі Штаб-пәтердің сайты да функционалды. Онда штаб-пәтер мен Конфуций институтының қызметі, өзекті жаңалықтар мен жаңа статистикалық мәліметтер туралы жан-жақты ақпарат бар. Конфуций институтының Есеп беру нысандары мен өтініш беру ережелері сайтқа ашық қол жетімді, бұл Конфуций институтын құру процесін ыңғайлы және қарапайым етеді – барлық қажетті ақпаратты қысқа уақыт ішінде алуға болады. Сонымен қатар, штаб-пәтердің веб-сайтына кіру және авторизация арқылы Конфуцийдің жеке институты өз

қызметін оңтайландыру және тиімділігін арттыру үшін кең ауқымды құралдарды алады: көптеген оқу материалдарына қол жеткізуден бастап, ақысыз кітап алуға өтінімдерді бақылауға дейін. Сайттың үлкен жеке бөлімі алмасу мен ынтымақтастықтың өзекті мәселелеріне арналған. Штаб-пәтердің сайтында қытай тілін білуге арналған ресми емтихандарды тапсыру тәртібі туралы толық ақпарат бар. Қытай тілін оқыту процесінде заманауи технологияларды қолданудың тағы бір мысалы - "Ұлы қорған" бағдарламасы. Штаб-пәтерде жасалған аталған бағдарлама қашықтықтан және күндізгі бөлімде оқыту механизмдерін біріктіреді. Жүйе оған арнайы жасалған оқу жоспары бойынша жұмыс істейтін студенттің үлгерімін тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Аннотацияда айтылғандай, жүйе кез-келген уақытта, кез-келген жерде, кез-келген деңгейде, Қытайда немесе шетелде қытай тілін үйренгісі келетіндердің барлық сұраныстарына жауап береді. Жүйе "жалпы қытай тілі" (негізгі курс) курстары мен білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға (орталық курстар), олардың сөздік қорын кеңейтуге (тілдік элементтер), сондай-ақ арнайы дағдыларды дамытуға (қосымша курстар) бағытталған арнайы курстар шеңберіндегі оқу материалдары мен бағдарламаларының жиынтығын қамтиды. Сондай-ақ, жүйе арнайы қауымдастыққа-қытай тілін үйренуге арналған желіге қол жеткізуге мүмкіндік береді, онда студенттер, оқытушылар немесе қытай тілін оқытатын ұйымдар тілді үйрену, академиялық зерттеулер және тиісті процестерді басқару туралы көмек пен пайдалы ақпарат ала алады. Осы желі шеңберінде икемді кестесі бар бірқатар онлайн-курстар жұмыс істейді, білікті репетиторлар жұмыс істейді, ал айтылымды жақсартуға мүмкіндік беретін дауысты тану жүйесі сияқты мүмкіндіктер қытай тілін үйренуде жылдам әрі елеулі прогреске қол жеткізуге ықпал етеді. Жүйе үш формада қызмет етеді: ASP режимі (академиялық процесті басқару, білім беру процестерін ұйымдастыру және оқытуды басқару үшін желіде виртуалды институттар құру), Интранет режимі (қытай тілін оқытатын ұйымдардың ішкі желілерін пайдалану) және дербес компьютер режимі (жүйе жеке компьютерге орнатылады). Ал, тікелей аудиторияда сабақ беру форматына тоқталатын болсақ, Конфуций институты қытай тілін үйрету үшін ауқымды білім беру өнімдерінің кең спектрін пайдалануға тырысады, оның ішінде, тұрақты оқытумен қатар, жазғы және қысқы тіл үйрену лагерлері де қамтылған [42].

Қазақстанның өзінде алғашқы Конфуций институты әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Шығыстану факультеті қолдауымен, екеу ара келісім-шарт негізінде 2002 жылдан бері Қытай тілі орталығының базасында қызмет атқарды, 2009 жылы ресми ашылу салтанаты жасалынды [43]. Сонымен қатар, Астана қаласындағы Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде, Қарағанды қаласындағы Қарағандағы Техникалық университетінде және Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жұмыс жасайды және Қазақстанның бірқатар қалаларында Конфуций орталықтары бар, солардың бірі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанындағы орталық.

Сонымен қорытындылай келе, Ханбан ұйымының атқаратын қызметі:

- Шетелдердегі оқу орындарында қытай тілін оқыту мен қытай мәдениетін таратуды қолдау және кеңейту;
 - Қытай тілін оқытудың халықаралық стандарттарын анықтау, жетілдіру және дамыту, шетелде оқу мүмкіндіктері мен әмбебап білім беру бағдарламасын әзірлеу;
 - Қытай тілі – ана тілі болып табылатын мұғалімдер мен волонтерді іріктеу және дайындау;
 - HSK (汉语水平考试) әзірлеу және енгізу – қытай тілін білу деңгейі сынағы (шетелдіктерге арналған қытай тілі бойынша білім деңгейін анықтайтын тест тапсырмалары);
 - Қытайдағы зерттеулерді қолдау мақсаты шеңберінде шетелдік докторанттарға арналған Конфуций институтының бағдарламасын әзірлеу (Конфуций Қытайды зерттеу бағдарламасы - 孔子新汉学计划);
 - Конфуций институтының шәкіртақы тағайындау кезегін анықтау, «Қытай көпірі» байқауын және басқа да бірқатар арнайы іс-шараларды әзірлеу және өткізу;
- Қытай тілін оқыту орталықтарының халықаралық желісін құру, цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету және шетелдегі қытай телерадио хабарларын тарату үшін платформаны қамтамасыз ету [40] сияқты қызметтері 2-кестеде келтірілді.

Кесте 2–Ханьбан ұйымының негізгі қызметтері

Ханбань	Қызметтер	Нәтижесі
1	2	3
	Шетелдердегі оқу орындарында қытай тілін оқыту мен қытай мәдениетін таратуды қолдау және кеңейту	Конфуций институттары мен Конфуций кластары
	Қытай тілін оқытудың халықаралық стандарттарын анықтау, жетілдіру және дамыту, шетелде оқу мүмкіндіктері мен әмбебап білім беру бағдарламасын әзірлеу	Оқу құралдарының желісі, әдістемелік нұсқаулықтар, аудио және видео нұсқадағы мультимедиялық материалдар, электронды форматтағы материалдар түрі
	Қытай тілі – ана тілі болып табылатын мұғалімдер мен волонтерді іріктеу және дайындау	Қытай тілі оқытушыларын арнайы қытай тілі үйренуші шетелдіктердің сұраныстарына қарай даярлау, гранттар мен шәкіртақылар тағайындау

2– кестенің жалғасы

1	2	3
	HSK (汉语水平考试) әзірлеу және енгізу – қытай тілін білу деңгейі сынағы (шетелдіктерге арналған қытай тілі бойынша білім деңгейін анықтайтын тест тапсырмалары)	HSK, HSKK, YCT, BCT, MCT түріндегі тест жүйесін, өткізу және сертификаттау
	Қытайдағы зерттеулерді қолдау мақсаты шеңберінде шетелдік докторанттарға арналған Конфуций институтының бағдарламасын әзірлеу (Конфуций Қытайды зерттеу бағдарламасы - 孔子新汉学计划)	Докторантура және магистратураны Қытайда оқып, зерттеу жүргізуге, конференцияларға қатысуға қаражат, гранттар бөлу, шәкіртақы тағайындау
	Конфуций институтының шәкіртақы тағайындау кезегін анықтау, «Қытай көпірі» байқауын және басқа да бірқатар арнайы іс-шараларды әзірлеу және өткізу	Әлем бойынша қытай тілін үйренушілерді жігерлендіру, үздіктерді анықтау, сыйақы беру және қытай тілін тарату
	Қытай тілін оқыту орталықтарының халықаралық желісін құру, цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету және шетелдегі қытай телерадио хабарларын тарату үшін платформаны қамтамасыз ету	Қайтарымсыз түрде оқу процесін жүргізуге бағытталған шетелдердегі Конфуций институттары мен кластарын қаржыландыру

Қытай тілін деңгейлеп оқыту оқулықтары осы Ханбан ұйымының әзірлеуімен басылып шығып, Конфуций институттарына таратылады және қытай тілі бойынша білім деңгейін анықтайтын ағылшын тілі бойынша өткізілетін IELTS, TOEFL тест жүйелері іспеттес HSK (汉语水平考试, Hànyǔ Shuǐpíng Kǎoshì) тест жүйесі осы деңгейлер негізінде жасалынған. HSK жүйесіне кейінгі тарауларда толығырақ тоқталатын боламыз. Дегенмен, оқулықтарды үлестіру шарасы тек Конфуций институттары мен орталықтары арасында ғана шектелмей, қытай тілін оқытатын шетелдік білім беру ұйымдарына да таратылады, оның ішінде ЖОО-лар да бар. Ханбан баспасының оқулықтары оқулық оқытылатын елдің спецификалық ерекшеліктерін ескеруге тырысады

және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай бөлінеді. Дегенмен, тақырыптық мазмұны бойынша күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым тақырыптарды қамтиды, яғни білім алушылардың өз деңгейінде лингво-мәдени, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін дамытады. Алайда, кәсіби форматтағы ақпаратты игеруге арналған дидактикалық тәсілдер қарастырылмаған, сол себепті, тілдік емес мамандықта оқитын студенттер талабын толығымен қандыруға қауқарсыз болып табылады. Қытай тілін шетел тілі ретінде оқытатын ұйымдар, оның ішінде Қытайдың өзінде де шетелдіктерге арналған бір жылдық тілдік оқу курстары, шетелдердегі оқу орындары негізінен қытайлық әдіскерлердің әзірлеген оқу құралдарын пайдаланады.

Солардың бірі «*Boya Chinese*» оқулығы алғашында ағылшын тілді аудиторияға арналып шығарылған, кейіннен орыс тілді студенттерге арналған да нұсқасы шығарылды. Қазіргі таңда шет мемлекеттерде қытай тілін оқыту бойынша ең кең таралған оқу құралы. Оқу құралы негізінен Қытай елінде қытай тілін үйренуші шетелдіктерге арналған. Сол себепті тілдің теориялық аспектісінен гөрі практикалық қолданысына көп көңіл бөлінген. Дәлірек айтсақ, грамматикалық, фонетикалық және иероглифтік түсіндірмелер оқулықта өте аз, дегенмен оларды меңгеруге арналған жаттығулар басым. Бұл өз кезегінде білім алушыларға тілдің аталған аспектілерін қытайлық ұстаздарының сабақ барысында ауызша түсіндіре өтуінде және студенттердің тілдік ортада болуында, соған байланысты үнемі сөйлеу қарым-қатынасында тілдік құрылымдарды қолдану мүмкіндігі себебінен болуы мүмкін.

Ал, келесі Ханбан баспасы ұсынып отырған танымал оқу құралы «*Developing Chinese*» ағылшын тілді аудиторияға арналып шығарылған. Мазмұндық жағынан *Boya Chinese* оқулығымен салыстырғанда грамматика мен фонетикаға қысқаша түрде түсіндірмелер берілген, дегенмен жаттығулардың басым бөлігі шығармашылық форматқа бағытталған.

Кең таралған келесі оқу құралы «*Новый практический курс китайского языка*» жалпылама қытай тілінің қарапайым диалогтық түріндергі мәтіндермен, фонетика, грамматикалық құрылымдарға қатысты түсіндірмелермен және жаттығулармен қамтылған. Қытай туралы қызықты мәліметтер әр сабақ соңында келтірілген.

«*Новые горизонты*» оқу құралы Хэйлунцзян университеті (Харбин, ҚХР) мен Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті жанындағы Конфуций институты оқытушыларының ортақ еңбегінің нәтижесінде жарық көрген. Оқулық орыс тілді аудиторияға арналып жазылған. Қытай тілінің фонетикасы, иероглифтің кілттері, грамматика анық, нақты қысқаша түрде тереңдетілмей түсіндірілген. Алайда, студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға арналған шығармашылық түрдегі тапсырмалар аз кіріктірілген. Келесі 3-кестеде Ханьбан оқулықтарының қамтылуы көрсетілген.

Кесте 3– Ханьбан оқулықтарының қамтылуы

Оқу құралдары	Теориялық түсіндірмелер	Практикалық жаттығулар	Шығармашылық тапсырмалар	Мультимедиялық сүйемелдеулер
<i>Boya Chinese</i>	-	+	-	+
<i>Developing Chinese</i>	+	+	+	-
<i>Новый практически курс китайского языка</i>	+	+	-	+
<i>Новые горизонты</i>	+	+	-	+

Ханьбан ұйымы 2020 жылдан бері ресми түрде Қытай тілін оқытудың халықаралық фонды (中国国际中文教育基金) және Қытай шетелдік тілдік алмасу мен ынтымақтастық орталығы (中外语音交流合作中心) болып екі тармаққа бөлінді. Ханьбан ұйымына тиесілі қызметтер осы ұйымдарға жүктелді. Атап айтатын болсақ, Қытай тілін оқытудың халықаралық фонды Конфуций институты брэндін иемденіп, қайырымдылық қорына айналды, ал, Қытай шетелдік тілдік алмасу мен ынтымақтастық орталығы Конфуций институтының штаб пәтерінің қызметін қабылдады, яғни халықаралық Қытай тілі білімін дамыту және қытай-шетел тілдер алмасуы мен ынтымақтастығын ілгерілету бойынша қызметтер көрсету, халықаралық қытай білім беру ресурстық жүйесінің құрылысын үйлестіру, халықаралық қытай тілі білімінің тиісті стандарттарын әзірлеуді ұйымдастыру мен әзірлеуге қатысу; халықаралық қытай тілі мұғалімдерінің, оқу материалдарының, пәндерінің және т. б. құрылысы мен академиялық зерттеулерін қолдау және енгізуді ұйымдастыру болып табылады. Қытай тілі мұғалімдеріне арналған Халықаралық емтихан, шетелдіктерге арналған қытай тіліндегі сериялық емтихандар, тиісті бағалау және сәйкестендіру; Қытай көпірлерін, жаңа синологияны, стипендияларды және Қытай тіл біліміне қатысты басқа да халықаралық жобаларды өткізу; Қытай және шетел тілдерімен алмасуды және ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүргізу [44].

Қытайлық мамандар қытай тілі туған тілі болғандықтан оны оқыту процесінде шетелдік әріптестерінен ілгері жүретіні түсінікті жайт, бірақ шетелдік синолог мамандар да қытай тілін оқыту әдістемесіне мүмкіндігінше өз үлестерін қосуға тырысуда. Шетелдік мамандардың қытайлық әріптестерінен айырмашылығы мен артықшылығы шеттілдік білім беруде тілдік тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тіл-мәдениет-тұлға триадасын ұстана отырып, нақты өз елдерінің, мәдениеті мен тілдерінің ерекшеліктерін, лексикалық-

семантикалық бірліктерді қытай тілімен дұрыс бағытта ұштастыра білулерінде, тілдік интерференцияның, мүмкін жағдайда транспозицияның орын алуында.

Көршілес жатқан Ресей елінің синолог мамандарының қытайтануға қатысты, оның ішінде қытай тілін шетел тілі ретінде үйрету әдістемесіне қосқан үлестері зор. Солардың ішінде қытай тілін оқыту әдістемесі бойынша орасан зерттеу жұмысын жүргізген орыс ғалымы И.В. Кочергин оның «Очерки лингводидактики китайского языка» атты монографиялық еңбегінде қытай тілін шетел тілі ретінде оқытудың негізгі теориялық, әдіснамалық және практикалық мәселелері көрсетілген және оларды шешуге арналған қытай тілін оқытудың практикалық әдістемесінің контуры бейнеленген. Сонымен қатар, бұл еңбекте оқу процесінде қолдануға болатын әдістемелік ұсыныстар да қарастырылған [45]. Ал, «Очерки методики обучения китайскому языку» атты монографиялық еңбегі қытай тілін сөйлеу әрекетінің түрлеріне қарай оқытудың әдістемелік тәсілдері арқылы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жайлы жазылған. Қытай тілінде дайындықсыз монологтық сөйлеу әрекетіне түсу, аудармашы-референттерді дайындау сияқты аспектілер де қамтылған құнды еңбек болып табылады [46].

А.Г. Бочкарёва «Продуктивная компетентностно-ориентированная деятельность учителя китайского языка: от идеи к реализации» қытай тілін оқыту әдістемесі жайлы қытай тілінен сабақ беретін оқытушылардың ғылыми-әдістемелік жұмыстарын оқытушылардың біліктілігін арттыра отырып ғылыми-практикалық конференциялар жүйесі арқылы интеграциялауды ұсынады. Дәл осындай көз-қарасты шетелдік ғалым Ү. Үе-де ұстанады, оның айтуы бойынша қытай тілінен дәріс беретін оқытушылардың тілдік, мәдени, болмыс айырмашылығы қыталықтардан зор болғандықтан оқытушылардың біліктілігін арттыру мақсатында Қытай еліне іс-сапарлар ұйымдастырылуы керек [47].

Студенттерге арналған оқу құралдарына тоқталатын болсақ, орыс синологы А.Ф. Кондрашевскийдің «Қытай тілінің практикалық курсы» атты екі томдық оқулығын Ресейдің көптеген қытай тілін оқытатын оқу орындары негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылады. Оқулықтың алғашқы томы қытай тілі бойынша базалық білімдермен қамтылған. Бастапқы деңгей студенттеріне немесе мектеп оқушыларына арналған. Оқулық негізгі теориялық білімдермен және олардың *практикалық қолданысын іске асыратын әдістемемен* қамтылған. Бұл өз кезегінде қытай тілін өз бетінше жалғастырып оқудың негізі ретінде есептелінеді. Тілдік материал мәтіндерді, лексикалық және грамматикалық түсіндірмелер арқылы ұсынылады, сонымен қатар мысал бойынша орындалатын жаттығулар, оның ішінде жазбаша және тыңдау арқылы берілетін тапсырмалар тілдік білімдерді игеруге және ары қарай дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, оқулықта елтану ақпараттары да берілген және де тілдік материалды меңгеру деңгейін тексеретін диктант та кіріктірілген. Дегенмен оқулықтың қамтыған лексикалық материалы жалпылама сөйлеу дағдысын қалыптастыруға арналғанымен біршама ескіргендігі байқалуда [48].

Ал, Т.П. Задоевко, Хуан Шиуннің еңбектері, оқу құралдары толығымен тілдік маман иелеріне, негізінен қытай тілінің филолог мамандарына арналады десек те болады. Оқулықтарда негізінен теориялық білімге көп көңіл бөлінген,

фонетика, грамматикалық құрылымдар жіті түсіндірілген. Лексикалық бірліктер түсіндірмелер, жаттығулар арқылы берілген, яғни студенттердің коммуникативтік қабілеттерін мәтіндер мен диалогтар арқылы меңгерту қарастырылмаған [49].

Келесі орыс қытайтанушылары А.М. Карапетьянц, Тань Аошуан ұсынған қытай тілі оқулығы да өз мазмұны бойынша базалық тіл білімін қамтыған, бұл оқулық та жоғары оқулықтағыдай теориялық білімге көп түсіндірмелер беріледі, олардың практикалық қолданысын іске асыратын жаттығу түріндегі тапсырмалар берілген, сонымен қатар білім алушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыратын диалог түріндегі мәтіндер және қомақты көлемде орыс тілінен қытай тіліне аударма жасау түріндегі тапсырмалар қамтылған [50].

Т.Л. Гурулева «Компетенции владения китайским языком» атты еңбегінде қытай тілі бойынша коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру компоненттері жайлы, оны меңгергендігінің деңгейлік көрсеткіштері, яғни дискрипторлары, Ханбан ұсынған құзыреттіліктерді бағалау бойынша қытайдың ұлттық жүйесі жайлы ақпараттар қамтылған. Қытай тілінің лингводидактикалық негіздерінің зерттеулері талданған [51].

Қытай тілі фонетикалық жүйесінің ерекшелене және күрделене түсуіне байланысты шетелдіктер үшін қытай тілін оқытудың бұл аспектісімен орыс ғалымы А.Н. Алексахин бірқатар қомақты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалым әзірлеген қытай тілінің фонологиялық жүйесінің әмбебап дыбыс фонематикалық теориясы негізінде қытай тілінің фонологиялық және фонетикалық жүйелеріне жүйелі сипаттама мен ғылыми түсіндірмелер келтірілген. Синологияда алғаш рет қытайлық дәстүрлі «Иньюньсюэ» фонологиясы мен үнді-еуропалық тіл білімінің фонологиясы арасында ғылыми сараптау жүргізді. Сонымен қатар, фонетика бойынша теориялық және практикалық аспектілердің арақатынасы мәселелерін, соның ішінде орыстарға қытай фонетикасын оқыту әдістемесіне арналған проблемалық және шығармашылық тапсырмалар ұсынады [52].

Қытай тілінің фонетикалық жүйесін, нақты айтқанда қытай тілінің фонетикасының меңгеру әдістерін ары қарай зерттеуді О.А. Малых өзінің кандидаттық диссертация жұмысында жалғастырды. Ол бойынша қытай тілі білім алушылардың басым жағдайда екінші шетел тілі болғандықтан туған тілінің, алғашқы меңгерген шетел тілінің фонологиялық, фонетикалық жүйесімен тығыз байланыста болуында және тіл меңгерудің фонетикалық, фонологиялық және орфоэпикалық деңгейінде оң көрінісі ретінде транспозицияның, теріс және көп жағдайдағы көрінісі ретінде интерференцияның орын алуында [53]. Аталған зерттеу жұмыстары негізінен болашақ қытай тілі мамандарына, яғни тілдік мамандықтар студенттеріне арналған болып есептелінеді.

Ал, қытай тілін іскерлік қарым-қатынаста пайдалану бағыты бойынша орыс ғалымдары Н.А. Демина [54], Г.Я. Дашевскаяның [55] еңбектерін жатқызуға болады. Алайда, бұл еңбектер қытай тілін бизнес құру саласында, сауда-саттық қатынасында, қытайлық делегация мүшелерін қабылдау кезінде пайдаланатын іскерлік лексикалық бірліктер материалы шеңберінде әдістер

ұсынылған. Негізінен болашақ қытай тілі аудармашылары мен қытайтанушыларға арнап әзірленген курс болып есептелінеді.

Т.В. Якунина өз кандидаттық диссертация жұмысында қытай тілін халықаралық дене-спорт ұйымдары мамандарының кәсіби бағытталған бағытта оқыту мәселесі, оны шешу жолдары қарастырылған [56]. Ол бойынша тілдік емес мамандықтар студенттерін, болашақ спортшы мамандарды кәсіби бағыттағы қытай тілін оқыту үшін оқу-сөйлеу жағдаяттар мен рөлдік ойындар қолдану ұсынылған.

Сол сияқты Куратченко М.А.-ның қытай тілін кәсіби әрекетте пайдалану бойынша оқу-әдістемелік құралы менеджмент, қонақ үй бизнесі мамандығында оқитын студенттерге арнап жазылған. Оқу-әдістемелік құралы шағын сабақтарға топтастырылған, иероглифтердің этимологиялық түсіндірмесі берілген, фонетика, иероглифтерге жаттығулар, өлең, жаңылтпаштар, сұрақтарға жауап беру сияқты тапсырмалармен қамтылған [57].

Рахимбекова Л. Ш. Болашақ заңгер, аймақтанушы сияқты тілдік емес мамандықтар студенттеріне кәсіби бағытта қытай тілін кезеңдерге бөліп оқытуды ұсынады [58]. Және де т.б. орыс ғалымдарының қытай тілін оқыту бойынша зерттеу жұмыстары бар. Шетелдік қытайтанушы ғалымдардың еңбектеріне шолу Қосымша А-да көрініс тапқан.

Жүргізілген талдау нәтижесінде шетелдік қытайтанушы ғалымдарының қытай тарихын, мәдениетін, тілін, оқыту әдістемесін зерттеу процесіне қосып жатқан үлесі орасан зор. Дегенмен, қытай тілін арнайы мамандықтардың спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып оқыту әдістемесі зерттеліп жатқанымен, арнайы техникалық мамандықтар студенттеріне арналған қытай тілін оқыту әдістемесі жеке дараланып зерттелмегені анықтады.

Қазақстанда қытай тілін оқыту негізінен ЖОО-да шетел тілдері, оның ішінде шығыс тілдері мамандарын даярлайтын институттар мен факультеттерде, қытайтану кафедраларында 5B020900 – Шығыстану, 5B021016 – Шетел филологиясы: қытай тілі, 5B0207 – Аударма ісі мамандықтары бойынша қытайтанушы мамандар даярлау арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, екінші шетел тілі ретінде басқа да мамандықтарда, кейбір орта білім беру ұйымдарында оқытылады.

Әрине, қытай тілі негізгі мамандығы ретінде оқылатын мамандықтар студенттеріне қытай тілі тереңдетіліп, жан-жақты оқытылады, ал, қытай тілін екінші шетел тілі ретінде оқитын тілдік мамандықтар студенттеріне тілдік ақпараттар сараланып, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуге қамтитын қысқартылған білім мазмұнымен шектеледі, ал, тілдік емес мамандықтар студенттерінің мамандыққа қатысты спецификалық ерекшеліктеріне және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларының жас ерекшеліктеріне қарай оқу мазмұны қайта қарастырылуы қажет. Дегенмен, қазір таңда еліміздің қытайтану саласында жазылып жатқан еңбектердің басым бөлігі болашақ қытайтанушы мамандардың кәсіби қабілеттерін көтеру мақсатында орындалып жатыр.

Отандық қытайтанушы ғалымдарымыздың еңбектеріне тоқталатын болсақ, Н.Ә. Алдабектің «Қытай тарихы», «Ежелгі Қытай тарихы», «Орта ғасырлардағы

Қытай тарихы», Н. Абдраимовамен бірлесіп жазған «Қытай мен Түркі халықтарының мәдени байланыстарының тарихы (VII-XII ғ.), А. Ә. Түргенбаймен бірлесіп жазған «Шыңжаң тарихы (Ежелгі заманнан XX ғасырдың ортасына дейін)», Н. Мұқаметханұлының «Қытай Халық Республикасының сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010)», Д. Дауеннің «Китай глазами Казахстанцев» [59] атты еңбектері қазақстандық шығыстану, оның ішінде қытайтану саласын дамытуға, болашақ қытайтанушы мамандарымызды даярлауда орасан зор үлесін қосуда. Аталған еңбектер шығыстану, қытайтану, тарих, халықаралық қатынастар мамандығы бойынша білім алатын студенттер мен оқытушыларға және Қытай тарихына қызығушылық білдіретін аудиторияға арналған.

Тіл біліміне қатысты қытайтанушы ғалымдар Т. Қалибекұлының «Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (синтаксис)» атты монографиясы [60], Мәсімхан Д., Қ. Мамытанның «Қытай тілі фонетикасының негіздері» [61] атты оқу құралы, Ж. Турсыналидің «Қытай тіліндегі синонимдік қатарлардың функционалды-семантикалық ерекшеліктері» [62] және Б. Зиядаұлы, Р.Б. Джельдыбаева «Қытай тілін үйренуші қазақ тілді студенттердің қытайша сөйлеу тіліндегі фонетика және грамматикалық қиындықтарына талдау» [63] атты ғылыми мақалалары, М. А. Нұрсайдов, А. К. Анипинаның «Қытай тілінің фонетикасы» [64], Н. Абдурақынның «Қытай жаңа заман әдебиеті» [65] атты ғылыми еңбектері жатады. Бұл еңбектер қытай тілін құрылымдық, грамматикалық жағынан тереңдетіп оқитын мамандықтар студенттеріне арналып жазылған.

Ал қытай тілін оқыту әдістемесі бойынша Ф.Н. Даулеттің «Практический курс китайского языка. Новая концепция преподавания» [66] атты оқу құралы әр сабақ бойынша оқу жоспары, тереңдетілген грамматика және тапсырмалар бойынша түсіндірмелер, әр жаттығу бойынша мақсаты, күтілетін нәтижелері сипатталынуымен ерекшеленеді. Бұдан бөлек отандық ғалымдарымыздың қытай тілін оқыту әдістемесі бойынша бірқатар ғылыми мақалалары бар, мысалы: А. Қ. Анипина, Н. Шәріпқызы «Қытай тілін оқыту әдістемесінің зерттеу нысаны» [67], Г. Ә. Жамантаева, Қ. Қажатұлы «Қытай тілі сабағында мәтінмен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері», Г. Алиханқызы, Г. Ахметбектің «Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту әдістері» [68], Р. Досымбекова «Қытай мәтіндері» [69] және т.б.. Қазақстандық қытайтанушы ғалымдардың зерттеу нысаны 4-кестеде қарастырылады.

Кесте 4 – Отандық қытайтанушы ғалымдардың зерттеу нысаны

1	2
Қытайтану мәселелері бойынша	Алдабек Н. Ә., Абдраимова Н., Түргенбай А. Ә., Мұқаметханұлы Н., Дауен Д. Б., Оразақынқызы Ф.

4-кестенің жалғасы

1	2
Қытай тіл біліміне қатысты	Қалибекұлы Т., Мәсімхан Д., Мамытан Қ., Турсынали Ж. Зиядаұлы Б., Джельдыбаева Р.Б., Нұрсайдов М. А., Анипина А. К., Абдурақын Н.
Қытай тілін оқыту (тілдік мамандықтарға) әдістемесі бойынша	Даулет Ф. Н., Анипина А. Қ., Шәріпқызы Н., Жамантаева Г. Ә., Қажатұлы Қ., Алиханқызы Г., Ахметбек Г., Досымбекова Р.

Қытай тілін жоғары оқу орнында оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесін анықтау мақсатында сараланған қытайтанушы ғалымдардың еңбектерінен көріп отырғанымыздай, негізінен қытай тілін оқыту болашақ қытайтану саласы мамандарына арналып әзірленген әдістемелік құралдар, фонетика, грамматика, иероглифтік жазулар барынша тереңдетіліп берілген, тілдік материал жалпы қарапайым коммуникативтік лексикалық бірліктерден бастап күрделі түсіндірмелерге дейін қамтиды. Ішінара, бизнес саласы, экономика, менеджмент, юриспруденция, спорттық мамандықтар бойынша мамандандырылған қатынасқа түсуге құзыретті болуға мүмкіндік беретін еңбектер жазылған. Алайда, көршілес жатқан ҚХР-дың еліміздің мұнай және газ, металлургия, құрылыс және т.б. көптеген салалар бойынша ірі инвестор болуына байланысты, болашақ техникалық мамандықтар студенттеріне қарапайым қызметтік қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін іскерлік терминологияны қамтыған оқыту әдістемесі толығымен зерттелмеуіне байланысты ары қарай зерттеуді талап етеді. Төмендегі 5–кестеде қытай тілі оқулықтарының қамтылуына сараптама берілген.

Кесте 5 – Қытай тілі оқулықтарының қамтылуына сараптама

<i>Қытайлық оқу-әдістемелік құралдар</i>	<i>Ресейлік оқу-әдістемелік құралдар</i>	<i>Отандық оқу-әдістемелік құралдар</i>
1	2	3
Әр жаңа сабақ лексикалық бірліктерді қамтиды		
Жаңа сөздерге аудио сүйемелдеу қарастырылған	Аудио сүйемелдеу тек жаттығу шеңберінде	

5-кестенің жалғасы

1	2	3
Иероглифтерге негізгі кілттері бойынша түсіндірмелер берілген, күрделі иероглифтердің жазылу реті көрсетілген	Күрделі иероглифтердің жазылу реті көрсетілген	
Мамандық бойынша терминдер қарастырылмаған	Экономика, халықаралық қатынастар, юриспруденция мамандықтарына арналған оқулықтарда берілген	Мамандық бойынша терминдер қарастырылмаған
Грамматикалық құрылымдар негізінен жаттығулар арқылы түсіндіріледі	Грамматикалық түсіндірмелердің теориялық жағына көп көңіл бөлген	
Ситуативтік жағдайға қарай диалогтік мәтіндер келтірілген		
Диалогтік мәтіндерге видео сүйемелдеу жасалынған	Видео сүйемелдеу жасалынбаған	
Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша жаттығулар берілген		
Мамандық бойынша аутентивтік мәтіндер келтірілмеген	Мамандық бойынша аутентивтік мәтіндер бар шағын формада	Мамандық бойынша аутентивтік мәтіндер келтірілмеген
Мәдени мағлұматтар сабақ соңында берілген	Ішінара оқулықтарда мәдени мағлұматтар бар	Мәдени мағлұматтар келтірілмеген

Жоғарыда келтірілген кестеде қазіргі таңда қолданыс үстіндегі оқу-әдістемелік құралдардың мазмұндық қамтылуы көрсетілген. Оқулықтар ұқсас әдістемелік мазмұнмен қамтылғанымен, негізінен ұзақ мерзімді перспективада оқитын тілдік мамандықтар студенттеріне арналған, сонымен қатар қытайлық ойлау, ал сол арқылы сөйлеу механизмі қазақи түсінік арқылы берілмеген және техникалық мамандықтар аясында тілдік қарым-қатынас орнатуға арналған терминдер қорымен қамтылмаған. Негізінен қолданылатын оқулықтар қытайлық және ресейлік авторлардікі, себебі отандық қытайтану саласында қытай тілін бекітілген жүйеге келтіріп бірізділікпен оқыту, оқыту тәсілдерінің әртараптандырылуы, қазақ тілі мен мәдениетінің, менталитетінің ерекшеліктерін ескеретін оқу құралдарымен қамтылуы әлі де жолға қойылмаған, шешімін

таппаған мәселе. Жаңа заман тарихына көз жүгіртетін болсақ, КСРО құрамындағы Қазақстан өзінің білім беру жүйесіне берік іргетасын қалады, Қытаймен қарым-қатынас өткен ғасырдың 20-жылдарында кеңестік көшбасшылар Кеңес Одағы бойынша модернизация саясатын жүргізуді бастады, бұл саясаттың бір бөлігі қытайтану саласы бойынша да мәдени білімдерді дамыту және тереңдету болатын. Қытай тілі, тарихы, мәдениеті бойынша оқу құралдарының сериясы да осы кезде басылып шықты. Дегенмен, қытай-кеңес ара-қатынасының нашарлауы қытай тілін оқыту реформасы ұзақ жылдарға тоқтатылды [70]. Осыдан кейін қытай тілін оқыту ісі 1984 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, сол кездегі С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінен ашылған «Шығыс тілдерін оқыту және зерттеу» кафедрасында, 1989 жылдан бастап өз алдына факультет болып шыққан Шығыстану факультетінде жалғасын тапты. Тәуелсіздігін енді алған Қазақстан үшін экономикалық тұрғыда күрделі кезеңнің келуімен оқу білім саласын дамыту оңайға соққан жоқ. Дегенмен, Қытай елі Қазақстанның стратегиялық маңызы бар көршісі болғандықтан, екі ел арасында дипломатиялық қатынастың орнатылып, тез қарқынмен дами бастауы салдарынан қытай тіліне қызығушылық танытатын жастар саны арта бастады, алайда оларға сапалы білім беретін оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі, оқыту әдістемесінің болмауы, оқытушылардың аздығы қытайтану ісіне өз әсерін тигізді. Сол себепті, біздің ғалымдарымыз көбінесе орыс синологтарының, қытайлық, шетелдік мамандардың еңбектеріне сүйене отырып қазақ тілді аудиторияға арналған оқу құралдарын шығара бастады. Осы орайда біздің Қытай елінен оралған ғылыми әлеуеті жоғары қандастарымыз қытайтану бойынша қазақстандық ғылымның ілгері дамуына орасан үлес қосты. Дегенмен, елімізде қытай тілін үйрететін білім ордалары әлі де бір ортақ жүйеге негізделген әдістеме негізінде оқытпайды, оқытушылар тарапынан өз тәжірибесіне сүйене отырып мамандыққа қарай жұмыс оқу бағдарламалары құрастырылып, типтік оқу бағдарламасына сәйкестендіріліп оқытылады, яғни нәтижесі өлшенетін ортақ стандарттың болмауы түлектердің білім деңгейіне кері әсерін тигізуде. Осы мәселелерді шешу мақсатында отандық қытайтанушы ғалымдар жоғарыда атап өткендей, арнайы қазақ тілді аудиторияға арналған қытай тілін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін оқытуға арналған басым бөлігі тілдік мамандықтар студенттеріне бағытталған оқу құралдарын, тілдік сөздіктерді шығаруда. Себебі, қытай тілінен шетелдіктерге арналған оқу құралдары батыс халықтарына арналып шығарылған, ал біздің елдеріміздің шығыс елдері қатарында болуы қытай мәдениеті мен қазақ мәдениетінің, менталитетінің, логикалық ойлау жүйесінің, тарихының, географиялық орналасуы салдарынан ұштасатын тұстары кездеседі. Бұл өз кезегінде тілдік кейбір жағдайда транспозицияның, кейбір жағдайда интерференцияның орын алуына әкеледі. Осындай салдарды ескеретін оқу құралдарының, оқыту әдістерінің болуы оқыту процесіне оң әсерін тигізеді. Неміс философы, тілтанушысы В. Гумбольд (1762-1835 ж.ж.) айтпақшы: тіл – бұл ұлттың жаны, тілде «ұлттың мінезі» бар. Тіл мәдениеттің көрінісі, тіл арқылы біз өзге мәдениетті, ал мәдениет арқылы өзге тілдік тұлға қалыптастыруға

ұмтыламыз. Қазіргі әлемдік тілдік білім беру ісіне сәйкес шетел тілдіерін оқытудағы білім беру парадигмаларының ауысу үдерістерін жетілікті түсіне алмау қытай тілін оқытудың масат, міндеттерін анықтауда, оңтайлы әдістер мен оқу құралдарын таңдауда теріс әсерін тигізуде. Көнерген тәсілдер қытайлық лингводидактиканың заманауи әлемдік және отандық тенденциялар бойынша дамуына жол бермейді [71].

Зерттеу жұмысымыздың алдында тұрған мақсаты жоғарыда атап өткеніміздей, қытай тілін экономикалық тұрғыда байланысымыз кәсіби, нақты техникалық сала бойынша қарапайым қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін әдістемені қалыптастыру.

1.3 Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің мәндік сипаты

Жоғарыда атап өткеніміздей, теория мен практиканың өзара тығыз әрекеттесуін көздейтін құзыреттілікке бағытталған тәсіл мамандар дайындаудың ұлттық моделін жобалаудың негізіне айналуы тиіс.

Қазіргі таңда Еуропалық одақ аумағында барлығына ортақ тілді меңгеру деңгейін растайтын құжат Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі: оқу, оқыту, бағалау (Common European Framework of Reference, CEFR) жұмыс жасайды. Бұл құжат 1989 – 1996 жж. аралығында Language Learning for European Citizenship (еуропалық азаматтықты алу үшін тілдерді меңгеру) жобасы аясында әзірленген. Құжатта құзыреттілік адамға әр түрлі әрекеттерді жасауға мүмкіндік беретін білім, қабілет және тұлғалық біліктіліктердің жиынтығын білдіреді. Олар жалпы және коммуникативтік тілдік құзыреттілік болып екіге бөлінген. Жалпы құзыреттілік тілдік әрекеттен бөлек барлық құзыреттіліктерге таралады оның ішінде коммуникативтікке де. Ал, коммуникативтік тілдік құзыреттілік тілдік құралдар арқылы қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Тілдік коммуникативтік құзыреттілік лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, прагматикалық компоненттерден құралады.

Коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің көрсеткішін шетел тілін меңгеру деңгейі жүйесімен сәйкестендіруге болады. Жалпыеуропалық құзыреттіліктер жүйесі үш ірі топқа бөлінеді: А (қарапайым меңгеру), В (өздігінен меңгеру) және С (кәсіби меңгеру), бұл үш деңгейдің әр қайсысы тағы екі деңгейге бөлінеді: А1 – бастапқы деңгей, А2 – қарапайым деңгей, В1 – орташа деңгей, В2 – орташадан жоғары деңгей, С1 – жоғары деңгей, С2 – тілді таза меңгеру деңгейі. Бұл тілді меңгерудің еуропалық жүйесінің шкаласы барлық Еуропа кеңістігінде қолданылады және Еуропа елдерінің еуропалық тілдерді меңгерудің көрсеткіші болып ұлттық бағалау жүйесінде пайдаланылады.

Қазақстанда да бұл бағалау жүйесі кең таралған. Ол отандық лингводидактикада еуропалық тілдерді оқытуда пайдаланылады. Онымен қоса, еуропалық шетел тілдері деңгейін меңгерудің шкаласы қазақ тілін шетел тілі ретінде оқыту мен құзыреттіліктерді бағалаудың ұлттық жүйесінде (Казтест) негізге алынған[72].

Қытай тілін меңгеру құзыреттілігінің деңгейлік жүйесі қытай ғалымдарымен құрастырылған және ұзақ жылдық тарихы бар. Ең алғаш рет

қытай тілін деңгейлеп меңгеру жөніндегі жүйені қалыптастыруды 2006 жылы қытай тілін шетелдерде таратумен айналысатын мемлекеттік канцеляриясы Ханьбан ұйымы құрастырған. Ол үшін қытай тілін үйретумен айналысатын 80 жуық қытайлық және шетелдік ғалым жалпыеуропалық шетел тіліндегі құзыреттіліктерді бағалау жүйесі (CEFR), Канадалық шетел тілдері құзыреттілігін бағалау жүйесі және басқа да жүйелерге сүйене отырып алғашқы қытайлық шетел тіліндегі құзыреттіліктерді бағалау жүйесін құрастыруды бастады және оны 2007 ж. жария етті. Ол бойынша қытай тілін меңгеру құзыреттілігінің компоненттік құрамы ауызша перцептивті, ауызша рецептивті, жазбаша перцептивті және жазбаша рецептивті құзыреттіліктерден құралды. Бұл компоненттердің әр қайсысы бес деңгейден тұрды. Алайда, оның сол кездер бойынша ұлттық қытай тілін шетел тілі ретінде тапсыратын тіл біліміне қатысты 11 деңгейлік емтиханға (HSK) сәйкестендіру қиынға соқты, себебі халықаралық стандарт бойынша ол 6 деңгейден құралды. Сонымен, сол 2007 ж. қытай тілін тарату ісімен айналысатын мемлекеттік канцелярия 300-ден аса қытай тілін оқыту мәселесімен айналысатын қытайлық және шетелдік әдіскерлердің басын біріктіріп қытай тілін оқыту бойынша оқу бағдарламасын құрастыруды бастайды. Бағдарлама құрастыршылардың құрамына қытай тілін оқыту ассоциациясы мүшелері, Конфуций институттарының, қытай тілін оқытатын оқу орындарының оқытушылары кірді. Осы жұмыстың нәтижесінде 2009 ж. соңында 外语教学与研究出版社 (wai yu jiao xue yu yan jiu chu ban shi) баспасы 国际汉语教学通用课堂大纲 (guo ji han yu jiao xue tong yong ke tang da gang) еңбегін жарыққа шығарды және ол бірқатар шетел тілдеріне аударылды. Аталмыш бағдарлама қытай тілін шетел тілі ретінде коммуникативтік құзыреттілігінің жаңа төрт компонентін ұсынды, олар: тілдік білімдер, сөйлеу қабілеттері, стратегиялар және мәдени құзыреттілік және оларды сәтті меңгерудің бес деңгейі. Осы бес деңгей бойынша дескрипторлар, иероглифтердің, лексикалық бірліктердің және грамматикалық түсіндірмелердің минимумдары, сонымен қатар деңгей бойынша тақырыптық мазмұнға ие мысалдармен қамтылды. 2007 және 2009 жылдарда құрастырылған бағдарламалардың үлкен кемшілігі ол HSK бойынша тапсыратын алты деңгейлік емтиханға сәйкес түспеуі болатын, сондықтан осы қателіктің орынын алуы және шетелдерде қытай тілін оқытуды дамыту үшін 2013 ж. бағдарламаны жетілдіру мақсатында жаңа құрам құрылды және жаңа бағдарлама 2014 жылы ұсынылды. Ол қытай тілін меңгерудің HSK-мен және жалпыеуропалық шетел тілдер бойынша құзыреттіліктерге сәйкестендірілген алты деңгейді қамтыды. Бұл бағдарлама сонымен қатар, деңгейлер бойынша сипаттамалар, лексикалық, иероглифтік, грамматикалық түсіндірмелер, тақырыптар тізімін және сабақты өткізудің әдістемелік мысалдары, бағалау бойынша ұсыныстар қамтыды. Соңғы 2022 жылы жарық көрген HSK 3.0 жаңа бағдарламасы тілдің күнделікті өзгеріске ұшырауы, жаңаруы салдарынан оған қойылатын талаптың да жаңаруына байланысты эволюциялық түрде өзгертін әрекет деп қабылдануы тиіс. Жаңа бағдарлама бастапқы, орта, жоғары деген үш ірі деңгейге және олардың әрқайсысы үш кіші деңгейге бөлінген, яғни барлығы тоғыз деңгейден құралады.

Аталған қытай тілі деңгейін анықтау стандартының өзіне дейінгі деңгейлерден ерекшелігі орта деңгей шеңберін қамтитын 4, 5, 6 деңгейлерге сөйлеу әрекеті түрлерінен бөлек тұрмыстық аударманың, ал, жоғары деңгейге жататын 7, 8, 9 деңгейлерде кәсіби аударманың қосылуы және лексикалық бірліктер санын нақтылау мақсатында сөзді құрайтын жекелеген буынның жеке сөз ретінде есептелу салдарынан лексикалық қордың ұлғаюы болып табылады.

Ал, қытай тілін меңгерудің компоненттік құрамын толығырақ қарастыратын болсақ, ол тілдік білімдерден, сөйлеу қабілеттерінен, стратегиялық және мәдени құзыреттіліктерден, яғни субқұзыреттіліктерден тұрады. Алайда, қытайлық ғалымдардың берілген стандартында құзыреттіліктер құрамы тілдік білімдер субқұзыреттілігі, стратегиялық субқұзыреттілік және сөйлеу әрекетінің түрлері субқұзыреттілігімен шектелген, ал, мәдени субқұзыреттілік тек сөйлеу әрекетінің түрлеріне қарай жоғары, орташа және төмен деңгей дескрипторларында көрініс тауып отыр. Тілдік білімдер субқұзыреттілігінде фонетика, иероглифтер мен лексика, грамматика, тілдік құралдардың функционалды қолданысы, қарым-қатынас тақырыбы және дискурс қамтылған. Сөйлеу қабілеттеріне сөйлеу әрекетінің түрлері: айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым және аударма жатады. Стратегиялық субқұзыреттілігіне эмоциялық, оқу, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегиялар кіреді. Мәдени субқұзыреттілікке мәдениет жайлы білімдер, мәдениетті түсіну, мәдениетаралық субқұзыреттілік және халықаралық ой-таным жатады. Келесі 6–кестеде қытай әдіскерлері бойынша қытай тілін меңгерудің компоненттік құрамы берілген.

Кесте 6 – Қытай әдіскерлерінің қытай тілін меңгерудегі компоненттік құрамы

Суб құзыреттіліктер	Тілдік білімдер	Сөйлеу қабілеттері	Стратегиялық	Мәдени
Құрамы	фонетика, иероглифтер мен лексика, грамматика жайлы білімдер; тілдік құралдардың функционалды қолданысы; қарым-қатынас тақырыбы; дискурс	сөйлеу әрекетінің түрлері: айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым аударма	эмоциялық; оқу коммуникативтік; ресурстық; пәнаралық	мәдениет жайлы білімдер; мәдениетті түсіну; мәдениетаралық субқұзыреттілік; халықаралық ой-таным

Бұл ішінара отандық, ресейлік және батыстық шеттілдік құзыреттілік компоненттерімен ұштасады. Мысалы, қытайлық стандарттағы тілдік білімдер құрамына жататын компоненттер біздің немесе шетелдік ғалымдардың ұсынған дәстүрлі тілдік білімдер құзыреттілігіне қарағанда ауқымы кеңірек. Бұл жерде қытайлық ғалымдар тілдік білімдер құрамына дискурс пен қарым-қатынас тақырыбын жатқызған, ал олар шетелдік және отандық құзыреттіліктер бөлінісінде дискурсивті құзыреттілік компоненттерінен көрініс табуда.

Осылайша, қытайлық тілдік білімдер құзыреттілігі лингвистикалық, дискурсивтік, ішінара прагматикалық құзыреттіліктерге қатар сәйкес келуде.

Ал, сөйлеу қабілеттері құзыреттілігіне келетін болсақ, оның ерекшелігі сөйлеу әрекеттері түрлерінен бөлек құрамына аударманың енуі болып табылады және батыстық мектеп бойынша ол прагматикалық құзыреттілік құрамына енеді.

Қытай ғалымдарының қытай тілінде ұсынған моделіндегі стратегиялық құзыреттілік құрамына тоқталатын болсақ, тек коммуникативтік стратегиялар деңгейінде ұқсастық табуға болады, ол ресейлік моделдегі стратегиялық құзыреттілік құрамында және батыстық коммуникативтік құзыреттілік құрамындағы прагматикалық компонентінде кездеседі. Ал, оқу, ресурстық, пәнаралық компоненттерінің аналогы ішінара оқу құзыреттілігі және стратегиялық құзыреттіліктер құрамында кездеседі. Ал, қытай моделіндегі эмоциялық компонент отандық, ресейлік, батыстық құзыреттіліктер моделінде көрініс таппады.

Қытай тіліндегі мәдени құзыреттіліктің мазмұны отандық және шетелдік әлеуметтік-мәдени құзыреттілікке сәйкес келеді. Оның құрамындағы мәдениет жайлы білімдер әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік лингвистикалық құзыреттіліктер құрамына сәйкес келеді. Мәдениетті түсіну компоненті философиялық тұрғыда мәдениетті түсінуді білдіреді және басқа шетелдік құзыреттіліктер моделінде сирек көрініс табады. Ал, қытай моделіндегі мәдениетаралық құзыреттілікке келетін болсақ, оның мазмұны әртүрлі сипаттағы отандық, шетелдік құзыреттіліктер моделіне тән. Қытайлық ғалымдардың өздері мәдениетаралық құзыреттілік батыстық мәдени және әлеуметтік-мәдени құзыреттілігіне сәйкес деп есептейді. Ал, қытайлық ғалымдардың енгізген халықаралық ой-таным компонентінің отандық және шетелдік лингводидактикада сәйкес аналогы табылмады. Халықаралық ой-таным компоненті жаһандану мен мультимәдениетті түсіну, заманауи жағдайды, тарихты, мәдениетті, салт-дәстүрді білу, оларды сыни қабылдай білу және әртүрлі көз-қараспен түсіндіре алу, сонымен қатар, өзін әлем азаматы екендігін ұғынуды білдіреді.

Қытайлық ғалымдар коммуникативтік құзыреттіліктің компоненттерінің көрсеткішін анықтайтын еуропалық шетел тілін меңгеру жүйесі іспеттес жүйе құрды. Енді бұл компоненттердің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштеріне тоқталайық. Алғашқы A1 деңгейі 一级 (yī jí) бойынша білім алушы негізгі тілдік материалды түсінеді, айтылған сөздерді дәлме-дәл қайталай алады, көшіріп жаза алады, жаттай алады, берілген мысал негізінде сөйлем құрастыра алады. Өзінің қытай тіліне деген қызығушылығын оята алады, оны дамыта алады және өзіне сенімділігі арта түседі. Оқытушы жетекшілігімен қарапайым оқыту, коммуникативті, ресурстық, пәнаралық стратегиялармен танысады. Қытай мәдениеті бойынша білімін тереңдете түседі және мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылықты қалыптастыра бастайды. A2 деңгейі 二级 (èr jí) бойынша білім алушы күнделікті тұрмыстық және өзі туралы негізгі тілдік материалды түсінеді және меңгерген. Сөйлем құрылымының негізгі ережелері

мен түрлерін меңгерген, өздігінен толыққанды қарапайым бірнеше сөйлем құрастыруға қабілетті. Қарапайым тәсілдер арқылы айналасындағы құбылыстарды күрделі емес вербалды коммуникацияға түсе отырып түсіндіре алады. Қытай тіліне деген қызығушылығы, оны игерудегі сенімділігі арта түседі. Қарапайым оқыту, коммуникативтік, ресурстық, пәнаралық стратегияларды зерттей бастайды. Қытай мәдениеті бойынша білімді және мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылықтың алғашқы сатысын меңгере бастайды. В1 деңгейі 三级(san ji) бойынша оқуға және күнделікті өмірге қатысты тілдік материалды түсінеді. Таныс тақырыптары бойынша құрылымы жағынан айтарлықтай күрделі сөйлемдерді қолдана алады. Қарапайым микромәтін жаза алады. Қытай тілін үйренуге деген қызығушылық танытады және оны меңгеруі жайлы сенімділікке ие. Қарапайым оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды меңгерген. Қытай мәдениеті жайлы жалпылама білімдерге ие, мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылықтың орташа сатысын меңгерген. В2 四级(si ji) деңгейі бойынша білім алушы қоғамдық өмірге қатысты тілдік материалды түсінеді. Сөйлемді дұрыс құрастыра біледі. Таныс тақырыптар шеңберінде бейнелеу, түсіндірме, салыстыру жүргізе алады. Қарапайым мәтін жаза алады, бір-бірімен мағыналық байланысқан қатарынан бірнеше сөйлем түрінде ойын жеткізе алады. Жалпылама оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды меңгерген. Қытай мәдениеті жайлы базалық білімдерге ие, негізінен мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылыққа ие. Келесі С1 五级(wu ji) деңгейі бойынша білім алушы түрлі тақырыптар бойынша тілдік материалды түсінеді. Сөйлемдерді дұрыс құрастыра біледі. Бір-бірімен байланысқан бірнеше сөйлемдер легін қолдана отырып, өз ойын айтарлықтай дұрыс жеткізе алады, айтарлықтай толыққанды мәтін жаза алады, айтарлықтай еркін вербалды қатынасқа түсе алады. Қытай тіліне деген қызығушылығы айқын және оны меңгергендігіне сенімді. Оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды айтарлықтай толық игерген. Қытай мәдениетін айтарлықтай терең меңгерген және мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылыққа ие. Қорытынды С2 六级(liu ji) деңгейі бойынша білім алушы түрлі тақырыптық тілдік материалға ие. Сөйлемдерді дұрыс құрастыра біледі. Бір-бірімен байланысқан сөйлемдерді қолдана отырып, өз ойын дұрыс жеткізе алады, толыққанды мәтін жаза алады, еркін вербалды қатынасқа түсе алады. Қытай тіліне деген терең қызығушылыққа ие және оны меңгергендігіне сенімді. Оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды жан-жақты толық игерген. Қытай мәдениетін терең меңгерген және мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылыққа ие. Келесі 7–кестеде коммуникативтік құзыреттілік компоненттерінің көрсеткіші келтірілген.

Кесте 7– Коммуникативтік құзыреттілік компоненттерінің көрсеткіші

Қытай тілін меңгеру деңгейлері	Сипаты
1	2
A1 деңгейі 一级 (yī jí)	Білім алушы негізгі тілдік материалды түсінеді, айтылған сөздерді дәлме-дәл қайталай алады, көшіріп жаза алады, жаттай алады, берілген мысал негізінде сөйлем құрастыра алады. Өзінің қытай тіліне деген қызығушылығын оята алады, оны дамыта алады және өзіне сенімділігі арта түседі. Оқытушы жетекшілігімен қарапайым оқыту, коммуникативті, ресурстық, пәнаралық стратегиялармен танысады. Қытай мәдениеті бойынша білімін тереңдете түседі және мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылықты қалыптастыра бастайды.
A2 деңгейі 二级 (èr jí)	Білім алушы күнделікті тұрмыстық және өзі туралы негізгі тілдік материалды түсінеді және меңгерген. Сөйлем құрылымының негізгі ережелері мен түрлерін меңгерген, өздігінен толыққанды қарапайым бірнеше сөйлем құрастыруға қабілетті. Қарапайым тәсілдер арқылы айналасындағы құбылыстарды күрделі емес вербалды коммуникацияға түсе отырып түсіндіре алады. Қытай тіліне деген қызығушылығы, оны игерудегі сенімділігі арта түседі. Қарапайым оқыту, коммуникативтік, ресурстық, пәнаралық стратегияларды зерттей бастайды. Қытай мәдениеті бойынша білімді және мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылықтың алғашқы сатысын меңгере бастайды.
B1 деңгейі 三级 (sān jí)	Оқуға және күнделікті өмірге қатысты тілдік материалды түсінеді. Таныс тақырыптары бойынша құрылымы жағынан айтарлықтай күрделі сөйлемдерді қолдана алады. Қарапайым микромәтін жаза алады. Қытай тілін үйренуге деген қызығушылық танытады және оны меңгеруі жайлы сенімділікке ие. Қарапайым оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды меңгерген. Қытай мәдениеті жайлы жалпылама білімдерге ие, мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылықтың орташа сатысын меңгерген.

7-кестенің жалғасы

1	2
B2 四级 (sì jī)	Білім алушы қоғамдық өмірге қатысты тілдік материалды түсінеді. Сөйлемді дұрыс құрастыра біледі. Таныс тақырыптар шеңберінде бейнелеу, түсіндірме, салыстыру жүргізе алады. Қарапайым мәтін жаза алады, бір-бірімен мағыналық байланысқан қатарынан бірнеше сөйлем түрінде ойын жеткізе алады. Жалпылама оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды меңгерген. Қытай мәдениеті жайлы базалық білімдерге ие, негізінен мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылыққа ие.
C1 五级 (wú jī)	Білім алушы түрлі тақырыптар бойынша тілдік материалды түсінеді. Сөйлемдерді дұрыс құрастыра біледі. Бір-бірімен байланысқан бірнеше сөйлемдер легін қолдана отырып, өз ойын айтарлықтай дұрыс жеткізе алады, айтарлықтай толыққанды мәтін жаза алады, айтарлықтай еркін вербалды қатынасқа түсе алады. Қытай тіліне деген қызығушылығы айқын және оны меңгергендігіне сенімді. Оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды айтарлықтай толық игерген. Қытай мәдениетін айтарлықтай терең меңгерген және мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылыққа ие.
C2 六级 (liù jī)	Білім алушы түрлі тақырыптық тілдік материалға ие. Сөйлемдерді дұрыс құрастыра біледі. Бір-бірімен байланысқан сөйлемдерді қолдана отырып, өз ойын дұрыс жеткізе алады, толыққанды мәтін жаза алады, еркін вербалды қатынасқа түсе алады. Қытай тіліне деген терең қызығушылыққа ие және оны меңгергендігіне сенімді. Оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды жан-жақты толық игерген. Қытай мәдениетін терең меңгерген және мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылыққа ие.

Сонымен қатар, осы тілді меңгерудің алты деңгейі коммуникативтік құзыреттілік құрамындағы компоненттердің әр қайсысы бойынша да дескрипторларға ие. Мысалы, біздің зерттеу жұмысымыздың аясында тілдік қабілеттер көрсеткішіне толығырақ тоқталайық. Ол бойынша 8-кестеде коммуникативтік құзыреттілік құрамындағы тілдік қабілеттер дескрипторлары берілген.

Кесте 8 – Коммуникативтік құзыреттілік құрамындағы тілдік қабілеттер дескрипторлары

Қытай тілі бойынша деңгейлері	Коммуникативтік құзыреттілік құрамындағы тілдік қабілеттер дескрипторлары
1	2
A1 деңгейі 一级 (yī jī)	Өзі туралы, күнделікті тұрмыс жайлы ең қарапайым, негізгі және шектеулі тілдік материалды түсіне алады, кейде ымдау, шынайы заттар, лингвистикалық контекст арқылы түсініседі. Амандасудың бірнеше түрін меңгерген, өзге адамдармен қарапайым сөздер арқылы тілдесе алады.
A2 деңгейі 二级 (èr jī)	Өзі туралы, күнделікті тұрмыс жайлы қарапайым, негізгі және шектеулі тілдік материалды түсіне алады, бұл тақырыптарға айтарлықтай қарапайым тәсілдер қолдана отырып қатынас жасай алады. Өзін таныстыра алады және өзгелерді жалпылама таныстыра алады. Алғыс, кешірім сияқты қарапайым сезім, эмоция білдіретін сөздерді, оларға деген дұрыс немесе бұрыс қатынасты түсіне бастайды. Әр түрлі жағдайда қолданылатын амандасудың түрлерімен таныс.
B1 деңгейі 三级 (sān jī)	Күнделікті тұрмыс, оқу жайлы қарым-қатынас барысында кездесетін ең қарапайым тілдік материалды түсіне алады. Таныс тақырыптары бойынша өз ойын жеткізе алады, кішігірім қарапайым мәтіндер жаза алады. Сөйлеу барысында дыбыстарға дұрыс екпін, интонация, пауза кою ымдау арқылы өзінде қарым-қатынас тиімділігін арттырады.
B2 四级 (sì jī)	Қызмет барысында немесе әлеуметтік қарым-қатынас кезінде орын алатын айтарлықтай қарапайым және таныс тілдік материалды түсіне алады, негізгі ойды ажырата алады. Таныс тақырыптары бойынша әңгімелесе алады, негізгі коммуникативтік стратегияларды қолдана отырып өз ойын жеткізе алады, қарапайым түсіндірмелер келтіре алады.
C1 五级 (wǔ jī)	Әр түрлі жағдайларда орын алатын түрлі мәселелер бойынша сұрақтарды, оның ішінде өзі туралы, қызметі мен мамандығы туралы орташа деңгейдегі күрделі тілдік материалды түсіне алады, негізгі ойды бөліп ала алады, анализ жасауға қабілетті. Коммуникативтік стратегияларды қолдана отырып әңгімелесе алады, жалпы және қызметтік тақырыптарға арналған пікірталасқа қатысып өз ойын жеткізе алады, түсінісе алады. Қытай тілінің диалектік, аймақтық айырмашылығын түсіне бастайды, қытай тіліндегі кейбір мақал-мәтелдерді, фразеологизмдер мен тұрақты тіркестермен таныс.

8-кестенің жалғасы

1	2
C2 六级 (liu ji)	Әр түрлі жағдайларда орын алатын түрлі мәселелер бойынша сұрақтарды, оның ішінде өзі туралы, қызметі мен мамандығы туралы күрделі тілдік материалды түсіне алады, негізгі ойды бөліп ала алады, анализ жасауға қабілетті. Коммуникативтік стратегияларды қолдана отырып әңгімелесе алады, жалпы және қызметтік тақырыптарға арналған пікірталасқа қатысып өз ойын жеткізе алады, өзге көз-қарастарға анализ жүргізе алады. Қытай тілінің диалектісін, аймақтық айырмашылығын түсіне бастайды, қытай тіліндегі кейбір мақал-мәтелдерді, фразеологизмдер мен тұрақты тіркестермен, сонымен қатар, классикалық тарихи кейіпкерлермен, оқиғалармен таныс.

Назарға ұсынылып отырған дескрипторлар кестесі қазіргі HSK 3.0 тестімен бастапқы A1-A2 деңгейі, орташа B1-B2 деңгейі және жоғары C1-C2 деңгейлерінің көрсеткіші бойынша ұштасып отыр. Көріп отырғанымыздай, қытайлық коммуникативтік құзыреттілік құрамының ауқымы кеңірек. Шетел тілін меңгеруде коммуникативтік құзыреттілікке қол жеткізу міндетті нысан, дегенмен қызмет барысында шетел тілін мамандыққа қатысты терминологиямен, аутентивті мәтіндермен, қызмет барысында орын алу ықтималдығы жоғары шаблонды диалогтармен ұштастыра отырып шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру тілдік емес мамандықтар студенттері үшін аса маңызды өзектілікке ие болып табылады. Бұл жерде қытай тілін кәсіби C2 деңгейінде меңгеру мүмкін еместігі дәлелді талап етпейтін айқын жайт, дегенмен студенттерге қарапайым деңгейдегі тілді негізгі кәсіби терминдерді біріктіре B1 деңгейіне жеткізу қарастырылған. Яғни, қазіргі білім беру парадигмасына сәйкес қытай тілін техникалық мамандықтар студенттеріне құзыреттілікке негізделген тәсілді ұстана отырып, шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру барынша тиімді деп есептейміз. Себебі техникалық мамандықтар студенттеріне арналған жалпы білім беретін пәндер цикліндегі міндетті компонент құрамындағы шетел тілі пәні бойынша білім беру бағдарламасында білім алушы орфографиялық, лексикалық және грамматикалық тұрғыдағы құзыреттіліктерге ие болады деп игеретін кәсіби құзыреттілік көрсеткішінде көрсетілген [12].

Педагогикалық және ғылыми-әдістемелік дереккөздерді талдау ЖОО-ның тілдік емес факультеттерінде шетел тілін оқытудың көптеген әдістемелік бағыттары мен технологиялары бар екенін көрсетті. Қазіргі уақытта шетел тілінде қарым-қатынас дағдыларын меңгеру ғана емес, сонымен қатар таңдалған мамандық бойынша арнайы білім алу міндеті қойылып отыр [73]. Кәсіби қызмет жағдайында ауызша қарым-қатынас, іскерлік хат алмасу, шетелдік ақпарат көздеріне аналитикалық өңдеу жасау, ауызша сөйлеу, компьютерлендірілген автоматты аударма жүйелерін және электронды сөздіктерді пайдалу

қажеттілігінің туындайтынына студентті алдын-алу дайындау орынды. Егер де кәсіби коммуникацияның осы түрлеріне дайындау қиындық тудырса, онда студентке кем дегенде шеттілдік білім мен дағдыларды пайдаланудың мүмкін түрлері мен формаларын таныстырып, шет тілін меңгеру үдерісін өздігінен жалғастыруға қабілетті ету керек [74].

Демек, болашақ инженерлеріміз оқу барысында шетел тілінде кәсіби коммуникацияға да түсу мүмкіндігіне ие болуы қажет. Яғни, студенттердің бойында шеттілдік кәсіби құзыреттіліктің алғашқы сатысы шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру біздің зерттеу жұмысымызда қарастырылған. Топоркова О. В. мен Новоженина Е. В. айтуы бойынша «ЖОО түлегінің шеттілдік қарым-қатынас дағдыларын игеруі оның әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығының өсуіне, сондай-ақ шетелдік серіктестермен байланыста кәсіби қызметті өз бетінше жүзеге асыруға дайын болуына ықпал етуі тиіс» [75]. Қазіргі заманда мамандардың тек мықты кәсіби маман болуы ғана емес, сонымен қатар шетел тілдерін кәсіби салада қолдана алуға құзыретті болу аса маңызды. Матухин Д. Л. пікірінше, тілдік емес мамандықтарда білім алатын студенттердің шетел тілі бойынша кәсіби бағытта білім алуы, олардың нақты бір мамандық аясында тиісті білім, білік және дағды қалыптастыру үшін арнайы пәндерді шетел тілімен сәйкестендіре отырып оқуды қажет етуінен туындайды [76]. *«Кәсіби-бағытталған оқыту», «шетел тілін кәсіби-іскерлік бағытта оқыту»* терминдерін зерттеуде орасан үлес қосқан орыс ғалымдары П. И. Образцов, А. И. Ахулкова, О. Ф. Черниченко пікірлерінше, арнайы мамандыққа қатысты әзірленген мәтіндермен жұмыс, ауызша сөйлеуді дамытуға арналған арнайы мәтіндерді талдау, мамандыққа қатысты арнайы сөздіктерді қолдану, оқытушылардың грамматикалық және лексикалық материалды игеруге арналған оқу-әдістемелік құралды әзірлеуі сияқты бағыттар бойынша арнайы бір мамандыққа бағытталған жұмыс жиынтығын құрайды [77].

А. С. Тихонова айтуы бойынша, шетел тілін кәсіби-іскерлік бағытта оқыту деп ең алдымен, білім алушылардың бойында коммуникативтік құзыреттілікті, сонымен қатар, болашақ мамандық саласында сәтті кәсіби қызмет атқару үшін қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыру болып табылады [78].

Әйгілі орыс қытайтанушысы И.В. Кочергин «кез-келген кәсіптік қызметті жүзеге асырудың негізі осы қызметті жүзеге асыруға бағытталған теориялық білім, тілдік дағдылар мен біліктіліктер кешенін меңгеру болып табылады» деп атап өткен [45, б. 36]. И.В. Кочергиннің дәл осы еңбегінде «шетел тілін шеттілдік сөйлеу әрекеті ретінде меңгеру процесінің мәнін, оның логикасы мен сөйлеу механизмдерінің жұмыс істеу ерекшеліктерін, сөйлеу әрекетінің рецептивті және продуктивті түрлерінің өзара әрекеттесуінің объективті заңдылығын және олардың оқу процесін ұйымдастыруда өзара байытатын әсерін түсіну (оқу материалын іріктеу, оқытудың құралдары мен әдістемелік әдістерін таңдау, жаттығуларды ұйымдастыру) оқыту процесінде тілдің кез-келген оқу аспектісі бойынша шеттілдік ауызша-сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді делінген [79].

Шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік ана тілі болып табылмайтын тілде белгілі бір жағдаятқа байланысты мәтіндерді қабылдау және өңдеу бойынша әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті білімдер мен дағдылар жиынтығы ретінде анықталады. Сонымен бірге, ақпарат алмасуда ғана емес, қарым-қатынаста және қабылдауда, сондай-ақ байланыс тақырыбы-субъектілік сипатта көрсетілген байланыс қызметінің негізгі функцияларын ескеру қажет [80]. Әрине, оқшауланған тілдер қатарындағы қытай тілі өзіне тән бірқатар ерекшеліктерге ие, шетелдіктердің меңгеруіне аса күрделі тіл болғандықтан қытай тілі бойынша қарапайым қызметтік қарым-қатынасқа түсе алатындай құзыреттілікті қалыптастыру үшін келесідей үдерістер заңды түрде орын алады:

1. Қытай тілі фонетикасы, иероглифтік жазуы, грамматикалық құрылымы, лексикасы базалық білімдер;
2. Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі;
3. Нақты мамандыққа қатысты арнайы кәсіби лексиканы қолдана алу мүмкіндігі.

Бұл дегеніміз, бастапқыда студенттер тондық жүйеге ие қытай тілінің фонетикасымен танысады. Төрт тонды дұрыс дыбыстап, өзара ажыратып үйренеді, қытай иероглифтерін жазуды үйренеді, олардың құрылымы, кілттері және мағынасымен танысады. Қытай тілінде сөйлемдердің дұрыс құрау үшін қарапайым грамматикалық құрылымдармен танысады және сөздік қорды көбейтетін лексикалық бірліктерді жаттайды. Осындай базалық білімдерге ие болған студенттер келесі кезекте сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша білімдерін тереңдетіп, арнайы дағдыларды бейсаналы түрде қалыптастыруға ұмтылады. Сол арқылы студенттер коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытып қытай тілінде қарым-қатынасқа түсе алады. Тыңдалым барысында студенттер қытайлық қалыпты сөйлеу мәнерін ести отырып, ондағы ақпаратты кодтау арқылы түсінуді үйренеді. Айтылым барысында студенттер қабылдаған білімдерін толыққанды сөйлем құрау арқылы қатынасқа түсуді, өз ойын дербес жеткізуді үйренеді. Жазылым барысында студенттер иероглифтерді графикалық заңдылықтарын сақтай отырып дұрыс жазуды, мәтін стилімен жазуды үйренеді. Оқылым барысында студенттер қытай тіліндегі мәтіндерді түріне қарай тануды, оқуды, ондағы негізгі ойды ажыратуды үйренеді. Осындай базалық негізді қалыптастыра отырып, келесі кезең яғни, кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру мүмкіндігіне ие боламыз. Нақты бір мамандық аясында қолданылатын кәсіби лексиканы студенттерге рөлдік ойындар, сараптамалық анықтамалар, презентациялар, дискуссиялар және т.б. сияқты түрлі оқыту технологияларын қолдана отырып біртіндеп енгізу арқылы шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырамыз.

С. Ю. Распертованың айтуы бойынша қытай тілін кәсіби бағытта оқыту лингвистикалық емес бағыттағы студенттердің тілді белсенді меңгеруіне, оны оқуға деген ынталарының өсуіне, кәсіби қызметте оң әсер ететін мамандығы бойынша өзекті ақпараттарға ие болуына әкеледі [81].

Қытай тілін меңгерудің лексикалық минимумы түрлі әдебиеттерде орташа есеппен алғанда қарым-қатынасқа түсу үшін 3000 сөзді, ал еркін қарым-қатынасқа түсу үшін 5000 сөзді құрайды делінеді. Ал, жоғарыда атап өткен HSK

емтиханы бойынша әр деңгейдің өзіндік сөздік құрамы көрсетілген. Төмендегі 9-кестеде қытай тілін меңгерудің сандық көрсеткіші берілген.

Кесте 9 – Қытай тілін меңгерудің сандық көрсеткіші

Деңгейі	Деңгейше	Буын	Иероглиф	Сөз
1	2	3	4	5
Бастапқы	1	269	300	500
	2	199/468	300/600	772/1272
	3	140/608	300/900	973/2245
Орташа	4	116/724	300/1200	1000/3245
	5	98/822	300/1500	1071/4316
	6	86/908	300/1800	1140/5456
Жоғары	7-9	202/1110	1200/3000	5636/11092
Барлығы	1110	3000	11092	

Кестеде берілген көрсеткіштер қытай тілінің спецификалық ерекшеліктерін ескеріп отыр, себебі қытай тілінде сөздер бір немесе бірнеше буыннан құралады, бір буын бірнеше иероглифтің құрамдас бөлігіне сәйкес келуі мүмкін және буындардың орын ауысуы арқылы сөздің мағынасы өзгереді, яғни сөздік қор ұлғаяды, бұл жайлы толығырақ келесі тарауда айтылады. Орыс ғалымы Т. Л. Гурулева пікірінше, Ресейлік білім беру жүйесі бойынша мектеп оқушылары максималды қытай тілінің бастапқы деңгейіне егер қытай тілі екінші тіл болған жағдайда 2 деңгейшеге, негізгі шетел тілі болған жағдайда 3 деңгейшеге, тілдік емес мамандықтар студенттері қытай тілі екінші шетел тілі болған жағдайда 4 деңгейшеге, негізгі шетел тілі болған жағдайда 5 деңгейшеге, филологиялық бағыттағы студенттер қытай тілі екінші тіл болған жағдайда 6 деңгейшеге, негізгі шетел тілі болған жағдайда 7 деңгейшеге және қытай тілі мамандық тілі болған жағдайда 8 деңгейшеге сәйкес келеді делінген [82]. Яғни, жасалған сараптамадан көретініміз қытай тілін тілдік емес мамандықтар студенттері орташа деңгейдің алғашқы сатысы 4 деңгейше деңгейінде сөздік қоры 3245 бірлікті, 724 буынды, 1200 иероглифті құрауы тиіс. Ал, Қазақстандағы білім беру жүйесі бойынша қытай тілі тек арнаулы орта білім ұйымдарында қосымша факультативтік сабақ ретінде жүргізілмесе, арнайы жалпылама білім беру стандартына енгізілмеген, негізгі игерілетін шетел тілі болып табылмайды. Студенттер тек жоғары оқу орнында мамандыққа қатысты негізгі немесе екінші шетел тілі ретінде игереді. Дегенмен, студенттер қытай тілі бойынша шеттілдік қарым-қатынасқа түсу мақсатында жаңа HSK 3.0 бойынша 4 деңгейше немесе ескі HSK 2.0 бойынша 3 деңгейше деңгейінде тілді меңгеруі тиіс болып табылады.

Осы талаптарды ескере отырып, біз *шетел тілі* дисциплинасы арқылы студенттердің бойында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруды көздейміз. С. С. Кунанбаеваның пайымдауынша

құзыреттіліктердің шеттілдік кәсіби-бағытталған блогы тұлғаның азаматтық қоғамда кәсіби мәселелерді ақпараттар, коммуникация, әлеуметтік, заңнамалық ұстаным арқылы шешу қабілеттілігін анықтайтын «кілттік құзыреттіліктерді», яғни ең негізгі құзыреттіліктерді қамтуы шарт [24, б. 112]. Сондықтан біз қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті келесідей компоненттерге, яғни субқұзыреттіліктерге бөліп қарастыруды жөн санадық. Олар: лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер.

Лингвистикалық субқұзыреттілік терминін алғаш рет американдық лингвист Н. Хомский XX ғасырдың ортасында енгізген болатын. Оның түсіндіруі бойынша лингвистикалық құзыреттілік игерілген тілдік дағдылар арқылы шексіз көлемде сөйлемдер түсіну және айта алу қабілеттілігі. Ал, француз зерттеушісі, С. Муаран лингвистикалық құзыреттілік ұғымы тілдік жүйенің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және мәтіндік моделдерін білу деп түсінді [83]. Яғни, білім алушы оқу барысында тілдің фонетика, лексика, грамматика және тағы басқа аспектілерін меңгеру және оларды шынайы өмірде қолдана білу. Америкалық лингвист Л. Ф. Бахман лингвистикалық құзыреттілікті ұйымдастырушылық және прагматикалық компоненттерге жіктеді [84]. Ал, голландық ғалым Ян Вак Эк, лингвистикалық құзыреттілікті білім алушылардың сөйлеу әрекеті кезінде қолданатын дұрыс немесе тіл иелері қолданатындай түрде құралған сөздерді айтудағы тұлғалық қасиеттерінің қабілеттері арқылы қарастырады [85].

К.Б. Жаксылыкова «Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері» атты ғылыми мақаласында болашақ мамандардың шеттілдік кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі тілдің жүйелік сипатын беретін лингвистикалық құзыреттіліктің орны ерекше екенін атап өткен [86].

Лингвистикалық құзыреттілік білім алушының тұлғаның танымдық мәдениетін, ойлау қабілетін дамытады, өзіне есеп беру қабілетін игеруді қамтамасыз етеді, сонымен қатар, өзіңнің сөйлеу әрекетіңе саналы түрде келу үшін лингвистикалық рефлексияны қалыптастырады деп санайды орыс ғалымдары А. С. Зимина және Р. А. Фахрутдинова.

Лингвистикалық құзыреттілік бұл ең алдымен, оқып жатқан тілді деңгейлеп меңгеру жүйесі: фонема, морфема, лексика, синтаксис. Студент шетел тілінің жүйесі жайлы біліп, оны іс жүзінде қолдана алуы қажет. Яғни, грамматикалық дұрыс құрылымдарды құруға, синтаксистік жүйені сақтауға, сонымен қатар, тілдің иелері қолданатындай түрде сөйлеу барысындағы мағыналық түсіндірмелерді түсінуге және қолдануға қабілеттілігі [87].

Лингвистикалық құзыреттілік А.Е. Кожаниязова пікірінше, жазбаша және ауызекі сөйлеуді, оның заңдылықтары мен ережелерін, құрылымын терең ұғыну, тілдік құбылыстарды талдау және топтастыру дағдылары, түрлі сөйлеу қызметі (монолог, диалог, оқылым, жазылым) меңгеру іскерлігі, коммуникация мақсаттары үшін тілдік кодтарды жүйелі білуді білдіреді [88].

Көріп отырғанымыздай, лингвистикалық субқұзыреттілік тілдің базалық білімдерін игеруді, сақтауды қамтамасыз етеді, бұл қытай тілінің шетел тілі ретінде меңгерудің күрделі болуына байланысты тілді меңгерудің кәсіби сатысына өту кезінде де өз өзектілігін жоғалтпайды. Себебі қытай тілін оқытуда оның өзіндік оқшауланған тілдер қатарына жату ерекшеліктері мен біздің ойлау қабілетіміздің өзгешелігіне орай оқылған ақпараттар мен білімдерді ұзақ мерзімде сақтау маңызды. Ал, ол үшін тұрақты түрде алған білімдерді жаңғыртып тұру қажет.

Шеттілдік-кәсіби бағытталған құзыреттілік құрамындағы келесі компонент ретінде студенттердің **коммуникативтік субқұзыреттілігін** қарастырдық. Коммуникативтік құзыреттілік барлық тілдік қатынастардың негізі болып есептеледі.

А.Е. Кожаниязова «Коммуникативтік құзыреттілік тілдік мінез-құлықтың әлеуметтік нормаларын сақтай отырып, адами қызметтің барлық салаларында толыққанды тілдік қарым-қатынас жасау қабілетін білдіреді» деген анықтама берген [88, б. 33].

Ең алғаш бұл терминді бөліп шығарған американдық ғалым Д. Хаймс. Ол Н. Хомскийдің ұсынған лингвистикалық құзыреттілік концепциясының мәнін кеңейтіп коммуникативтік құзыреттілік терминін енгізді. Ол бойынша коммуникативтік құзыреттіліктің мәні қарым-қатынас орната алу, кімге, қашан, қалай сөйлеуді және дер кезінде тоқтауды білу. Коммуникативтік құзыреттілікке негізгі коммуникативтік дағдыларды игеру, жаңа әлеуметтік мәдени ортада өзін-өзі ұстау біліктілігі, мәдени нормативтер мен тыйымдарды игеруді, тиісті мамандық шеңберінде қабылданған сөйлеу мәдениетін сақтауды жатқызды [89]. Ғалымдардың басым бөлігі коммуникативтік құзыреттілік әлеуметтік, психологиялық, семиотикалық құндылықтардың жүйелі және функционалды бірлесе ұйымдасқан түрі деп санайды, яғни, сөйлеу барысында коммуниканттардың белсенді қатынасуын және коммуникация рецепциясын қамтамасыз ететін ережелер мен заңдылықтардың жиынтығы. Ғалымдардың тағы бір бөлігі коммуникативтік құзыреттілік терминін сөйлеу актісі мүшелерінің шынайы коммуникативтік жағдаяттарда, нақты коммуникативтік мақсаттарға жету үшін тілдік ресурстарды қолдана алу қабілеттілігі деп түсіндіреді [90].

Орыс ғалымы Ю. Г. Фокин коммуникативтік құзыреттілікті маманның қатынасқа түсіп жатқан шетел тілінің тілдік нормалар жүйесін сақтауды, қарым-қатынастың аутентивтік түріне қарай орынды сөйлеуді, кейінгі коммуникативтік дербес дамуы деп түсіндіреді [91].

Соңғы жылдардағы зерттеулерде коммуникативтік құзыреттілік тілдік, сөйлеу, коммуникативтік, компенсаторлық, оқу-танымдық, әлеуметтік-мәдени білімдер мен біліктіліктер жүйесін құрайтын күрделі құрылым ретінде, лингвистикалық, лингводидактикалық және әдістемелік категория ретінде қарастырылады, себебі оның мақсаты оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, принциптерін, оқыту құралдарын айқындайды [92].

Ал, қытайлық ғалым Люй Бисун өткен ғасырдың 80-жылдары тілдік білім алудың мақсаты «шетел тілін үйретудің басты міндеті студенттердің оқып жатқан тілде коммуникация, қарым-қатынас жүргізуге қабілеттілігін дамыту» деп көрсетті [93].

Сонымен қатар, қытайлық тіл білімі саласының тағы бір зерттеушісі Би Цзивань коммуникация коммуникативтік және тілдік ережелерге тәуелді деп жазады. Коммуникативтік ережелер дегеніміз тарихи мәдени седиментация (әр ұлттың өзінің жекелеген коммуникативтік ережелері, ерекшеліктері болады). Коммуникативтік ережелердің басты ерекшелігі мәдениетаралық контекст шеңберінде коммуниканттардың саналы түрде тиісті коммуникативтік және өзін ұстау ережелерін сақтауы, ұлттық, мәдени ерекшеліктерге қарай конфликті жағдаяттар орын алғанда тиесілі тәртіпті ұстана отырып одан оңтайлы нәтижемен шығу немесе тіпті болдырмауға тырысу тек ұлттық коммуникативтік ережелерден, ұлттық құндылықтардан хабардар болған жағдайда мүмкін [94].

Юань Синь «қазіргі таңда қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту барысында тілді мәдениеттен бөлек оқыту мүмкін емес принципі толықтай қолданылады» деп атап өткен [95]. Әрине, жоғарыда атап өткендей, тілді ұлттың мәдениетінен, ал мәдениетті тілден бөліп қарастыруға болмайды. Тілде ұлттың мінезі, рухы, ойлау қабілеті, мәдениеті жатыр. Сондықтан, әр сала мамандары үшін шетел тілін үйрену барысында алғашқы сабақтардан бастап елдің мәдениеті жайлы ақпараттар беру олардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыта түседі [96]. 1983 жылы Чжан Чжаньи алғаш рет Қытайда «коммуникативтік мәдениет» концепциясын ұсынады. Оның пайымдауынша, тіл үйренуде мәдени аспектілер екі түрге бөлінеді: танымдық және коммуникативтік мәдениет. Танымдық мәдениет бұл әр түрлі мәдени ортадан бас қосқан коммуниканттардың өзара ақпарат алмасуына тікелей әсер етпейтін тілдік және тілдік емес мәдени компоненттер. Коммуникативтік мәдениет бұл әр түрлі мәдени ортадан бас қосқан коммуниканттардың өзара ақпарат алмасуына тікелей әсер ететін тілдік және тілдік емес мәдени компоненттер [97]. Осылайша, коммуникативтік мәдениетті игермеген мамандардың қызмет барысында қолдануға тиіс сөздер мен фразаларды қолдана алмай нәтижеге жете алмау ықтималдығы жоғарылайды. Коммуникативтік үдеріске тек коммуникативтік жағдаяттар ғана емес, сонымен қатар, қалыптасқан стереотиптер мен ойлау қабілеті де әсер етеді [98]. Осы ретте қытай тілін оқыту аудиториясының тілдік интерференция мен транспозиция факторларына ұшырауы әдеттегі құбылыс. Қарапайым мысал, қазақ тілді аудитория студенттерінің басым бөлігі оқытушының атына апай тіркесін, яғни мамандығы мен дәрежесін қосарлап айтады, бірақ біз орыс мәдениетінің әсерінен оқытушыларды аты мен әкесінің атын қосарлап айтуды әдетке айналдырудамыз, алайда қытайлық көршілеріміз адамға қатынас орнатар кезде оның тегіне лауазымын немесе қызметін қосып айтады, ал оны толық аты-жөнімен атау әдепсіздік пен білімсіздіктің, қытайлықтардың көз-қарасы бойынша құрметсіздіктің белгісі болып табылады. Бұл да коммуникативтік мәдениеттің көрінісі. Осындай мәдени тұстарды білмеу болашақ мамандардың қызмет барысында орын алатын коммуникация үдерісін тежей түсетіні анық.

Бұл жөнінде орыс ғалымы С. Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» еңбегінде коммуникация қарым-қатынас актісі, бір не одан да көп тұлғаның арасындағы өзара түсіністікке негізделген байланыс, бір тұлғаның екінші бір тұлғаға немесе бірнеше тұлғаға ақпаратты хабарлауы [99].

Ал, шетел тілі пәні арқылы қалыптасатын коммуникация байыпты түрде мәдениетаралық коммуникацияға ұласады және оған Е. М. Верещагин мен В. Г. Костомаровтың «Тіл және мәдениет» еңбегінде әр түрлі ұлттық мәдениеттің екі және одан да көп өкілінің өзара түсіністікпен қарым-қатынас жасауы деген анықтама берілген [100].

Дегенмен, техникалық мамандықтар студенттеріне шетел тілі пәніне бөлінен сағат санының шектеулігіне байланысты біз негізгі, базалық коммуникативтік мәдени бірліктерді әр сабақ барысында тақырып аясында кіріктіре оқыту арқылы студенттердің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік құрамындағы коммуникативтік субқұзыреттілігін қалыптастырамыз. Себебі, Д.Л. Матухин шетел тілін кәсіби-бағытталған бағытта оқытуда мамандар міндетті түрде қарапайым және кәсіби лексика негізінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша коммуникативтік қабілеттерге ие болуы шарт делінген. Яғни, кәсіби-бағытталған оқытудың түпкі мақсаты диалогтік сөйлеу барысында кәсіби форматтағы әңгімені өрбіте алу, мақсатты түрде ақпарат алмаса алу болып табылады [76, б.126].

Студенттердің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылатын коммуникативтік субқұзыреттілік болашақ инженерлердің қызмет барысында шетелдік әріптестермен тілдік барьерлерді еңсере отырып әр түрлі формадағы қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

Заманауи техника мен технологияның қарқынды дамуы адамзаттың қатынасқа түсуінің, ақпаратқа қол жеткізуінің жаңа форматтарын әкелуде және ол шеттілдік қарым-қатынасқа да қатысты. Сондықтан, бүгінгі таңда өзектілігі жоғары ақпараттық сауаттылық біздің құзыреттілігіміздің келесі компоненті болып табылады.

Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік белгілі бір сала шеңберіндегі ақпараттарды жинақтап, оларды шетел тілінде кішігірім формадағы дискурстар арқылы саралауға және жеткізуге бағытталған [24]. Сонымен қатар, ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік болашақ маманның кәсіби, танымдық, білім алу іс-әрекетінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдануға, ақпараттарды жинақтауға бағытталған.

Қазіргі таңда, ақпараттық құзыреттілікке барлық адамзат ие болуы шарт кезең екені анық. Айналадағы ағылып жатқан ақпарат ішінен ақпараттық технологияларды қолдана отырып дұрысын анықтай алу, сараптама жасай алу, оны сақтап және оған жауап бере алу құнды құзыреттілік болып табылады. Техникалық мамандықтар студенттері болашақ мамандығы шеңберінде кездесетін шеттілдік ақпаратты танып, сараптама жасауға және оны қабылдап сақтау арқылы ақпараттық-жинақтаушы құзыреттілікті қалыптастырады және өздерінің кәсібилігін арттыратын болады.

Л.И. Печинская техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру атты диссертациялық зерттеу жұмысында келесідей тұжырым жасалынған: адамның миы әлеуметтік, мәдени және ақпараттық контекст әсерінен өзгеріске ұшырайтыны белгілі.

Интернет дамыған соңғы он жылдықтарда ғалымдар адам миының жекелеген бөлшектері айтарлықтай өзгергенін байқап отыр. Мысалы, назарға алынатын ақпараттар саны мен жылдамдығының артуы салдарынан сана деңгейінде зейін қою мен оны ұстап тұру, мақсатқа жету жолындағы қабілет пен ынта үшін жауап беретін ретикулярлық белсендіру жүйесі берілген ақпаратты жылдамырақ сканерлеуге мәжбүр. Сол себепті ол үнемі орасан көлемді ақпаратты күту режиміне түседі, ал бұл өз кезегінде адам назарының нақты бір ақпаратқа шоғырландыру уақытының қысқаруына алып келеді. Ақпараттар мен интернет технологиялары көлемінің үнемі ұлғаюы салдарынан студенттердің миы мен жүйке жүйесінде ақпаратқа деген сыни көз-қарас, тұлғалық әлеуметтену, ойлану, зейін қою сияқты үдерістердің нашарлауы орын алады. Онымен қоса, әлеуметтік желілердің өмірге прогрессивті енуінен үздіксіз ішінара зейін (continuous partial attention (L. Stone, S. Johnson [101] және т.б.)) деген зейіннің жаңа түрі пайда болды. Ол бірнеше істі қатар атқару (multitasking) мен үнемі жаңа ақпаратты күтумен сипатталады. Үнемі жаңа ақпаратты күту және байланыста болу мультитаскингтен бөлек, күйзеліске алып келеді, соның салдарынан студенттер сабаққа үстіртін қарап, зейін қою көрсеткіштері төмендейді. Ақпараттық күйзеліс оның санының артуынан ғана емес, сапалық көрсеткішінің төмен болуынан, сапалық көрсеткішінің төмен болуы ғана себебінен емес, оны интеллектуалдық өнімге айналдыруға қабілетсіздігі, сонымен қатар психофизикалық ресурстардың және адамның үнемі ұлғайып отырған ақпаратты қорыта алу мүмкіндігінің жетіспеушілігімен байланысты. Тоффлер алғашқылардың бірі болып ағылып жатқан ақпараттар легінде адамның өнімді өмір сүруі үшін ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігін айтты [102].

Орыс ғалымдары П.В. Сысоев, М.Н. Евстигнеев жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды таңдалған шетел елінің мәдениеті мен тілін оқыту процессінде кеңінен қолдану мүмкіндігі оқытушының ақпараттық құзыреттілігінің көрсеткіші деген анықтама берген болатын [103].

А. Г. Пекшева ақпараттық құзыреттілікті ақпаратқа қол жеткізу мен оны зерттеу үшін біліктіліктер мен дағдылардың жиынтығы деп қарастырады [104].

А. Л. Семенов ақпараттық құзыреттілікті жаңа сауаттылық ретінде анықтайды, оның құрамына адамның ақпаратты белсенді дербес өңдеу дағдылары, технологиялық құралдарды қолдана отырып, күтпеген жағдайларда түбегейлі жаңа шешімдер қабылдау кіреді [105].

А.Д. Майматаева «Болашақ биолог мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі» атты докторлық диссертация жұмысында: «Ақпараттандыру–ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді

дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық үдеріс» деп атап өткен [106].

Көріп отырғанымыздай, студенттердің бойында алынған ақпаратты таңдап, саралаудан бөлек, қажетті ақпаратты сақтап жинақтау және онымен ары қарай жұмыс істей алу маңызды қабілет болып табылады. Сол себепті, техникалық мамандықтар студенттерінің бойында шеттілдік ақпараттық-технологиялық құзыреттілікті қалыптастыру арқылы болашақ мамандықтары аясында қызмет ету барысында ақпараттық қажеттіліктерін өз деңгейінде қанағаттандыруға септігі тиеді.

Студенттердің заманауи ақпараттық құралдармен оңтайлы қолдана алуы, кәсіби қызмет саласында өнімділіктерін арттыру, онымен қоса өздеріне деген сенімділіктерін арттыру жұмысқа деген ынтаны жоғарылауына әкеледі. Дегенмен, түрлі ақпараттық көздерден алынған ақпараттарды дұрыс түсіну және оған түсіндірме жасай алу кәсіби қызметте, әсіресе нәтижесі қысқа мерзімді перспективада көрінетін техникалық сала мамандықтарында маңызды қабілет. Сондықтан, шеттілдік-кәсіби бағытталған құзыреттіліктің келесі компоненті кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік болып табылады.

Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік шетел тіліндегі тезисті-презентациялық, семантикалық біріктірілген, жалпыланған түрдегі кәсіби ақпараттың семантикалық түсіндірмесін (сипаттамалар, техникалық түсініктемелер, объектілер түсіндіру, ұсыныстар, арыздар, шағымдар және т.б.) көрсетеді [24, б.118] деп ғылыми еңбегінде С.С. Кунабаева атап өтті. Дегенмен, шеттілдік білім беру бағытында кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік әлі кең ауқымды зерттеліп, пікір берілмеген құзыреттілік түрі.


Е.Р. Ядровская «Интерпретациялық құзыреттілік-тұлғаның интерпретациялық қызметтің тиісті тәжірибесі негізінде оның табиғатына сәйкес ақпаратты сапалы түсіндіруге қажеттілігі, қабілеті және дайындығы. Тұлғаның интерпретациялық құзыреттілігі-бұл қозғалыстың және коммуникацияның дамуының әртүрлі кезеңдерінде интерпретация субъектісінің (объектісінің) табиғатына сәйкес интерпретацияның құндылық-семантикалық өнімдерін жасауға ұмтылысты, қабілеттілікті және дайындықты қамтамасыз ететін интегративті сапа; интерпретациялық қызметтің аралық нәтижелерін алуға және синтездеуге, сонымен қатар, жаңасын жасауға ұмтылу, қабілеттілік және дайындық» – деген анықтама берілген [107].

Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік оқылым немесе жазылым арқылы алынған ақпаратты ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік құзыреттіліктерін қолдана отырып дұрыс түсінуді және оған мазмұн бере отырып жағдаятқа байланысты сәтті шешім қабылдай алу мүмкіндігін көздейді.

Е. Н. Ищенконы айтуы бойынша қазір «саналы адам», «өндіруші адам», «іздемпаз адам» қатарында «түсіндіретін адам (человек интерпретирующий)» бейнесі тұруы керек [108]. Себебі когнитивті үдеріс ретінде іске асырылатын бұл субқұзыреттілік алынған ақпаратты дұрыс түсіну және түсіндіре алу болашақ инженерлердің кәсіби қызметінің бір бөлшегі. Д. Н. Усакова интерпретацияның келесі белгілеріне тоқталған: белгілі-бір тәжірибеге ие бола отырып, оны

декодтау арқылы жаңа тәжірибеге ие болу [109]. Яғни, өз бетінше жаға білім алуға, ақпаратты таңдауға, талдауға және түсіндірме беруге қабілетті болу. Берілген түсіндірмелер техникалық саладағы инженер мамандардың қызметі шеңберіндегі кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктің мәнін дұрыс сипаттайды.

Сонымен, жоғарыда келтірілген талдау және түсіндіру жұмыстары бізге қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің құрамдас бөліктері лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктердің мәнін ашуға, олардың мазмұнын келтіруге, студенттердің бойында шоғырлануы тиіс қабілеттіліктердің жиынтығын құрастыруға мүмкіндік берді. Төмендегі 3-суретте Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі бейнеленген.



Сурет 3 – Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі

Яғни, студенттерге берілген субқұзыреттіліктен құралған қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру олардың болашақ мамандығы аясында жалпы қарапайым тілдік қатынастан бөлек, кәсіби шеттілдік қарым-қатынастың белсенді субъектілері ретінде орын алуға мүмкіндік береді.

Бірінші тарау бойынша қорытынды

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында ең алдымен, техникалық сала мамандықтары студенттерінің шеттілдік білімдерін дамытудың өзектілігін анықтау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар, білім беру заңы, стандарттары, типтік, оқу, жұмыс бағдарламалына шолу жұмыстары жүргізілді.

Техникалық сала мамандарының шеттілдік қатынас орнату аймағы анықталды. Кәсіби-бағытталған құзыреттілік ұғымының мәнін ашу мақсатында терминдерге берілген анықтамалар келтірілді. Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік қарым-қатынас аймағы анықталды.

Қарым-қатынас аймағы болып әлеуметтік-мәдени, экологиялық, экономикалық, әкімшілік, кәсіби аймақтар іріктелді. Кәсіби қолданыс аймағы ретінде өзге мәдениет өкілі туралы базалық ақпараттар, қоршаған ортаны сақтау, стандарттарды бұзбау, экономикалық құрылымдар, банктер, биржалар, мемлекеттік құрылымдар, ұлттық компаниялар, кәсіпорындар, ірі және кіші бизнес құрылымдар, кен игеру орындары таңдалды. Қарым-қатынас жағдаяттар траекториясы ретінде өзге мәдениет өкілінің этикет нормалары жайлы ақпаратқа ие болу және ұстану, бұрғылау, тасымалдау, авариялық жағдайлар және т.б. үдерістер, экономикалық мәселелер, құны, бағалау саясаты, халықаралық қатынастарды заңнамалық тұрғыда реттеу, пайдалы қазба байлықтарын игеру, тасымалдау, өндіру үдерісі анықталды.

Келесі 1.2 тараушасы бойынша ЖОО-да қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесі жайлы зерттеу жұмысы жүргізілді. Қытай Халық Республикасының қытай тілін шет елдерге тарату және насихаттау ұйымы Hanban-ның негізгі атқаратын қызметі, құрылымы және маңыздылығы жайлы баяндалды. Сонымен қатар аталмыш ұйымның қытай тілін шетелдік азаматтарға арнап оқыту бойынша әзірлеген оқу-әдістемелік құралдарына сараптама жасалынды. Онымен қоса, шетелдік және отандық қытайтанушы ғалымдардың еңбектеріне шолу жұмыстары жүргізілді, зерттеу аймағы анықталды. Қытай тілін оқыту құралдарына сараптама жүргізілді және Отандық фокуста қытай тілін оқытылуына шолу жасалынды.

Сонымен қатар, қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің мән-мағынасы анықталды. Ең алдымен елімізде қолданылатын шетел тілінің меңгеру деңгейін анықтайтын шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі құжаты бойынша A1–C2 бағалау жүйесін негізге ала отырып қытайлық HSK форматындағы тіл деңгейін анықтауға арналған тест дескрипторларының сипаты мен шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік көрсеткіштері бойынша сәйкестігі сараланды. Қытайлық әдіскерлердің сипатындағы коммуникативтік құзыреттіліктің құрамы мен күтілетін нәтижелері келтірілді. Ғалымдардың шеттілдік кәсіби құзыреттілік ұғымына берген анықтамалары сараланды. Қытай тілі деңгейлері бойынша лексикалық минимум анықталды. Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері шығарылды. Олар: лингвистикалық субқұзыреттілік, ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік, коммуникативтік субқұзыреттілік және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік. Берілген әр субқұзыреттіліктің құрамдық көрсеткіштері анықталды.

2 ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚЫТАЙ ТІЛІ БОЙЫНША ШЕТТІЛДІК КӘСІБИ-БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Қытай тілін тілдік емес университеттерде оқытудың концептуалды әдістемелік негіздері

Бүгінгі таңда қытай тілі бойынша алдымыздағы тарауда жасалынған сараптамамыздан белгілі болғандай гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға, оның ішінде тілдік мамандықтарға арналған көптеген оқу құралдарын кездестіруге болады, бірақ, бұл тілді шетел тілі ретінде техникалық мамандықтар үшін оқыту әдістемесі біршама мәселе тудыруда [110]. Техникалық мамандықтар студенттеріне шетел тілін үйрену мәдени тұрғыда дамуларына, халықаралық деңгейде өз кәсіби мәселелерін делдалдарсыз шешуге, яғни бәсекеге қабілетті маман иесі болуға мүмкіндік тудырады. Дегенмен, техникалық мамандықтарда оқитын студенттердің тілдік білімдері, мейлі ол өз тілі, мейлі шетел тілі болсын гуманитарлық бағытта оқитын студенттермен салыстырғанда төмен болып келеді. Бұл олардың тіл үйренуге қатысты сөйлеу мәдениеті, өз ойларын нақты, сауатты тұжырымдау, ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау, өз бетімен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өз-өзіне сыни көзқараспен қарау сынды қасиеттердің төмен болуы сияқты психологиялық жағдайларға байланысты жайт [111]. Дәл осы себептер салдарынан болашақ инженерлерге тілдік пәндерді оқыту үдерісі біршама қиындықтар туғызады. Сондықтан қытай тілін техникалық мамандықтар студенттеріне шетел тілі ретінде оқытатын оқытушыға артылатын жауапкершілік көлемді. Себебі, қытай тілін негізгі тіл ретінде оқитын студенттерге иероглифтік жазу, грамматика, тыңдау, Қытай тарихы, мәдениеті, әдебиеті сияқты аспектілер жеке дара пән ретінде жүргізіледі. Ал, қытай тілін қосалқы пән, яғни шектелген уақыт шеңберінде оқитын студенттер оқу барысында иероглифтік жазу, фонетикалық транскрипция және оқу, сөйлеу сияқты дағдыларды бір мезетте меңгеруі тиіс, яғни, тілдің барлық аспектілері кешенді түрде оқытылады [112]. Сонымен қатар, техникалық мамандық студенттеріне қытай тілі бұрын соңды оқытылмағандықтан бастапқы деңгейден бастап оқытылады.

Қытай тілін оқытудың басты мақсаты тілдік дағдылар мен білімдер негізін қалыптастыру болып табылады, атап айтқанда:

- 1) Оқытылатын тілдің фонетикалық ерекшеліктерін меңгеру және дыбыстау нормативтерін игеру;
- 2) Иероглифтік жазудың негіздерімен танысу;
- 3) Грамматикалық базаны қалыптастыру;
- 4) Түрлі сөздіктерді қолдануға дағдыландыру;
- 5) Ауыз-екі сөйлеу мәнерін қалыптастыру [113].


Шетел тілі сабағы сабақтың тақырыбына сәйкес оқу процесін құру үшін оқытушы немесе оқулық авторы таңдаған әдіске негізделген оқыту моделін көрсетеді. Шетел тілі сабағының моделі қолданылатын тәсіл мен оқыту әдісіне байланысты. Пәндер бойынша білім мен дағдының қалыптасу деңгейін анықтау,

өлшеу және бағалау мәселелері қазіргі уақытта оқыту тәжірибесінде негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Оқу мақсаты білім алушының нені білуі және не істей алуы керектігін анықтаса, оқу міндеттері мақсатқа қалай жету керек деген сұраққа жауап береді [114].

Оқытудағы тәсіл, бұл белгілі бір оқыту әдістері мен нақты стратегиялар арқылы оқытудың негізгі идеясын практикада жүзеге асыру болып табылады [115].

А.Н. Шукин «Шетел тілдерін оқыту әдістемесі» атты монографиялық еңбегінде оқыту тәсілі тілді оқыту жүйесінің құрамдас бөлігі бола отырып, оқытудың жалпы әдістемелік негізі ретінде әрекет етеді, оқыту пәніне (тілге) қатысты қалыптасқан көзқарастарды және оны оқу процесінде меңгеру мүмкіндіктерін сипаттайды деген [116].

Әрине, қытай тілін техникалық мамандықтар студенттеріне оқытудың теориялық негізін қалыптастырмай, оны кәсіби қарым-қатынаста қолдану, қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру мүмкін емес жағдай. Сондықтан біз өз жұмысымызда когнитивтік-коммуникативтік, тұлғаға бағытталған, кәсіби-бағытталған және құзыреттілік тәсілдерді ұстанамыз. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудағы әдістемелік тәсілдер 4 –суретте келтірілген.



Сурет 4 – Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудағы әдістемелік тәсілдер

Тұлғаға бағытталған тәсіл бұл кредиттік технологияның мазмұнына, қазіргі қоғам сұранысына сай келетін білім алу процесінде оқытушының тек

бағдар беруші ретінде ал, білім алушы негізгі субъект ретінде дербес ізденуші ролінде іске асырылатын қызмет. Яғни, гуманистік педагогика негізінде белгілі дәрежеде тұлға болып қалыптасқан студенттердің шеттілдік білімдерін қажеттіліктері мен сұраныстарына сәйкес кәсіби білімдерімен ұштастыра отырып қабылдауы, өздерін қытай тілі бойынша аудиториядан тыс уақытта жетілдіретін, өз сұраныстарын қанағаттандыратын, сұрақтарына жауап таба алатын, қоғамда өзіндік жеке орны бар, өзіне сенімділігі жоғары тұлға қалыптастыру болып табылады. Кәсіби-тұлғалық сапалар өмір бойы қалыптасады, дамиды. Қалаулы мінездеме жеке тұлғаның жұмыс істеу жүйесімен анықталатын берілген критерийлерге қол жеткізе отырып, теориялық, әдіснамалық, гуманистік принциптер негізінде қалыптасады [117].

Бүгінгі таңда С. Танирбергенова және Д. Иманова Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің тиімділігі атты ғылыми мақаласында «Жоғарғы оқу орнында жеке тұлғаға бағытталған оқыту дегеніміз-студенттің барлық мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, оның жеке ерекшеліктерін дамытуға қажетті жағдайлар жасау деген сөз. Бұл жағдайда студент өзін қолайлы және сенімді сезінеді. Білімділіктің, адамгершіліктің, кәсіби шеберліктің және іс-әрекетке икемділіктің жаңаша түсінігі алдыңғы шепке студенттердің әрекеттері мен қатарымен араласуындағы өз орнын анықтау, өзін-өзі жетілдіру, адамның табиғи мүмкіндіктерін ашу, ойлау қабілетін жетілдіру, сөйлеу, әрекет ету сияқты қасиеттерін ашып, осылардың нәтижесінде-өмірдегі өз орнын нақты табуға және өз мамандығының шебері болуға көмектеседі. Тұлғаға бағыттап оқытуда студент жеке тұлға ретінде өз мүмкіндіктерін ашып, айналасына өзінің маңыздылығын таныта алуы болып табылады. Қазіргі жағдайда еңбек нар» – делінген [118]. Яғни аудиторияда негізгі фокус әр жеке студенттің үлгерімі мен ынтасына, қызығушылығына түсе отырып, сұраныстарын қанағаттандыруға тырысу керек.

А.Қ. Сағындық, Т.Т. Аяпова ғылыми мақаласында шеттілдік білім беруде негізге алынатын төрт оқыту тәсілдің бірі – тұлғаға бағытталған тәсіл делінген. Тұлғаның жеке қасиеттерін ескере отырып заман талабына сай факторлар мен мүмкіндіктер көкжиегін пайдалану студенттердің бойында шеттілдік құзыреттер қалыптастыруға әкеледі [119].

К. Беркимбаев, Н.Салыбекова, Ж. Оразалина, тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде тұлғаның жекелеген қасиеттерін дамыта отырып жоба әдісімен үйлестіру призмасы арқылы қарастырған [120]. Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл адамның жекелеген құндылықтарын, тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлық көріністерін назарда ұстау арқылы студенттердің білім беру үдерісінің объектісі рөлінен толыққанды субъектісіне ауысуды білдіреді. Біздің тұжырым бойынша әр студентті тұлға есебінде қарастырып қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру тек студенттік кезеңде емес, кейінгі қызмет барысында өз қажеттіліктеріне қарай қытай тілі бойынша білімдерін жетілдіруге итермелейтін фактор болып табылады.

Орыс қытайтанушы ғалымдары Е.А. Панфилова мен Ю.Л. Кравец қытай тілін оқытуда білім алушы білім беру үдерісінің басты кейіпкері ретінде

танылады, сондықтан жекелеген білім алушының жетістікке жетуін қамтамасыз ететін оқыту шарттарын ұйымдастыру қажет деп есептейді [121].

О.Л. Подлинная ғылыми мақаласында бүгінгі таңда қолданылып отырған білім беру жүйесі Ян Коменскийдің заманында өзекті болғанымен, қазіргі стандарттарға қайшы, білім берудің барлық деңгейінде тұлғалық өсуге емес, өсуге әкеліп жатқанын, педагогика арнасын креативті, еркін, сыни ойлау қабілетіне ие индивидтердің қалыптасуына ықпал жасайтын тұлғаны дамытатын тәсілге көшіруді ұсынады [122].

Л.М. Фридман пайымдауынша, тұлғаға бағытталған оқыту бұл білім алушылардың жеке дара қасиеттерін дамытуға септігін тигізетін оқыту жүйесін іске асыру үдерісі [123].

Тұлғаға бағытталған тәсілді ұстану арқылы студенттердің ең алдымен, қытай тіліне деген қызығушылығын арттыру, олардың тікелей сұраныстарына жауап беру, шеттілдік қызығушылықтарын қанағаттандыру жүзеге асырылады [124]. Себебі студенттер сабақ барысында педагогпен білім беру үдерісінің субъектісі ретінде тең дәрежеде болады, өздерінің маңыздылығын сезінеді. Ал, бұл шеттілдік қызығушылығы әрдайым жоғары бола бермейтін техникалық мамандықтар студенттерінің ынтасын оятады, сабаққа қатысу үлгерімін жоғарылатады, сол арқылы болашақ қызмет барысында қажетті шеттілдік қабілеттерді иемденуге көмектеседі.

Когнитивтік-коммуникативтік тәсіл – шетел тіліндегі сөйлеу әрекетін саналы түрде түсіну [125]. Бұл тәсілді зерттеушілер шетел тілін оқытудағы когнитивтік-коммуникативтік тәсілдердің заманауи модификациялары лингводидактикалық когнитивтік-коммуникативтік парадигмада ең дәйекті теориялық негіздеме алды деп есептеледі [126]. Шетел тілдерін ересек жастағы азаматтардың, біздің жағдайымызда студенттердің меңгеруі болғандықтан қытай тілін өз туған тіліне сүйене отырып, құрылымымен іштей салыстыра отырып, саналы түрде когнитивтік-коммуникативтік тәсіл негізінде оқыту ойластырылған [127,128]. Студенттер қытай тілін тілдік ортадан тыс жерде, тек аудитория ішінде қолданатын болғандықтан бұл тәсілді Дж.Сёрл жіктеген коммуникативтік актілер негізінде сөйлеу әрекетінің түрлері арқылы іске асыру көзделген. Студенттер есте сақтаған үлгі бойынша қытай тілінде өз ойларын жеткізумен шектелмей интеллектуалды саралаудан өткізіп нәтижеге келеді. Қазақстандық білім беру ұйымдарында негізгі шетел тілі ағылшын тілі болғандықтан орыс тілін есептемегенде, студенттер қытай тілін екінші шетел тілі ретінде оқиды, яғни қытай тіліне келгенде білім алушылардың шетел тілін үйрену бойынша тәжірибесі бар болады және тілді меңгеруде, сөйлеуде, ойын жеткізуде орын алатын когнитивтік үдерістер тезірек жүзеге асырылады.

Егер когнитивтік-коммуникативтік тәсілдің құрамдас бөліктерін жеке дара қарайтын болсақ, когнитивтік тәсіл тілді интуитивті түрде меңгеруге бағытталады және білім алушылардың тілдік бірліктерді сезінуін, түсінуін және қарым-қатынас процесінде мұндай бірліктерді таңдау мен қолдануды түсіндіру қабілетін қалыптастыруды көздесе, коммуникативтік тәсіл нақты әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынас жасау мақсатында тілдік және тілдік емес

құралдарды кешенді қолдануда, қарым-қатынас жағдайында бағдарлау мүмкіндігі болып табылады.

Танымдық және коммуникативтік дағдылар студенттердің тілді меңгеруін қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

- 1) қабылданған ақпарат негізінде микро тақырыптарды, түйінді сөздерді бөліп көрсету, ақпарат мазмұнын жаңғырту;
- 2) құлақ немесе көру арқылы қабылданатын ақпараттың мазмұнына сәйкес бірқатар соқраттық сұрақтарды құрастыру;
- 3) аудитория алдында мәнерлеп сөйлеу;
- 4) берілген тақырыпты көпшілік алдында талқылау;
- 5) бұрын айтылғандарды ескере отырып, мәселені талқылауға енгізу, мәселені ашу логикасын жалғастыру;
- 6) хабарламалармен көпшілік алдында сөйлеуге және т.б.;
- 7) жалпылау – нәтижелер жасау;
- 8) нақты жағдаяттарға тән сөйлеу этикетінің нысандарын қолдануға (жеке тапсырманы сұрау, жұмысты кеш аяқтағаны үшін қызметкерден кешірім сұрау, жиналысқа шақыру және т.б.);
- 9) белгілі бір мәселені шешу фактілерін ынталандыру;
- 10) ұсынылған тақырыпты ашуға бағытталған сұрақтар жүйесін енгізу;
- 11) берілген тақырып бойынша спонтанды түрде әңгіме жүргізу;
- 12) пікірталас жүргізуге, белгілі бір көзқарастарды теріске шығаруға, растауға немесе қолдауға;
- 13) іскерлік ойынға қатысу (іскерлік ынтымақтастық фрагменттерін моделдеу) және т.б. жатады [126, б. 310].

Осы екі бөлек тәсілдің бірігуіне орыс ғалымы Е.И. Пассов үлес қосты. Ол студенттердің психологиялық және психолингвистикалық мәселелеріне назар аударды [129].

Сонымен қатар, когнитивтік-коммуникативтік тәсіл шетел тілдерін прогрессивті түрде үйренуге студенттерге тұрткі болатын ішкі және сыртқы ынта (мотивация), тілге деген қызығушылық факторларына тәуелді болып келеді. Және қытай тілі лингводидактикасында тілді алғашқы үйрену кезінде жүйелілікпен танысу үшін қолданылатын тілдік тәсілден кейінгі сөйлеу әрекетін қалыптастыратын коммуникативтік тәсіл студенттердің қытай тілі бойынша шеттілдік құзыреттілігін қалыптастырудың келесі сатысы болып табылады.

Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті техникалық мамандықтар студенттеріне қалыптастыру барысында қолданылатын тағы бір тәсіл – **құзыреттілік тәсіл**. С.С. Кунанбаеваның айтуы бойынша қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатында жаңа білім беру парадигмасына көшуде қойылған міндеттерді іске асыру әдіснамалық негізі болып табылатын **құзыреттілік тәсіл**. Қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі құзыреттілік тәсіл қазіргі білім беруді дамытудың жетекші әдіснамалық бағыты ретінде анықталады. Әлемдік білім беру практикасының қазіргі жағдайында "кәсіби құзыреттілік" кәсіби білімнің, дағдылардың, сондай-ақ кәсіби қызметті жүзеге асыру тәсілдерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Сондай-ақ, С.С. Кунанбаева теория

мен практиканың тығыз өзара іс-қимылын көздейтін құзыреттілік тәсіл оқытудың ұлттық моделін әзірлеу үшін негіз болуы тиіс екенін атап өтті. Маманды "кәсіби даярлаудың" бірінші кезеңі кәсіби бағдарланған құзыреттілік блогы болып табылады, оның негізгі көрсеткіштері адамның азаматтық қоғамдағы жеке мінез-құлқының ақпараттық, коммуникациялық, әлеуметтік-құқықтық негіздерін қолдана отырып, кәсіби міндеттерді орындау қабілеті болып табылады [130].

«Құзыреттілікке негізделген тәсіл, тұлғаның білім деңгейі сипаттамасы түсінігі мен концепциясы ретінде 1990 жылдардың аяғында, еуропалық және американдық білім беру моделдерінің, сондай-ақ енгізілген Болон процесінің әсерінен қарқынды дами бастады. Жоғары кәсіби білім берудегі құзыреттілік тәсілі мамандарды шынайы өмірге сай даярлау үшін кең мүмкіндіктер ашады. Бұл сонымен қатар оқыту мен жұмыспен қамтуды үйлестіруге ықпал етеді [131]. Қазақстандық ғалым, педагог К. Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тұжырым жасайды [132].

Ю. И. Мишеневаның айтуынша білім беруде құзыреттілікке негізделген тәсіл білім алушылардың шетел тілінде өз қажеттіліктерін талаптарға сай кәсіби форматта да қанағаттандыра алуға бағытталған қабілеттерді дамытуға арналған оқыту әдісі ретінде түсіну керек. Құзыреттілік тәсіл іздену, таңдау, талдау, өңдеу, ақпаратты саралау, тиісті адамдармен қажетті қатынас орната алу, топта жұмыс істей алу, стандартты емес жағдайларда шешім қабылдай алу сияқты дағдыларды меңгеру [133].

Құзыреттілік тәсіл техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілін үйретуде пәнаралық сипатқа еніп, қызметте қарым-қатынас жүргізуге арналған қабілеттерді қалыптастыруға бағытталады [134–136].

Кәсіби-бағытталған тәсіл студенттердің болашақ кәсіби қызметінде тікелей қолдану ықтималдығы жоғары жағдаяттарға қатысты аутентивтік материалдар арқылы оқыту.

Отандық ғалым З.К. Темиргазина шетел тілін кәсіби оқыту екі кезеңнен: жалпы білім және кәсіби-бағытталған бағытта оқытудан тұрады, жалпы тілдік білім алғашқы модульда оқытылса, кәсіби-бағытталған тәсілді кейінгі модульдарда студенттердің кәсіби қабілеттерінің артуымен қатар оқыту қажет делінген, яғни оқытушы студенттердің кәсіби терминологияны игеру эволюциясы бойынша хабардар болып, оның шетел тіліндегі эквивалентін уақытылы келтіріп отыруы шарт [137].

А.Г. Астахова шетел тілін оқытудағы кәсіби-бағытталған тәсілді қолдану білім алушылардың кәсіптік ойлау ерекшеліктерін ескере отырып, нақты іскерлік, кәсіптік, ғылыми ортада және жағдайларда шет тілді қарым-қатынас

жасау қабілетін қалыптастыру үшін кәсіптік бағдарланған оқу материалдарын пайдалануды білдіреді делінген [138].

Ал, И. В. Алещанова мен Н. А. Фролова шетел тілін кәсіби- бағытталған тәсілді ұстана отырып оқыту студенттердің әрдайым шетел тілін оқуға деген ынтасын жоғарылатуды қажет етеді делінген. Студенттердің сабақ барысында сөйлеу актілеріне кәсіби терминологияны қолданып түсулері көзделген және кәсіби-бағытталған тәсілді қазіргі дамыған техникалық ресурстардың көмегімен қолдану қарастырылған [139].

Әрине, бұл аталған критерийлер бүгінгі заман талабына сай жалпы білім беру үдерісінің ажырамас талабына айналған. Дегенмен, оны әр мамандыққа сай өңдеп қолдану кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар қалыптастыруға оң әсерін тигізетіні анық [140–142]. Сондықтан, біз зерттеу жұмысымызда техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін мамандыққа қатысты аутентивті мәтіндер арқылы кәсіби-бағытталған тәсілді қолдана отырып қалыптастыруды қарастырамыз.

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде олардың кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып біздің ұсынысымызбен тілдік қызығушылығын дамытып отыру үшін тұлғаға-бағытталған, сөйлеу әрекетіне түсу үшін когнитивтік-коммуникативтік, мамандыққа қатысты терминология қамтылған аутентивтік мәтіндер қамтылған кәсіби-бағытталған және қытай тіліндегі кәсіби ақпаратты орынды қолдану үшін құзыреттілік тәсілдер таңдалып алынды.

Сонымен қатар, қазақ тілді аудиторияға тән келесі ерекшелікті айта кеткен жөн болар. Ол қытай тілі мен қазақ тілдерінің просодиялық жүйесінің айырмашылығынан туындайтын тілдік интерференцияның және кей жағдайда транспозицияның орын алуы. Әрине, қазақ тілі мен қытай тілі екі түрлі тілдік топқа жатуы, фонологиялық жүйесінің бір-біріне ұқсамауы, жазуының логографиялық болуы студенттерден тілді меңгеруде қажырлы еңбекті талап етеді. Әсіресе, қытай тілін дыбыстаудағы тондық жүйесіне тән. Ең алдымен, тілдің супрасегменттік деңгейде әр буынға жеке мағыналық мәнге ие болатын тонның берілуіне байланысты. Ал, оны дұрыс емес дыбыстау лексема мағынасының өзгеруіне алып келеді. Келесі бұл, тонды дыбыстауда оның дауыс ырғағына байланысты созып жіберу, қатты көтеріп жіберу сияқты бір немесе бірнеше қосымша қателіктердің жіберілуі, яғни фонетикалық өнімнің толық орындалмауы буынға шеттілдік акцент ретінде қаралуына және қайтадан лексемалық мағынаның өзгерісіне ұшыратады. Мысалы, қытай тіліндегі *zhī* буыны *zhī* «білу», *zhí* – «тура, тік», *zhǐ* – «қағаз», *zhì* – «істеу» деген сияқты тонның өзгеруіне қарай мағынасы да өзгере береді, яғни дұрыс дыбыстамаған жағдайда мүлдем басқа мағына шығады [143]. Және осы қытай тіліндегі кейбір дыбыстар, мысалы: *j*, *x*, *ü*, *ng*, *ai* шетелдіктерге көп жағдайда дыбыстауға орасан қиындықтар туғызады. Дейтұрғанмен, қазақ тілді студенттердің артикуляциялық жүйесінде *ә*, *і*, *ң*, *ү* сияқты дыбыстардың қойылуының арқасында, қазақ тілінің әуезді, қытай тілінің әуенді болуына қарамастан қытайлық сөздерді дыбыстау

жеңілдік тудырады, яғни қазақ студенттеріне қытай тілін дыбыстау неғұрлым жеңіл болып келеді.

Қытай тілі грамматикалық құрылымы жағынан, яғни сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі қазақ тілінің грамматикалық жүйесінен өзгеше келеді, мысалы: қазақ тілінде «Мен қытай тілін оқимын» деген қарапайым сөйлемде алдымен бастауыш, содан кейін толықтауыш және сөйлемнің аяғында баяндауыш тұр, ал қытай тілінде бұл сөйлем «我学习汉语» бұл жерде 我 - бастауыш, 学习 - баяндауыш, 汉语 -толықтауыш болып тұр, бірақ қазақ тілді топтардың студенттері барлығы дерлік екі тілді болып келуіне, орыс тілі мектеп қабырғасынан бастап оқылуына байланысты студенттерге сөздерді сөйлемде орны тәртібі бойынша қойып қолдану аса қиындық тудырмайды, бұл үшінші шетел тілін меңгерудегі екінші тілдің тигізетін оң әсері болып есептеледі.

Одан бөлек, тілді меңгеру мәдениетті меңгеру, екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру екендігі жайлы заманауи ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көптеп айтылып жүр. Қытай тілінен сабақ беру барысында студенттердің қызығушылығын ояту, кейбір мәселелерді түсіндіру үшін қытай елінің мәдениеті, менталитеті, дүниетанымы және тарихи факторлары жайлы ішінара айтылады. Осы мезетте қытай халқының конфуцийшілдікті ұстануы және шығыс халықтарына жатуы салдарынан үлкенге құрмет көрсету, жолын кесіп өтпеу, бірден қарсылық көрсетпеу, келіспеушілікті жария түрінде білдірмеу, конфликтті мүмкіндігінше болдырмау, кішіпейіл болу, отбасылық құндылықтарды сақтау сияқты ұстанатын әдептерінің қазақ менталитетіне ұқсас келуі біздің ортақ тұстарымыздың бар екендігін көрсетеді. Ал, бұл факторлар студенттердің қытайлық ойлауды түсінуге, қытайлық әріптестерімен жұмыс барысында орынды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты бойынша техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілінде шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру оның құрамдас компоненттері лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктердің өзара бірге әрекеттесуі арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін білім беру үдерісінде біз ұстанатын негізгі принциптерді айқындауымыз қажет.

Шеттілдік білім беру ісінде *принцип* ұғымы таңдап алынған әдістеменің арқа сүйейтін бастапқы нүктесі іспеттес. Техникалық мамандық студенттерінің шеттілдік білімін тереңдету, олардың қытай тілі бойынша кәсіби қатынасқа түсу мүмкіндігін арттыру оқытушы тарапынан дәрістің негізгі мақсатына ұмтылу белгілі принциптерді ұстануға әкеледі. Біздің зерттеу аудиториямыз студенттер болғандықтан А.Н. Щукин ғылыми еңбегінде белгілеген жалпы дидактикалық және әдістемелік принциптерді ішінара іріктедік, сонымен қатар бүгінгі заман және қоғам талаптарын ескеретін принциптерді де ұстануды жөн санадық. Ол үшін біз келесі білім беру принциптерін таңдап алдық:

- көрнекілік принципі;

- білім алушылардың жекелеген тұлғалық қажеттіліктерін ескеру принципі;
- коммуникативтік принципі;
- функционалдық принципі;
- әлеуетті жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру принципі;
- аутентивтік принципі.

Аталған оқыту принциптеріне жекелеп тоқталу, ұсынылып отырған әдістеме жайлы тереңірек түсінік береді.

1. *Көрнекілік принципі* шетел тілін көрнекі құралдар көмегімен, адам бойындағы сезім мүшелерін қоса отырып қабылдауды, сол арқылы ақпараттың жадыда жақсы сақталуын көздейді. Қытай тілінің логографиялық жазуға жатуы, тондар әсерінен фонетикалық жүйесінің күрделілігі, сөздердің семантикалық ерекшелігі декодтау барысында шоғырланған когнитивтік әрекетке әкелетіні анық. Сол үшін бұл үдерісті студенттерге неғұрлым түсінікті, тиімді жеткізу мақсатында оқытушы тарапынан көрнекілік принципін ұстану аудиториядағы белсенділік пен қызығушылықты жоғалтпауға мүмкіндік береді. Көрнекілік принципінің бастау тарихы өте тереңде, әлі жазу мен мектептер болмаған кезеңнен алады. Дегенмен, оның теориялық негізінің қалыптасуы Т. Мор, Ф. Рабле, Т. Кампанелла еңбектерінен бастау алады. Танымал ағылшын гуманист-ойшылы Т. Мор (1478–1535), өзінің әйгілі «Утопия» еңбегінде көрнекілік арқылы хабарламаны жеткізуге әсіресе, астрономия туралы бөлімінде басымдық берген. Ф. Рабле (1494–1553) ойлау әрекетін физикалық белсенділікпен бірге қатар алып жүруге шақырған, яғни ақпаратты қоршаған ортамен тығыз байланыстыру арқылы қабылдауды ұсынған. Итальян философы Т. Кампанелла (1568–1639) ғылымды өнімді игеру үшін балаларға қажетті материалдарды табиғат аясында түсіндіруді көздейді. Көрнекілік принципінің білім беру ісінде ғылыми тұрғыда алғашқы теориялық жіктелуі Я.А. Коменский, Ж.-Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, И.Ф. Гербарта, Ф.А. Дистервега, Р. Оуэн, М.В. Ломоносов, Н.И. Пирогов, К.Д. Ушинский есімдерімен байланысты [144]. Олардың көрнекілік принципіне қатысты ортақ феномені танымдық процессте білімді сөзбен беріп шектелмей, көрнекілік құралдарын пайдалану арқылы барынша сезім мүшелерін араластыру болып табылады.

Атақты орыс қытайтанушысы И. В. Кочергин: «Тіл – нақты дүниенің барлық алуан түрлілігін көрсететін абстрактілі белгілер жүйесі. Тіл меңгерудің мәні оқушылардың санасында жаңа семантикалық жүйені, белгілер мен ұғымдар арасындағы байланысты, осы байланыстарды тұлғааралық қарым-қатынас үшін пайдалану дағдыларын қалыптастыруда, сонымен қатар үздіксіз танымдық әрекетті қамтамасыз етуде. Көрнекілік принципі сезімге сүйену нәтижесінде тілдің ым-ишара жүйесін меңгеру және осы жүйені қолдану дағдыларын қалыптастыру барынша тиімді болатын жағдай жасауды көздейді» деген [145]. Жоғарыда атап өтілгендей техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін жаңа лексикалық оқу материалын, іскерлік терминдер бөлігін көрнекілік құралдар көмегімен ұсыну, аудио-визуалдық сүйемелдеу ұйымдастыру түрлері қолданылады.

2. *Білім алушылардың жекелеген тұлғалық қажеттіліктерін ескеру принципі* студенттерді білім беру үдерісінің субъектісі ретінде қабылдап, оқытушы тарапынан әр студенттің жекелеген қызығушылығы мен мінез-құлқын, білім деңгейін ескере отырып оқыту үдерісін ұйымдастыруды көздейді. З.Т. Рахимов ғылыми мақаласында: «Студенттердің білім алуының нақты мүмкіндіктерін, олардың даму аспектілерін зерделеу қазіргі кезде жай қалау емес, міндетті талап болып табылады. Әрине, жеке сипаттамалар өте әртүрлі және оларды зерттеу біраз уақытты қажет етеді. Бақылау барысында білім алушының күшті және әлсіз жақтарын, оның қызығушылықтарын, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, зейін, қиял ерекшеліктерін білуге болады. Студенттердің проблемалары мен қиындықтарын талдау және олардың себептерін анықтау келесі педагогикалық іс-әрекетті жоспарлау кезінде үлкен маңызға ие. Студенттермен, әсіресе меңгеру деңгейі сәл төмен жағдайда жеке жұмыс жасау барысында жаңа қырларының ашуының маңызы зор» – делінген [146]. Ал, А.Н. Щукин оқытудың бұл принципі білім алушылардың тұлғалық дүниетанымын, қызығушылық аясын, эмоционалдық жағдайын, топтағы мәртебесін, есте сақтау, ойлау, қабылдау деңгейін, оқу процесінде қолданатын танымдық стратегияларын ескеру деп санайды. Білім алушылардың жекелеген тұлғалық ерекшеліктерін ескеру принципі бойынша оқыту барысында келесі ережелер сақталады:

- Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін мен қызығушылықтарын анықтау қажет.
- Білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін ескеріп, қажет жағдайда жеке кеңес беру жұмысын жүргізу.
- Топтағы студенттердің даму ерекшеліктерінің арасындағы айырмашылықты айқындамай жалпы позитивті ахуалды сақтау.

3. *Коммуникативтік принципі* студенттердің сабақ барысында сөйлеу дағдыларын барынша меңгеріп, қарым-қатынасқа еркін түсуін қамтамасыз етуді көздейді. Қытай тілі лингводидактикасында коммуникативтік бағытқа бағытталған оқу құралдарының басым бөлігі Ханбан баспасында шығарылған. Коммуникативтік принципі шетел тілін әлеуметтік қарым-қатынасқа жетудің құралы ретінде қабылдауды көздейді. Сонымен қатар, басқа мәдениет пен тіл өкілдерімен қатынасқа түсу дайындығын білдіреді. Бұл принциптің маңыздылығы шетел тіліне қарым-қатынас арқылы үйрету болып табылады және қарым-қатынас барысында коммуниканттардың ынтасы, қабілеттері, функционалдылығы, тілдік икемдері, көңіл-күйлері, ақпараттануы сияқты параметрлер мен сөйлеу құралдарын қолдану жүйесі көрініс табады. Осының арқасында шынайы қатынасқа жақындатылған жағдаяттық орта құрылады және осылайша тиісті ортада қолданатын тілдік қабілеттер машықтандырылады. Біздің жағдайымызда, бұл болашақ инженерлердің кәсіби салада орын алатын жағдаяттарымен байланыстырылған тілдік қабілеттері мен іскерлік терминдерді орынды қолдану қабілеті, сонымен қатар, қытай мәдениеті мен этикетін ресми ортада дұрыс пайдалану арқылы өзінің мәдениет медиаторы ретіндегі сауаттылығын сақтау екендігін ескеру болып табылады. Аталған принципті ұстану барысында тілдік материалды, тақырыптар мен жағдаяттарды іріктеу мен

ұйымдастыру арқылы оқыту мазмұнын анықтау, шынайы қарым-қатынастық жағдаятты моделдеу мақсатында түрлі тәсілдер мен құралдарды пайдалану, оқытушы мен студенттердің, студенттердің өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру, оқыту кезінде тіл мен мәдениетті сауатты байланыстыру көзделеді. Сабақ барысында оқытушы тарапынан дайындалмаған сөйлеу әрекеті құпталып, студенттердің шеттілдік дағдыларының дамуы тежелмеуі қажет.

4. *Функционалдық принципі* техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілін болашақ кәсіби қызметіне қатысты, орын алатын жағдайлар мен жағдаяттарды ескере отырып дұрыс пайдалануды, яғни тілді қолдану аясын айқындауды көздейді. Себебі кәсіби қатынас тек ойды дұрыс жеткізумен ғана шектелмейді, сонымен қатар, сөйлем құрамын грамматикалық тұрғыдан сауатты құрастырып, мағыналық маңызы бар қателіктердің бой алдырмауына мұқият болу керек. Сөйлеу барысында коммуниканттар тек шеттілдік қабілеттер мен дағдыларды қалыптастырудың формалары бойынша ақпаратты ескеріп қана қоймай, ол бойынша қарым-қатынас аясына қатысты әлеуметтік, жағдаяттық және контексттік ережелерді сақтауды көздейді. Себебі сөйлеу барысында студенттердің тек тіл жайлы ақпараттар қорымен таныс болуы және оларды қарым-қатынас кезіндегі тиісті ережелерді сақтай алмауы нәтижелі қатынасқа әкелмейді. Ал, бұл өз алдына студенттердің алған білімдерінің жоққа шығарылуымен сипатталды. Сондықтан сөйлеу барысында тек ойынды жеткізіп қана қоймай, оның жағдаятқа қатысты дұрыс әрленуін ескеру шарт.

Бұл принцип тек тілдік құрылымдарды меңгерумен ғана шектелмей, сөйлеу қарым-қатынасының сипатын ескере отырып тілді мақсатты қолдануды білдіреді.

5. *Әлеуетті жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру принципі* практикалық маңызы бар теориялық білімдерді жұмыс берушілер тарапынан белгілеген критерийлермен тұрақты түрде салыстыра отырып, тексеруді көздейді. Бұл принцип бойынша оқытушыдан студенттердің кәсіби өмірінде теориялық білім мен оны практика жүзінде меңгеруі арасында ұтымды байланыс орнату талап етіледі. Қазақстан 2010 жылы ресми түрде Болон декларациясын қабылдап оның мүшесі атануымен қатар, оған тиесілі шарттарды да орындауда және Болон процессі әрдайым мамандықтарға деген сұранысты елдің экономикалық ахуалымен тығыз байланыстыруды дәріптейді [147], яғни студенттердің алған білімдері практика жүзіндегі қолданыста толыққанды пайдалы болу үшін тікелей жұмыс берушілердің сұранысын ескере отырып, соған қарай оқу мазмұнын икемдеу қажет.

6. *Аутентивтік принципі* қытай тілін мамандық контекстінде оқытуды білдіреді. Техникалық мамандықтар студенттерінің кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып, техникалық бейіндегі мәтіндерді қолдануды, лексикалық бірліктерді іріктеуді, оларды іс жүзінде қолдану формаларын талқылауды негізге алады. Студенттер практикалық сабақ барысында іскерлік терминологиясы қамтылған кәсіби қатынаста қолданылатын кәсіби сипаттағы әр түрлі ресми материалдармен жұмыс жасайды. Оларға ресми хаттар, нұсқаулықтар, хабарламалар, сонымен қатар тақырыптық бейне роликтер және т.б. жатады. «Аутентивтік материалдарды пайдалану бірқатар артықшылықтарға ие:

- тілдік кедергі тезірек және жайлы түрде жойылады, студенттерге шетел тілін, ана тілінде сөйлейтіндердің әртүрлі екпіндері мен диалектілерін, олардың ауызекі сөйлеуі мен фразеологиялық тіркестерін түсіну оңайырақ болады, өйткені олардың тілі көбінесе оқулықтардағы оқу материалынан айтарлықтай ерекшеленеді;
- сабақты жоспарлау икемді болады, оны білім алушылардың жаңа материалды меңгеру қарқынына қарай реттеуге болады;
- қызығушылық таныта отырып, студенттер кітапты оқуды және түпнұсқадағы фильмдерді көруді ұнатады, бұл олардың шет тілін білу деңгейіне оң әсер ететіні сөзсіз;
- шынайы материалдарды пайдаланатын сабақтар өте қызықты, қарқынды болады және оқушылардың ынтасын арттырады;
- оқыту жан-жақты жүреді және студенттің өзіне не тиімді екенін, не нәрсеге көбірек көңіл бөлу керектігін түсінуге көмектеседі» [148]. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудағы әдістемелік принциптер 5-суретте бейнеленген.



Сурет 5 – Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудағы әдістемелік принциптер

Аталған тәсілдер мен принциптерді ұстану арқылы біз қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруды қарастырамыз.

Қытай тілін тілдік емес мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыра отырып оқыту, олардың қытай тілін мамандықтары бойынша кәсіби қызмет қатынасында пайдалануды көздейді, ал нақты бір сала мамандарына қатысты кәсіби қарым-қатынас осы мамандық

аясындағы ғылыми-техникалық терминология қолданысымен ерекшеленеді. Яғни, техникалық мамандықтар студенттеріне мамандықтары бойынша терминдердің қытайша баламасының қолданысын пайдалануды үйрету олардың шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тілбілімі мамандарының анықтамасы бойынша «термин» кәсіби түсінік беретін және нақты мамандық шеңберінде арнайы қарым-қатынасты (ғылыми, техникалық, өндірістік, басқарушылық) қанағаттандыру үшін қолданылатын жеке дара сөз немесе зат есім негізінде құралған бағыныңқы сөзтіркесі [149] [150]. Қытай терминология ғылымы – өз бастауын Қытайдың ежелгі термин құру дәстүрі бағыты бойынша қалыптастырады. Қытай ойшылы Конфуцийдің айтып кеткен атақты сөзі «Егер атау оның болмысын ашпаса, онда сөздер дұрыс болмағаны. Егер сөздер дұрыс болмаса, онда істер де алға баспайды» (名不正, 則言不顺; 言不顺, 则事不成 míng bù zhèng, zé yán bù shùn; yán bù shùn, zé shì bù chéng) нақты әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға рефлексия болып табылды және белгілі бір тарихи астарға ие болды [151]. Көріп отырғанымыздай, ежелгі заманның өзінде ғылым мен техникада керемет жетістіктерге жеткен Қытай өркениетінде атауларға, нақты бір зат немесе абстрактілі, метафизикалық құбылыс болсын үлкен мән берілген.

Сонымен, аталған аспектілерді оқытушы студенттердің бойына сөйлеу әрекетінің түрлері арқылы қалыптастырады. Қытайлықтардың қытай тілін жақсы меңгеру үшін 学汉语的办法多听多说多写多读 (Xué hànyǔ de bànfǎ duō tīng duō shuō duō xiě duō dú) «қытай тілін үйрену амалы көп тыңдау, көп сөйлеу, көп жазу, көп оқу» деп айтатын жақсы сөзі бар. Сол себепті, шетел тілін үйрену барысында сөйлеу әрекетінің түрлерін жетік қанды игеру шетел тілін меңгергендігінің көрсеткіші болары анық. Техникалық мамандықтар студенттері қытай тілін жылына 10 кредит сағат құрайтын «Шетел тілі» пәні арқылы оқи алады. Дегенмен шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті негізгі тілдік білімдер қалыптасқаннан кейін үшінші оқу жылында қалыптастыру мүмкіндігі туады. Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің негізін құрайтын іскерлік терминология қолданысы нұсқаулық, хаттама, хабарлама, анықтама, бұйрық, түйіндеме сияқты іскерлік жанры және іскерлік әңгіме, жиналыс, келіссөз, баяндау, нұсқау беру, сұхбат, сипаттау, хабарлау, пікірталас сияқты іскерлік қатынас формалары арқылы көрініс табады.

2.2 Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі

Техникалық мамандықтар студенттеріне арналған шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін оңтайландыру мақсатында үш кезеңге бөлуді жөн санадық: *мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-тақырыптық және прагматикалық*. Әр кезеңде сәйкесінше тиісті субқұзыреттіліктер қалыптасады. Төмендегі 6-суретте техникалық мамандықтар

студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру жүйесі қарастырады.



Сурет 6 – Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру жүйесі

Құзыреттілікті қалыптастырудың бастапқы кезеңі бұл *мотивациялық-құндылықтық* кезең. Мотивациялық-құндылықтық кезең студентке өзінің дербес мүмкіндіктері мен алға қойған мақсаттарын сәйкестендіріп кәсіби шеттілдік құзыреттілігін жоспарлаған нәтижеге жетуге сабақ үстіндегі позитивті эмоциялық фон жігерлендіреді. Ал бұл өз кезегінде студенттер тарапынан қытай тілінде берілген кәсіби ақпаратты саналы түрде қабылдап оның қолданысын ары қарай іске асыруға апарады. MTeresaCáceres-Lorenzo (2015) пайымдауынша, қытай тілінің ең негізгі аспектілерін (иероглифтерді жазу, тонды өзгерту және т.б.) үйренудегі қиындықтардың жоғары деңгейіне байланысты жоғары нәтижеге үшін білім алушыға ішкі және сыртқы ынталандырудың, яғни мотивацияның болғаны маңызды [152]. Дұрыс мотивация қытай тілінің дамуына және студенттердің қызығушылығын тудыратын мәселелерді, соның ішінде кәсіби сипаттағы мәселелерді өз бетінше зерттеу қабілетіне әкеледі. Дегенмен, Jean-MarcDewaele, Tsui Shan Ip зерттеулерінде көп тіл білудің әсері үйренушілер шетел тілінің ересек шынайы пайдаланушысы болып, жаңа ортада жұмыс істеуге мәжбүр болғанда ғана пайда болады деп айтады [153]. Егер мотивацияны әрдайым ынталандыруға, жалпы шетел тілін үйрену қабілетіне байланысты физиологиялық, психологиялық факторларға үңілетін болсақ, онда зерттеудің барлық тараптары бізді адам миына, оның құрылысы мен қызметіне, когнитивті мүмкіндіктеріне жетелейтіні анық.

Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудағы мотивациялық-құндылықтық кезеңнің сипатын бейнелейтін көрсеткіштерге ие

техникалық бейіндегі студент қытай тілінің тілдік жүйесін меңгеруге деген қызығушылығы мен ынтасының оянып, тереңдеуіне, қытай тілінде іскерлік коммуникация орнатуға жігерленуге және оған талпынуға, сонымен қатар шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің қалыптасуының нәтижесінде сәтті мәдениетаралық қатынасты орната алу мүмкіндігіне ие екендігіне сенімді бола түседі.

Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігі қалыптасуының екінші кезеңі *когнитивтік-тақырыптық* кезең болып табылады. Студенттердің қабылдап жатқан білімдерін күрделі ой елегі процесінен өткізіп, сабақ барысы процесіне тереңірек енуі, тақырыпты іштей талдай бастауы когнитивтік-тақырыптық кезеңде жүзеге асырылады.

Когнитивтік-тақырыптық кезеңде техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілінің құрылымдық жүйесін түсінуі, өздерінің шеттілдік мүмкіндіктерін ары қарай жетілдіру жолдарын ұғынуы, ең бастысы келесі саты болып есептелетін шетел тілін кәсіби мақсатта, іскерлік коммуникацияда қолдану ықтималдылығын жоғарылатады.

Прагматикалық кезең техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік мүмкіндіктерін кәсіби бағытта қолдануға, практикалық түрде нақты белгіленген жағдаят шеңберінде, жекелеген сөздік қорды қолдана отырып қолдануға әрекет жасауға талпынысы болып табылады.

Прагматикалық кезең техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік деңгейге көтеруге, яғни оны тікелей практикалық тұрғыда пайдалануды көздейді. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер арқылы мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-тақырыптық және прагматикалық кезеңдер бойынша қалыптастыру көрсеткіштерінің сипаты келесі кестеде келтірілген. Төмендегі 10-кестеде техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіші қарастырылады.

Кесте 10 – Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіші

Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік құрамы мен көрсеткіштері	Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің қалыптасу кезеңдері		
	Мотивациялық-құндылықтық	Когнитивтік-тақырыптық	Прагматикалық
1	2	3	4
Лингвистикалық субқұзыреттілік	-Қытай тілінің дыбыстық жүйесін игеру арқылы өзіне деген сенімі артады; -Қытай тіліндегі лексикалық бірліктерді есту арқылы түсінуге тырысады; -Қытай тіліндегі иероглифтердің құрылымын, жазылу ретін сақтай отырып есте сақтауға ұмтылады.	-Қытай тілінің дыбыстық ерекшеліктерін ажыратады; -Қытай тіліндегі тондарды меңгерген және дыбыстайды; -Қытай тілінде сөйлеу барысында ритм тәсілін сақтай отырып сөздерді дыбыстайды; -Қытай тіліндегі грамматикалық құрылымдарды тиісінше қолданады; -Қытай тіліндегі мәтіндерді оқиды. -Қытай иероглифтерінің сырын ұғыну арқылы қарым-қатынас орнату барысында қажет болатын қытайлық сана мен ойлау жүйесіне жақындай түседі.	- Қытай тілінің тілдік жүйесіне сәйкес ережелерді сақтай отырып қарым-қатынасқа түседі; -Иероглифтерді сауатты жазады, оқиды, аударайды; -Қытай тілінде грамматикалық дұрыс құралған сөйлем құрастырады; -Аудиовизуалдық құрылғылар немесе мәтін арқылы берілген ойдың мазмұнын түсіну және өз ой қорытындысын жасайды. -Қытай тіліндегі аудио, видео, мәтін форматындағы ақпараттарды қабылдайды.

10-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Коммуникативтік субқұзыреттілік	-Қытай тілінде кәсіби қатынас орнатудың ерекшеліктерін түсінуге ынталанды; -Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас жүргізу мәдениетіне қызығушылық танытады; -Іскерлік келіссөздер жүргізу тактикалары мен стратегияларын ұғынуға қажеттілік танытады; -Өзінің дербес, ішкі, сыртқы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қытай тілінде қарым-қатынас орнатуға ұмтылады.	-Қытайша вербалды және вербалды емес қатынасқа түсе алады; -Хабарлама жасауда өз ойын жеткізу түрлерін игереді; -Түрлі таңбалық жүйелерден қажетті іскерлік ақпаратты ажыратады; -Кәсіби бағыттағы іскерлік терминологияның қытайша баламасын біледі.	-Кәсіби бағыттағы ақпаратты сараптай және жүйелей алады; -Ауызша және жазбаша түрдегі қарым-қатынас жүргізеді; -Қарым-қатынас барысында негізгі іскерлік терминологияны қолданады; -Шетелдік әріптестер өкілдерімен іскерлік келіссөздер жүргізе алады; -Қызметтік жоспарлар жайлы презентация жасайды; -Кәсіби бағыттағы мәтіндерді құрастыра, дұрыстай алады.

10-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік	-Қытай тіліндегі кәсіби маңызы бар ақпаратты интернет ресурстары арқылы іздеуге тырысады; -Әлеуметтік желілер, электронды почталар арқылы шетелдік әріптестермен түрлі деңгейде байланыс орнатуға мүдделі; -Иероглифтерді техникалық қосымшалар көмегімен үйренуді қалайды;	-Техникалық сайттар және қосымшалар көмегімен иероглифтерді талдайды; Заманауи электронды қытай тілі сөздіктерін жұмыс принципі бойынша ажыртады; - Өзіне қажетті ақпаратты қытайлық ресурстардан тікелей таба алады; -Қытай тілін оқыту бойынша электронды бағдарламаларды таңдайды; -Интернет технологияларын қолдана отырып шетелдік әріптестермен байланыс орнатады.	-Интернет ресурстары және мобильді қосымшалар арқылы екі тілді, үш тілді аударма сөздіктерін қолданады; -Қытайлық әріптестермен электронды жүйелер, әлеуметтік желілер арқылы байланысқа түседі; -Өз бетімен қытай тілін үйренуді телекоммуникация көмегімен жалғастырады.

10-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Кәсіби- түсіндірмелі субқұзыреттілік	-Қытай тіліндегі кәсіби маңызы бар хабарламалардың мазмұнын түсінуге тырысады; -Алынған хабарламалар бойынша қытайша кері байланыс орнатуға ынталы; -Туындаған қызметтік мәселе бойынша дербес позициясын білдіруге тырысады; -Қытай тіліндегі кәсіби маңызы бар ақпаратты тануды қажет етеді;	-Қытай тілінен алынған ауызша, жазбаша түрдегі ақпаратқа сараптама жасайды; -Ауызша және жазбаша түрде алынған хабарламалармен шетелдік әріптестерімен кәсіби байланыс орнатады; -Болжамды мәселелер бойынша кәсіби шешім қабылдайды және оны жариялайды. -Техникалық түсініктемелер, сипаттамаларды түсінеді және түсіндіре алады.	-Қытай тіліндегі қажетті кәсіби ақпаратты орынды қолданады; -Түсініктеме, арыз, шағым береді; -Қызмет барысында қытай тіліндегі кәсіби мазмұнға ие ақпараттарды талдайды; -Қызметтік тәжірибесіне сүйене отырып кәсіби мәселе аясында шетел тілінде өз ойын жеткізу арқылы шешім қабылдайды.

Осылайша, техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру аталған кезеңдерде субқұзыреттіліктерді, білім, білік, дағдыларды ұштастыра отырып дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Ал, әдістемелік моделді құрастыру барысында сүйенген шарттарға тоқталатын болсақ, олар: қытай тілі бойынша отандық, шетелдік ғылыми еңбектердің негізінде оқу-әдістемелік қамтамасыздандырудың салыстырмалы анализі арқылы білім беру бағдарламасын жетілдіру; техникалық мамандықтар бойынша студенттерді проблемалық жағдаяттар арқылы кәсіби іс-әрекетке баулу; мамандық бойынша терминология негізінде техникалық мамандықтар студенттерін кәсіби қарым-қатынасқа бағыттау болып табылады.

Диссертациялық жұмысымыздың бірінші тарауында кәсіби қолданысқа жарамды тілдік емес мамандықтарға арналған шеттілдік оқытуды жүзеге асыру әдістерінің генезисіне, даму эволюциясына, артықшылықтары мен

кемшіліктеріне тоқталған болатынбыз. Бұл тарихи шолу мен сараптау қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін қажетті әдістерді айқындады, яғни оның компоненттік құрамы, негізге алынған оқу тәсілдері мен принциптеріне сүйене отырып қажетті оқыту әдістері таңдалды.

Ең алдымен, «әдіс» ұғымына тоқталатын болсақ, С.И. Ожеговтың сөздігінде – табиғат құбылыстарын немесе қоғамдық өмірді тану, зерттеу тәсілі немесе әрекет деп түсіндіріледі [154]. Ю.Б. Бабанскийдің пікірінше, әдіс – бұл оқытушы мен білім алушылардың оқыту үдерісінде білім беру, тәрбиелеу, дамыту мәселелерін шешуге бағытталған өзара әрекеттесу тәсілі [155]. Сонымен, әдіс – бұл белгілі бір мақсатқа жету үшін немесе берілген міндеттерді орындау үшін жасалынатын рационалды іс-әрекеттердің жиынтығы.

Ал әдістемеге жүгінетін болсақ, бұл белгілі-бір мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттердің нақты алгоритмі. Әдістеменің әдістен айырмашылығы тәсілдер мен міндеттердің нақтылығында болып табылады. С. И. Ожеговтың сөздігінде әдістеме – 1. білім беру әдістері туралы ғылым, 2. белгілі-бір нәрсенің тәжірибе жүзінде орындалуы, белгілі-бір нәрсеге уйрену әдістерінің жиынтығы деп берілген.

Әдістеме - алдын ала анықталған нәтижеге әкелетін практикалық іс-әрекет тәсілдерінің бекітілген жиынтығы. Ғылыми танымда әдіс эмпирикалық зерттеулерде (бақылау және тәжірибе) маңызды роль атқарады. Ал әдістеме тәжірибенің техникалық жағына және зерттеуші іс-әрекеттерінің нақтылығына шоғырланған. Яғни, әдістеменің әдістен айырмашылығы оның нәтижеге жетудегі міндетіне теориялық негіздемесі кірмейді [156].

Әдістемелік моделдеуге тоқталатын болсақ, моделдеу – бұл алмастырушы объектілерді (моделдерді) қолдана отырып, жанама танымның жалпы ғылыми әдісі [157]. Ол талдау және синтез, жалпылау, абстракция, ұқсастық және т.б. сияқты ақыл-ой операцияларына негізделген моделдерді құру, зерттеу және қолдану процесімен тығыз байланысты. "Модел" термині латынның "modulus" сөзінен шыққан – модел, норма, өлшем. Модел – бұл түпнұсқаны алмастыратын және осы зерттеу үшін түпнұсқаның маңызды белгілері мен қасиеттерін көрсететін объект. Педагогикада моделдеу мәселесімен В. Гузеев [158], А. Дахин [159], Е. Лодатко [160] және т. б. зерттеушілер айналысты. Ғалымдар атап өткендей, моделдеу бақылау және тәжірибе сияқты ғылыми таным әдістерімен қатар педагогикалық ғылымның әдіснамасында маңызды орын алады. Бұл педагогикалық құбылыстарды тану үдерісінде көрнекілікті қолданумен ғана емес, сонымен бірге оны жүзеге асырумен де тікелей байланысты:

а) арнайы құрылған объектіде (моделде) қолданыстағы педагогикалық жүйенің зерттеу үшін маңызды сипаттамаларын көрсету, ол белгілі-бір параметрлер бойынша одан өзгеше болуы мүмкін;

б) осы алмастырғышты (моделді) зерттеу мүмкіндігі және моделді зерттеу нәтижесінде түпнұсқа туралы жаңа білім алу.

Шетел тілін үйренуге қатысты "модел" сөзін бір жағынан екі мағынада түсінуге болады, жалпы сабақ моделі, екінші жағынан – белгілі бір сабақтың құрылымы. Барлық сабақтардың құрылымында ортақ нәрсе бар екені түсінікті:

кұрудың иерархиялық тәсілі, онда жұмыс істейтін әр кезеңде сабақтың жалпы мақсатына немесе сабақ цикліне бағынатын белгілі бір жұмыс түрлерінің болуы; білім алушылардың жан-жақты коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етуде қолданылатын тапсырмалардың интегралды сипаты; сабақта барлық қызмет түрлерінің коммуникативтік бағыты.

Шетел тілі сабағы сабақтың тақырыбына сәйкес оқу процесін құру үшін оқытушы немесе оқулық авторы таңдаған әдіске негізделген оқыту моделін көрсетеді. Шетел тілі сабағының моделі қолданылатын тәсіл мен оқыту әдісіне байланысты. Пәндер бойынша білім мен дағдының қалыптасу деңгейін анықтау, өлшеу және бағалау мәселелері қазіргі уақытта оқыту тәжірибесінде негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Оқу мақсаты білім алушының нені білуі және не істей алуы керектігін анықтаса, оқу міндеттері мақсатқа қалай жету керек деген сұраққа жауап береді [114].

Біздің мақсатты аудиториямыз техникалық мамандықтар студенттері, оқыту пәніміз 10 кредит көлеміндегі «Шетел тілі» пәні болғандықтан оқыту әдістерін іріктеу алдында атақты ғалым, орыс психолингвистикасының негізін қалаушылардың бірі А.А. Леонтьевтің білім алушылардың психологиялық сипаттамаларына қарай жіктеген екі түрін ескердік. Олар: коммуникативтік немесе интуитивті-сезімтал түрдегі білім алушылар және коммуникативтік емес немесе рационалды-логикалық түрдегі білім алушылар. Кейінгілер үшін тілдің теориялық аспектісін жіті түсіну, саналы түрде нақты құрастырылған алгоритмдер арқылы қабылдау тек маңыздылық емес, тілдік коммуникативтік қатынасқа түсу мұқтаждығы іспеттес [161]. Ал, жоғарыда айтылғандай техникалық мамандықтарда білім алатын студенттердің басым бөлігі рационалды-логикалық түрдегі білім алушыларға жатады, сол себепті жетекші оқыту әдісі қытай тілінің спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып логикалық түрде түсінуге неғұрлым тиімді әдістерге жүгіну талап етілді. Әрине, өз кезегінде бұл оқыту әдістері студенттердің кәсіби талаптарын қанағаттандыра отырып, сатылы қалыптастыру үдерісін ұстанады.

Шетел тілін оқыту әдістемесі жайлы еңбектер орасан болғанымен, нақты қытай тілін оқыту әдістемесіне арналған еңбектердің көп еместігіне алғашқы тарауда көз жеткіздік. Дегенмен, саралай келе техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру барысында негізгі оқыту әдістері: эвристикалық әдісі, ақпараттық-рецептивтік әдісі, зерттеу әдісі, проблемалық оқыту әдісі, моделдеу әдісі таңдалды. Ал, жетекші оқыту технологиялары ретінде интерактивті әдістерді ұстандық: дискуссия әдісі, іскерлік ойын әдісі, жобалау әдісі, моделдеу әдісі. Сонымен қатар, қытай тілінің спецификалық ерекшеліктеріне байланысты дәстүрлі оқыту әдісі, эвристикалық оқыту әдісі, ақпараттық-рецептивтік және коммуникативтік оқыту әдістері қолданылады.

Бұл әдістерге толығырақ тоқталатын болсақ, студенттердің оқу материалына қызығушылығын ояту мақсатында мотивациялық-құндылықтық кезең барысында эвристикалық оқыту әдісі, ақпараттық-рецептивтік оқыту әдісі

қолданылады және ақпараттық-технологиялық, лингвистикалық субқұзыреттіліктер қалыптасады.

И.А. Лернердің тұжырымдамасы бойынша ұсынылған эвристикалық немесе ішінара іздеу әдісі бойынша студенттердің кәсіби біліктіліктерін қытай тілі бойынша дамыту үшін, болашақ қызметте қытайлықтармен тікелей немесе жанама, диалогтық немесе монологтық, ресми түрде қатынас орнататынын ескере отырып өздеріне жауапкершілік ала білу деңгейін көтеру мақсатында сабақ барысында тікелей қарым-қатынас түріндегі *эвристикалық әңгіме, дискуссия* әдісі арқылы жүзеге асырылады [162]. Ол бойынша студенттер тақырыпқа қатысты қосымша мәліметтерді дербес түрде іздестіріп, білімдерін тереңдетуі шарт [163]. Нәтижесінде білім алушылардың тақырыпқа деген қызығушылығы оянып, өз шеттілдік мүмкіндіктерінің артуы өздеріне деген сенімділіктерін оятады. Сонымен қатар, *эвристикалық әңгіме* барысында оқытушы білім алушыны тілдік тұлға ретінде қарастырып субъективті мүмкіндіктеріне қарай шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға дербес кеңес бере алады.

Келесі оқыту әдісі бұл *ақпараттық-рецептивтік* оқыту әдісі. Әрине, қытай тілінің өзіне тән спецификалық ерекшеліктері салдарынан иероглифтік жазу әсерінен негізінен мидың шығармашылыққа жауап беретін оң жақ жартышарын пайдаланатын қытайлықтардың тілін үйрену үшін және бүгінгі аудиторияда отырған толқынның клиптік ойлауға жататын ескере отырып, ойлану барысында логикалық ойлау жүйесіне жауап беретін мидың сол жақ жартышарын белсенді қолданатын алфавиттік жазуды ұстанатын тілді пайдаланушылар үшін мотивациялық-құндылықтық сатыда түрлі қолжетімді ақпараттық құралдарды іске қосу арқылы жаңа оқу материалын студенттерге ұсыну олардың назарын ұстауға және қызығушылығын оятуды көздейді. Ол үшін оқытушы шеттілдік-кәсіби бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында тиісті тақырыпқа қатысты жаңа терминдерді енгізу барысында иероглифтің құрылу жүйесі және мағынасы, қолдану аясы иллюстративтік түрде техникалық құралдарды қолдану арқылы ұсынады. Бұл әдіс студенттердің ойлау жүйесіне қытай тілінің жекелеген сөздерге қатысты қолдану механизмін түсіну арқылы әсер етіп келесі когнитивтік-тақырыптық кезеңге дайындалуға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияның дамыған заманында ақпараттандыру процесі адам қызметінің барлық салаларына, соның ішінде білім беру саласына да еніп отыр. Қазіргі заманда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетілдірілуі және жаппай таралуы байқалады (АКТ). Е.С. Полат: «Жаңа педагогикалық технологияларды жаңа ақпараттық технологияларсыз, әсіресе компьютерді кеңінен қолданбай елестету мүмкін емес», – деп атап көрсетеді. Олар «әдістердің педагогикалық, дидактикалық қызметтерін толық ашуға, оларға тән әлеуетті жүзеге асыруға мүмкіндік береді» [164]. Дүниежүзілік Интернет желісін құру білім беру процесіне үлкен әсер етті. Ақпараттық жүйе бола отырып, Интернет өз пайдаланушыларына ақпарат пен ресурстардың алуан түрлілігін ұсынады: электрондық пошта, жеке ақпаратты жариялау мүмкіндігі, жеке бетті жүргізу, ақпараттық ресурстарға қол жеткізу;

анықтамалық каталогтар және шетел тілдерін оқыту процесінде белсенді қолдануға болатын іздеу жүйелері [165-167].

Sugie пікірінше, қытай тілін үйренуге деген сұраныстың артуы зерттеушілер мен мұғалімдер, оқытушылар арасында қазіргі уақытта білім алушылардың қажеттіліктерін қалай қанағаттандыру керектігі туралы пікірталастарды ынталандырады, бұл осы мәселеге арналған ірі журналдар мен конференциялардағы ғылыми мақалалардың көбеюінен көрінеді. Дидактикалық қызығушылықтардың бірі – интернетті аудиторияда оқыту құралы ретінде пайдалану, осылайша студенттердің ақпараттық дайындығын дамыту [168]. Студенттер түрлі электронды платформалардағы подкасттар, видео фрагменттер, оқыту роликтері түріндегі веб-ресурстар ұсынылады. Оларға әсіресе кең таралған: Chineasy, Like Chinese, Yoyo Chinese, Youku, Toudu, iSpring, Pleco, Line, БКРС, ChineseSkill және т.б.

Осының барлығы студенттердің бойында ақпараттық-технологиялық және лингвистикалық субқұзыреттіліктерді топтық оқу формасы арқылы қалыптастырады.

Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың келесі кезеңі когнитивтік-тақырыптық кезеңде жеке және топтық формада зерттеу әдісін қолдану қарастырылады. Шеттілдік білім беру үдерісінде зерттеу әдісі студенттердің белсенділік танытып өз беттерімен зерттеу қабілеттерін іске қосып, нәтижеге жетуді көздейді. Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін зерттеу әдісі жобаларға (Project - Based Learning) және тапсырмаларға (Task - Based Learning) бағытталған оқыту арқылы жүргізіледі. Студенттер топтық жұмыс формасында зерттеу нәтижесі бар болашақ қызметтеріне қатысты жобалар әзірлейді. А. Н. Щукин өз еңбегінде «Студент орындайтын жобалық тапсырма тілді меңгеру процесін белгілі бір пәндік білімді меңгерумен және осы білімді нақты пайдалана білумен тікелей байланыстырады. Жеке оқу өнімі ретінде жобаны құруға бағдарлану пәндік білімді меңгеру процесін студент үшін тұлғалық маңызды, тұлғалық мотивация береді» делінген [116, б. 24]. Жоба әдісінің барлық сатысында студенттер негізгі тілдік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тіл білудің келесі деңгейінің шарттарын қанағаттандыруға іскерлік терминологияны қоса алып жүруге ұмтылады.

Зерттеу әдісінің біздің мақсатты аудиториямыз үшін пайдаланатын келесі түрі бұл тапсырмалар түріндегі практикалық сабақ беру тәсілі. Оның мақсаты студенттерді кіші топтарға жұмылдырып белгілі бір мәселеден шығу жолдарын ұсыну, яғни мәселенің туындау салдарын, қазіргі жағдайы мен салдары және оптималды шешу жолдарын ұсыну арқылы, студенттердің коммуникативтік тәсілге негізделген қарым-қатынасқа түсуге шыңдау болып табылады. Себебі бұл тапсырма бойынша тіл жаттығу ретінде емес, мақсатқа жету жолындағы қатынас құралы ретінде қолданылады, өйткені тіл шынайы қатынаста коммуникация құралы. Бұл технология тілді табиғи жолмен қабылдауға көмектеседі, алдымен біз бір нәрсе айтуды ойластырамыз, сосын сөйлеуге тырысамыз, нәтижесінде сөйлейміз және тілімізді жетілдіруге ұмтыламыз [169].

С.А. Мейрамова мақаласында «Task-based learning» моделі бойынша оқытуды іске асыру шеңберінде оқытушы құрылымдық немесе проблемалық-бағдарланған сабақты жобалай алады. Ол жалпы проблемалық оқыту технологиясымен байланысты, ынтымақтастықта оқытуға, білім алушылар мен оқытушы арасындағы белсенді және коммуникативтік өзара іс-қимылға, білім алушылардың басым дербес іс-әрекетіне сүйенеді. Проблемалық жағдай басты назарда» [170]. Әрине, жоба технологиясымен ұқсас келгенімен, тапсырма түріндегі бұл технология уақыт жағынан қысқа мерзімді, көлемі жағынан шағын келеді, бір сабақ аралығында қолданылады және студенттерді жоба технологиясы бойынша сапалы өнім шығаруға және оны жариялау барысында өздеріне деген сенімділік пен икемділікке әкеледі. Бұл тәсілді кәсіби тақырыптарды талқылау мақсатында пайдалана бастау үшін студенттердің бойында белгілі бір тілдік білімдердің қалыптасқан болуы шарт. Техникалық мамандықтар студенттерінің бойында бұл зерттеу әдісі ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктердің қалыптасуына септігін тигізеді.

Когнитивтік-тақырыптық кезеңде жүзеге асырылатын келесі оқыту әдісі бұл – проблемалық оқыту әдісі болып табылады. Бұл әдіс практикалық сабақ барысында болашақ инженерлердің қызмет барысында орын алу ықтималдылығы жоғары проблемалық жағдаяттық тапсырмалар тәсілін қолдану арқылы көрініс табады. Проблемалық жағдаяттық тапсырмалар студенттердің қытай тіліне деген қызығушылығын оятуға, сонымен қатар ойлау қабілеттерін белсендіруге және тұлғалық шеттілдік мүмкіндіктерін ескеруге бағытталған. Оқытушы жалпы аудиторияға немесе жекелеген студентке сабақ барысында өтілген іскерлік техникалық терминдерді қолдана отырып кәсіби жағдаятқа қатысты шешімді қажет ететін жағдаяттық сұрақ құрастырады, студенттер ойлау механизмдерін іске қоса отырып тапсырманы орындайды, сол арқылы ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер қалыптастырылады.

Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың прагматикалық кезеңінде біз іскерлік ойындар арқылы жүзеге асырылатын оқытудың моделдеу әдісін қолданамыз. Техникалық мамандардың шетелдік әріптестерімен жұмыс барысы ресми түрде келіс-сөздер, баяндама, презентация жасау арқылы тікелей, көп жағдайда жанама түрде, диалогтық, монологтық, полилогтік формада коммуникативтік актілер жүзеге асырылатын факторларды ескере отырып, қолдану ықтималдылығы жоғары лексикалық бірліктерді кәсіби-бағытталған деңгейге сәйкес келетін тілдік материал күрделілігін сақтай отырып, студенттерге өздерін практикалық сабақтың шешуші субъектілері ретінде сезіндіретін тақырыпқа сай іскерлік ойындар ойнатылады. Ол арқылы болашақ инженерлердің бойында өздеріне деген сенімділікпен қатар, коммуникативтік, кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер қалыптасады. Келесі 11-кестеде техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолданылатын озық оқу әдістері мен оқыту технологиялары көрсетілген.

Кесте 11 – Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудағы оқу әдістері мен оқыту технологиялары

Қалыптастыру кезеңдері	Оқыту әдістері	Қолданылатын технологиялар	Қалыптасатын субқұзыреттіліктер
Мотивациялық-құндылықтық	Эвристикалық әдісі	Эвристикалық әңгіме	Лингвистикалық, коммуникативтік
		Дискуссия	
	Ақпараттық-рецептивтік әдісі	Жаңа оқыту материалын ақпараттық технологиялар қолданысымен түсіндіру	Ақпараттық-технологиялық, лингвистикалық
Когнитивтік-тақырыптық	Зерттеу әдісі	Жоба	Ақпараттық-технологиялық, кәсіби-түсіндірмелі
		Тапсырмаға бағытталған оқыту (TBL)	
	Проблемалық оқыту әдісі	Проблемалық жағдаяттық тапсырмалар	
Прагматикалық	Үлгілеу әдісі	Іскерлік ойындар	Коммуникативтік, кәсіби-түсіндірмелі

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру барысы студенттердің бойында әр кезең бойынша жекелеген субқұзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін студенттердің тілдік мүмкіндіктері ескеріліп, сөздік қорына қарай базалық деңгейден алғашқы шеттілдік кәсіби деңгейге көтерілу мақсатында интерактивті оқыту әдісінің технологиялары қолданылды. Негізге алынған оқыту принциптері, әдістері мен технологиялары техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін құрды.

Бұл технологияларды біз топтағы қызметті ұйымдастырудың шағын ынтымақтастық топтар, ұжымдық, жеке формалары арқылы жүзеге асырамыз.

Оқытудың шағын ынтымақтастық топтарда формасы жұмыс жасау тәсілі бойынша оқытушы топты студенттердің психологиялық жағынан бірігуін ескере отырып бірнеше кішігірім топтарға бөлу арқылы тапсырма орындатуын меңзейді, себебі студенттердің эмоционалдық талпынысын ескерген жағдайда олардың өзара сенімділігі мен құрметі артып, қателесуге деген қорқыныштары кетіп, өздерін еркін ұстап, күрделі және жауапкершілігі зор тапсырмаларды орындай алады [171].

Оқытудың ұжымдық формасы түрінде студенттер тапсырманы орындау барысында жұптарын ауыстыра отырып нәтижеге жетеді. Ұжымдық жұмыс бірін-бірі үйретуді ұйымдастыруда кеңінен қолданылады [172].

Оқытудың жеке формасы түрінде білім алушы басқа студенттермен тікелей байланыс орнатпайды. Өз мәні бойынша, бұл бүкіл топ үшін берілген бірдей тапсырмаларды әр студенттің жеке дара орындауы. Алайда, оқытушы студенттің оқу мүмкіндіктерін ескере отырып берген дербес тапсырманы орындатуы көбінесе дараланған жеке жұмыс түрі деп аталады.

Сабақ барысында шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған келесі жаттығулар түрлері пайдаланылады:

Р. К. Миняр-Белоручев жаттығуға анықтама бере отырып былай деп жазды: "жаттығу одан әрі бөлшектеуге жатпайтындықтан, оны оқытудың қарапайым бірлігі деп санауға болады. Ол жаттығулар жүйесі қалыптасатын әдістемелік «кірпіш», оқыту әдістемесінің ең маңызды құрамдас бөлігі, онсыз сөйлеу дағдысын қалыптастыру мүмкін емес» [173]. Шеттілдік білім беру әдістемесінде жаттығуларды жіктеумен Е.И. Пассов [174], С.Ф. Шатилов [175], В.Л. Скалкин [176], В.А. Бухбиндер [177], И.Л. Бим [178], Б.А. Лапидус [179] және т.б. ғалымдар айналысқан. Осы зерттеулердің негізінде педагогикалық үдерісті оңтайландыру, алға қойған оқу мақсатына қарай қытай тілін үйрету бойынша жаттығулар қолданысын 1.2 тараушада келтірілген қытайтанаушы ғалымдардың тарапынан зерттелуде. Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікке жету мақсатында біз жаттығуларды репродуктивті (қабылдау, түсіну, есте сақтау), продуктивті (берілген үлгі бойынша білімді қолдану, үлгі бойынша тапсырмаларды орындау, түсіндіру) және шығармашылық (алған білімді жаңа жағдайда қолдана алу) топқа жіктеп ұсынудамыз.

Техникалық мамандықтар студенттеріне сабақ барысында репродуктивті жаттығуларға іскерлік терминдермен танысып, қайталап, есте сақтаңыз, жазылуын үлгі бойынша қайталаңыз, продуктивті жаттығуларға сөйлемді ырғақ бойынша дұрыс оқыңыз, иероглифпен берілген кәсіби терминдерді бір-бірімен дұрыс сәйкестендіріңіз, пиньинмен берілген терминдердің иероглифтік нұсқасын жазыңыз, шығармашылық жаттығуларға кәсіби терминдермен сөйлем құраңыз, монологтық мәтінді диалогтық мәтінге ауыстыру, кәсіби терминдерді қолдана отырып, өз бетінше жағдаят құру сияқты жаттығулар ұсынылады.

Аталған оқыту әдістері мен технологиялары, жаттығулары сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да студенттер тарапынан оқу, оқытушы тарапынан оқытуды түрлендіру құралы ретінде негізгі оқулықпен қатар learningapps, Wordwall, LiveWorksheets сияқты веб-ресурстар, Chineasy, Yoyo Chinese, Tudou, Youku іспеттегі youtube-блогтары, БКРС, Line, Pleco, Uncle Hanzi, MDBG сияқты онлайн сөздіктер, ChineseSkill, HelloChinese және т.б. ойын түріндегі қосымшалары қолданылады. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі 7—суретте бейнеленген.

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі

Педагог	Мақсаттық блок	Мақсаты: <u>Техникалық бағыттағы студенттердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және методологиялық негіздерін зерттеу</u>					
	Тұжырымдалымалық блок	Тәсілдер:	1. когнитивтік-коммуникативтік 2. тұлғалық-бағытталған 3. кәсіби-бағытталған 4. құзыреттілік	Принциптер:	<u>Көрнекілік, білім алушылардың жекелеген тұлғалық қажеттіліктерін ескеру, коммуникативтік, функционалдық, әлеуетті жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру, аутентивтік</u>		
	Пәндік-мазмұндық блок	<u>Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің құрамы мен құрылымы</u>					
		Лингвистикалық субқұзыреттілік	Коммуникативтік субқұзыреттілік	Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік	Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік		
		Пән: «Шетел тілі (қытай тілі)»		Модульдер:Әлеуметтік-мәдени, Экологиялық, Экономикалық, Әкімшілік, Кәсіби			
		Іскерлік жанры: нұсқаулық, хаттама, хабарлама, анықтама, бұйрық, түйіндеме		Іскерлік қатынас формалары: іскерлік әңгіме, жиналыс, келіссөз, баяндау, нұсқау беру, сұхбат, сипаттау, хабарлау, пікірталас			
	Процессуалдық блок	<u>Кезеңдер: мотивациялық-құндылықтық → когнитивтік-тақырыптық → прагматикалық</u>					
		<u>Дидактикалық шарттар:</u> - Қытай тілі бойынша отандық, шетелдік ғылыми еңбектердің негізінде оқу-әдістемелік қамтамасыздандырудың салыстырмалы анализі арқылы білім беру бағдарламасының жетілдірілуі. - Техникалық мамандықтар бойынша студенттерді проблемалық жағдаяттар арқылы кәсіби іс-әрекетке баулу. - Мамандық бойынша терминология негізінде техникалық мамандықтар студенттерін кәсіби қарым-қатынасқа бағыттау.		<u>Әдістер:</u> эвристикалық әңгіме, ақпараттық рецептивтік әдіс, зерттеу әдісі, проблемалық оқыту әдісі, үлгілеу әдісі		<u>Технологиялар:</u> Проблемалық жағдаяттық тапсырмалар, іскерлік рөлдік ойындар, эвристикалық әңгіме, дискуссия, жоба	<u>Формасы:</u> Жеке жұмыс, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, практикалық жұмыс, сыныптан тыс жұмыс
	Бағалау блогы	<u>Критерийлері</u>			<u>Бағалау деңгейлері</u>		
		Максатты-тұтастық, <u>операционалды-әрекеттік, нәтижелік</u>			Жоғары, орташа, төмен		
Нәтижелік блок	<u>Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің қалыптасуы</u>						
Студент							

Сурет 7– Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі

Сонымен қатар, сипатталған техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің әдістемелік моделіне 2024 жылдың 28-ақпанынан №43356 авторлық құқық куәлігі берілді (Қосымша Ә). Қорытындылай келе, біз қытай тілі бойынша техникалық мамандықтарда қолданылатын шеттілдік білім берудегі педагогикалық технологиялардың тиімділігін арттыру мақсатында техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге тән спецификалық ерекшеліктерді ескеруді жөн көрдік және техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің әдістемелік моделі тілдік емес мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша мамандығына қатысты ақпараттардың шеттілдік нұсқасын меңгеріп, қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін береді.

2.3 Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жұмысы

Жоғарыда атап өткеніміздей, техникалық мамандықтарда білім алып жатқан студенттерге қытай тілі бойынша қолданылып отырған оқу материалдары, оқу бағдарламасына сәйкес сағаттар санының шектеулігі олардың бойында шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға сәйкес келмейді. Көбінесе, бұл мамандықтардың студенттері жалпы лингвистикалық білімдермен шектеліп, кәсіби диалог жүргізуге дәрменсіздік танытады. Сондықтан, техникалық мамандықтарда оқитын студенттердің қытай тілін оқыту бойынша ғылыми-әдістемелік негіздерін қайта қарастырып, оған мамандық бойынша кәсіби терминологияны кіріктіру қажет, сол арқылы студенттердің бойында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік туады. Белгілі бір салаға бағытталған тілді меңгерудің, оң нәтижеге жетудегі қиындықтарының аспектілеріне көптеген ғалымдардың еңбектері арналған [180–184] және оларды саралай келе, кез-келген мамандық иесінің кәсіби біліктілігінің мықтылығының көрсеткіші бола алатын коммуникативті құзыреттілікке назар аударуымыз қажет [185].

Кәсіби салада шетел тілінде коммуникативтік құзыреттіліктің максималды деңгейіне жету үшін оқытудың тиімді әдістерін жиынтықта біріктіру қажет. Ал егер, техникалық мамандықтарға, оның ішінде «Мұнай және газ» саласындағы мамандықтарға арналған типтік оқу бағдарламаларында жалпы гуманитарлық пәндер тізбегіндегі кәсіби шетел тілі бойынша көрсетілген қалыптастыруға міндетті құзыреттіліктерге көз жүгіртсек, студенттер шетел тілінде кәсіптік, іскерлік тіл негіздерін, ауызша және жазбаша түрде кәсіптік, іскерлік қарым-қатынасқа түсуге, сөздіктермен, анықтамалық, техникалық мәтіндермен жұмыс істеуге, кәсіптік бағыттағы мәтіндерді аударуға, аудару техникасын игеруге тиіс [186]. Яғни, болашақ инженерлеріміз өздерінің шетелдік әріптестерімен, біздің жағдайда қытайлық әріптестерімен белгілі-бір деңгейде кәсіби салада іскерлік қарым-қатынасқа түсуге икемді болуларын қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді. Бұл мақсатқа жету үшін жалпы тіл білімдерімен, күнделікті қолданысқа қажетті қабілеттерді игеру жеткіліксіз, техникалық мамандықтар студенттері лингвомәдени білімдермен қоса кәсіби, іскерлік терминологияны игеруге

негізделген шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру қажет. Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік азаматтық қоғамдағы тұлғаның әлеуметтік, саяси, қарым-қатынас, ақпарат негізінде кәсіби мәселелерді шешуге қауқарлы «негізгі құзыреттіліктер» жиыны құрайды [24, б. 113]. Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің құрамдас бөлігін біз жоғары тарауларда көрсеткен лингвистикалық, ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктерден құрастырамыз.

Шетел тілін білу әрдайым жаңа мүмкіндіктер ашады, көкжиектерді кеңейтеді, ал тілдік емес мамандықтардың студенттері үшін болашақ мамандығын игерудің қосымша мүмкіндігі болып көрінеді. Алайда, бұл сұранысты орындау оңай емес және қытай тіліне шетел тілі ретінде тән факторларды ескеретін болса, онда жағдай одан сайын шиеленісе, қиындай түседі.

Қытай тілін оқыту басқа шетел тілдерін оқыту сияқты сөйлеу әрекетінің түрлері арқылы жүзеге асырылады. Тек, қытай тілі оқшауланған тілдер қатарына жатуына байланысты өзіне тән спецификалық ерекшеліктері бар. Мысалы, сөйлеу әрекетінің продуктивті түрі айтылым бойынша қытай тілінің фонетикалық жүйесіне келетін болсақ, қытай тілі тондық тілдер қатарына жатады. Қытай тілін үйрену барысында тондарға аса үлкен мән беріледі және оқытудың қай деңгейінде болмасын өз өзектілігін жоғалтпайды, себебі тоны дұрыс дыбысталмаған сөздің мағынасы да өзгеріске ұшырауына байланысты үлкен қателіктерге әкелу қаупі бар, әсіресе техникалық сала мамандары арасында [112, б. 192]. Тондарды дыбыстау ғана емес оларды есту де дәл осындай маңыздылыққа ие. Дұрыс декодталмаған хабарлама бұрыс тұжырым жасауға әкеледі. Қытай тілін оқыту барысында білім алушылар үшін ең күрделі сөйлеу әрекетінің түрі – тыңдалым. Білім алушылар әдетте қытай тілін оқу сыныбында шетелдік білім алушыларға арналған аудио, видео материалдардың көмегі арқылы тыңдалым әрекетімен жұмыс жүргізеді. Студенттерге қытайлықтардың сөйлеу интонациясын, сөйлеу қарқынын меңгеру үшін, өз артикуляциялық жүйесін қытайлықтардікіне неғұрлым жақындату үшін бос уақыттарында бейне роликтер көруге, подкасттар тыңдауға кеңес беріледі [187]. Студенттер үшін қытай тілін үйрену барысында қиындық туындататын келесі мәселе қытай иероглифтері болып табылады. Қытай жазуы логографиялық жазу түріне жатады және иероглифтер сөздің фонетикалық дыбысталуымен сүйемелденбейді, яғни иероглиф нақты сөздің мағынасын білдіреді. Қытай иероглифтері түріне, жасалу жолдарына қарай бөлінеді, нақтыланған ереже бойынша жазылу реттілігі бар және иероглифтерді есте сақтау технологиялары да бар [188]. Қытай тілін оқыту барысында мәтінмен жұмыс жасау үш кезеңге бөліп қарастырылған. Мәтінді оқу алдындағы жұмыс, мәтінді оқу және аудару, мәтінді оқып болғаннан кейінгі жаттығуларды орындау және сұрақтарға жауап беру кезеңі. Мәтін бойынша студенттер негізгі ойды анықтау, кілт сөздерді тану, талдау, саралау, тұжырымға келу жұмыстарын атқарады. Студенттер мәтіндер арқылы қытайлық ойлау ерекшелігімен танысады, өздерінің әлемдік танымын кеңейте түседі. Ал, техникалық мамандықтар студенттері аутентивтік мәтіндер

арқылы өз шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыта түседі [189]. Аталған сөйлеу әрекеті бойынша қытай тілін оқыту ерекшеліктері техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруға арналған әдістемеде көрініс тапты.

Студенттердің бойында қытай тіліне деген қызығушылығы кәсіби салада жалғасын табу үшін ұсынылған оқыту әдістері мен принциптерінің негізінде шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудағы алғашқы кезең мотивациялық-құндылықтық кезең болғандықтан, оқыту процесінің технологиясын сипаттауды осы кезеңнен бастайтынымыз анық. Мотивациялық-құндылықтық кезеңнің басты мақсаты ең алдымен аудиториядағы студенттердің қытай тілін оқуға деген ынтасын ояту мен оны прогрессивті түрде күшейту болып табылады. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытушы алдында келесідей міндеттер туындайды:

- Студенттердің қытай тілін кәсіби бағытта қолдана алуға деген ынтасының дәрежесі мен тілдік мүмкіндіктері қандай деңгейде екенін сараптау;
- Қытай тілін іскерлік қатынаста қолдануға деген оң көз-қарас қалыптастыру, студенттердің тілді мамандық шеңберінде меңгеруге деген талпынысын ояту, дербес түрде зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тілдік мүмкіндіктерін тереңдетуге бастама беру;
- Мәдениетаралық қатынаста қытай тілін іскерлік қатынаста қолданудың артықшылықтарын студенттерге түсіндіру;
- Студенттердің қытай тілін кәсіби сала бойынша меңгеруге деген дайындығын анықтау.

Мотивациялық-құндылықтық кезеңде біз эвристикалық әңгіме, дискуссия және жаңа оқыту материалын ақпараттық технологиялар қолданысымен түсіндіру сияқты оқыту тәсілдерін пайдаланамыз.

Оқытушы техникалық мамандықтар студенттерімен ең алғашқы кездесу сабағында қытай тіліне деген қызығушылық деңгейін, оқы себебін, тілдік мүмкіндіктерін және жеке қажеттіліктерін анықтау мақсатында ашық және еркін формада ауызша немесе жазбаша түрде сауалнама жүргізеді.

Сауалнама жүргізіліп болған соң, оқытушы студенттердің назарына қытай тілінде қарапайым тілдік материалдардан құралған бірнеше шағын түрдегі аудиожазбалар ұсынылады. Әр аудиожазбаны тыңдап болған соң, студенттердің міндеті тілдік білімдері мен ішкі интуицияларына сүйене отырып аудиожазбаларды тұрмыстық және кәсіби бағытта екенін анықтау. Бұл үшін оқытушы өте қарапайым лексикалық бірліктерден құралған мәтіндерге таңдау жасағаны абзал, әсіресе кәсіби бағыттағы мәтіндер құрамында мүмкіндігінше тек бірнеше іскерлік терминдер болғаны жөн. Себебі, бұл кезеңде оқытушы студенттердің бойында тілді меңгеруде жетістікке жете алу мүмкіндігі жоғары екенін сезіндіру, өздеріне деген құрмет пен сенімділіктің артуын көрсету қажет. Ол үшін оқытушы студенттермен бірге болашақ мамандықтарына қатысты қытай тілі бойынша шеттілдік құзыреттілігін дамытудың тиімділігі мен артықшылықтары, бүгінгі таңдағы қоғамдық сұраныстардан бастап психологиялық сенімділікке дейін сөзге дәйек етіледі, талқыға салынады,

аудиторияда эвристикалық әңгіме орын алады. Әңгімелесу барысында оқытушы студенттерге тілді кәсіби бағыттағы қолданыста игерудің мүмкін екенін, оның қызықты процесс екендігіне назар аударту қажет. Сонымен қатар, аудиожазба бойынша неғұрлым белсенді әрі дұрыс жауап берген студенттерге оқытушы ерекше ықылас білдіру арқылы аудиторияда қалған студенттердің сабаққа деген қызығушылығын тудырып, назарын аудартады, жетістікке жеткен адамның құрмет пен қошеметке бөленетінін көрсетеді.

Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың артықшылықтары жайлы оңтайлы әсер қалдырғаннан кейін оқытушы студенттерден өздерінің жетістікке әкелген мықты тұстары, қасиеттері жайлы ойланып, анализ жасауды сұрайды. Бұл арқылы оқытушы студенттерге қытай тілін дербес түрде меңгеруге деген талпынысын оятып, қабілеттіліктерін тануды көрсетеді, мотивациясын өсіреді. Ол үшін оқытушы шағын көлемде студенттерге келесідей сауалдарды қоюына болады:

- Өзіңіздің барлық күш жігеріңізді жинап, төзімділік пен жігерлік танытқан кезіңізді есіңізге түсіріңіз? (Мысалы: Ұлттық біріңғай тестіне дайындалу кезі, алғаш рет үйіңізден жыраққа жалғыз аттанған сапарыңыз және т.б.);
- Жетістікке, олжаға кенелген сәттегі өзіңіздің сезінген эмоцияңызды есіңізге алыңыз? (Мысалы: өзіңе деген мақтаныш сезімі, қанағаттану сезімі);
- Өзіңіздің жақсы қасиеттеріңіз жайлы ойланыңыз, өзіңізді мақтаңыз;
- Өзіңізге қытай тілін ары қарай іскерлік қатынаста қолдана алатындай мүмкіндікте болуға, қытай тілінде іскерлік қатынас жүргізуге құзыретті болу үшін еңбектенуге сөз беріңіз.

Мотивациялық-құндылықтық кезеңде қолданылатын келесі оқыту тәсілі дискуссия болып табылады. Дискуссия барысы студенттер арасында пікірталас тудырып, сабақты жандандыра түседі. Ол үшін оқытушы оқу жұмыс жоспарының тақырыптық мазмұнын негізге ала отырып, студенттердің алдына берілген тақырыптар бойынша терминдерді ұсынады. Ал, студенттер өз тараптарынан қытай тіліндегі баламасын білуі қажет деп саналатын терминдерді, жұмыс барысында орын алуы мүмкін жағдаяттарды талқылайды. Себебі, айта кететін жайт, оқытушы ең алдымен, техникалық мамандық иесі емес, сондықтан өзінің жүргізген дербес сараптамасынан бөлек студенттердің көз-қарасы мен қалауларын ескергені жөн. Бұл студенттердің сабаққа белсенді қатысуына, сыртқы және ішкі мотивтерін айқындай отырып қанағаттандыруына ықпал етеді. Мысалы, оқытушы студенттердің назарына «Мұнай және газ» деген тақырып бойынша ең қажетті сөздік қорын талқылауды сұрайды. Осы мезетте студенттер арасында маңыздылығы мен қолданыс жиілігі жайлы терминдерді таңдау дискуссиясы басталады. Тараптар келісуімен, оқытушы ұсынған сөздерді өзіне жазып алады, кейін тақырып өту барысында төмендегі 12-кестеде келтірілгендей түрде студенттердің назарына ұсынады.

Кесте 12– Тақырып бойынша терминдер

Иероглиф	Пиньинь	Аудармасы
协调中心	xiétiáozhōngxīn	координаторлық орталық
管道	guǎndào	құбыр
应急工况	yìngjígōngkuàng	авариялық жағдай
康采恩	kāngcǎi'ēn	концерн
输气	shūqì	газ
气源	qì yuán	газ көзі
供气	gōngqì	газбен қамтамасыз ету
万方/天	wànfāng/tiān	куб.м./тәулігіне
调整	tiáozhěng	реттеу, түзеу
函件	hánjiàn	корреспонденция; хаттар
即刻	jíkè	бірден, дереу
执行	zhíxíng	орындау
具体	jùtǐ	нақты, белгілі
恢复时间	huīfùshíjiān	қалпына келтіру уақыты
为准	wéizhǔn	норма ретінде
相关单位	xiāngguāndānwèi	тиісті ұйымдар, мамандандырылған құрылымдар
输气公司	shūqìgōngsī	газ тасымалдаушы компания
控制和调度中心	kòngzhìhédiàodùzhōngxīn	бақылаушы-диспетчерлік орталық

Мотивациялық-құндылықтық кезеңде орын алатын оқытудың келесі тәсілі бұл – жаңа оқыту материалын ақпараттық технологиялар қолданысымен түсіндіру. Бұған дейін де сөзге дәйек етілгендей бүгінгі танды электронды технологияларсыз елестету мүмкін емес. Техникалық құралдар әрбір адамды қамтыған. Әсіресе, жастар тарапынан зор сұранысқа ие, қызығушылық ортасын құрауда. Ал, бұл өз кезегінде біздің тарапымыздан қытай тіліне деген қызығушылықты арттырып, шетілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруда қолданылатын оқыту құралы ретінде қарастырылады. Сондықтан, оқытушы студенттердің қызығушылығын арттыру үшін келесідей мобильді қосымшаларды пайдалануға кеңес береді Pleco, BKRS сөздігі, The Chairman's Bao, Qing Ting, Pinyin Chart, ChineseSkill, Trainchinese және т.б. Сонымен қатар, бос уақытта қытай тілінде подкаст тыңдауды әдетке айналдыру тамаша нәтижелер беретіні түсіндіріледі. Аудиторияда бұл процес қалай жүреді, оқытушы берілген жаңа сөздерді талдау барысында студенттердің назарын барынша өзіне аудару үшін, өтіліп жатқан әр лексикалық бірлікті жеке дара

компьютерлік технологиялар көмегімен тақтаға шығарып, ақпарат есте тез қалуы үшін мүмкіндігінше визуалдық және аудио сүйемелдеу енгізеді, иероглифтің жазылу реттілігін қосымшалар көмегімен ұсынады. Студенттер қытай иероглифтерінің жазылу логикасын алғашқы деңгейлерде түсінгендіктен, бұл процесс аса көп аудиториялық уақытты алмайды, дегенмен өздеріне сенімді болуы үшін және қателіктерге жол бермес үшін сабақ барысында бұл элементке үстіртін қарауға болмайды.

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың алғашқы кезеңі мотивациялық-құндылықтық кезеңде студенттердің бойында лингвистикалық, ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік субқұзыреттіліктер дамиды. Бұл кезеңде қолданылатын оқыту тәсілдері арқылы студенттердің қытай тілін іскерлік қатынас мақсатында үйренуге деген мотивациясын оятып, ары қарай терең когнитивтік жұмысты бастауға дайын боламыз. Келесі 13-кестеде мотивациялық-құндылықтық кезеңдегі оқытушы мен студенттің іс-әрекеті берілген.

Кесте 13– Мотивациялық-құндылықтық кезеңдегі оқытушы мен студенттің іс-әрекеті

Оқытушы	Студент
1	2
Студенттердің кәсіби салада қытай тілін қолдануға деген қызығушылық деңгейін анықтау	
Студенттердің ынтасы мен қызығушылығын анықтау үшін алдын-ала сауалнама ұйымдастырады, нәтижелерді тіркейді, тілдік мүмкіндіктерін белгілейді, дербес қажеттіліктеріне көңіл аударады, студенттерді белсенді жауап беруге ынталандырады.	Сауалнамаға жауап береді, пікірталасқа ашық және белсенді қатысады
Кәсіби және тұрмыстық форматтағы қатынасты анықтау	
Тұрмыстық және іскерлік қатынасты қамтыған тапсырмалар әзірлейді.	Тұрмыстық және іскерлік қатынасты қамтыған тапсырмалар ажыратады
Эвристикалық әңгіме	

13-кестенің жалғасы

1	2
Ұсынылған тапсырманы студенттердің оқытушымен бірлесе талқылауын көздейді; Қытай тілін кәсіби салада қолданудың артықшылықтары мен тиімділігін ұғындыру арқылы студенттердің қытай тілін үйренуге ұмтылдырады; Іскерлік қатынасты айқындау арқылы студенттердің бойында жетістікке жете алу мүмкіндігін көрсетеді;	Тапсырманы оқытушымен және топтағы қалған студенттермен талқылайды; Қытай тілін кәсіби салада қолдануға қол жеткізуді мақсат етіп қойып, оған жету жолдарын ойластырады; Қытай тілін кәсіби салада қолданудың қолжетімді екенін түсінеді;
Іскерлік қатынасты игерудің болашақ кәсіби салада маңыздылығын айқындай түседі.	Болашақ инженер ретінде қытай тілінде кәсіби қатынас жүргізе алу мүмкіндігінің маңыздылығын айқындай түседі.
Студенттердің дербес мықты тұстарын анықтау анализі	
Студенттердің дербес мықты тұстарын анықтауға және баға беруге арналған сұрақтар әзірлейді.	Сауалнамаға қатысады және дербес мықты тұстары жайлы шешімдер қабылдайды.
Дискуссия	
Студенттердің сабаққа ынтасын ояту үшін маңыздылығы жоғары қытай тіліндегі баламасын үйренетін терминдерді анықтауға шақырады, пікірталас ұйымдастырады.	Студенттер өз мамандықтары бойынша тақырыпқа сәйкес терминдерді анықтау үшін өзара пікірталасқа түседі, ортақ ой қорытындысына келеді, қытай тілін үйренуге деген ынтасы дами түседі.
Жаңа оқыту материалын ақпараттық технологиялар қолданысымен түсіндіру	
Студенттерге дербес түрде қытай тілі бойынша білімдерін тереңдету мақсатында қолданатын электронды қосымшалардың тізімін ұсынады, кеңес береді; Дискуссия бойынша анықталған терминдерді компьютерлік технологиялар көмегімен түсіндіреді.	Оқытушы ұсынған ақпараттық қосымшаларға сараптама жасайды, өз басына қолдануға ыңғайлысын анықтайды және дербес түрде білімін жетілдіруге ұмтылады; Мамандыққа қатысты лексикалық бірліктерді жаңа технологиялар көмегімен меңгеруге, қолданыс аясын кеңейтуге тырысады.

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың келесі кезеңі когнитивтік-тақырыптық кезең. Когнитивтік-тақырыптық кезеңнің мақсаты студенттердің нақты мамандыққа қатысты іскерлік терминдерді игеруі, іскерлік терминдерді ажырата білуі, олардың қолданысын түсінуі және кәсіби салада қарым-қатынас жүргізуге қабілетті болуын көздейді. Нақтыланған мақсат келесідей міндеттердің орындалуын көздейді:

- Білім алушылардың ұсынылған оқу материалына саналы және жауапкершілікпен келуіне жағдай туғызу;
- Қытай тілі бойынша қажетті ақпаратты қытайлық электронды ресурстардан іздеуді үйрету;
- Қытай тілі бойынша өз білімін қажеттілігіне қарай дербес жетілдіруді үйрену;
- Мамандығына қатысты кәсіби жағдаяттармен қытай тілі бойынша шеттілдік құзыреттілігін дамыту үшін топтық жұмыстарды ұйымдастыру;
- Кәсіби салада проблемалық ситуациялық жағдаяттарды оңтайлы шешімге әкелетін қарым-қатынасқа түсудің жолдарын ұғындыру;
- Студенттердің қытай тілінен кәсіби бағыттағы іскерлік терминология қолданысының жағдайына әрдайым диагностика жасап отыру.

Аталған міндеттерді орындап, мақсатқа жету үшін жоғарыда 18- кестеде көрсетілген оқыту әдістер мен технологиялары қолданылған болуы керек. Алғашқы мотивациялық-құндылықтық кезеңнің нәтижесінде студенттердің қытай тілін үйренуге деген ынтасы оянып, іскерлік терминологиямен жұмыс жасауға қызығушылығы артқаннан кейін студенттерге аутентивті мәтін ұсынылалды. Төменде «Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-баағытталған құзыреттілікті қалыптастыру» атты зерттеу мақаламызда берілген мысалдарды келтірдік [6, б. 143]. Заманауи ұстаздың дәрісін ұтқыр техникалық және технологиялық құралдарсыз елестету қиын. Практикалық сабақтың шектеулі уақытын неғұрлым тиімді пайдалану үшін оқытушы студенттеріне аудиторияда талқыланған жаңа лексикалық бірліктер қамтылған кәсіби құндылығы бар мәтінді үй жұмысы есебінде тапсырады. Әрине, қазіргі технологиялар, жасанды интеллект көмегімен мәтінді аударып келу студенттерге аса қиындық тудырмайды, алайда мәтіннен алынған ақпарат пен білімді өз қажеттілігіне қарай қалай тиімді қолдану керектігін түсіну үшін біраз іздемпаздықты, зерттеу жұмысын талап етеді. Сол себепті оқытушы өз тарапынан студенттерге «Мұнай және газ» тақырыбының жаңа сөздері аудиторияда талқыланғаннан кейін тақырыпқа қарасты мәтінмен жұмысты студенттердің жауапкершілігіне тапсырады. Студенттер сабақтан тыс уақытта оқытушы үлестірген басылған немесе электронды түрдегі материалдың негізінде мәтінді аударады, бейтаныс сөздерді өз беттерімен аударады, кілт сөздерді анықтайды, негізгі ойды шығарады, іскерлік терминдердің қолданысына мән береді.

北 京 协 调 中 心

协调函〔2015-〕15号

关于调整中亚各气源供气量的函

各相关单位：

因中国国内管道出现应急工况，康采恩 110 亿合同下供气量由 2300 万方/天调整为 3710 万方/天、康采恩 200 亿合同下供气量 660 万方/天不变，阿姆河供气量由 4000 万方/天调整为 3770 万方/天，乌输气供气量由 2200 万方/天调整为 1002 万方/天，哈输气供气量由 1800 万方/天调整为 1330 万方/天。自收到函件起即刻执行，9 月 17 日 15:00（北京时间）前调整到位。

具体恢复时间以北京协调中心函件为准，请各相关单位做好运行调整。

主送：阿姆河，康采恩，乌输气公司，哈输气公司抄送：国际事业公司、中油国际管道公司、布哈拉调控中石 7 阿拉木图调控中心

北京协调中心

年——月——日印发

Берілген мәтінде 300-ге жуық иероглиф бар. Білім алушылар мәтінге дайындалып келеді, мәтіннің сөздік құрамы келесі схема бойынша есте сақталады: иероглиф – аударма – сөйлеммен мысал. Сондықтан мәтінді талдау бірден мәнерлеп оқудан басталады. Бұл кезеңде басты назар иероглифтердің дұрыс айтылуына аударылады. Бұл сабақтың мәтіні таза кәсіби сипаттағы инженер-маманның күнделікті жұмысында кездеседі, сондықтан қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған субқұзыреттердің барлық түрлерін дамытады. Студенттер мәтінді жан-жақты талдап болған соң өздеріне рефлексия жасау және сөйлеу дағдыларын дамыту үшін мәтіннің аудио нұсқасын тыңдауға көшеді [6, б. 144].

Келесі кезекте оқытушы студенттердің берілген оқу материалы бойынша машықтанып, қолданысын жетілдіру үшін жаттығулар желісін ұсынады. Алдыңғы тараушада көрсетілгендей жаңа сабақтың іскерлік терминологиясын игеріп, оның қолданысын дағдыландыру үшін біз әдістемеде өз нәтижелігін дәлелдеген репродуктивті және продуктивті жаттығулар түрлерін қолданамыз.

Тақырып бойынша репродуктивті түрдегі жаттығулар

Алғашқы жаттығу сабақ барысында өтілген жаңа сөздерінің тондарын ажыратып, дұрыс дыбыстауға арналған. Бұл жаттығу бойынша сөйлеу әрекетінің оқылым, айтылым, тыңдалым сияқты түрлері белсендіріледі және лингвистикалық, коммуникативтік субқұзыреттіліктер дамиды.

Тондарды дұрыс дыбыстаңыз:

Shíyóu – shīyóu, shū qì - shǔ qì, qì yuán - qī yuǎn, gōng qì - gǒng qī, xiétíáo zhōngxīn - xiētíáo zhōngxín, guǎndào – guándǎo, yìngjī gōngkuàng - yíngjī góngkuáng, huífù shíjiān - huífù shíjiǎn, wéizhǔn – wēizhùn, shū qì gōngsī - shù qí gōngsī, kòngzhì hé diàodù zhòng xīn - kòngzhìhé diàodù zhòng xín.

Келесі ұсынылатын жаттығу бойынша студенттер жаңа өтілген іскерлік терминдер бойынша ритмикалық теорияны ұстана отырып жеке дара берілген пиньиндерді сөздердің айтылу тәртібі бойынша дұрыс айтып шығу керек. Тапсырма топ бойынша орындалады және дұрыс жауабы студенттердің жауабынан кейін экранға шығарылады. Бұл жаттығу бойынша сөйлеу әрекетінің айтылым, тыңдалым сияқты түрлері белсендіріледі және коммуникативтік субқұзыреттілік дамиды. Келесі 14-кестеде сөздердің ритм бойынша дұрыс айтылуына арналған жаттығу берілген.

Кесте 14 – Сөздердің ритм бойынша дұрыс айтылуына арналған жаттығу

#	Тапсырма	Жауабы	Дұрыс жауабы
1	guǎn-dào-chū-xiàn-yìng-jí-gōng-kuàng 管道出现应急工况		Guǎndào chūxiàn yìngjí gōngkuàng
2	kāng-cǎi'ēn-hé-tóng-xià-gōng-qì-liàng-yóu 康采恩...合同下供气量由		kāngcǎi'ēn hétóng xià gōngqì liàngyóu
3	hā-shū-qì-gōng-qì-liàng-yóu 哈输气供气量由		Hā shūqì gōngqì liàngyóu
4	Zì-shōu-dào-hán-jiàn-qǐ-jí-kè-zhí-xíng 自收到函件起即刻执行		Zì shōu dào hánjiàn qǐ jí kè zhíxíng
5	zhōng-yóu-guó-jì-guǎn-dào-gōng-sī 中油国际管道公司		Zhōngyóu guójì guǎndào gōngsī

Келесі 15-кестеде берілген тапсырма бойынша студенттер кәсіби термин бойынша иероглифтің бірінші бөлігіндегі санмен екінші бөлігіндегі әріпті сызықша арқылы сәйкестендіру керек. Бұл жаттығу студенттерге өтілген иероглифтерді естерінде сақтауға көмектеседі, сөйлеу әрекетінің айтылым, жазылым, оқылым сияқты түрлері және лингвистикалық, коммуникативтік субқұзыреттіліктер дамиды. Жаттығудың бұл түрі уақыт үнемдеуге көмектеседі.

Кесте 15– Иероглифтерді есте сақтауға арналған жаттығу

№	Иероглифтің бірінші бөлігі	Сызық арқылы сәйкестендіріңіз		Иероглифтің екінші бөлігі	Сөзді толық жазыңыз	Пиньин жазыңыз
1	管		A	气		
2	输		B	源		
3	气		C	件		
4	调		D	整		
5	函		E	道		

Келесі 16–кестеде жаттығу төменде берілген пиньиндерді иероглифтермен жазып шығыңыз. Бұл жаттығу студенттерге өтілген иероглифтерді қаншалықты есте сақтағандарын көрсетеді. Сөйлеу әрекетінің оқылым, жазылым түрлері, коммуникативтік субқұзыреттілік дамиды.

Кесте 16– Сөздердің жазылуы мен аудармасын есте сақтауға арналған жаттығу

№	Пиньин	Иероглиф	Аударма
1	yìngjígōngkuàng		
2	guǎndào		
3	xiétiáozhōngxīn		
4	qì yuán		
5	kòngzhìhédiàodùzhōngxīn		
6	xiāngguāndānwèi		

Тақырып бойынша продуктивті түрдегі жаттығулар

Келесі студенттер назарына ұсынылатын жаттығу өтілген кәсіби терминдермен сөйлем құрастыру. Студенттер берілген терминдері қолдану арқылы өз когнитивтік ойлау саналарын дамыта түседі, сонымен қатар бұл процессте сөйлеу әрекетінің оқылым, айтылым, жазылым сияқты түрлері қатысады және кәсіби-түсіндірмелі, коммуникативтік субқұзыреттіліктер дамиды.

Берілген термин сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

协调中心

控制和调度中心

输气公司

相关单位

恢复时间

应急工况

Келесі тапсырма бойынша студенттер сабақ мәтіні негізінде берілген сөйлемдерді тыңдау арқылы дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтайды. Тыңдалым, айтылым сияқты сөйлеу әрекетінің түрлері іске қосылады. Кәсіби-түсіндірмелі, коммуникативтік субқұзыреттіліктер дамиды.

Төменде берілген сөйлемдердің дұрыс/бұрыс екендігін анықтаңыз.

从管道上拆下

应急工况气田在/在应急工况气田

我父亲是控制和调度中心作业员的/我父亲是控制和调度中心的作业员

协调中心阿拉木图/阿拉木图协调中心

自收到函件即刻起执行/自收到函件起即刻执行

Тағы бір тапсырма бойынша студенттер қазақ тілінде берілген кәсіби бағыттағы мәтінді қытай тіліне аударуы керек. Бұл арқылы студенттердің кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілігі дамиды, сөйлеу әрекетінің айтылым, оқылым, жазылым түрлері қатысады.

Төмендегі мәтінді қытай тіліне аударыңыз.

«Ресейдің магистральдық газ құбырларының бірінде төтенше жағдай орын алуына байланысты Қазақстанға газ беру тоқтатылды. «ҚазТрансГаз» ұлттық газ тасымалдау компаниясы Қытайға газ жеткізу тоқтамайды деп хабарлайды. Бақылау-диспетчерлік орталық Қытайға газ жеткізу режимін бақылайды» [6, б. 146].

Ендігі кезекте студенттер практикалық сабақ барысында тапсырмаларға бағытталған оқыту технологиясы бойынша тақырып бойынша оқытушы тарапынан ұсынылған тапсырмалардың шешімін табуға кіріседі. Ондай спецификалық тапсырмалардың бірі оқытушы жұпқа бөлінген студенттерге тақырып мәтіні бойынша берілген жағдаяттың салдары мен шешімін бір-біріне түсіндіру, коммуникацияға түсу.

Аудиторияда тақырып бойынша оқу жаттығулары іске асырылып, студенттер сөздердің қолданысын түсініп, қарым-қатынасқа түсуге жақындағаннан кейін оқытушы жоба әдісі бойынша студенттерді топқа бөліп кәсіби бағытталған тапсырмалар үлестіреді. Ол бойынша студенттер кіші топтарға бөлініп жергілікті пункт нүктелердің бірінде төтенше жағдай орын алды, ендігі кезекте бастапқы пункттен соңғы пунктке дейінгі газ жеткізу процесін тоқтатпай жұмысты жалғастыру болып табылады. Ол үшін бір топ студенттер хабарлама хатын дайындаумен айналысады, басқа топ жауап хатын дайындайды, тағы бір топ төтенше жағдай орын алу себептері жайлы баяндайды, ендігі бір топ жөндеу жұмыстары жайлы хабарлама береді. Осылайша жобалаушылар қысқа мерзімді жобаға кіріседі, нәтижесінде әр топ ресми түрдегі баяндама әзірлейді. Коммуникативтік, кәсіби-түсіндірмелі және ақпараттық-технологиялық субқұзыреттіліктерін дамытады.

Сонымен қатар, студенттердің кәсіби салада шеттілдік мүмкіндіктерін шыңдау мақсатында проблемалық оқыту әдістерінің келесі түрі проблемалық жағдаяттық тапсырмалар орындалады. Бұл сатыда оқытушы аудиторияда студенттерден іздемпаздықты талап ететін, шамалары жететін кәсіби салада орын алуы мүмкін мәселелерді ұсынады. студенттер өз тараптарынан мәселенің шешімін жан-жақты іздестіреді. Мысалы, тақырып бойынша мынандай жағдай орын алуы мүмкін.

а) Бақылау диспетчерлік бөлімі газ линиясының бірінде қысым күрт түсіп кеткенін уақытылы байқамай қалады, салдарынан Қытайға тасымалданатын газ мөлшері межелеген нормадан аз кетеді, бұл мәселеден шығу жолдарын анықтаңыз.

б) Арал өңіріндегі газ құбыры сыртқы факторлар салдарынан төтенше режимде істен шықты, аталған жердегі жөндеу жұмыстары жайлы қытайлық әріптесіңізге хабарлаңыз.

с) Мұнай өндіру кен орнында қытайдан әкелінген бұрғылау станоктарының біріне жөндеу жұмыстары қажет, осы жөнінде сұраныс хатын жолдаңыз.

Осы іспеттес проблемалық жағдаяттық тапсырмалар студенттердің тікелей кәсіби атмосфераға еніп қана қоймай, шеттілдік қабілеттерін шыңдай түседі. Коммуникативтік, кәсіби-түсіндірмелі, ақпараттық-технологиялық субқұзыреттіліктерін дамытады. Төмендегі 17–кестеде когнитивтік-тақырыптық кезеңдегі оқытушы мен студенттің іс-әрекеті қамтылған.

Кесте 17– Когнитивтік-тақырыптық кезеңдегі оқытушы мен студенттің іс-әрекеті

Оқытушы	Студент
1	2
Мәтінмен жұмыс	
Студенттердің қытай тілі бойынша кәсіби шеттілдік құзыреттілігін дамыту үшін кәсіби термнология қамтылған жағдаятын құру; Студенттердің дербес жауапкершілігіне жүктелген тапсырма беру;	Кәсіби шеттілдік құзыреттілікті дамыту мақсатында оқытушы тарапынан берілген тапсырмамен жіті танысып шығу; Берілген тапсырма бойынша дербес зерттеу жұмысын жауапкершілікпен атқару;
Студенттер тарапынан жасалынған жұмысты аудиторияда талқылау қателіктермен жұмыс жасау.	Жасалынған жұмыс нәтижесін талқылау, қателіктермен жұмыс жасау.
Репродуктивті және продуктивті жаттығулар типологиясы	

18-кестенің жалғасы

1	2
Тақырып бойынша өтілген жаңа сөздердің қолданысын есте сақтап, машықтану үшін жаттығулар әзірлейді, студенттерді орындауға шақырады. Жіберілген қателермен жұмыс жасайды, кеңес береді, студенттерді ынталандырады, жеке кеңестер береді. Топтың сабақ үстіндегі ахуалын бақылайды, сараптама жасайды, оқу әрекетіне анализ жасайды.	Берілген жаттығуларды дара, топтық, жұптық формада орындайды. Оқытушымен қатемен жұмыс жүргізеді. Өз жұмысына рефлексия жүргізеді.
Тапсырмаға бағытталған оқыту	
Студенттерді жұптық жұмыс формасына ауыстырады. Мәселені талқылауда тілдік құзыреттіліктерін ынталандырады, құптайды.	Өзара мәселені талқылауға тырысады. Барынша көп коммуникацияға түсуге ұмтылады.
Жобалау әдісі	
Оқыту процессін түрлендіреді, студенттерді топқа бөледі. Тақырыпқа қатысты тапсырмалар әзірлейді, студенттерге үлестіреді. Атқарылған жұмысқа анализ жүргізеді. Студенттерді бағалайды.	Студенттер топтық жұмыс режиміне ауысады. Тақырып бойынша зерттеу жұмысын жүргізеді, жұмыс нәтижесін ұсынады. Жіберілген қателіктермен жұмыс жасайды. Өздеріне рефлексия жүргізеді.
Проблемалық жағдаяттық тапсырмалар	
Кәсіби қызметте орын алу ықтималдығы жоғары жағдаяттарды іріктейді, студенттердің мүмкіндіктеріне қарай ыңғайлап тапсырманы ұсынады. Жұмыс нәтижесін саралап, қателіктермен жұмыс жасайды.	Берілген тапсырмаға сараптама жасап, мәселені шешу жолдарына зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Мәселенің шешімін баяндайды, қателіктермен жұмыс жасайды.

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың соңғы кезеңі прагматикалық кезең болып табылады. Прагматикалық кезең мақсаты шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің қалыптасуының жоғары деңгейін көрсететін

кәсіби қызметте саналы түрде мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсу қабілеттілігі, қытай тілінде өз бетінше зерттеу жүргізіп қажетті тілдік білімдерін тереңдету болып табылады. Осы мақсаттың орындалуы келесі міндеттер арқылы жүзеге асырылады.

- Қытай тілінде сөйлесу барысында іскерлік терминдерді дұрыс айту үшін сөйлеуде ритмдік, интонациялық қабілеттерді меңгеру және дамыту;
- Диалог жүргізу барысында жеке тұлғалық өзін-өзі басқару, өзін-өзі түзету, өзін-өзі бақылау және қытайлық сөйлеу мәнерін ұстану үшін жұмыс жүргізу;
- Сараптамалық лингвистикалық қабілеттің қалыптасуының арқасында саналы түрде кәсіби қызметте қажет болатын білімдерді сараптай отырып өздігінен іздестіру құзыреттілігін қалыптастыру.

Прагматикалық кезеңде біз моделдеу әдісі бойынша іске асырылатын іскерлік ойындар технологиясын студенттердің қызмет барысында диалогтық, монологтық қатынаста өз шеттілдік қабілеттерін пайдалану үшін қолданамыз. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау үшін іскерлік рөлдік ойындар студенттердің қытай тілінде тікелей немесе жанама, ауызша немесе қазіргі технологиялар қолданысымен жедел орындалатын жазбаша қарым-қатынасқа түсе отырып нәтижеге әкелетін шешім қабылдауға апарады. Аталмыш тақырып бойынша іскерлік рөлдік ойындар тәсілімен келесідей тапсырма түрін орындауға болады. Мысалы: жоғарыда берілген мәтін тақырыбында екі тараптық диалог жүргізіңіздер. Диалог құру барысында студенттер барлық әдеп нормаларын, қытайлық келіссөздер жүргізу мәнерін, нәтижеге жетудің жолдарын көрсете білу керек және бойларына осы қасиеттер мен қабілеттерді кейінгі кәсіби салада қолдану үшін қалыптастыру қажет. Осы процесс оңтайлы іске асырылған жағдайда студенттердің бойында өздерінің қытай тілі бойынша шеттілдік мүмкіндіктеріне деген сенімділіктен бөлек коммуникативтік, кәсіби-түсіндірмелі, ақпараттық-технологиялық субқұзыреттіліктер қалыптасады. Төмендегі 18-кестеде прагматикалық кезеңдегі оқытушы мен студенттің іс-әрекеті берілген.

Кесте 18 – Прагматикалық кезеңдегі оқытушы мен студенттің іс-әрекеті

Оқытушы	Студент
Іскерлік рөлдік ойындар	
Студенттердің сөздік қорларын ескере отырып, кәсіби тезаурусы қамтылған тақырыптарды сараптайды, ұсынады. Жіберілген қателіктерге анықтама береді, жеке кеңестер жүргізеді. Оқу іс-әрекетіне жалпы бақылау жүргізеді,	Ұсынылған тақырыптар бойынша қарым-қатынасқа түседі, өз шеттілдік мүмкіндіктерін шыңдайды. Жіберілген қателіктерін жою бойынша жұмыстар жүргізеді. Қажетті білімдерді дербес түрде алу үшін дағдыланады.

Осылайша, техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-тақырыптық және прагматикалық кезеңдер арқылы, лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктерді дамыту арқылы жүзеге асырылынады.

Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің бағалау критерийлеріне келетін болсақ, Г.В. Юрчуктің зерттеу жұмысына жүгінеміз. Ол бойынша студенттердің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің қалыптасу критерийлері: мақсатты-тұтастық, операционалды-әрекеттік, нәтижелік.

Мақсатты-тұтастық критерийі студенттердің болашақ кәсіби қызметтерінде түсінуге қажетті кәсіби-бағытталған тілдік құзыреттілікті меңгеруге ынтасы мен даярлығы;

Операционалды-әрекеттік критерийі студенттердің кәсіби-бағытталған мәтіндерді оқуда көрініс табатын ұғымдарға сүйену арқылы тәжірибеге бағытталған қабілеттер мен дағдыларды меңгеру; сөйлесу барысында кәсіби бағыттағы қатынаста сұрақ қою және жауап беру, кәсіби-бағытталған жағдаяттар мәселелерін шешуде туындайтын диалект заңдылықтарын ұстану;

Нәтижелік критерийі студенттердің өздерінің жеке нәтижелілігін көрсеткіші болатын тәжірибеге бағытталған кәсіби қабілеттері мен дағдыларына сараптама жасай алуы және дербес кәсіби бағытталған тілдік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтай алуы [190].

Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін берілген критерийлер бойынша жоғары, орташа және төмен деңгейге топтастырдық. Жоғары дегеніміз дәстүрлі жақсы, орташа дегеніміз қанағаттанарлық және төмен дегеніміз дәстүрлі нашар деген бағаға сәйкестендірілген немесе HSK2 – төмен, HSK3 – орташа, HSK4 – жоғары бағанына сәйкес келеді. Болашақ инженерлердің қытай тіліндегі шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін іске асыру үшін HSK4 деңгейіне дейін жету көзделеді. HSK4 деңгейінің сөздік қоры 3245 лексикалық бірлікті құрайды, құрылымы бойынша тапсырушы күнделікті, ғылыми және кәсіби өмірде кездесетін қарапайым тақырыптар бойынша қарым-қатынас орната алуға, Қытайға саяхаттау кезінде туындайтын жағдайлардың басым бөлігін дербес шеше алуы керек[44]. Яғни, дәл осы HSK4 деңгейінде қытай тілін меңгеру кәсіби, іскерлік қатынасқа түсудің бастапқы деңгейінің көрсеткіші ретінде есептеледі. Ал оған жету тілдік деңгейдің B1 三级(san ji) деңгейін көздейді. Ол бойынша «білім алушы күнделікті өмірге қатысты тілдік материалды түсінеді. Сөйлемді дұрыс құрастыра біледі. Таныс тақырыптары бойынша құрылымы жағынан айтарлықтай күрделі сөйлемдерді қолдана алады. Қарапайым микромәтін жаза алады. Қытай тілін үйренуге деген қызығушылық танытады және оны меңгеруі жайлы сенімділікке ие. Қарапайым оқыту, коммуникативтік, ресурстық және пәнаралық стратегияларды меңгерген. Қытай мәдениеті жайлы жалпылама білімдерге ие, мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылықтың

орташа сатысын меңгерген. В1 三级(san ji) деңгейінің Қытай мәдениеті жайлы базалық білімдерге ие, негізінен мәдениетаралық құзыреттілік пен халықаралық танымдылыққа ие. Күнделікті тұрмыс, оқу жайлы қарым-қатынас барысында кездесетін ең қарапайым тілдік материалды түсіне алады. Таныс тақырыптары бойынша өз ойын жеткізе алады, кішігірім қарапайым мәтіндер жаза алады. Сөйлеу барысында дыбыстарға дұрыс екпін, интонация, пауза кою ымдау арқылы өзінде қарым-қатынас тиімділігін арттырады». Қытай әдіскерлерімен келтірілген тілді меңгеру деңгейінің көрсеткіштерін негізге ала отырып, біз бағалау деңгейінің дескрипторларын ұсынылған критерийлер бойынша жіктелуі 19 – кестеде келтірілді.

Кесте 19 – Критерийлер бойынша бағалау деңгейінің дескрипторлары

Критерийлер	Деңгейлер		
	Жоғары 90-100	Орташа 70-89	Төмен 50-69
1	2	3	4
Мақсатты-тұтастық	Өз ойын ашық және еркін түрде жеткізуге ынталы; Кәсіби терминдердің қолданысын сауатты және жан-жақты түсінуге қызығады; Қарым-қатынастың барлық түріне түсуге ашық; Қажетті ақпаратты ақпараттық құралдар арқылы таба алады.	Қытай тілінде кәсіби қолданыстағы терминдерді дұрыс дыбыстайды; Иероглифтерді түсініп, реттілігін сақтап жазады, есте сақтайды; Қарым-қатынасқа түсуге ынталы; Оқытушы жетекшілігімен тапсырмалар орындайды; Ақпараттық құралдарға қызығушылық танытады.	Қытай тілінің фонетикалық жүйесін дұрыс игеруге талпынбайды; Иероглифтердің жазылу ретін жүйелі түрде сақтамайды; Қатынасқа түсуге талпынбайды; Мәтінмен жұмыс жасауға қауқарсыз; Қажетті ақпаратты іздеуге қытайлық ресурстарды толық пайдалана алмайды.
Операционалды-әрекеттік	Туындаған мәселені шешу мақсатында әртүрлі құралдарды қолдана біледі;	Қытай тілінде қарым-қатынас орнатады; Проблемалық жағдаятты шешу жолдарын іздейді;	Қытай тіліндегі қарапайым түрдегі тапсырмаларды орындайды; Өз бетімен ізденуге талпынбайды;

1	2	3	4
	Өз ойын толық жеткізе алады; Топтық жұмыста белсенділік танытады.	Топтық жұмысқа ат салысады.	Қытай тілінде ақпарат іздеуде ішінара нәтижелі емес.
Нәтижелік	Туындаған кәсіби жағдаяттық мәселені шеше алады; Іскерлік терминологияны пайдалана алады; Қарым-қатынастан оң нәтиже шығара алады.	Қытай тілінде кәсіби мәселе бойынша қатынасқа түседі; Өз ойын дұрыс жеткізеді; Электронды құрылғылар арқылы қытай тілінде іскерлік байланыс орнатады; Толыққанды баяндама жасауда ішінара қателіктерге жол береді.	Диалогтық қатынасты тек тұрмыстық деңгейде жүргізе алады; Қытай тілінде іскерлік терминологияны қолданып қатынасқа нашар түседі.

Тәжірибелік зерттеу жұмысы барысында студенттердің бойынша қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыратын субқұзыреттіліктер жиынтығын бағалау үшін жоғарыда берілген бағалау деңгейлерінің баллдық көрсеткіші келтірілді.

Біздің мақсатты аудиториямыз техникалық мамандықтар оның ішінде болашақ Мұнай және газ саласының мамандықтары болғандықтан, кейінгі қызметте неғұрлым пайдасы тиетін, қарым-қатынаста кәсіби тезаурусты барынша қолдануға мүмкіндік беретін оқыту әдістері мен солардың негізінде әзірленген оқыту технологиялары қолданылды, сонымен қатар, мақсатты аудиториямызға қарай оқыту принциптері мен тәсілдері анықталды. Бұл әзірленген ғылыми-әдістемелік негіздердің практикалық жұмыста нәтижелілігі келесі тарауда баяндалады.

Екінші тарау бойынша қорытынды

Диссертациялық жұмысымыздың екінші тарауында когнитивтік-лингвомәдени әдістемені Қазақстандағы шеттілдік білім берудің заманауи теориясының концептуалды негізі ретінде қарастыра отырып, бұл тарауда диссертациялық жұмысымыздың тақырыбы аясында техникалық мамандықтар

студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін құрастырдық. 2.1 тараушада ең алдымен техникалық мамандықтар студенттеріне қойылатын мәдениетаралық коммуникативтік біліктілік талаптары жайлы баяндалады. Қытай тілінің аспектілерін жеке дара пән ретінде тереңдетіп емес, техникалық мамандықтар студенттеріне тиімді формада жинақталған түрде ұсынудың негіздері зерттеледі. Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесін құру үшін мақсатты аудиториямыздың сипатына қарай когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған, кәсіби-бағытталған және құзыреттілік тәсілдерге тоқталдық. Аталған тәсілдер негізінде көрнекілік, білім алушылардың жекелеген тұлғалық қажеттіліктерін ескеру, коммуникативтік, функционалдық, әлеуетті жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру, аутентивтік принциптері таңдалды. Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруды мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-тақырыптық және прагматикалық сияқты кезеңдерге бөліп, дескрипторларын ұсынылды. Келесі 2.2 тараушада қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделі сипатталады. Әдістемелік модел мақсаттық блок, тұжырымдамалық блок, пәндік-мазмұндық блок, процессуалдық блок, бағалау блогы және нәтижелік блоктан құралған. Мақсатты блогымыз бен тұжырымдамалық блок мазмұны 2.1 тараушада берілсе, пәндік-мазмұндық блокта қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің құрамын анықтайтын субқұзыреттіліктер, курс жүргізілетін пәні (шетел тілі), іскерлік қатынас формалары, іскерлік жанры анықталады, келесі негізгі жұмыс реті атқарылатын процессуалдық блокта құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдері (сипаттамасы 2.1 тараушада), қолданылатын негізгі әдістері (эвристикалық әңгіме, ақпараттық рецептивтік әдіс, зерттеу әдісі, проблемалық оқыту әдісі, моделдеу әдісі), оқыту технологиялары, ұйымдастыру формалары, құралдары көрініс табады, ал, бағалау блогы бағалау критерийлері (мақсатты-тұтастық, операционалды-әрекеттік, нәтижелік) мен деңгейлері (жоғары, орта, төмен) және нәтижелік блокта техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру беріледі.

Диссертациялық жұмысымыздың келесі бөлімі 2.3 тараушасында құрастырылған әдістемелік модел бойынша нақтыланған оқыту технологияларын қолдана отырып жүзеге асыру жұмысы баяндалады. Негізгі оқыту технологиялары ретінде эвристикалық әңгіме, дискуссия, ақпараттық технологияларды қолдану, жоба, тапсырмаға бағытталған оқыту, проблемалық жағдаяттық тапсырмалар, іскерлік ойындар таңдалып қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдеріне қарай жіктелді. Сонымен қатар, оқытушы мен студенттің іс-әрекеті анықталды. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ұсынылған алгоритмін сақтай отырып заманауи техникалық жабдықтар мен оқытушы біліктілігінің көмегімен жүзеге асыру мүмкіндігі берілді.

3 ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЕТТІЛДІК КӘСІБИ-БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ

3.1 Қытай тілі бойынша кәсіби бағытталған оқытуды жүзеге асыру

Бұл тарауда біз техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін шығару үшін жүргізілген педагогикалық тәжірибелі-эксперименттік жұмысымыздың барысын сипаттаймыз, яғни эксперимент мазмұнын, әдістемелік моделдің нәтижелігін және нәтижелерді диагностикалау техникасын, сонымен қатар, эксперименттік зерттеуде қол жеткізілген нәтижелерді талдауды ұсынамыз.

Жоғарыда атап өткендей, тәжірибелі-эксперименттік жұмысымызға Қызылорда қаласында орналасқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қытай тілін оқытын мамандықтар студенттері қатысты. Студенттердің жалпы саны 80. Мамандығы: «6B07261 - Мұнай газ ісі», «6B07158 - Технологиялық машиналар мен жабдықтар». Зерттеу 2018-2021 жылдар аралығын қамтыды. Зерттеуіміз үш кезеңнен тұрды: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы. Әр кезеңнің өзіне тиесілі мақсаты және одан туындайтын міндеті, алынған нәтижелерді өңдеу әдістері бар. Алғашқы анықтаушы кезеңінің мақсаты эксперименттік объектілердің қажетті элементтерін анықтау, қажетті мерзімге сәйкес оқу жоспарын жасау, оны іске асыру әдістерін әзірлеу. Кезеңнің міндеттері: Студенттердің тәжірибелі-эксперименттік оқыту жұмысын жүргізу алдындағы қытай тілі бойынша білім деңгейін анықтау, студенттердің қытай тіліне деген қызығушылық деңгейіне назар аудару арқылы дәріс барысында ғылыми-техникалық терминдерді енгізе отырып оқытуды ұйымдастырудың алғышарттарын анықтау. Әдістері: ғылыми-теориялық, әдістемелік, лингвистикалық және психологиялық деректерді талдау.

Келесі қалыптастырушы кезеңінің мақсаты педагогикалық тәжірибеге енгізілген жаңа тәсілдердің, құралдардың және әдістердің тиімділігі туралы сұрақтарға жауап алу. Мақсатынан туындайтын міндеттері: Шетел тілі дисциплинасы негізіндегі типтік бағдарламасында берілген тақырыптарға сәйкес ақпаратты іріктеу, оқу жоспарларын жасап, сол жоспарлардың негізінде практикалық сабақ өткізу, студенттердің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін жаттығу мен тапсырмалар арқылы қалыптастыруға арналған кешенмен сатылы түрде тәжірибелі-эксперименттік оқытуды ұйымдастыру. Негізінен эмпирикалық әдіс қолданылды.

Қорытынды бақылаушы кезеңінің мақсаты болашақ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру моделі бойынша белгілі бір тұжырымға келу, эксперимент нәтижелерін қорытындылау. Кезеңнің міндеттері: студенттердің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмалар тиімділігін тәжірибелі-эксперименттік оқыту жұмысын жүргізу барысында саралау. Әдістері: интерпретация (түсіндіру, салыстыру), тестілеу, сипаттау.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың бастапқы бағыттау кезеңінде техникалық мамандықтар студенттерінің Шетел тілі (қытай тілі) пәні бойынша жеке тұлғалық қажеттіліктерін анықтау мақсатында, зерттеу объектілерін таңдау үшін кездейсоқ іріктеу әдісі қолданылды, яғни экспериментке қатысатын студенттер арасында сауалнама жүргізілді, сауалнамаға 17 мен 24 жас арасындағы 60 студент қатысты, 75% ер бала және 25% қыз бала (респонденттердің саны зерттеу моделінің репрезентативтілігін қамтамасыз етеді).

Сауалнама 15 сұрақтан құралды, оның ішінде респонденттің жеке басына қатысты мамандығы, жасы, жынысы сияқты ақпараттар да қамтылды. Сауалнаманың негізгі мақсаты студенттердің кәсіби-бағытталған шетел тілін меңгеруіне кедергі келтіретін факторларды, күтілетін нәтижелерді және курс таңдауын анықтау болды. Сауалнама төмендегі негізгі сұрақтардан құралды:

1. Сіз қытай тілін қандай мақсатта оқисыз?
2. Сіздің ойыңызша «Кәсіби шетел тілі (қытай тілі)» пәні нені қамтуы керек?
3. Шетел тілінде (қытай тілінде) кәсіби қарым-қатынасты жақсарту үшін қандай құзыреттерді дамытуды ұсынасыз?
4. «Кәсіби шет тілі (қытай тілі)» пәнін оқу барысында тілдің қандай аспектілерін тереңдетіп оқығыңыз келеді?
5. «Кәсіби шетел тілі (қытай тілі)» пәнінен қандай нәтиже күтесіз?
6. Қытай тілін іскерлік қатынаста пайдалану үшін қандай қабілеттерді дамыту керек деп ойлайсыз?
7. Қытай тілін үйренуде Сіздің қызығушылығызды оятатын фактор?
8. Қытай тілін үйренуде Сізге қиындық тудыратын фактор?
9. Қытай тілін өнімді оқу үшін қолайлы әдіс?
10. Қытай тілін кәсіби салада пайдалану ықтималдылығы қандай деп есептейсіз?

Бұл жабық түрдегі сауалнама болуына байланысты сұрақтарға қарай келесідей жауап нұсқалары ұсынылды:

1. Сіз қытай тілін қандай мақсатта оқисыз деген сұраққа
 1. Халықаралық компанияларда жұмыс жасау үшін;
 2. Ай сайынғы жалақыға қосымша үстемақы алу үшін;
 3. Сұранысқа ие маман болу мақсатында;
 4. Тілге, ұлт пен мәдениетке деген қызығушылық;
 5. Білмеймін– жауаптары берілді;
2. Сіздің ойыңызша «Кәсіби шетел тілі (қытай тілі)» пәні нені қамтуы керек деген сұраққа:
 1. Кәсіби сала бойынша арнайы лексика мен терминология болуы керек;
 2. Практикада орын алатын шағын талқылау формаларын (брифингтер, келіссөздер, презентациялар, есептер) қамтуы керек;
 3. Білмеймін
 4. Басқа – жауаптары берілді;

3. *Шетел тілінде (қытай тілінде) кәсіби қарым-қатынасты жақсарту үшін қандай құзыреттерді дамытуды ұсынасыз деген сұраққа:*

1. Кәсіби қарым-қатынас жасай білу;
2. Кәсіби құнды ақпаратты түсіну қабілеті;
3. Кәсіби мазмұндағы шетел сөзін түсіну қабілеті;
4. Білмеймін– жауаптары берілді;

4. *«Кәсіби шет тілі (қытай тілі)» пәнін оқу барысында тілдің қандай аспектілерін тереңдетіп оқығыңыз келеді деген сұраққа:*

1. Кәсіби лексика;
2. Техникалық аударма;
3. Техникалық үлгідегі қарым-қатынас– жауаптары берілді;
5. «Кәсіби шетел тілі (қытай тілі)» пәнінен қандай нәтиже күтесіз

деген сұраққа:

1. Шетел тілінде кәсіби тақырыптарда әңгіме жүргізу;
2. Кәсіби мазмұнға ие шетел тіліндегі ақпаратты түсіну;
3. Ауызша қарым-қатынаста кәсіби мазмұны бар ақпаратты түсіну;
4. Білмеймін– жауаптары берілді.

6. *Қытай тілін іскерлік қатынаста пайдалану үшін қандай қабілеттерді дамыту керек деп ойлайсыз?*

1. Ақпараттық;
2. Коммуникативтік;
3. Әлеуметтік-мәдени;
4. Лингвистикалық;

7. *Қытай тілін үйренуде Сіздің қызығушылығыңызды оятатын фактор?*

1. Сырға толған иероглифтерді зерттеу;
2. Қытай тілінде сөйлесе алу;
3. Қытай мәдениеті;
4. Қытайдың геосаяси беделі;

8. *Қытай тілін үйренуде Сізге қиындық тудыратын фактор?*

1. Иероглифтерді есте сақтау;
2. Иероглифтерді дұрыс жазу;
3. Тондарды дұрыс дыбыстау;
4. Жазбаша ақпаратты түсіну;
5. Ауызша ақпаратты түсіну;

9. *Қытай тілін өнімді оқу үшін қолайлы әдіс?*

1. Дәстүрлі оқу әдісі;
2. Грамматикалық-аударма әдіс;
3. Интерактивті оқыту әдістері;
4. Кинолар арқылы үйрену әдісі;
5. Өз бетімен үйрену әдісі;


10. *Қытай тілін кәсіби салада пайдалану ықтималдылығы қандай деп есептейсіз?*

1. Еліміздегі қытайлық компаниялардың көптігінен кәсіби салада қытай тілін пайдалану ықтималдылығы жоғары;

2. Атқаратын қызметіңе қарай қытай тілін пайдалануың мүмкін;
3. Қытай тілін кәсіби салада пайдаланудың қажеттілігі жоқ;

Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы студенттер практикалық іс-әрекеттегі қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің көрінісін анықтауға тиіс болды.

Болашақ инженерлердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін жүргізілген сауалнаманы сараптау кезінде біз респонденттердің берген жауаптарын жекелеген сұрақтар бойынша диаграммаларға салып, пайыздық көрсеткішпен көрсетуді жөн санадық. Келесі 8–суретте сауалнаманың 1-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 8 – Сауалнаманың 1-сұрағы бойынша көрсеткіштер

Алғашқы сұрақ студенттерді тиісті бағытқа қарай ынталандыру және сұраныстарын қанағаттандыратын контентпен жабдықтау үшін студенттердің қытай тілін оқудағы негізгі мақсатын анықтау болды. Берілген жауаптардан көріп отырғанымыздай, респонденттердің басым бөлігі 31,7% қытай тілін шетелдік, халықаралық компанияларға жұмысқа орналасу үшін деп жауап берді, ал 25% респонденттер сұранысқа ие маман боламыз десе, қалған 25% білмеймін деп жауап берген, 13,3% респонденттер қытай тіліне, ұлты мен мәдениетіне қызығушылық танытқан және тек 5% ғана ай сайынғы жалақыға қосымша үстемақы алу үшін деп жауап берген. Нәтижесінде студенттердің басым көпшілігінің жауабына қарай қытай тілін кәсіби мақсатта қолдануға арналған әдістемелік жүйенің өзектілігін көріп отырмыз. Төмендегі 9–суретте сауалнаманың 2-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 9 – Сауалнаманың 2-сұрағы бойынша көрсеткіштер

Келесі сұрақтың мақсаты студенттердің пайымдауынша қытай тілін кәсіби мақсатта оқыту үшін оқу әдістемелік қамтылуда неге басты назар аударту керектігін анықтау болды. Екінші «Кәсіби шетел тілі (қытай тілі)» пәні нені қамтуы керек деген сұраққа респонденттердің 50% практикада орын алатын шағын талқылау формаларын (брифингтер, келіссөздер, презентациялар, есептер) қамтуы керек деп жауап берген, 31,7% кәсіби сала бойынша арнайы лексика мен терминология болуы керек деген, 13,3% білмеймін десе, соңғы басқа өз ойын ешкім жазбаған, яғни бұл нұсқаны таңдаған респондент болмады. Нәтижесінде студенттердің қалауы қытай тілін практикалық тұрғыда кәсіби мақсатта пайдалану екені анықталды. Төмендегі 10-сурет сауалнаманың 3-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 10 – Сауалнаманың 3-сұрағы бойынша көрсеткіштер

Үшінші шетел тілінде (қытай тілінде) кәсіби қарым-қатынасты жақсарту үшін қандай құзыреттерді дамытуды ұсынасыз сұрағы бойынша 53,3% респонденттер кәсіби қарым-қатынас жасай білу деп жауап берді, 30% респонденттер кәсіби құнды ақпаратты түсіну қабілеті десе, респонденттердің тек 1,7% ғана кәсіби мазмұндағы шетел сөзін түсіну қабілеті деп жауап берді, ал 15% респонденттер білмеймін деген жауап нұсқасын таңдады. Бұл сұрақтың мақсаты кәсіби қарым-қатынасты жақсарту үшін қытай тілін оқытуда студенттер

қай құзыретке ие болуға басымдылық танытатынын анықтау боды. Нәтижесінде студенттердің басым бөлігі тікелей кәсіби қарым-қатынас жасауға ұмтылатынын анықталды. Келесі 11–сурет сауалнаманың 4-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 11 – Сауалнаманың 4-сұрағы бойынша көрсеткіштер

Төртінші «Кәсіби шет тілі (қытай тілі)» пәнін оқу барысында тілдің қандай аспектілерін тереңдетіп оқығыңыз келеді деген сұраққа респонденттердің 53,4% кәсіби лексика нұсқасын белгілеген, ал 24,1% респонденттер техникалық аударманы таңдаса, 22,4% техникалық үлгідегі қарым-қатынас нұсқасын таңдаған, яғни техникалық аударма жасау мен техникалық үлгідегі қарым-қатынас жүргізу нұсқаларын таңдаған респонденттер саны шамалас болып келді. Аталған сұрақты қою арқылы студенттердің қытай тілі курсы бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікке ие болу үшін тілдің қай аспектісін жіті меңгеруді жөн санайтынын анықтау. Сауалнама нәтижесі мамандыққа қатысты лексикалық бірліктер қорын ұлғайту екенін көрсетіп отыр. Келесі 12–сурет сауалнаманың 5-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 12 –Сауалнаманың 5-сұрағы бойынша көрсеткіштер


Берілген сұрақ мақсаты студенттердің курс соңында қандай нәтижеге қол жеткізгілері келеді, қандай қабілеттерге ие болғылары келетіндігін анықтау болатын. Жауаптары келесідей сипатта: «Кәсіби шетел тілі (қытай тілі)» пәнінен қандай нәтиже күтесіз деген сұраққа 35,6% респонденттер кәсіби мазмұнға ие шетел тіліндегі ақпаратты түсіну нұсқасын белгілеген, 33,9% шетел тілінде

кәсіби тақырыптарда әңгіме жүргізу, 18,6% білмеймін десе, 10,2% ауызша қарым-қатынаста кәсіби мазмұны бар ақпаратты түсіну деп жауап берген. Студенттердің берген жауаптарына қарай, берілген курс нәтижесінде қытай тілінде кәсіби ақпаратты түсіну керектігін белгілеген. Төмендегі 13–сурет сауалнаманың 6-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 13 – Сауалнаманың 6-сұрағы бойынша көрсеткіштер

Алтыншы «Қытай тілін іскерлік қатынаста пайдалану үшін қандай қабілеттерді дамыту керек деп ойлайсыз?» деген сұраққа 30% респонденттер ақпараттық нұсқасын белгілеген, 56% коммуникативтік, 8% респонденттер әлеуметтік-мәдени және 6% лингвистикалық деп жауап берген. Берілген сұрақ мақсаты студенттер қытай тілі бойынша бойларында қандай құзыреттілікті дамытқысы келетінін анықтау. Нәтижесінде, басым көпшілігі қытайлықтармен тікелей қатынасқа түсу маңыздылығын таңдаған. Келесі 14–сурет сауалнаманың 7-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 14 – Сауалнаманың 7-сұрағы бойынша көрсеткіштер


Жетінші «Қытай тілін үйренуде Сіздің қызығушылықңызды оятатын фактор?» деген сұраққа 15% сырға толған иероглифтерді зерттеу, 31% респонденттер қытай тілінде сөйлесе алу, 7% қытай мәдениеті және 47%

респонденттер Қытайдың геосаяси беделі деп жауап берген. Бұл сұрақ мақсаты студенттердің қытай тіліне қытай мәдениетінің көрінісі ретінде қызығушылығын анықтау болатын және алынған нәтижелерден көріп отырғанымыздай студенттерді Қытайдың геосаяси беделі қытай тілін оқуға деген ынтасын оятатынын түсінеміз. Келесі 15–сурет сауалнаманың 8-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 15 – Сауалнаманың 8-сұрағы бойынша көрсеткіштер


Сегізінші «Қытай тілін үйренуде Сізге қиындық тудыратын фактор?» деген сұраққа 37% респонденттер иероглифтерді есте сақтау, 14% иероглифтерді дұрыс жазу нұсқасын белгілеген, 16% тондарды дұрыс дыбыстау, 18% жазбаша ақпаратты түсіну, 20% ауызша ақпаратты түсіну деп жауап берген. Бұл сұрақтың мақсаты студенттер қытай тілін оқу барысында қиналатын факторды анықтау болатын және нәтижесінде қытай иероглифтерін есте сақтау әдістемесін жетілдіру керектігі анықталды. Төмендегі 16–сурет сауалнаманың 9-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 16 – Сауалнаманың 9-сұрағы бойынша көрсеткіштер

Келесі «Қытай тілін өнімді оқу үшін қолайлы әдіс?» деген сұраққа 20% дәстүрлі оқу әдісі, 21% грамматикалық-аударма әдіс, 45% респонденттер

интерактивті оқыту әдістері нұсқасын белгілеген, 6% кинолар арқылы үйрену әдісі және 8% өз бетімен үйрену әдісі деп жауап берген. Аталған сұрақтың мақсаты студенттер тарапынан қытай тілін оқыту барысында қандай оқыту әдістерін негізге алған жөн екенін анықтау болатын және алған жауаптар бойынша негізгі назарды интерактивті оқыту әдістерін сабақ барысында пайдалану керек деген нәтижеге келдік. Келесі 17–сурет сауалнаманың 10-сұрағы бойынша көрсеткіштерін қарастырамыз.



Сурет 17 – Сауалнаманың 10-сұрағы бойынша көрсеткіштер

Соңғы «Қытай тілін кәсіби салада пайдалану ықтималдылығы қандай деп есептейсіз?» деген сұраққа 30% респонденттер еліміздегі қытайлық компаниялардың көптігінен кәсіби салада қытай тілін пайдалану ықтималдылығы жоғары, 51% атқаратын қызметіне қарай қытай тілін пайдалануың мүмкін нұсқасын белгілеген, 19% респонденттер қытай тілін кәсіби салада пайдаланудың қажеттілігі жоқ деп жауап берген. Соңғы қойылған сұрақтың мақсаты студенттердің болашақ кәсіби қызметте қытай тілін қаншалықты пайдалану мүмкін екен деп есептеуін анықтау болды және студенттердің басым бөлігі қытай тілін жекелеген кәсіби қызметтерге байланысты деген жауапты таңдаған. Яғни, студенттерге қытай тілін оқытуда бір мамандық аясын қамту маңызды деген қорытындыға келдік.

Берілген диаграммалардағы сауалнама нәтижелерінен көрініп тұрғандай, «Кәсіби-бағытталған шетел тілі (қытай тілі)» пәні кәсіби мазмұнның бірлескен тақырыптық тапсырмалары мен академиялық бағыттардың міндеттеріне, сондай-ақ лингвистикалық білімнің негізін құрай отырып, кәсіби құзыреттіліктерді қатар дамытқан жөн болар еді.

Техникалық сала мамандары үшін жетекші кәсіби коммуникативтік құзыреттіліктердің маңыздылығын зерттеу нәтижелері мамандардың осы санаты үшін шетел тілін қолдана отырып, кәсіби құзыреттіліктерді қатар дамыту орынды болатын кәсіби мазмұндағы бірлескен тақырыптық тапсырмаларға негізделген тапсырмалар неғұрлым маңызды екенін көрсетті.

Айта кету керек, студенттер бірінші кезекте өз мамандығы бойынша қытай тілінде ғылыми-техникалық (кәсіби) терминологияны меңгеруді, келесі кезекте кәсіби қарым-қатынас жасай білуді және халықаралық компанияларда қызмет етуді көрсетті, бұл өз кезегінде шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікке ие мамандарды даярлаудың кең ауқымын анықтайды.

Студенттерге жүргізген сауалнамадан кейін қытай тілін тілдік емес мамандықтар студенттеріне оқытып жүрген оқытушы құрамынан сәйкесінше форматтағы сауалнама жүргізілді.

Аталған мәселені оқу үдерісін ұйымдастырушы субъектісі болып табылатын студенттермен тікелей жұмыс жүргізетін оқытушы құрамы өкілдерінің ойы мен пікірін, мәселеге қатысты көз-қарасы мен шешу үшін ұсынатын жолдарын анықтау мақсатында ашық түрдегі қытай тілі оқытушыларына арналған сауалнама алынды. Аталған сауалнамаға еліміздегі қытай тілінен сабақ беретін жоғары оқу орындарының және Конфуций институтының 10 оқытушысы қатысты. Айта кететін жайт, тікелей қытайтанушы мамандарды дайындайтын қытайлық спецификалық кафедра Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ-де қызмет етеді, ал қалған республикалық және аймақтық маңызы бар қалаларда орналасқан ЖОО-да қытай тілі тілдер кафедрасында тілдік, тілдік емес мамандықтарда негізгі немесе екінші шетел тілі ретінде өтіледі. Сондықтан, қытай тілін студенттердің негізгі мамандықтарына қатысты байланыстырып оқыту оқытушылар құрамы үшін де өзекті болып табылады. Және бұл мәселені неғұрлым толық ашу үшін біздің тараптан келесідей сұрақтар әзірленді:

1. Қытай тілі оқытушысы болып қанша жыл қызмет атқарасыз?
2. Қытай тілі сабағында қандай оқу құралын пайдаланасыз?
3. Қытай тілін тілдік емес мамандықтарға оқыту барысында қандай оқыту технологияларын қолданасыз?
4. Тілдік емес мамандықтар студенттеріне оқу жоспары бойынша бір сағатта қанша жаңа лексикалық бірлік беруге болады?
5. Студенттердің болашақ мамандығы шеңберінде пайдаланатын терминдер енгізіледі ме?
6. Енгізілсе қандай жаттығулар арқылы бекітіледі?
7. Студенттердің шеттілдік кәсіби құзыреттілігі ескеріледі ме?
8. Студенттер алған білімдері негізінде болашақта өз мамандығы бойынша қытай тілін жетілдіре алады ма?
9. Қытайлық әріптестерімен кәсіби коммуникация жүргізе алады ма және қандай деңгейде?
10. Сіздің ойыңызша қолданатын оқыту әдістері тиімді нәтиже беруде ме?
11. Тілдік емес мамандықтар студенттерінің мақсатты қытай тілін жетілдіру үшін берер кеңесіңіз?

Берілген сауалнамадан алынған нәтижелер келесідей сипатқа ие болды.

Алғашқы сұрақ сауалнамаға қатысқан оқытушылардың ұстаздық тәжірибесі 10–15 жыл аралығын қамтитынын көрсетті.

Қытай тілі сабағында қандай оқу құралын пайдаланасыз деген сұраққа оқытушылардың басым бөлігі Новый практический курс китайского языка, Boya Chinese, Fazhan Hanyu оқу құралдарын атады.

Оқытушыларымыз тілдік емес мамандықтар студенттеріне қытай тілі сабағында оқытудың ақпараттық-коммуникациялық, белсенді оқыту әдістері, ойын технологиясы, дәстүрлі оқыту әдістері бойынша оқыту технологияларын пайдаланады.

Сауалнама жауаптары бойынша тілдік емес мамандықтар студенттеріне жаңа сабақ барысында шамамен 10-20 лексикалық бірлік өтіледі.

Оқытушылардың басым бөлігінің жауаптары бойынша тілдік емес мамандықтар студенттеріне қытай тілі сабағында мамандығына қатысты кәсіби терминдердің елене бермей, оқулық мазмұны бойынша оқыту материалымен сабақ барысын жүргізетінін айтты.

Қытай тілі оқытушылары сабақ барысында кәсіби терминдерді қамтымаса да, жаңа лексикалық бірліктерді енгізу барысында негізінен иммитациялық, жағдаяттық, трансформациялық, мазмұндау, сипаттау әрекеттерінен құралған репродуктивтік, продуктивтік, коммуникативтік жаттығуларға мән береді.

Тілдік емес мамандықтар студенттеріне қытай тілін оқыту барысында оқытушыларымыз негізінен тілдік қабілеттерге ден қойып, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ұмтылады.

Оқытушылардың берген жауаптары бойынша студенттер қытай тілін тиісті дәрежеде меңгергендіктен, қабілеттеріне қарай қалауынша одан ары білімдерін тереңдетіп, жалғастыра алады.

Қытайлық әріптестерімен кәсіби коммуникация жүргізе алады ма және қандай деңгейде деген сұраққа оқытушылардың берген жауаптарын түйіндей келе, тілдік емес мамандықтар студенттері кәсіби қызмет барысында заманауи технологиялар көмегіне жүгіну арқылы кәсіби коммуникацияға тусу мүмкіндігі қарастырылған, алайда бұл үдеріс қосымша уақытты және айтылған тұжырымның дұрыстығына көз жеткізу үшін бірнеше мәрте қайта тексеруді талап етуі мүмкін деген жауап алдынды.

Оқытушылардың пікірі бойынша қытай тілі сабағын жүргізу барысында қолданылатын оқыту әдістері өз деңгейінде тиімді нәтиже беруде, алайда тілдік емес мамандықтар студенттері үшін оны оқыту әдістемесін жетілдіруді талап етеді.

Оқытушылар тілдік емес мамандықтар студенттеріне қытай тілін оқыту барысында мамандықтарына қатысты кәсіби терминдермен, коммуникативтік жағдаяттармен толықтыруға ұсыныс береді.

Жүргізілген сауалнамадан алынған нәтижелерді түйіндей келе, оқытушылардың жекелеген тілдік емес мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға арналған іскерлік терминологиямен қамтылған оқыту әдістемесіне қажеттілік бар екендігі анықталды. Оқытушылар сабақ барысында негізгі тілдік қабілеттерді дамытуда, алайда студенттердің мамандыққа қатысты шеттілдік құзыреттілігі

қалыптаспауда, тек ішінара экономика, аймақтану, заң мамандықтары бойынша әдістемелік еңбектердің бар екендігі нақтыланды.

Жоғарыда айтылғандар шеттілдік білім беру саласындағы жетекші мамандардың пікірімен сәйкес келеді, онда қажеттілік келесі аспектілер бойынша бекітіледі:

- 1) шет тілдерін жақсы білуге негізделген коммуникативтік қабілеттер;
- 2) маман қызмет ететін саладағы терең кәсіби білім;
- 3) болашақ маманның жоғары мәдениеті мен жеке тұлғалық қасиеттерінсіз жақсы психологиялық дайындық, өз көзқарасына сендіру және қорғау алу сияқты қабілеттер мүмкін емес.

Сондықтан, қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін жоғары оқу орны оқытушылары мемлекеттік тапсырысқа сәйкес білім берудің жаңа парадигмасы бойынша тек қарапайым қатынасқа түсетін жалпы шеттілдік коммуникативтік қабілеттерден бөлек, мамандыққа қатысты да қарым-қатынасқа түсуге қабілетті техникалық мамандықта оқитын студенттерді дайындауы қажет. Техникалық сала мамандарының оқу үдерісінде қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға арналған бағдарламаларды әзірлеу және енгізу өзекті мәселе болып табылады. Бұл зерттеу жұмысында техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі ұсынылады. Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті техникалық мамандықтар студенттеріне сәтті қалыптастыру үшін тіл үйренудің когнитивтік аспектісіне назар аудару қажет. Қарқынды ойлау кезінде мидың сөйлеу қызметіне жауап беретін бөліктері белсенді жұмыс жасай бастайды, ал шетел тілін үйрену ол саналы ментальді үдерістерге негізделеді, сондықтан тіл үйрену барысында когнитивтік ойлау қабілетін дамыту маңызды рөл атқарады. Яғни, тіл үйрену кезінде адамның когнитивтік әрекеті дамиды, сонымен қатар коммуникативтік қабілеттері білім алушылардың интеллектуалды-танымдық қажеттіліктерін іске қосу құралы ретінде қабылданады. Жоғары тарауларда айтылып кеткендей, тілдік емес мамандықтар студенттерінің қытай тілін үйренуге деген жоғары ынтасы, мотивациясының болуы да өте маңызды, себебі тілдік мамандықтарда оқитын студенттердің тікелей болашақ мамандығы болуына байланысты тілдің күрделілігіне қарамастан саналы түрде оны меңгеру мақсаты тұрады, ал тілдік емес мамандықтар студенттері бастапқы кезеңде үлкен қызығушылықпен бастағанымен, оқу үдерісі күрделене түскен сайын тілді оқуға деген ынтасы төмендеп, шетел тілін тек мамандыққа қосалқы фактор есебінде қарай бастайды. Сондықтан тілдік емес мамандықтар студенттерінің, оның ішінде техникалық бағыттағы студенттердің шетел тілі бойынша оқу мазмұнын, үдерісін тікелей мамандығына қатысты ғылыми-танымдық ақпаратпен, ғылыми-техникалық терминдермен толықтыру студенттердің ынтасын арттыруға да септігін тигізетін фактор.

Ендігі кезекте студенттердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін тәжірибеге қатысатын студенттердің қытай тілі деңгейін анықтау міндеті тұрды. Тәжірибелі-

эксперименттік жұмысқа Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің (Қызылорда қаласы) 80 студенті қатысты. Сауалнама сұрақтары, алдымен студенттің жеке мәліметтерінен тұрды, қалған сұрақтар студенттердің қытай тілі бойынша лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық қабілеттерін анықтауға бағытталды. Қосымша Б-да студенттердің білім деңгейін анықтауға арналған тест сұрақтары көрсетілген.

Тест жұмыстар нәтижесінде берілген жауаптарға қарағанда студенттердің басым бөлігінің ақпараттық білімдері мен коммуникативтік қабілетін білдіретін сұрақтарда қате жібергені анықталды. Яғни, қытай тілі бойынша студенттердің лингвистикалық білім негізінде құрылатын ақпараттық, коммуникативтік қабілеттерін жетілдіретін білімдерінің жеткіліксіз екенін білдіреді.

Студенттердің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін тәжірибелі-эксперименттік жұмыс жүргізу мақсатында алынған тест нәтижесі құрылған бақылау тобы мен эксперименттік топ студенттерінің қытай тілі бойынша білімі шамалас деңгейде екенін көрсетті.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмысымыздың анықтаушы кезеңі бойынша студенттердің қытай тілі бойынша тілдік білімдерінің деңгейін анықтайтын тест жұмысы, студенттердің шетел тілі пәнінен жеке тұлғалық қажеттіліктерін анықтайтын сауалнама, қытай тілі оқытушыларының қытай тілін тілдік емес мамандықтар студенттеріне оқыту жөніндегі көзқарасын анықтайтын сауалнама жұмыстары жүргізіліп, ой қорытындысы жасалды.

Сол себепті, оқу үдерісін ұйымдастыру технологиясы болашақ инженерлердің бойында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға арналған дидактикалық бірліктер жүйесінен құралды. Дидактикалық бірліктер жүйесі жалғастырушы деңгей студенттеріне 10 кредит көлеміндегі жүктемемен ұйымдастырылды. Әр сабақ жоғарыда айтылғандай тақырыптық мазмұнымен студенттердің болашақ мамандығына қатысты кәсіби, іскерлік терминдермен, іскерлік қарым-қатынас жүргізу әдебімен толықтырылды.

Бұл жұмыс барысында техникалық мамандықтар студенттеріне арналған шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік лингвистикалық, ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктен құралды. Сабақ барысы да осы субқұзыреттіліктерді кезеңдер бойынша ендіру арқылы жүзеге асырылды.

Белгіленген педагогикалық шарттар кешенін жүзеге асыру мәселесін шешетін негізгі құрал ретінде болашақ техника саласының мамандарына шеттілдік кәсіби бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға арналған арнайы оқу әдістемелік құралы дайындалып жалғастырушы деңгей студенттерімен апробациядан өтті.

Бағдарламаның мақсаты: ЖОО-да оқу процесінде болашақ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыреттілігін дамыту. Бұл арнайы оқу-әдістемелік құралы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- техникалық мамандықтар студенттері үшін қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік дағдыларын өзектендіру;

- техникалық мамандықтар студенттерін қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің негізгі ұғымдары мен даму кезеңдерімен таныстыру;
- техникалық мамандықтар студенттерін қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалармен таныстыру;
- техникалық мамандықтар студенттерінде мамандықтарына қатысты кәсіби, іскерлік ғылыми-техникалық терминдермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін арттыруға ықпал ету.

Арнайы оқу-әдістемелік құрал бойынша практикалық сабақтарды оқу барысында студенттердің алған дағдылары пысықталды, ол үшін оқытудың келесі әдістері қолданылды: эвристикалық, ақпараттық-рецептивтік, зерттеу, проблемалық оқыту, моделдеу.

Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша арналған оқу-әдістемелік құралының мазмұны төмендегі 20– кестеде келтірілген.

Кесте 20– Қамтылатын тақырыптар атауы

№	主题名称 Zhǔtí míngchēng		
1– семестр		2 – семестр	
1	您好 (Nín hǎo)	8	油和气 (Yóu héqì)
2	我的专业 (Wǒ de zhuānyè)	9	石油开采 (Shíyóu kāicǎi)
3	写正式信函 (Xiě zhèng shì xìn hán)	10	运输 (Yùnshū)
6	谈判礼仪 (Tánpàn lǐyí)	11	设备说明书 (Shèbèi shuōmíngshū)
7	银行服务 (Yínháng fúwù)	12	安全设备 (Ānquán shèbèi)

Техникалық мамандықтар студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралдың дидактикалық бірліктер жүйесі 12 сабақтан тұрады. Әр сабақ жоғарыда көрсетілгендей, мазмұны жағынан мамандыққа сай терминологиямен, келіссөз жүргізу, құжат алмасу сияқты процесстерде орын алатын қарым-қатынас қорымен қамтылған.

3.2 Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделінің апробациясы

Диссертациялық зерттеу жұмысымыздың бұл тарауы тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңі, әзірленген әдістемелік моделді іс жүзінде ұйымдастыру шарттары жайлы баяндайды. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру жұмысы лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер

арқылы 2.2. тараушада көрсетілгендей мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-тақырыптық, прагматикалық кезеңдер бойынша жүзеге асырылады. Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс алдында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің басым бөлігі қытай тілі бойынша білімдері неғұрлым мамандықтарына жақын болғанын, кәсіби қарым-қатынасқа түсу мүмкіндіктерінің жоғары болғандығын таңдаған. Сәйкесінше, белгіленген курс бойынша таңдалған тақырыптық мәтіндер студенттердің мамандықтары бойынша аутентивтік сипатта болып келеді.

Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін Шетел тілі пәні бойынша жеткілікті сағат көлемі бөлінуі қажет. Бірінші тарауда атап көрсеткеніміздей, Қазақстан азаматтарының шетел тілінде қарым-қатынас орнатуға қабілетті болуы мемлекеттік маңызы бар көрсеткіш, онымен қоса, кәсіби мамандардың шетелдік әріптестерімен аудармашы көмегінсіз шетел тілінде коммуникация жасауы халықаралық деңгейде азаматтарымыздың сауаттылығын білдіреді. Әр мамандықтың шетел тілі пәні бойынша өзіне тиесілі оқу жоспары бар және оқытушылар осы оқу жоспарына сүйене отырып дәріс жүргізеді. Біз ұсынып отырған қытай тілі бойынша оқу жоспарының мазмұны техникалық пәндер бойынша оқу жоспарының тақырыптық мазмұнына негізделген, сонымен қатар іс жүзінде қытаймен серіктес болып табылатын отандық компаниялардың жұмыс барысында қытайлық әріптестері тарапынан келетін сұраныстары мүмкіндігінше ескерілді.

Аталған педагогикалық шарттарды кешенді қолдану студенттерге шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті тиімді қалыптастырудың қажеттілігімен анықталады.

Нәтижеге қол жеткізу үшін аталған шараны жүйелі түрде пайдалану шарт. Ол үшін ЖОО үздіксіз білім беру процесінде тікелей жүргізілді. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Қазақстан Республикасының жоғары білім беру стандартының базалық/элективті цикліне жататын Шетел тілі пәні бойынша жүзеге асырылды. Ұсынылған оқу пәндерінің бағыты мен мүмкіндіктері студенттерді зерттеу жұмысының барысына мақсатты түрде тартуға ықпал етеді, болашақ инженерлердің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға оңтайлы жағдай туғызады.

Біз ұсынып отырған қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары техникалық мамандықтар студенттеріне, оның ішінде «Мұнай-газ ісі» мамандығының студенттеріне арналған болатын.

Техникалық мамандықтар студенттері қытай тілін «Шетел тілі» пәні курсы бойынша жылына он кредит сағат көлемінде өтеді. Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес «Қауіпсіздік техникасы» атты тақырып бойынша техникалық мамандықтар студенттерінің бойында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін практикалық сабақ уақытында пайдаланатын педагогикалық технологияларды ұсынамыз. Бұл тақырып 6 практикалық сағат көлемін құрайды. Белгіленген тақырып бойынша

сабақ мақсаты: Студенттерді қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге қатысты негізгі терминдермен, сөз тіркестермен таныстыру және олардың қолданысын үйрету. *Міндеттері:* қауіпсіздік техникасын сақтау маңыздылығын түсіну, қауіпсіздік техникасын сақтау мақсатында жиі қолданылатын терминдердің қытай тіліндегі баламасын зерттеу және жаттау, тиесілі жағдайда кәсіби дискурс кезінде тиісті терминдерді дұрыс қолдану.

Мотивациялық-құндылықтық кезеңде студенттердің тақырыпқа деген қызығушылығын оятып, сабақ барысына белсенді қатысуы үшін педагогикалық дискуссия және жаңа оқыту материалын ақпараттық технологиялар қолданысымен түсіндіру технологиясы ұсынылады. Практикалық сабақ барысын ұйымдастыру барысында іскерлік әңгіме, жиналыс, пікірталас, хабарлау, баяндау сияқты іскерлік қатынас формалары іске қосылады және хабарлама, анықтама, түйіндеме ретіндегі іскерлік жанры негізгі алынады.

Бірінші тапсырма. Аталмыш тақырып бойынша «MeWeUs» атты дискуссия жүргізу технологиясы қолданылды. Педагог сабақтың мақсатын белгілейді, оқу тобына тақырыпқа қатысты «Неліктен жұмыс орнында қауіпсіздік техника ережелерін сақтау керек?» деген сұрақ қояды, нәтижелерге шолу жасайды, студенттерді екінші кезеңде топтарға бөледі, қажетті реквизиттермен қамтамасыз етеді.

Бірінші кезең «Me»: әр студент жеке отырып сұраққа қатысты өз аргументтерін жазады, оқытушы аудиториядағы тыныштықты сақтап уақытты қадағалайды. Мысалы, бір студент жұмыс орнында техника қауіпсіздік ережелерін сақтау өмір қауіпсіздігі үшін маңызды, міндетті түрде арнайы жасақталған киім формасын дұрыс реттілікпен кию керек, тапсырманы толық нұсқаулық бойынша орындау керек, уақытты қатаң қадағалау қажет, ара қашықтық дистанциясын сақтау қажет, құрал-саймандарды бағытына қарай пайдалану керек және т.с.с. Ал, басқа студент техника қауіпсіздік ережелерін тек кен орындарында сақтамаса офистік қызметкерлерге сақтау маңызды емес, арнайы жасақталған киім формасы ыңғайсыздық тудырса ұқсас киімдермен алмастырып киюге болады, нұсқаулықты қатаң сақтау әр тапсырма барысында міндетті емес маңыздысы нәтиже және т.с.с. Үшінші студент өзінше басқа пікірлерді білдіруі мүмкін.

Студенттер өз жауаптарын жазып болған соң, екінші кезең «We» бойынша оқытушы студенттерді кіші топтарға бөледі, студенттер топ ішінде әр қайсысы өз аргументтерін ортаға салып, сол бойынша ортақ бір жүйеге келтіреді, ал оқытушы студенттерге берілген тақырып аясынан шығып кетпей назарларын бір фокуста ұстауларына көмектеседі, қажет жағдайда топ ішіндегі студенттер арасында туындаған сұрақтарды шешуге көмектеседі.

Соңғы «Us» кезеңінде студенттер топ болып тақтаға өз аргументтерін алып шығып қорғайды, қалған топтар толықтыру принципімен өз аргументтерін ұсынады немесе қарама-қайшы көз-қарас танытады. Нәтижесінде келесі сабақта үйренетін қауіпсіздік техникасына қажетті терминдердің қытайша нұсқасының тізімін шығарып, қолдану аясын қарастырады. Оқытушы өз тарапынан топтарға берілген уақыт регламентін сақтау, дискуссияны құптау, сұрақ шеңберінен

ауытқымау, тыңдаушылар назарын белсенді ұстау, топ көшбасшыларына қолдау білдіру қажет.

Сабақ соңында студенттер тақырыптың маңыздылығын ашатын сұраққа жан-жақты жауап алып, оны қытай тілінде қолдана білудің қажеттілігін түсінеді. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілін оқуға деген мотивациясы оянып, маңыздылығын саналы түрде ұғынады.

Екінші тапсырма. Техникалық мамандықтар студенттерінің кәсіби қызметі барысында өзекті болып табылатын қауіпсіздік техникасына қатысты іскерлік терминдердің қытайша баламасы мен олардың іс жүзіндегі қолданысын заманауи ақпараттық құралдардың көмегіне жүгіне отырып оқыту технологиясы. Бұл тапсырманы орындау үшін оқытушы алдымен өз тарапынан қолданылатын қосымшалардың, интернет платформалар мен электронды сөздіктерді анықтап алу қажет. «Қауіпсіздік техникасы» тақырыбына қатысты термин сөздерді іріктеп, оқыту үшін «БКРС» электронды сөздігі және иероглифтердің жазылу реттілігі мен дұрыс дыбысталуын меңгеру үшін «Written Chinese» интернет сайты қолданылды. Жаңа лексикалық бірліктер келесі ретпен беріледі: иероглиф – латын транскрипциясы (пиньинь) – оқу тіліне аударылады және туған тілі қытай тілі болып табылатын сөйлеушімен аудио нұсқасы тыңдалады. Оқытушы әрбір жаңа сөзбен таныстыру барысында білім алушылармен бірлесе отырып дыбыстайды, дыбыстың дұрыстығы бақыланады және есте сақталу үшін мысалдар келтіреді. Мысалы: 石油 - shi you - мұнай. 你在石油公司上班吗? Ni zai shi you gong si shang ban ma? Сіз мұнай компаниясында жұмыс істейсіз бе?

Осындай техникалық терминологияны игеру барысында берілген лексикалық бірліктердің түріне қарай оны семантизациялаудың жолы таңдалады, мысалы, антонимдер, синонимдер келтіру, жоғарыдағыдай жағдаят кезінде қолдану және т.б.

Мысалы: 安全 (Ānquán) – қауіпсіздік, bkrs.info электронды сөздігіне енгізсеңіз, бұл термин туралы толыққанды ақпарат ала аласыз, терминнің айтылуы, аудармасы, қолданылу мысалы, қандай сөз тіркесінде кездесетіні, сөздің синонимдері. Ал, иероглифтің дұрыс жазылу реттілігін түсіну үшін Written Chinese парақшасына енгізген жағдайда иероглифтің жазылу реттілігі, дыбысталуы, тоны, пиньині, ағылшын тіліне аудармасы, дәстүрлі қытай тіліндегі баламасы, осы сөзбен келетін сөз тіркестері, мысал келтірілген сөйлемдер шығады. Сонымен қатар, студенттерге аудиториядан тыс уақытта берілген тақырып бойынша бейнероликтер көріп, подкасттар тыңдауға кеңес беріледі. Ол үшін Tudou, Youku, Youtube сияқты интернет платформалары қолданылады.

Үшінші тапсырма. Суреттердің берілген тақырып бойынша негізгі кілт сөздерді, жаңа лексикалық бірліктерді жаттағандығын тексеру үшін суреттегі бейнелердің қытайша атауын айтуды сұраймыз. Келесі 18–суретте терминдерді сурет бойынша табу керек.

бағытталған құзыреттілігін дамытады. Мәтінді таңдау кезінде оның түпнұсқалығына, техникалық бағытталуына, мазмұнының өзектілігіне, қытай тілін үйренушілердің тілді меңгеру деңгейіне аса назар аудару керек. Ұсынылған техникалық бейіндегі мәтіндер студенттердің мамандық бойынша лексикалық бірліктер мен концептуалды аппаратын қабылдауына әсер етеді, бұл бағыттағы негізгі түсініктерді талдауды және топтастыруды үйретеді. Мәтінмен жұмыс аяқталғаннан кейін оқытушы студенттерге тақырып шеңберінде кәсіптік жағдаятқа негізделген тапсырма ұсынады. Студенттер өз жұбына мұнай және газ өндірісіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық түрлеріне қарай нұсқау жүргізеді.

- 职业安全简报
- 介绍性;
- 工作场所的初级;
- 重复;
- 计划外;
- 目标。

Әр жұп өзара нұсқаулық береді, оқытушы студенттердің коммуникативтік біліктіліктерін ынталандырады, тежемейді, қажет жағдайда түзетулер енгізеді.

Бесінші тапсырма. Студенттердің тақырып бойынша білімдері мен ізденістерін тереңдету мақсатында келесі жоба дайындау технологиясы бойынша тапсырма беріледі. Ол үшін студенттер төрт-бес адамнан топқа бөлініп келесі тақырыптар бойынша зерттеу жұмысын жүргізеді, алынған нәтижені презентация ретінде басқа топ студенттеріне ұсынады. Жоба дайындау мақсаты студенттердің кәсіби мамандандырылған тақырып бойынша қытай тілінде білімдерін тереңдетіп қана қоймай, қытайлық жұмыс жүргізу әдебін түсіне отырып коммуникацияға түсу мүмкіндігін жоғарылату болып табылады. Жоба технологиясын орындау барысында студенттердің бойында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік құрамындағы барлық субқұзыреттіліктер, әсіресе кәсіби-түсіндірмелі және ақпараттық-технологиялық субқұзыреттіліктер қарқынды дами түседі. Жоба дайындау мақсатында келесі тақырыптар шеңберінде жұмыс жүргізу ұсынылады. Келесі 19–суретте тақырыптар негізінде жоба дайындау ұсынылады.

石油和天然气行业的安全挑战

全球最大的产业？

一个在2019年价值约5400亿美元的行业，预计到2027年将增长到651亿美元，并估计在超过35万家企业中雇用约400万人，其中充满了化学防护类 危害性防护。它们被用作生产更精炼的化学品的基本原料（原料）；作为生产过程的一部分，带来反应，并作为清洁下线的辅助产品，随着行业的发展和生产商对更高质量的成品需求的增加，清洁下线更加频繁和广泛。

由SMS材料制造的典型的一次性服装通常被认证为5类标准，用于防护危险的干燥颗粒（EN 13982）。然而，该标准指出，许多应用（取决于危险等级和粉尘浓度）需要更高的保护水平，甚至达到完全气密的1型防护服。

标准的5型透气连体服适用于防尘保护。但不是所有的防尘保护。



例如，许多用户选择最便宜的阻燃服装是基于它们通过了EN 11612认证的事实。然而，有多少人考虑过标准中的五项测试，评估对不同类型热能（辐射、接触、连接等）的抵抗力？如果你的应用中的主要风险与接触热能有关，那么为涉及辐射热能的应用购买一件阻燃服装是没有用的。



在一个例子中，当用透气的SMS服装取代不透气的闪蒸聚乙烯服装时，一家工厂的员工拒绝接受新产品更透气、因此更舒适的说法，尽管事实显然不是这样，而且明显是这样的！”。

这种拒绝并不是因为哪种产品更好或更透气，而是因为员工们觉得自己被一个没有人问过也没有参与的选择过程所剥夺了权利。他们决心找到某种方式，任何方式，来拒绝它。

一个参与其中的劳动力可以节省很多浪费的时间，并使繁忙的安全管理人员的生活变得更加轻松。



Сурет 19 – Тақырыптар негізінде жоба дайындау

Студенттер берілген тақырыптар негізінде дайындалған өз жобаларын топ ішінде қорғап, талқылағаннан кейін оқытушы қажет жағдайда толықтырулар, түзетулер енгізеді және бағалайды.


Алтыншы тапсырма. Техникалық мамандықтар студенттерінің жұмыс барысында дәл осы мезетте орын алуы мүмкін мәселелерді бір-бірімен, келешекте қытайлық әріптестерімен шеше алатын қабілетті дағдыландыру үшін проблемалық жағдаяттық тапсырмалар ұсынылады. Тапсырманы орындау үшін студенттер топқа бөлінеді, әр түрлі іскерлі қатынас формаларына енулеріне шектеу қойылмайды, тақырып аясында қосымша суреттер беріледі. Берілген тақырып бойынша жұмыс барысында жиі орын алатын жағдаяттар мысалға алынады.

- *Сыни тұрғыдан пікір беріңіз.* Вахталық ауысу режимі орын алды. Адами, эмоционалдық фактор бойынша жұмысшылар әлі де тұрмыстық күйден арыла алмай жүр. Бұл жағдайда ішкі дисциплинаны сақтамау салдарын түсіндіріңіз. 20 – суретте сыни тұрғыдан пікір беру ұсынылады.



Сурет 20 – Сыни тұрғыдан пікір беріңіз

- *Кәсіби техникалық дискуссияда жиі қолданылатын термин тіркестерін пайдаланыңыз.* Аймақтағы бір техникалық агрегат істен шықты, вахта мастерінің жұмыс алды нұсқаулығына немқұрайлы қарауынан төтенше жағдай орын алды, жарақаттанған жұмысшылар бар. Жұмыс тәртібін реттеңіз. 21 – суретте терминдерді пайдаланып пікірталасқа түсу ұсынылады.



Сурет 21 – Терминдерді пайдаланып пікірталасқа түсіңіз

- *Техникалық маман қызметкерлеріне кәсіби дискурс аясында қытай тілінде ауызша нұсқаулық жүргізіңіз.* Басшылықтан келген жаңа тапсырма бойынша командаға жұмыстың атқарылу тәртібі бойынша нұсқаулық жүргізіңіз. Жұмыс барысында барлық қауіпсіздік ережелерінің сақталуын тексеріңіз. 22– суретте нұсқаулық жүргізу ұсынылады.



Сурет 22 – Нұсқаулық жүргізіңіз

Болашақ инженер мамандарына практика жүзіндегі қызметкер ретінде сауалнама жанрында сұхбат беріңіз. Атқарылатын жұмыс түріне қарамастан вахта мастерінің міндетті түрде барлық жұмыс объектілерінде жеке өзінің қатысуы шарт деген ереженің орындалмау жағдайларына қолданылатын шаралар мен орын алатын жағдайлар қауіпін түсіндіріңіз. 23–суретте студенттерге сұхбат беру ұсынылады.



Сурет 23 – Сұхбат беріңіз

- Кәсіби дискурс аясында ресми түрдегі хабарлама дайындаңыз. Қауіпсіздік комитеті қызметкері ретінде жұмысшылар тобына хабарлама түрінде кәсіби қызмет барысында орын алатын әр түрлі жағдай бойынша маман бойында қалыптасқан қауіпсіздік мәдениеті оның кәсібилігінің сипаты екендігі жайлы баяндаңыз. 24 – суретте хабарлама дайындау ұсынылады.*



Сурет 24 – Хабарлама дайындаңыз

- Техникалық сала қызметі бойынша қытай тілінде бұйрық шығару моделін дайындаңыз. Төтенше жағдай орын алған объектіде ремонттық жұмыс жүргізу барысында бір қызметкердің уақыт үнемдеу мақсатында тиесілі емес жабдықты қолдану салдарынан жарылыс орын алады, адам шығыны тіркеледі. Өмір қауіпсіздігіне нұқсан келу мүмкіндіктері жоғары жұмыс объектілерінде әріптестер әрекеттерін бақылауда ұстау, командалық түрде қауіпсіздік шараларын сақтану шарт екендігі жайлы бұйрық шығару. 25 – суретте бұйрық шығару моделін дайындау ұсынылады.*



Сурет 25 – Бұйрық шығару моделін дайындаңыз.

Жетінші тапсырма. Кәсіби тілді мақсатты түрде қолдануды қалыптастыратын тақырып бойынша репродуктивті түрдегі жаттығулар. Бұл кезеңде техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін дамыту үшін танысқан мамандыққа қатысты терминдерден құралған жаңа лексикалық бірліктерді есте сақтап, қолданыс аясын тереңірек түсіну мақсатында әдістемелік жаттығуларға көшеміз. Техникалық мамандықтар студенттері мамандығына қатысты алып жатқан кәсіби білімдерінің қарапайым жақтарын қытай тілінде қолданудың нұсқасымен таныс болады, яғни қытай тілінде негізгі техникалық түсініктерді игеріп, оны іс жүзінде қолдануды үйренеді. Ең алдымен, жаттығулар қытай тіліндегі техникалық терминдерді дұрыс ажырата білуге бағытталады, бұл студенттердің пиньиндері бірдей, бірақ тондары әр түрлі кәсіби терминдерді қолдану кезінде шатастырып алмау мақсатында ұсынылады. Сонымен қатар, артикуляциялық аппаратының шыңдалуына да көмек береді.

- Жаңа тақырып бойынша өтілген лексикалық бірліктердің тондарын дұрыс дыбыстауға арналған жаттығу.

Ānquán xìng – Ānquàn xǐng, Fáng huǒ – Fǎng huó, Ānquán mào–Ānquǎn mǎo, Fánhù fú–Fānhú fǔ, Fánhù yǎnjǐng– Fānhú yánjǐng, Jīnjí shūsǎn–Jīnjì shǔsǎn, Xiāofáng qìcái–Xiáofáng qǐcài, Qìtǐ jiǎncè–Qítǐ jiáncé, Ānquán jiāncè–Ānquán jiáncé, Ānquán péixùn–Ānquán pēixún, Lòu yóu bàojǐng–Lóu yòu báojǐng, Fáng bào zhuāngzhì–Fǎng bào zhuāngzhì, Bàozhà wēixiǎn–Bāozhà wéixiān.

Келесі 21– кестеде берілетін жаттығуымыз студенттердің қытай тілінде жылдам, әрі түсінікті сөйлеуін машықтандыру үшін ритмге бағытталған жаттығулар.

Қытай тіліндегі тақырып шеңберіндегі кәсіптік терминдердің сөйлемдегі ритм бойынша дұрыс айтылуын көрсетіңіз.

Кесте 21–Ритм бойынша дұрыс айтылуға арналаған жаттығу

#	Тапсырма	Жауабы	Дұрыс жауабы
1	Qì-chē-lòu-yóu-bào-jǐng biāozhì 汽车漏油报警标志		Qìchē lòu yóu bàojǐng biāozhì
2	Xiāo-fáng-qì-cái-yòng-yú miè-huǒ 消防器材 用于灭火		Xiāofáng qìcái yòng yú mièhuǒ
3	Bào-zhà-wéi-xiǎn-chǎng- suǒ 爆炸危险场所		Bàozhà wéixiǎn chǎngsuǒ
4	Ān-quán-biāo-zhì-néng- gòu-tí-xǐng-gōng-zuò-rén- yuán-yù-fáng-wéi-xiǎn 安全标志能够提醒工作 人员预防危险		Ānquán biāozhì nénggòu tíxǐng gōngzuò rényuán yùfáng wéixiǎn
5	Ān-quán-mào-pèi-jiàn- yòng-yú-shí-yóu-hé-tiān- rán-qì 安全帽配件用于石油和 天然气		Ānquán mào pèijiàn yòng yú shíyóu hé tiānránqì

Қазіргі қытай тіліндегі сөздердің басым бөлігі екі бөліктен, яғни екі иероглифтен құралған сөздер. Бұл техникалық терминдерге де қатысты. Келесі жаттығу техникалық терминдердің бастапқы иероглифі мен кейінгі иероглифін сәйкестендіруге арналған. Топ ішінде студенттер қай санға қай әріптегі иероглиф сәйкес келетінін көрсетеді, уақытты үнемдеу жағынан да тиімді болып келеді.

- Жаңа сөздер бойынша иероглифтердің бастапқы бөлігі мен кейінгі бөлігін тиісінше сәйкестендіру бойынша жаттығу төмендегі 22–кестеде келтірілген.

Кесте 22–Иероглифтерді есте сақтауға арналаған жаттығу

№	Иероглифтің бірінші бөлігі	Сызық арқылы сәйкестендіріңіз		Иероглифтің екінші бөлігі	Сөзді толық жазыңыз	Пиньин жазыңыз
1	安		A	报警		
2	防		B	志		
3	标		C	全		
4	气体		D	检测		
5	漏油		E	火		

Келесі кесте 23–де берілетін жаттығу студенттердің кәсіби терминдерді қаншалықты есте сақтағандығын тексеруге бағытталған. Ол бойынша студенттер берілген пиньиндерді іштерінен оқып, сол арқылы сөздің бейнесін елестетіп, оның иероглифін және аудармасын естеріне түсіріп жазу керек.

- Жаңа сөздердің пиньиндерін иероглифпен жазып шығыңыз.

Кесте 23 – Иероглифтердің жазылуы мен аудармасын есте сақтауға арналаған жаттығу

№	Пиньин	Иероглиф	Аударма
1	Ānquán mào		
2	Jǐnjí shūsǎn		
3	Xiǎofáng qìcái		
4	Qìtǐ jiǎncè		
5	Ānquán jiǎncè		
6	Bàozhà wēixiǎn		

Сегізінші тапсырма. Кәсіби тілді мақсатты түрде қолдануды қалыптастыратын тақырып бойынша продуктивті түрдегі жаттығулар. Келесі жаттығу студенттердің берілген терминдерді қандай жағдаяттарда қолдануға болатынын сараптау арқылы сөйлеу қабілетін, яғни қарым-қатынасқа түсу қабілетін арттыруға арналған.

- Жаңа сабақ барысында өтілген термин сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

- 防火
- 安全性
- 安全帽
- 防护眼镜
- 防护服
- 漏油报警
- 防爆装置

- Сөйлемдегі құрылымы бойынша берілген сөйлемдердің дұрыс/бұрыс екендігін анықтаңыз.

- 安全性是问题首要考虑的
- 防火是行油气业的关键方面
- 进入工地前，请戴上安全帽
- 处理化学品时，请戴上防护眼镜
- 在危险环境中，必须上穿防护服

- Берілген аутентивтік мәтінді қытай тіліне аударыңыз.

• «Техника қауіпсіздік ережесін сақтау әрқашан маңызды. Адам өмірі мен қауіпсіздігі бірінші орында. Мұнай және газ өндіру кен орындарында арнайы

киім кию шарт. Жұмыс алдында арнайы нұсқаулықтан өту керек. Төтенше жағдайда тиісті алгоритм бойынша әрекет ету».

- «Қауіпті орындарда қауіпсіздік шараларын сақтау керек. Қауіпсіздік техникасы бойынша оқытуды еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша маман жүзеге асырады. Нұсқаулықтың келесі түрлері болуы мүмкін: кіріспе нұсқаулық, бастапқы нұсқаулық, қайталама нұсқаулық, мақсатты нұсқаулық және жоспардан тыс нұсқаулық».

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың соңғы кезеңі – **прагматикалық кезең** барысында студенттердің белгіленген тақырып бойынша алған білімдерін іскерлік қатынаста нәтижелі қолданысын бақылау және анықтау мақсатында моделдеу әдісі бойынша іскерлік ойындар технологиясы қолданылады. Оқытушы студенттерді жұптарға немесе топтарға бөлініп алдыңғы кезеңдер бойынша талқыланған мысалдар негізінде диалогтық формада іскерлік ойын жүргізуге шақырады. Студенттер тақырып бойынша жүргізілген сабақтардан алған білімдерін, қалыптасқан шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін айқындай, бекіте түсу үшін этюдтік түрі болып табылатын іскерлік рөлдік ойындар технологиясы бойынша жұмыс істейді. Іскерлік ойындар технологиясы процесінде студенттер берілген шаблондармен емес тақырыпта қолданған терминдер мен олардың кәсіби дискурстағы орнын анықтай отырып, оларды өз дербес қажеттіліктеріне қарай қолдануды, келісімге қалай келуді, дискуссия барысында өз ойын толық жеткізуді және нақты нәтижеге жетуді үйренеді. Яғни, студенттер тұлға ретінде өз ойын кәсіби дискурста жеткізуге ұмтылады, сол бойынша жұмыстар жасайды, мәселені шешуге тырысады. Іскерлік рөлдік ойындар барысында студенттер қытайлық әріптестерге тән барлық ерекшеліктерді, олардың әлемдік көзқарасын есепке ала отырып, амандасу процесінен бастап барлық этикет нормаларын, сөйлеу әдебін, жағдаяттың ресмилігін қытай тілінде сақтауға тырысады. Іскерлік рөлдік ойындар арқылы болашақ мамандардың кәсіби қызмет жайлы, ондағы коммуникативтік қабілеттерді қолдану динамикасы жайлы түсінік қалыптасады. Сонымен қатар, іскерлік рөлдік ойындар тек кәсіби тәжірибе ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибе жиналады, тұлғалық және топтық шешім шығару дағдысы қалыптасады. Одан бөлек, іскерлік рөлдік ойындар студенттерге кәсіби түрде тек теориялық емес, сонымен қатар практика жүзінде қолданатын ойлау қабілетін дамытады. Әрине, бұл процестердің барлығы саналы түрде қытай тілін кәсіби мақсатта қолдануды үйренемін деген студенттердің оқуға ынтасын оятып, мотивациясын күшейтеді. Тәжірибе көрсеткендей іскерлік рөлдік ойындар сабақ барысын тікелей «жұмыс орнында» өткізуге мүмкіндік береді, студенттер сол мезетте өздерін офиске немесе кен орнына, жұмыс барысына әкетеді. Іскерлік рөлдік ойындар барысында студенттер өзара келіссөздер жүргізеді, презентация жасайды, сұхбат береді, пікірталас орнатады. Бұл процестің өтетін территориясын, орнын, түрін, өздерінің рөлдерін анықтайды. Осындай қарым-қатынас тек ауызша түрде емес, сонымен қатар жазбаша түрде де жүреді, яғни жазылым әрекеті де дами түседі. Нәтижесінде студенттер қытай тілінде

түсініктеме, жауап хат, шақырту, хабарлама, бұйрық, түйіндеме және т.с.с. іс-қағаздарының жазылу нормасын игереді. Әдетте диалог екі адамнан басталып туындаған мәселе бойынша қатысатын адам саны ұлғая береді. Әр ойыншының өзіне тиесілі рөлі, атқаратын кәсіби міндеті мен ұстанатын позициясы болады. Ойын барысында ойыншылар регламент сақтауы тиіс. Оқытушылар студенттердің ойынын бақылауға және бағалауға міндетті, қажет жағдайда қателіктермен жұмыс жасап, түзетулер енгізуі керек, алайда студенттердің алдында атқарылған жұмысқа әрдайым ықылас танытып, құптау, ынталандыру қажет. Студенттердің ойын процесіне неғұрлым терең енуі соғұрлым жұмыс барысында іспеттес жағдайда қытай тілінде дұрыс қатынас орнатуына мүмкіндік береді.

Атқарылған жұмыстың нәтижесін саралау үшін оқытушы әр берілген тапсырма бойынша әзірленген критерийлер мен дескрипторларға сәйкес бағалау жұмысын жүргізеді және студенттер тақырып аясында кері байланыс орнатады. Берілген тақырып бойынша критерийлер мен дескрипторлар келесі 24 –кестеде көрініс тапты.

Кесте 24 – «Қауіпсіздік техникасы» тақырыбына арналған дәріс тапсырмалары бойынша критерийлер мен дескрипторлар

Тапсырма	Критерий	Дескрипторлар	Балл
1	2	3	4
«MeWeUs» атты дискуссия жүргізу технологиясы	Жаңа тақырып бойынша пікірсайысқа түседі	Өз ойын ашық және еркін жеткізеді;	100-90
		Дискуссияға түседі, қателер бар;	89-70
		Өз ойын жеткізе алмайды, ынтасы төмен, қателері көп.	69-50
Кәсіби терминдерді ақпараттық құралдар көмегімен оқыту технологиясы	Техникалық құралдармен ақпаратты талдай алады	Қажетті ақпаратты ақпараттық құралдар арқылы таба алады;	100-90
		Ақпараттық құралдарға қызығушылығы бар;	89-70
		Ақпараттық ресурстарды пайдалана алмайды.	69-50
Тапсырмаға бағытталған оқыту технологиясы	Жұмыс орындағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық түрлерімен танысу және ажырату	Нұсқаулық толықтай жүргізілді	100-90
		Нұсқаулық ішінара жүргізілді	89-70
		Тапсырманы орындауда кәсіби терминдердің қолданысы шектелді	69-50

24-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Жоба дайындау технологиясы	Қауіпсіздік стандарттарын орындауға арналған шаралар бойынша жоба дайындау	Топтық жұмыста белсенділік танытып, нәтижелі жоба дайындалды;	100-90
		Жоба жүргізілді, ішінара қателіктері бар;	89-70
		Шағын көлемде презентация дайындалды, жобаға қатысты сұрақтар толық қамтылмады.	69-50
Проблемалық жағдаяттық тапсырмалар	Проблемалық мәселелерді дұрыс шеше білу, өз позициясын көрсете алу	Проблемалық кәсіби дискурста қатынас орната алады, терминдерді орнымен қолданады;	100-90
		Қатынас орнатуда терминдердің қолданысын толық білмейді, шешімдер ұсынады;	89-70
		Кәсіби қатынас орнатуға қиналады, терминдердің қолданысын білмейді, мәселені шешуге ынталанбайды.	69-50
Тондарын дұрыс дыбыстауға арналған жаттығу	Кәсіби терминдердің тондарын дұрыс дыбыстау және ажырату	Тондарды дұрыс дыбыстайды, ажыратады	100-90
		Тондарды дұрыс дыбыстайды, ажыратпайды;	89-70
		Тондарды дұрыс дыбыстамайды.	69-50
Ритм бойынша жаттығу	Сөйлеу барысында сөздерді тіл иелеріне имитация жасау арқылы артикуляциялық аппаратты қалыптастыру	Сөздерді ритм бойынша дұрыс дыбыстайды;	100-90
		Сөздерді ритм бойынша дыбыстауда қателіктер жібереді;	89-70
		Сөздерді ритм бойынша дұрыс дыбыстамайды.	69-50
Сәйкестендіруге арналған жаттығу	Сөздегі алғашқы иероглиф пен кейінгі иероглифті біріктіру	Иероглифтерді дұрыс сәйкестендірді;	100-90
		Иероглифтерді сәйкестендіруде қателіктер бар;	89-70
		Иероглифтерді бір-бірімен сәйкестендіре алмады.	69-50

24-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Пиньиндері иероглифпен жазуға арналған жаттығу	Кәсіби терминдерге қатысты сөздердің иероглифін жаза және тани білу	Пиньиндер бойынша иероглифтерді дұрыс жаза білу;	100-90
		Пиньиндер бойынша иероглифтерді дұрыс жазуда қателіктер жіберу;	89-70
		Пиньиндер бойынша иероглифтерді дұрыс жаза алмау.	69-50
Пиньиндері иероглифпен жазуға арналған жаттығу	Кәсіби терминдерге қатысты сөздердің иероглифін жаза және тани білу	Пиньиндер бойынша иероглифтерді дұрыс жаза білу;	100-90
		Пиньиндер бойынша иероглифтерді дұрыс жазуда қателіктер жіберу;	89-70
		Пиньиндер бойынша иероглифтерді дұрыс жаза алмау.	69-50
Термин сөздерден сөйлем құрастыруға арналған жаттығу	Сөйлем құрау барысында терминдер қолданысын дұрыс пайдалану	Терминдерді дұрыс қолдана алады;	100-90
		Терминдерді қолдануда шатасады;	89-70
		Терминдерді орнымен қолдана алмайды.	69-50
Құрылымы бойынша берілген сөйлемдердің дұрыс/бұрыс екендігін анықтауға арналған жаттығу	Сөйлем құрылымының дұрыс жасалғанын түсіну	Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін түсінеді;	100-90
		Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтауда қателеседі;	89-70
		Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білмейді.	69-50
Аутентивтік мәтінді қытай тіліне аудару	Кәсіби мәтінді қытай тіліне аудару	Кәсіби терминдер қамтылған мәтінді аудару алады;	100-90
		Кәсіби терминдер қамтылған мәтінді аударуда қателер жібереді;	89-70
		Кәсіби терминдер қамтылған мәтінді аудару алмайды;	69-50
Іскерлік ойындар технологиясы	Кәсіби дискурс шеңберінде қатынасқа түсе алу	Қытай тілінде іскерлік қатынас орната алады;	100-90
		Қытай тілінде іскерлік қатынас орнатуға тырысады;	89-70
		Қытай тілінде іскерлік қатынас орната алмайды.	69-50

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі бойынша атқарылатын оқыту технологиясы студенттердің бойында тиісті субқұзыреттіліктерді қалыптастырады. Мотивациялық-құндылықтық кезең барысында эвристикалық әдісі бойынша дискуссия технологиясы іске асырылады, студенттердің бойында лингвистикалық, коммуникативтік субқұзыреттіліктер қалыптасады. Сонымен қатар, бұл кезеңде ақпараттық-рецептивтік әдіс бойынша жаңа оқыту материалын техникалық ақпараттық технологиялар қолданысымен түсіндіру оқыту технологиясы жүргізіледі, ол арқылы студенттердің бойында ақпараттық-технологиялық, лингвистикалық субқұзыреттіліктер қалыптасады. Бастысы студенттердің тақырыпқа деген қызығушылығы оянып, оны ары қарай зерттеуге ынтасы пайда болады. Сол себепті, келесі когнитивтік-тақырыптық кезеңде негізінен зерттеу және проблемалық оқыту әдістері қолданылады. Ол жоба және тапсырмаға бағытталған оқыту, проблемалық жағдаяттық тапсырмаларды орындау технологиялары арқылы көрініс табады. Бұл кезеңде қалыптасатын негізгі субқұзыреттіліктер ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі. Соңғы прагматикалық кезеңде шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін моделдеу әдісі бойынша іскерлік ойындар технологиясы қолданылады. Ал, студенттердің бойында коммуникативтік, кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер қалыптасады.

Техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру барысында лингвистикалық, коммуникативтік субқұзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы мотивациялық-құндылықтық кезеңінде студенттер негізгі кәсіби техникалық сөздік қорымен, терминдер кіріктірілген мәтінмен танысса, когнитивтік-тақырыптық кезеңінде ақпараттық-технологиялық, лингвистикалық, коммуникативтік субқұзыреттіліктерді қалыптастыра отырып, мотивациялық-құндылықтық кезеңдегі алған ақпаратты іс жүзінде қарым-қатынас барысында қолдануды үйренеді, ал прагматикалық кезеңінде кәсіби-түсіндірмелі және коммуникативтік субқұзыреттіліктерді қалыптастыра отырып алған кәсіби білімдеріне сараптама жасап, өздеріне белгілі деңгейде есеп бере отырып кәсіби қатынас орнатуға қауқарлы болады.

3.3 Қытай тілі бойынша кәсіби-бағытталған оқыту әдістемесінің тиімділігін негіздеу

Ұсынылған техникалық мамандықтарға арналған шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделінің нәтижесінің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтау мақсатында эксперименттік топ пен бақылау тобы құрылып тәжірибелі-эксперименттік жұмысы жүргізілді. Тәжірибе алаңы болып Қызылорда қаласында орналасқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті таңдалды. Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дан 80 студент қатыстырылды, эксперименттік топ 41 студент пен бақылау тобы 39 студент. Студенттердің барлығы қытай тілі бойынша бастапқы деңгейді игерген, жалғастырушы деңгейдегі студенттер. Тұжырымдалған техникалық мамандықтар

студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын іске асырудың тиімділігін бағалау қалыптастырушы эксперименттік жұмыстың алғашқы кезеңде студенттердің тілдік білім деңгейінің тең дәрежеде екендігі және соңғы кезеңде белгіленген критерийлер бойынша диагностика нәтижелерін салыстыру жолымен жүзеге асырылды. Эксперименттік жұмыс тобынан алынған сипаттамалардың барлық көрсеткіштері бақылау тобынан алынған сипаттамалармен салыстырғанда жоғары екенін атап өту маңызды.

Диагностикалау жұмысы жоғары тарауда көрсетілген әдістемелердің диагностикалық кешені негізінде ұйымдастырылды. Алынған нәтижелер қарапайым математикалық статистика әдісімен тексеріліп, дұрыстығы нақтыланды. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің қалыптастыру диагностикасы студенттерден алынған бақылау жұмыстарының шешімі негізінде келесі берілген математикалық формула арқылы есептелінді.

Студенттердің жалпы саны – n

Деңгейге қатысты жауаптар саны – Na

Пайыздық қатынасы – X


$$X = \frac{Na * 100\%}{n}$$

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында эксперименталды және бақылау топтарында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында бақылау кесінділері алынды. Бастапқы эксперименттің алғашқы кезеңінде сыналушылардың қытай тілі бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Қорытынды тәжірибе аяқталғаннан кейін эксперименталды және бақылау топтарында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс кезінде анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдерде алынған эксперименттік топтың деректерін салыстыру жүргізілді. Алынған деректер зерттелу көрсеткіштерінің қалыптасу деңгейіндегі айырмашылықтардың дұрыстығын куәландырады. Алынған қорытынды эксперименттің қалыптастыру кезеңінде эксперименттік топта жоғары және орта деңгейлерде қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік көрсеткіштері қалыптасқан студенттер санының артқаны расталды.


Студенттердің бойында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің қалыптасу деңгейіне сараптама жасау ұсынылған субқұзыреттіліктер бойынша критерийлер (мақсатты-тұтастық (Қосымша В), операционалды-әрекеттік (Қосымша Г), нәтижелік (Қосымша F)) мен деңгейлер (Кесте-19) арқылы жүзеге асырылды. Диагностика құралы ретінде эксперименталды топ пен бақылау тобы студенттеріне сауалнама жүргізілді.

Лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері келесі 26 – суретте келтірілді.



Сурет 26 – Лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері

Бақылау тобының лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері 27–суретте келтірілді.




Сурет 27– Бақылау тобының лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі эксперименталды топ және бақылау тобы студенттерінің лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері келесі 25–кестеде көрініс тапты.

Кесте 25–Лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері


Лингвистикалық субқұзыреттілік	Денгей											
	Жоғары				Орташа				Төмен			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш
Мақсатты-тұтастық	4	10%	4	10%	15	36%	14	36%	22	54%	21	54%
Операционалды-әрекеттік	5	12%	4	10%	12	29%	12	31%	24	59%	23	59%
Нәтижелік	3	7%	2	5%	11	27%	12	31%	27	66%	25	64%
Орташа % көрсеткіш		9%		8%		31%		32%		60%		59%

Лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижесі сурет 28–де келтірілген көрсеткіштерге ие болды.



Сурет 28 – Лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижесі

Келесі 29–суретте бақылау тобының лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша нәтижесі келесідей көрсеткіштерге ие болды.




Сурет 29– Бақылау тобының лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша нәтижесі

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі эксперименталды топ және бақылау тобы студенттерінің лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша қалыптасу нәтижесі келесі 26–кестеде көрініс тапты.

Кесте 26–Лингвистикалық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыстан кейінгі көрсеткіштері


Лингвистикалық субқұзыреттілік	Деңгей											
	Жоғары				Орташа				Төмен			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш
Мақсатты-тұтастық	11	27%	7	18%	25	61%	19	48%	5	12%	13	33%
Операционалды-әрекеттік	12	30%	6	15%	25	61%	18	46%	4	10%	15	38%
Нәтижелік	11	27%	7	18%	26	63%	18	46%	4	10%	14	36%
Орташа % көрсеткіш		28%		17%		62%		47%		10%		35%

Коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері 30–суретте көрсетілді.



Сурет 30 – Коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері

Бақылау тобының коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері 31 –суретте көрсетілді.




Сурет 31 – Бақылау тобының коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі эксперименталды топ және бақылау тобы студенттерінің коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері келесі 27–кестеде көрініс тапты.

Кесте 27–Коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері


Коммуникативтік субқұзыреттілік	Деңгей											
	Жоғары				Орташа				Төмен			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш
Мақсатты-тұтастық	3	7%	3	7%	15	36%	12	31%	23	56%	24	61%
Операционалды-әрекеттік	4	10%	4	10%	13	32%	12	31%	24	59%	23	59%
Нәтижелік	2	5%	1	3%	12	29%	11	28%	27	66%	27	69%
Орташа % көрсеткіш		7%		7%		32%		30%		60%		63%

Коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижесі 32–суреттегі көрсеткіштерге ие болды.



Сурет 32 –Коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижесі

Бақылау тобының коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша нәтижесі 33–суретте келтірілген көрсеткіштерге ие болды.




Сурет 33 –Бақылау тобының коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша нәтижесі

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі эксперименталды топ және бақылау тобы студенттерінің коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша қалыптасу нәтижесі келесі 28–кестеде көрініс тапты.

Кесте 28–Коммуникативтік субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыстан кейінгі көрсеткіштері


Коммуникативтік субқұзыреттілік	Деңгей											
	Жоғары				Орташа				Төмен			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш
Мақсатты-тұтастық	10	24%	6	15%	24	58%	18	46%	7	17%	15	38%
Операционалды-әрекеттік	11	27%	5	13%	25	61%	17	44%	5	12%	17	44%
Нәтижелік	11	27%	5	13%	25	61%	16	41%	5	12%	18	46%
Орташа % көрсеткіш		26%		14%		60%		44%		14%		43%

Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері сурет 34-те келтірілді.



Сурет 34 –Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері

Бақылау тобының ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері 35 –суретте келтірілді.




Сурет 35– Бақылау тобының ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі эксперименталды топ және бақылау тобы студенттерінің ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері келесі 29–кестеде көрініс тапты.

Кесте 29–Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері


Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік	Денгей											
	Жоғары				Орташа				Төмен			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш
Мақсатты-тұтастық	5	12%	5	13%	15	36%	15	38%	21	51%	19	49%
Операционалды-әрекеттік	5	12%	5	13%	13	32%	13	33%	23	56%	21	54%
Нәтижелік	4	10%	3	8%	13	32%	14	36%	24	59%	22	56%
Орташа % көрсеткіш		11%		11%		33%		36%		55%		53%

Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижесі 36–суретте келтірілген көрсеткіштерге ие болды.



Сурет 36 – Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижесі

Бақылау тобының ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша нәтижесі 37 –суретте келтірілген көрсеткіштерге ие болды.




Сурет 37 – Бақылау тобының ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша нәтижесі

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі эксперименталды топ және бақылау тобы студенттерінің ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша қалыптасу нәтижесі келесі 30–кестеде көрініс тапты.

Кесте 30–Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыстан кейінгі көрсеткіштері


Ақпараттық-технологиялық субқұзыреттілік	Денгей											
	Жоғары				Орташа				Төмен			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш
Мақсатты-тұтастық	10	24%	7	18%	28	68%	20	51%	3	7%	12	31%
Операцион алды-әрекеттік	11	27%	6	15%	24	58%	19	49%	6	15%	14	36%
Нәтижелік	11	27%	5	13%	26	63%	18	46%	4	10%	16	41%
Орташа % көрсеткіш		26%		15%		63%		48%		11%		36%

Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері 38–суретте келтірілді.



Сурет 38 – Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері

Бақылау тобының кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері 39–суретте келтірілді.




Сурет 39 – Бақылау тобының кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі эксперименталды топ және бақылау тобы студенттерінің кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері келесі 31–кестеде көрініс тапты.

Кесте 31 – Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері


Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік	Денгей											
	Жоғары				Орташа				Төмен			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш
Мақсатты-тұтастық	3	7%	3	8%	15	36%	13	33%	23	56%	23	59%
Операцион алды-әрекеттік	2	5%	3	8%	15	36%	13	33%	24	59%	23	59%
Нәтижелік	2	5%	2	5%	14	34%	12	31%	25	61%	25	64%
Орташа % көрсеткіш		6%		7%		35%		32%		58%		60%

Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижесі 40–суретте келтірілген көрсеткіштерге ие болды.



Сурет 40 – Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижесі

Бақылау тобының кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша нәтижесі 41–суретте келтірілді.




Сурет 41– Бақылау тобының кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша нәтижесі

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі эксперименталды топ және бақылау тобы студенттерінің кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша қалыптасу нәтижесі келесі 32–кестеде көрініс тапты.

Кесте 32–Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік бойынша тәжірибелік жұмыстан кейінгі көрсеткіштері


Кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттілік	Денгей											
	Жоғары				Орташа				Төмен			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш	Студ. саны	%көрсеткіш
Мақсатты-тұтастық	9	22%	4	10%	27	66%	13	33%	5	12%	22	56%
Операцион алды-әрекеттік	12	29%	5	13%	23	56%	13	33%	6	15%	21	54%
Нәтижелік	10	24%	7	18%	26	63%	12	31%	5	12%	20	51%
Орташа % көрсеткіш		25%		14%		62%		32%		13%		54%

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру бойынша эксперименталды топ студенттеріне жүргізілген тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа дейінгі алынған сынама көрсеткіштері келесі 42–суретте көрсетілді.



Сурет 42 – Эксперименталды топ студенттеріне жүргізілген Тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа дейінгі алынған сынама көрсеткіштері

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру бойынша бақылау тобы студенттеріне жүргізілген тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа дейінгі алынған сынама көрсеткіштері келесі 43–суретте көрсетілді.




Сурет 43 – Бақылау тобы студенттеріне жүргізілген Тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа дейінгі алынған сынама көрсеткіштері

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру бойынша «Шетел тілі (қытай тілі) пәні барысында жүргізілген тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа қатысқан эксперименталды және бақылау топтары студенттерінің тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа дейінгі нәтижелік көрсеткіші төмендегі 33–кестеде берілді.

Кесте 33–Құзыреттілік критерийлері бойынша тәжірибелік жұмыс алдындағы көрсеткіштері


Құзыреттілік критерийлері	Деңгейлері					
	Жоғары		Орташа		Төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Мақсатты-тұтастық	9%	9%	36%	34%	54%	56%
Операционалды-әрекеттік	10%	10%	32%	32%	58%	58%
Нәтижелік	7%	5%	30%	31%	63%	63%
Орташа көрсеткіш	8%	8%	32%	32%	58%	59%

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі алынған сынама көрсеткіштері бойынша эксперименттік топ студенттерінің нәтижелік қорытындысы келесі 44 –суретте көрсетілді.



Сурет 44 –Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі алынған сынама көрсеткіштері бойынша эксперименталды топ студенттерінің нәтижелік қорытындысы

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі алынған сынама көрсеткіштері бойынша бақылау тобы студенттерінің нәтижелік қорытындысы келесі 45–суретте көрсетілді.



Сурет 45 – Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі алынған сынама көрсеткіштері бойынша бақылау тобы студенттерінің нәтижелік қорытындысы

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру бойынша «Шетел тілі (қытай тілі) пәні барысында жүргізілген тәжірибелі-эксперименттік жұмысқа қатысқан эксперименталды және бақылау топтары студенттерінің тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейінгі нәтижелік көрсеткіші төмендегі 34–кестеде берілді.

Кесте 34–Құзыреттілік критерийлері бойынша тәжірибелік жұмыстан кейінгі көрсеткіштері

Құзыреттілік критерийлері	Деңгейлері					
	Жоғары		Орташа		Төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Мақсатты-тұтастық	24%	15%	63%	44%	12%	39%
Операционалды-әрекеттік	28%	14%	59%	43%	13%	43%
Нәтижелік	26%	15%	62%	41%	11%	43%
Орташа көрсеткіш	26%	15%	61%	42%	12%	41%

Эксперименталды топ студенттерінің барлық көрсеткіштер бойынша бақылау кесінділерінен алынған деректер мен көрсеткіштер сапалық түсіндіру тапсырмаларды орындау кезінде орташа деңгейді көрсеткен студенттер санының азаюы есебінен жоғары деңгейдегі барлық тапсырмаларды орындаған студенттер санының ұлғаюы және тапсырмаларды орта және төмен деңгейде орындаған студенттер санының азаюы куәландырады.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс басталғанға дейін студенттердің техникалық терминологиямен таныс емес екендігі, қытай тілінде мамандық туралы білімдерінің аздығы және кәсіби қарым-қатынас жүргізе алмайтындығы көрінді. Сондықтан, жұмыс жүргізу барысында ұсынылып отырған әдістемелік моделді негізге ала отырып оқу-әдістемелік құрал бойынша студенттердің осы аталған осал тұстарымен жұмыс жүргізілді. Жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруға арналған эксперименталды және бақылау тобы студенттерінің деңгейінің өсу динамикасы келесі 35–кестеде берілген.

Кесте 35–Тәжірибелік жұмыс нәтижесі бойынша техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруға арналған эксперименталды және бақылау тобы студенттерінің деңгейінің өсу динамикасы көрсеткіштері

Деңгей	Эксперименталды топ			Бақылау тобы		
	Дейін	Кейін	G өсу көрсеткіші	Дейін	Кейін	G өсу көрсеткіші
Жоғары	8	26	+18	8	15	+7
Орташа	32	61	+29	32	42	+10
Төмен	58	12	-46	59	41	-18

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жүргізілген Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижесінде алынған сынамалар көрсеткіштері ұсынылған зерттеу жұмысы барысында әзірленген әдістемелік негіздердің тиімділігін эксперименталды топ студенттерінің көрсеткіштері бақылау тобы студенттерінің көрсеткіштерінен жоғары, орташа деңгей студенттерінің артып, ал төмен деңгей студенттерінің кемігендігі растайды.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстан кейін эксперименттік топтың студенттері мамандыққа қатысты кәсіби, іскерлік терминдер кіріктірілген монолог және диалог түріндегі сөйлеу қарым-қатынасын құруға, кәсіби ақпараты бар ойларымен бөлісуге, ғылыми-техникалық терминдері бар мәтіндерді қытай тілінен қазақ тіліне аударуға, ресми хат алмасуға, іскерлік нұсқаулықтар жүргізуге қабілетті екендіктерін көрсетті.

Осы тарауды қорытындылай келе, Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың қорытынды сынама нәтижесінің деректері бойынша зерттеу жұмысында ұсынылып отырған оқыту технологиялары мен әдістері техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Үшінші тарау бойынша қорытынды

Диссертациялық зерттеу жұмысының осы тарауында білім беру процесінде техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында дайындалған әдістемелік моделдің тиімділігін тексеру үшін Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың өту барысы мен нәтижесі көрсетілген.

Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің қалыптаспағаны, тек жалпы тілдік білімдермен шектелуі оқу мазмұнына кәсіби, іскерлік терминдер мен жұмыс барысында орын алатын жағдаяттар мен соған қатысты мәтіндердің болмауы есебінен екендігін Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс алды жұмыстарында жүргізілген талдаулар анықтады. Осының негізінде студенттерге жеткілікті кәсіби-бағытталған деңгейде шеттілдік когнитивті-концептуалды ойлау қабілетін арттырып, кәсіби мотивацияларын дамытатын және келешек қызметтерінде сұранысқа ие болатын мамандарды қалыптастыратын әдістемелік модел ұсынылды. Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы және бақылаушы кезеңдерінде қамтылды.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмысты жүргізудің әр кезеңінде таңдалған әдістерінің негізінде анықталған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру барысында техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әр кезеңде орын алған өзгерістер динамикасын байқауға болады.

Анықтаушы кезеңінде студенттердің Тәжірибелі-эксперименттік оқыту жұмысын жүргізу алдындағы қытай тілі бойынша білім деңгейі анықталды. Студенттердің қытай тіліне деген қызығушылық деңгейіне назар аудару арқылы

дәріс барысында ғылыми-техникалық терминдерді енгізе отырып оқытуды ұйымдастырудың алғышарттары анықталды. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің критерийлері, көрсеткіштері және деңгейлеріне диагностика жүргізілді.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінде қытай тілінің жалғастырушы деңгейі студенттеріне техникалық мамандықтар студенттеріне арналған қытай тілі бойынша оқу-әдістемелік құралын тестілеуден өткізу қамтылды. Аталған оқу-әдістемелік құрал болашақ инженерлердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін алғышарттар жасайды.

Педагогикалық эксперимент болашақ техника саласы мамандарының кәсіби қызмет жасау процесінде қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктерінің дамуына тигізген педагогикалық әсердің нәтижелерін өлшеуді қамтиды.

Таңдап алынған критерийлер мен көрсеткіштерді өлшеу үшін тестілеу, жаттығуларды орындау, кәсіби іс-әрекетті бағалау, кәсіби амалдарды шешу сияқты диагностикалық әдістер анықталды, педагогикалық шарттар жүйесінің тиімділігі де дәлелденді.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмысты қорытындылай келе, эксперименттің анықтаушы кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарында студенттердің қытай тілі бойынша білім деңгейі шамалас болды, ал бақылаушы кезеңінде оның айтарлықтай өскені байқалды. Әсіресе, эксперимент тобының студенттерінің берген жоғары нәтижесі, олардың арасында шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің қалыптасуының көрсеткіші ұсынылып отырған әдістемелік моделдің тиімділігін білдіреді.

Бақылаушы кезеңде жүргізілген қорытынды бақылау нәтижелері техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін дамыту үшін ұсынылған әдістемелік моделдің тиімділігін растайды. Эксперимент барысында алынған нәтижелер негізінде қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін ұсынылған әдістер мен технологиялар жеткілікті, әрі тиімді деп қорытынды жасауға болады.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелік көрсеткіштері қолданылған тапсырмалардың тиімділігін растайды, бұл студенттердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру индикаторларының біртіндеп артуымен көрінеді. Эксперименттік жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде эксперименттік және бақылау топтарында шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің құрамындағы субқұзыреттіліктердің қалыптасу динамикасы әртүрлі, бірақ әрқашан оң динамика байқалды.

Жүргізген эксперименттік зерттеудің деректері техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін оңтайлы қалыптастыру үшін ұсынылған міндеттер жиынтығын қолдану қажеттілігі мен жеткіліктігі туралы болжамды растады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысымыз техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтауға бағытталған. Себебі Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіндегі өзгерістер, мамандандырылған түлектерге қойылатын талаптар, еліміздің экономикалық өсімінің қарқыны мен әлемнің дамушы елдерінің қатарына енуі азаматтарымыздың шеттілдік білімдерінің мүмкіндіктер аясын кеңейтуді талап етеді. Әлем алпауыттарының бірі, геосаяси тұрғыда өте маңызды ойыншы, біздің тікелей көршіміз, әрі экономикамыздың негізгі инвесторы – Қытай Халық Республикасы болғандықтан, күрделілігіне қарамастан қытай тілін үйренудің маңыздылығы бар. Әсіресе, қытай тілін кәсіби қарым-қатынаста қолдана алудың қажеттілігі айқындала түседі. Солардың бірі техникалық мамандықтар студенттері және олардың қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің қалыптасуы.

Шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік болашақ маман иесінің лингвистикалық мүмкіндіктерінің кәсіби, іскерлік форматтағы қарым-қатынасқа түсуге, кәсіби ақпаратты қабылдауға және өз ой-түйінін жасауға құзыреттілігінің жеткілікті болуын білдіреді. Демек, тілдік емес мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін тиімді қалыптастыру қажеттілігі туралы мәселе туындайды. Зерттеу жұмысымыз техникалық бейіндегі студенттердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негізін құрастыру мәселесіне арналған.

Дегенмен, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында зерттеу проблемасының өзектілігі келесі қарама-қайшылықтармен айқындалады. Еліміздің стратегиялық даму құжаттарында көрсетілген тұрақты экономикалық даму үшін талап етілетін білім деңгейі мен техникалық мамандықтар студенттерінің шынайы шеттілдік мүмкіндіктері, жұмыс беруші тарап сұраныстарын қанағаттандыратын талап пен техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша оқу, жұмыс бағдарламаларындағы тапсырмалар, жаттығулар арасындағы қайшылықтар.

Философиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін ғылыми әлеуетті көрсетеді, бұл зерттеу мақсатын тұжырымдауға мүмкіндік берді, техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізін анықтап, әдістемелік моделін дайындау және оның тәжірибелік тиімділігін дәлелдеуге ықпал етті.

Зерттеудің мақсаты мен болжамы бірінші кезекте техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудағы ғылыми-әдістемелік негіздерді айқындау және оны практикалық тұрғыдан апробациялау болашақ мамандардың коммуникациялық әлеуетінің жүзеге асырылу мүмкіндігін жоғарылатады.

Зерттеу жұмысы алдына қойылған мақсат, міндеттерге сәйкес келесі нәтижелерге қол жеткіздік:

– Қытай тілін ЖОО-да оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне сараптама жасау заманауи шеттілдік білім беру парадигмасына сәйкес техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыра оқытудың қажеттілігін анықтады. Қытай тілінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер арқылы қалыптастыру нәтижелі кәсіби қарым-қатынасқа әсер етеді;

– Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі мен теориясын әзірлеу мен жетілдіруде тұжырымдамалық-әдіснамалық базисі шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасының мақсатты негізі ретінде ұсынылған құзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған және кәсіби-бағытталған тәсілдер және көрнекілік, білім алушылардың жекелеген тұлғалық қажеттіліктерін ескеру, әлеуетті жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру, коммуникативтік, функционалдық, аутентивтік ұстанымдар айқындалды;

– Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделі мақсат пен міндеті, нысандары, білім беру мазмұны, оқыту әдістері мен құралдарын, бағалау инструментарийді кезең-кезеңімен енгізе отырып, әдістемелік жұмыстың функционалдық-мазмұндық құрылымы дайындалды;

– Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленген әдістемелік моделдің тиімділігі кәсіби қарым-қатынасты іскерлік жанрлар мен формалары арқылы жүзеге асыруға септігін тигізетін шағын іскерлік рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар технологиясы негізіндегі жаттығулар топтамасын пайдаланумен Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс арқылы расталды.

Негізгі педагогикалық және әдістемелік жұмыстарды талдау негізінде техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің құрылымдық құрамы анықталды, олар: лингвистикалық, ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер. Техникалық мамандықтарға қатысты білім беру стандарты мен әлеуетті жұмыс берушілер талаптары ескеріле отырып, техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің субқұзыреттіліктері арқылы қалыптасу деңгейі мен тиісті критерийлер анықталды. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі әзірленді, онда осы құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған әдістер, оқыту технологиялары айқындалды. Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің құрамына

енетін субқұзыреттіліктерді тиімді қалыптастыруға ықпал ететін әдістер кешенінің тиімділігі дәлелденді.

Философиялық, педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау және синтездеу сияқты теориялық және байқау, сауалнама жүргізу, тестілеу, диагностика, тәжірибелі-эксперименттік әдіс, математикалық статистика сияқты қолданбалы зерттеу әдістеріне сүйендік.

Зерттеу жұмысы барысында техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігі ұғымы нақтыланды, оның субқұзыреттіліктерден құралған компоненттері анықталды, техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру деңгейінің критерийлері әзірленді, олар жан-жақты сипатқа ие басқа да мамандықтардың студенттерін оқыту кезінде кейбір өзгерістермен (дайындық бейініне, түлектердің шеттілдік құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті деңгейіне қойылатын талаптарға байланысты) қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі жан-жақты қарастырылды және осы процестің негізгі кезеңдері, сондай-ақ негізгі әдістері мен құралдары көрсетілді.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жүргізілді және «Кәсіби қытай тілі (Мұнай-газ ісі терминдері)» атты арнайы оқу-әдістемелік құралы әзірленді. Тәжірибелі-эксперименттік зерттеу жұмысы эксперименттік және бақылау тобының техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің даму жағдайы эксперименттің бастапқы кезеңінде бірдей болғанымен, қорытынды кезеңде айтарлықтай айырмашылық анықтады: эксперименттік топтағы барлық анықталған критерийлер мен көрсеткіштер бойынша техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің даму деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары, демек, бұл өзгерістер оқытудың әдістемелік моделін қолданумен байланысты.

Осылайша, эксперименттік оқыту барысында алынған деректер зерттеу болжамын растайды және кәсіптік білім беру процесінде техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында ұсынылып отырған әдістемелік моделінің қолдану тиімділігін көрсетеді.

Жүргізілген зерттеулер қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың өзекті мәселесінің барлық аспектілерін қамтымайды. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін ары қарай дамыту мен жетілдіру сұрағы әлі де зерттеледі деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы <https://enic-kazakhstan.edu.kz/files/1679046163/1-sayasat-nurbek---konceptsiya-mnvo.pdf> 13.11.2023.
- 2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары: 28916. Қазақстан Республикасы: Әділет министрлігі, 2022. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> 10.10.2022.
- 3 Захарчук В. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Хабар» телеарнасына берген сұхбаты. Қазақстан, 2022. <https://egemen.kz/article/302658-qtoqaev-azamattarymyzdynh-quqyghy-buzylmaydy> 12.02.2023.
- 4 Schwab K. The Fourth Industrial Revolution. World Economic Forum. https://law.unimelb.edu.au/_data/assets/pdf_file/0005/3385454/Schwab-The_Fourth_Industrial_Revolution_Klaus_S.pdf 15.09.2019.
- 5 Медеубаева М. Опубликована часть списка 55 казахстанско-китайских проектов. <https://inbusiness.kz/ru/news/opublikovana-chast-spiska-55-kazahstansko-kitajskih-proektov> 07.12.2023.
- 6 Seitova G., Kunakova K., Yakunina T. The Formation of a Foreign Language Professionally-Oriented Competence among Students of Technical Specialties in the Chinese Language // International Journal of Society, Culture & Language. –2021. –Vol. 9, № 2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries). –P. 137–150.
- 7 Сизова О. Инженерные кадры мастерской Лу Баня. 2023. <https://dknews.kz/ru/shelkovyy-put/311021-inzhenernye-kadry-masterskoy-lu-banya> 15.01.2024.
- 8 Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. 2007. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> 28.01.2024.
- 9 Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019. <https://primeminister.kz/gosprogrammy/kazakstan-respublikasyndagy-til-sayasatyn-iske-asyrudyn-2020-2025-zhyldarga-arnalghan-memlekettik-bagdarlamasy-9111857> 28.01.2024.
- 10 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2012. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs 08.11.2020.
- 11 «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы 2021-2025 жылдар. 2021. <https://akorda.kz/assets/media/files/bilimdi-lt-az.pdf> 10.12.2023.
- 12 Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Инжинирингтік технологиялар» білім беру бағдарламасы, 6B07261 – «Мұнай газ ісі» мамандығы. – Қызылорда, 2021.

- 13 Чапаев Н.К., Нурутдинова Ж.В. Интегративно-целостный подход как эвристическое основание подготовки социально-компетентностных специалистов в инженерно-педагогическом вузе // Образование и наука. – 2009. – №. 5. – С. 53–62.
- 14 Шайхызада Ж.Г. Иноязычное образование в контексте профессиональной подготовки студентов инженерных специальностей // Чебоксары: Чуваш, гос. пед. ун-т: Филология, переводоведение, лингво дидактика: актуальные проблемы и тенденции развития в эпоху глобализации: матер. VIII международной науч.-практ. конф, 2016. – С. 101–104.
- 15 McClelland D.C. Testing for Competence Rather Than for “Intelligence” // Am. Psychol. – 1973. – Vol. 28. – P. 1–14.
- 16 Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. – М.: Когито-Центр, 2002. – 396 с.
- 17 Глоссарий терминов рынка труда, разработки стандартов образовательных программ и учебных планов //Европейский фонд образования. –1997. –160 с.
- 18 Hutmacher W. Key Competencies for Europe. Report of the symposium. Strasbourg, 1997. – 72 p.
- 19 Resouce Sharing in Mobile Wireless Networks. Mode acess. Columbia University, 2002. – 214 p.
- 20 Байденко В. Компетенции в профессиональном образовании (к освоению компетентностного подхода) // Высшее образование в России. – 2004. – № 11. – С. 3–13.
- 21 Маруев С.А. Компетенции специалиста: модели и методы исследования: проблемная лекция. –М.: Рос. гос. аграр. заоч. ун-т, 2005. – 32 с.
- 22 Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. – М.: Издательство Московского университета, 1972. – 241 с.
- 23 Зимняя И.А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата современного образования // Интернет-журнал «Эйдос». – 2006. – С. 7–14.
- 24 Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. – Алматы, 2014. – 208 с.
- 25 Сухобская Г.С., Божко Н.М. Психотерапевтический эффект тренингов обучения для учителя // Информационный бюллетень. Проблемы непрерывного образования: педагогические кадры. –СПб, – 1995. – С. 18–20.
- 26 Безрукова В.С. Образовательные технологии: ориентиры для выбора // Директор школы. – 1999. – С. 25–30.
- 27 Царькова Е.А. Компетентность в контексте модернизации профобразования // Профессиональное образование. – 2004. – С. 5–6.
- 28 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Метод. пособие. – Москва, – 1996.
- 29 Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагогика. – 2003. – С. 8–14.
- 30 Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты // Интернет- журнал «Эйдос». – 2002.

- 31 Зеер Э., Сыманюк Э. Компетентностный подход к модернизации профессионального образования // Высшее образование в России. – 2005. – №. 4.
- 32 Селевко Г.К. Компетентности и их классификация/Компетенция и компетентность: сколько их у российского школьника // Народное образование. – 2004. – № 4. – С. 136–144.
- 33 Ибрагимова Л.А., Петрова Г.А., Трофименко М.П. Компетентностный подход-методологическая основа современного образования // Вестник Нижневартовского государственного университета. – 2010. – № 1. – С. 57–66.
- 34 Хуторской А.В. Современная дидактика. – СПб.: АРТ, 2001. – 544 с.
- 35 Сеитова Г.А., Кунакова К.У. Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік білім берудің алғышарттары // Международный научный журнал Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – № 6/1. – С. 394–400.
- 36 Ситцев В.М., Рачков М.Ю. Сертификация российских специалистов на звание «Евроинженер» // Инженерное образование. – 2010. – С. 63–70.
- 37 Зорина О.С. Формирование коммуникативных компетенций у будущих инженеров на основе интерактивных методов обучения // Теория и практика общественного развития. Общество с ограниченной ответственностью «Издательский дом «ХОРС». – 2013. – № 11.
- 38 Елубаева П.К., Жукова Т.Д. Моделирование коммуникативных комплексов профессионального тезауруса регионоведа // ПМУ Хабаршысы. – 2015. – № 4. – С. 43–50.
- 39 Зеер Э.Ф. Психология профессий: учебное пособие. – Екатеринбург: Урал. гос. проф.-пед. ун-та, 1997. – 244 с.
- 40 Ханьбань // Википедия. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Ханьбань> 28.01.2024.
- 41 Huang W., Xiang J. Pursuing Soft Power through the Confucius Institute: a Large-N Analysis // J Chin Polit Sci. – 2019. – Vol. 24, № 2. – P. 249–266.
- 42 Михневич С. Мудрец помогает Поднебесной: развитие сети Институтов Конфуция как инструмент реализации политики «мягкой силы» КНР в Большой Восточной Азии // Вестник международных организаций: образование, наука, новая экономика. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования «Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики». – 2015. – №10 (1).
- 43 Конфуций институты // Әл-фараби атындағы қазақ ұлттық университеті. <https://www.kaznu.kz/ru/19134/page/> 28.01.2024.
- 44 中 外 语 音 交 流 合 作 中 心 <http://www.chinese.cn/page/#/pcpage/publicinfodetail?id=140> 07.12.2023.
- 45 Кочергин И.В. Очерки лингводидактики китайского языка. 3 изд. – М.: Восточная книга, 2012. – 184 с.
- 46 Кочергин И.В. Очерки методики обучения китайскому языку. Издательский дом «Муравей», 2000. – 160 с.

- 47 Yue Y. Teaching Chinese in K–12 Schools in the United States: What Are the Challenges? // Foreign Lang Ann. –2017. –Vol. 50, № 3. –P. 601–620.
- 48 Кондрашевский А.Ф. Практический курс китайского языка. – Изд. 11-е. –М.: Восточная книга, 2010. – 768 с.
- 49 Задоев Т.П., Хуан Ш. Начальный курс китайского языка. –М.: Восточная книга, 2010. – 304 с.
- 50 Карапетьянц А.М., Тань А. Учебник китайского языка: Новый практический курс. –М.: Вост.лит., 2003. – 640 с.
- 51 Гурулева Т. Компетенции владения китайским языком. –М.: ВКН, 2018. – 228 с.
- 52 Алексахин А.Н. Теоретическая фонетика китайского языка : учебное пособие / – Изд. 3-е. –М.: ВКН, 2017. – 368 с.
- 53 Малых О.А. Формирование фонологической компетенции студентов в условиях учебного трилингвизма (китайский язык, языковой вуз). диссертация ... кандидата Педагогических наук: 13.00.02. – М.: ГАОУ ВО ГМ «Московский городской педагогический университет», 2019. – 203 с.
- 54 Демина Н.А. Китайский язык. Экономика. –М.: Восточная литература, 2004. – 224 р.
- 55 Дашевская Г.Я., Кондрашевский А.Ф. Китайский язык для делового общения. –М.: Издательский дом «Муравей», 2000. – 352 с.
- 56 Якунина Т.В. Профессионально ориентированное обучение китайскому языку специалистов международных физкультурно-спортивных организаций: автореф. ... дисс канд. пед. наук.: 13.00.08. – СПб.: 2010. –158 с.
- 57 Куратченко М.А. Иностранный язык в профессиональной деятельности (китайский язык). Средний уровень: Учебное пособие. / Новосибирский государственный технический университет, 2021. – 64 с.
- 58 Рахимбекова Л.Ш. Проблемы обучения китайскому языку студентов неязыковых специальностей // Вестник Московского государственного лингвистического университета. Образование и педагогические науки. – 2021. – № 2 (839).
- 59 Дауен Д. Китай глазами Казахстанцев. – Алматы: КИСИ, 2012. – 30 с.
- 60 Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (синтаксис). – Алматы: Полилингва, 2004. – 197 б.
- 61 Мәсімхан Д., Мамытан Қ. Қытай тілі фонетикасының негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті баспасы. – 162 б.
- 62 Тұрсынали Ж. Қытай тіліндегі синонимдік қатарлардың функционалды-семантикалық ерекшеліктері//Шеттілдік білім беру: озық тәжірибелер, инновациялар және болашағы. V Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӨТУ, 2018. – Б. 457–461.
- 63 Зиядаұлы Б., Джельдыбаева Р.Б. Қытай тілін үйренуші қазақ тілді студенттердің қытайша сөйлеу тіліндегі фонетика және грамматикалық

қиындықтарына талдау // Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің Хабаршысы. – 2020. – № 2. – Б. 122–131.

64 Анипина А.К. Фонетика китайского языка. Қазақ университеті, 2013. – 8 с.

65 Абдуракын Н. Қытай жаңа заман әдебиеті. Қазақ университеті, 2013. – 250 б.

66 Даулет Ф.Н. Новая концепция преподавания китайского языка // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – 2015. – № 1(71). – С. 127–131.

67 Анипина А.К., Шәріпқазы Н. Объект исследования метода обучения китайскому языку // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – 2016. – № 3(78). – С. 76–80.

68 Алиханқызы Г., Ахметбек Г. Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту әдістері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – № 2(127). – Б. 107–115.

69 Досымбекова Р.О. Қытай мәтіндері. Қазақ университеті, 2013. – 165 б.

70 Жапарова А.Р. Положение преподавания китайского языка в Казахстане // Alatau academic studies. – 2022. – С. 27–42.

71 Алмазова Н.И., Баранова Т.А., Халяпина Л.П. Педагогические подходы и модели интегрированного обучения иностранным языкам и профессиональным дисциплинам в зарубежной и российской лингводидактике // Язык и культура. – 2017. – №39. – С. 116–134.

72 Оразбаева Ф.Ш. Дәулетбекова Ж., Қоқанова Ж., Иманкулова М. Деңгейлік оқытудың жаңа парадигмалары, ұстанымдары мен әдістері // Педагогика және психология. – 2023. – № 2(55). – Б. 268–282.

73 Сеитова Г.А., Кунакова К.У. Тілдік емес мамандықтарда шеттілдік білім берудің тарихи генезисі // Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының хабаршысы. – 2020. – №2. – Б. 53–62.

74 Сеитова Г.А. Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру маңыздылығы // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Қоғамның тұрақты дамуы мен өмір сүру деңгейін жақсарту тұрғысындағы ғылыми жетістіктер». Алматы – Москва: Тұран университеті, 2019. – Б. 523–531.

